

AUEZOV
UNIVERSITY
1943

«QAZAQSTANÝ»

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

4 (12) 12 / 2021



 НАУЧНАЯ ЭЛЕКТРОННАЯ
БИБЛИОТЕКА
LIBRARY.RU

30.01.2019 ж. тіркелген
Күелік №17493-Ж
ISSN 2708-0897
Жазылу индексі 76112

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

М.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ
ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ М.АУЭЗОВА
M.AUEZOV SOUTH KAZAKHSTAN UNIVERSITY

«QAZAQTAŃY»

республикалық ғылыми журнал
республиканский научный журнал
republican scientific journal

4 (12) 12 / 2021

ШЫМКЕНТ, 2021
SHYMKENT, 2021

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректорының 30.01.2019 ж., №39-нқ бұйрығы бойынша «QAZAQTANÝ» республикалық деңгейдегі ғылыми журналы ресми ғылыми мерзімді баспасөз ретінде университеттен жылына 4 рет, әр тоқсанда: наурыз, маусым, қыркүйек, желтоқсан айларының соңында шығарылады.

Ғылыми журналға Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркеліп «Мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агентігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы» 30.01.2019 ж., №17493-Ж. куәлігі берілген.

Жазылу индексі – 76112.

Ресей ғылыми дәйексөз индексі (РФДИ) базасына тіркелген (05.05.2019ж. №260 келісім-шарт).

Ғылыми журналды дайындап, жарыққа шығарушы жауапты құрылым - М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесі.

Ғылыми журнал гуманитарлық, педагогика, филология және шығармашылық салалардағы маңызды теориялық, әдістемелік, қолданбалы және сараптамалық сипаттардағы зерттеулердің нәтижесін жариялау үшін құрылды. Гуманитарлық ғылымдар бағытындағы тақырыптық рубрикалар: саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау, Қазақстан тарихы; дүниежүзі тарихы; археология; этнология; түркітану; архив ісі; музей ісі; кітапхана ісі; саясаттану; философия; мәдениеттану; заңтану; халықаралық қатынастар; экономика; әлеуметтану; өлкетану және тұлғатану; педагогика ғылымдары бағытындағы тақырыптық рубрикалары: педагогика және оқыту әдістемесі; психология және инклюзивтік білім беру; филологиялық ғылымдар бағытындағы тақырыптық рубрикалар: тіл білімі және әдебиет; когнитивті аспектідегі тілді үйрену-мәдениаралық қарым-қатынастың негізі; шығармашылық бағытындағы тақырыптық рубрикалар: өнер (музыка; хореография, театр); бейнелеу өнері және дизайн (кәсіптік білім).

На основании приказа №39-нқ от 30.01.2019 г. ректора Южно-Казахстанского университета имени М.Ауэзова, Министерства образования и науки Республики Казахстан республиканский научный журнал «QAZAQTANÝ» университетом как официальное рецензируемое периодическое печатное издание выпускается 4 раза в год, ежеквартально: в конце месяцев март, июнь, сентябрь, декабрь.

Научный журнал зарегистрирован Комитетом информации, Министерства информации и коммуникаций Республики Казахстан. Получено свидетельство №17493-Ж от 30.01.2019 г. «О постановке на учет, переучет периодического печатного издания, информационного агентства и сетевого издания».

Подписной индекс – 76112.

Зарегистрирован в базе Российской индексации научного цитирования (РИНЦ) (договор №260 от 05.05.2019 г.).

Ответственное подразделение по подготовке и выпуску журнала - проектный офис «Рухани жаңғыру» ЮКУ им.М.Ауэзова.

Научный журнал публикует результаты научных исследований в области гуманитарных наук, педагогики, филологии и творческих направлений, содержащие важные результаты исследований теоретического, методического, прикладного и экспериментального характера. Направление гуманитарных наук тематические рубрики: реабилитация жертв политических репрессий, история Казахстана; всеобщая история; археология; этнология; тюркология; архивное дело; музейное дело; библиотечное дело; политология; философия; культурология; юриспруденция; международные отношения; экономика; социология; краеведение; направление педагогических наук, тематические рубрики: педагогика и методика преподавания; психология и инклюзивное образование: направление филологических наук, тематические рубрики: языковедение и литература; изучение языка в когнитивном аспекте – основа межкультурной коммуникации; творческое направление, тематические рубрики: искусство (музыка; хореография, театр); изобразительное искусство и дизайн (профессиональное обучение).

On the basis of order №39-n from 30.01.2019 G. rector of South Kazakhstan University named M. Auevov, Ministry of education and science of the Republic of Kazakhstan Republican scientific journal "QAZAQTANÝ" University as the official periodical printed publication produced 4 times a year, quarterly at the end of months March, June, September, December. The scientific journal is registered by the information Committee of the Ministry of information and communications of the Republic of Kazakhstan. Received certificate No. 17493-ж Of 30.01.2019. "On registration and re-registration of a periodical, news Agency, and online publication".

The subscription index is 76112.

Registered in the database of the Russian science citation index (RSCI) (agreement No. 260 of 05.05.2019).

The responsible Department for the preparation and publication of the magazine is the project office of rukhani zhangyru of the Auevov SKU.

The scientific journal the publication of the results of scientific research in the field of humanitarian, pedagogi, philology and creative directions, containing important research results of a theoretical, methodological, applied and experimental nature. Direction of the humanitarian sciences subject headings: rehabilitation of victims of political repression, history of Kazakhstan; the world history; archeology; ethnology; turkology; archival business; museum work; librarianship political science; philosophy; cultural studies; jurisprudence; international wearing; economy; sociology; local history and cognition of personality; direction of pedagogical sciences subject headings: pedagogy and teaching methods; psychology and inclusive education; direction of philological sciences subject headings linguistics and literature; language learning in cognitive aspect – basis of intercultural communication; creative directions subject headings art (music; choreography, theater); visual arts and design (vocational training).

«QAZAQSTAN» республикалық ғылыми журнал 4 (12) 12 / 2021
«QAZAQSTAN» республиканский научный журнал 4 (12) 12 / 2021
«QAZAQSTAN» republican scientific journal 4 (12) 12 / 2021

Меншік иесі: М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент қ., Тауке-хан даңғылы, 5
РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА:

Бас редактор:

Қожамжарова Д.П. - М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің Басқарма төрағасы - ректор, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі.

Жауапты редакторлар:

Боранбаев С.Р. - филология ғылымдарының докторы. М.Әуезов атындағы ОҚУ-ң «Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар» ғылыми-зерттеу институтының директоры;

Торғаутова Ш.А. - «Әлем тарихы» мамандығының магистрі, М.Әуезов атындағы ОҚУ-ң «Тарих және этнология» ғылыми орталығының басшысы.

Техникалық редактор:

Джунисбаев С.М. - тарих ғылымдарының кандидаты, М.Әуезов атындағы ОҚУ-ң «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі, «Тарих және этнология» ғылыми орталығының аға ғылыми қызметкері

Редакциялық алқа мүшелерінің құрамы: Нұрманбетов Қ.Е. - М.Әуезов атындағы ОҚУ бірінші проректоры, з.ғ.к., доцент; Сүлейменов Ұ.С. - М.Әуезов атындағы ОҚУ, «Ғылыми жұмыс және инновациялар» жөніндегі проректоры, техн.ғ.д., профессор; Бейсенбаев С.Қ. - М.Әуезов атындағы ОҚУ «Қоғаммен байланыс және мәдениет жұмысы» жөніндегі проректоры, педагогика ғ.д., ПҒА академигі; Абшенов Х.А. - М.Әуезов атындағы ОҚУ, «Ғылыми зерттеулер» департаментінің директоры, техн.ғ.к., доцент; Назарбек Ұ.Б. - М.Әуезов атындағы ОҚУ, «Академиялық ғылымдар» департаментінің директоры. PhD доктор; Мырзахметов М.М. - М.Әуезов атындағы ОҚУ, «Абайтану» ҒО басшысы, филология ғ.д., профессор; Тлеубердиев Б.М. - М.Әуезов атындағы ОҚУ, «Қазақ тілі және әдебиет» кафедрасының профессоры, филология ғ.д.; Әлібек С.Н. - М.Әуезов атындағы ОҚУ, «Қазақстан тарихы» кафедрасының профессоры, тарих ғ.д., ОҚУ колледжінің директоры; Қабылбекова З.Б. - М.Әуезов атындағы ОҚУ, профессоры. «Психология және арнайы педагогика» кафедрасының меңгерушісі, ХПҒА корреспондент-мүшесі, педагогика ғ.д.; Жолдасбекова С.А. - М.Әуезов атындағы ОҚУ «Кәсіптік оқыту» кафедрасының меңгерушісі. ПҒА академигі; педагогика ғ.д., профессор; Алметов Н.Ш. - М.Әуезов атындағы ОҚУ, «Заманауи педагогика және психология» кафедрасының профессоры. педагогика ғ.д.; Мынбаев Н. - М.Әуезов атындағы ОҚУ «Түркітану» ҒО басшысы, филология ғ.д. доцент; Султанов С.А. - М.Әуезов атындағы ОҚУ, «Саясаттану» кафедрасының профессоры, саяси ғ.д.; Уразбаев Қ.М. - М.Әуезов атындағы ОҚУ, «Тарих және педагогика» факультетінің деканы, филология ғ.к., доцент; Ыбырайым Ә.О. - М.Әуезов атындағы ОҚУ, «Филология» факультетінің деканы, филология ғ.к., доцент; Тәңірбергенов М.Ж. - М.Әуезов атындағы ОҚУ, «Мәдениет және спорт» факультетінің деканы, педагогика ғ.д., доцент; Сарықұлов Қ.Р. - М.Әуезов атындағы ОҚУ, «Зантану» факультетінің деканы, з.ғ.к., доцент; Отарбаева Г.К. - М.Әуезов атындағы ОҚУ, «Жалпы тарих және мұражай ісі» кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.к., доцент; Авизова А.К. - М.Әуезов атындағы ОҚУ, «Жалпы тарих және мұражай ісі» кафедрасының доценті, тарих ғ.к.; Қоңыратбаев О.М. - М.Әуезов атындағы ОҚУ, «Мұхтартану» ғылыми орталығының жетекші ғылыми қызметкері, тарих ғ.к., доцент; Спанов М.Ж. - М.Әуезов атындағы ОҚУ, «Философия және мәдениет» кафедрасының меңгерушісі. философия ғ.к., доцент; Турабаева Л.Қ. - М.Әуезов атындағы ОҚУ, «Мемлекеттік тілді оқыту» кафедрасының меңгерушісі, филология ғ.к., доцент; Айдарова А.Б. - М.Әуезов атындағы ОҚУ, «Экономика» кафедрасының профессоры, з.ғ.к.; Карбозова Г.К. - М.Әуезов атындағы ОҚУ, «Ағылшын тіл білімі» кафедрасының меңгерушісі, филология ғ.к.; Суюбердиева А.А. - М.Әуезов атындағы ОҚУ, «Гуманитарлық мамандықтар үшін шетел тілі» кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғ.к., доцент; Байдұллаева Р.Ш. - М.Әуезов атындағы ОҚУ, «Техникалық мамандықтар үшін практикалық орыс тілі» кафедрасының аға оқытушысы; Жолдасбекова Қ.Ә. - М.Әуезов атындағы ОҚУ, «Бейнелеу өнері және дизайн» кафедрасының доценті, педагогика ғ.к.; Бегайдаров М.Ұ. - М.Әуезов атындағы ОҚУ, «Тәрбие және жастар саясаты» департаментінің бас маманы, техн.ғ. магистрі, журналдың корректоры; Тұрғараев Б.Т. - «Жеті жарғы және Қожаберген жырау» халықаралық қоғамдық қайырымдылық қорының директоры, з.ғ.д., профессор; Қапалбекұлы Н. - ҚР Мәдениет және спорт Министрлігінің ЮНЕСКО қамқорлығындағы «Мәдениеттерді жақындастыру орталығы» Мемлекеттік музейінің бас ғылыми қызметкері, жазушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ құрметті профессоры; Ақыш Н.Б. - ҚР БЖҒМ., Ғылым комитетінің М.Әуезов атындағы «Әдебиет және өнер» институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғ.д., профессор; Қойгелдиев М.Қ. - Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры. «Қазақстан тарихшылары» Қауымдастығының төрағасы, тарих ғ.д., ҚР ҰҒА академигі; Қабылдинов З.Е. - Ш.Ш.Уәлиханов атындағы «Тарих және этнология» институтының директоры, тарих ғ.д., профессор; Исабек Б.Қ. - ОҚМПУ оқу және оқу-әдістемелік жөніндегі проректоры, тарих ғ.к., доцент; Рысбаева С.Ж. - ҚР Президентінің жанындағы МБА доценті, саяси ғ.к., Турсын Х.М. – Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ «Тарих» кафедрасының профессоры, тарих ғ.д.; Есеналиев А.Е. - Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ «Құқықтану» кафедрасының меңгерушісі. заң ғ.к., доцент. ҚР Заң ҒА академигі; Қамзабекұлы Д. - Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ проректоры. ҚР ҰҒА академигі, филология ғ.д., профессор; Жүсіп С.А. - Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры, «Алаш» мәдениет және рухани даму институтының директоры; Егембердиева С.М. - Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, «Экономика» кафедрасының профессоры, з.ғ.д., профессор; Джурсунбаев Б.А. – ТарМПУ «Қазақстан тарихы» кафедрасының доценті, тарих ғ.к., доцент; Ералин Қ. - Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ «Дизайн және бейнелеу өнері» кафедрасының меңгерушісі. ҚР Суретшілер одағының мүшесі, педагогика ғ.д., профессор; Функ Дм.А. - Томск МУ «Антропология және этнология» институтының директоры, «Сибирские исторические исследования» ғылыми журналдың бас редакторы. РҒА есей академигі, тарих ғ.д., профессор; Раджабов К.К. -Өзб.РҒА «Тарих» институтының «Кенес дәуірі» бөлімінің меңгерушісі, тарих ғ.д., профессор; Аманжолова Д.А. -РҒА «Ресей тарихы» институтының жетекші ғылыми қызметкері, тарих ғ.д., профессор; Садықов Т. - Қырғыз МУ профессоры, филология ғ.д.; Кенан Коч - Муғла С.К. университетінің профессоры, филология ғ.д.; Мартынова Н.В.- Тынықмұхит МПУ «Өнер, жарнама және дизайн» факультетінің «Дизайн» кафедрасының доценті, педагогика ғ.к. РХӨА мүшесі;

/М.Әуезов атындағы ОҚУ, «QAZAQSTAN» республикалық ғылыми журналдың редакция алқасында мүшелердің лауазымы және жұмыс орны өзгеруіне байланысты редакция алқасының құрамына өзгертулер мен толықтыруларды енгізу туралы. 23.11.2021ж., №211-нк бұйрығы/.

Учредитель: Южно-Казахстанский университет имени М.Ауэзова, Шымкент к., проспект Тауке-хана, 5
РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

Главный редактор:

Кожамжарова Д.П. – Председатель правления - ректор Южно-Казахстанского университета имени М.Ауэзова, доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК.

Ответственные редакторы:

Боранбаев С.Р. – доктор филологических наук, профессор. Директор научно-исследовательского института «Социально-гуманитарные науки» ЮКУ имени М.Ауэзова

Торгаутова Ш.А. - магистр по специальности «Всеобщая история», руководитель научного центра «История и этнология» ЮКУ имени М.Ауэзова.

Технический редактор:

Джунисбаев С.М. – кандидат исторических наук, заведующий кафедрой «История Казахстана», старший научный сотрудник научного центра «История и этнология» ЮКУ имени М.Ауэзова.

Состав членов редакционной коллегии: Нурманбетов К.Э. - первый проректор ЮКУ им.М.Ауэзова, к.ю.н., доцент; Сулейменов У.С. - проректор по научной работе и инновациям ЮКУ им.М.Ауэзова, д.техн.н., профессор; Бейсенбаев С.К. - проректор по связям с общественностью и культурой ЮКУ им.М.Ауэзова; д.педагог.н. Академик АПН; Абшенов Х.А. - директор Департамента «Научных исследований» ЮКУ им.М.Ауэзова, к.техн.н., доцент; Назарбек У.Б. - директор департамента «Академических наук» ЮКУ им.М.Ауэзова, доктор PhD; Мырзахметов М.М. - руководитель научного центра «Абайтану», ЮКУ им.М.Ауэзова, д.филолог.н., профессор; Тлеубердиев Б.М. - профессор кафедры «Казахский язык и литература» ЮКУ им.М.Ауэзова, д.филолог.н.; Аликбек С.Н. - профессор кафедры «История Казахстана» ЮКУ им.М.Ауэзова, д.ист.н., директор колледжа ЮКУ; Кабылбекова З.Б. - профессор ЮКУ им.М.Ауэзова, заведующий кафедрой «Психология и специальная педагогика», член-корреспондент МАПН, д.педагог.н.; Жолдасбекова С.А. - заведующая кафедрой «Профессиональное обучение» ЮКУ им.М.Ауэзова. Академик АПН, д.педагог.н., профессор; Алметов Н.Ш. - профессор кафедры «Современная педагогика и психология» ЮКУ им.М. Ауэзова, д.педагог.н.; Мынбаев Н. - руководитель НЦ «Тюркология» ЮКУ им.М.Ауэзова, д.филолог.н., доцент; Султанов С.А. - ЮКУ им.М.Ауэзова, профессор кафедры «Политология», д.полит.н.; Уразбаев К.М. - декан факультета «История и педагогика» ЮКУ им.М. Ауэзова, к.филолог.н., доцент; Ыбырайым А.О.- декан факультета «Филология» ЮКУ им.М.Ауэзова, к.филолог.н., доцент; Танирбергенов М. Ж. - декан факультета «Культура и спорт» ЮКУ имени М.Ауэзова; доктор педагог.н., доцент; Сарыкулов К.Р. - декан факультета «Юриспруденция» ЮКУ им.М.Ауэзова, к.юрид.н., доцент; Отарбаева Г.К. - заведующий кафедрой «Всеобщая история и музейное дело» ЮКУ им.М. Ауэзова, к.ист.н., доцент; Авизова А.К. - доцент кафедры «Всеобщая история и музейное дело» ЮКУ им.М.Ауэзова, к.ист.н.; Коныратбаев О.М. - ведущий научный сотрудник НЦ «Мұхтартану» ЮКУ им.М.Ауэзова, к.ист.н., доцент; Спанов М.Ж. - заведующий кафедрой «Философия и культура» ЮКУ им.М.Ауэзова, к.философ.н. доцент; Турабаева Л.К. - заведующая кафедрой «Обучение государственному языку» ЮКУ им.М.Ауэзова, к.филолог. наук, доцент; Айдарова А.Б. - профессор кафедры «Экономика» ЮКУ им.М.Ауэзова, к.э.н.; Карбозова Г.К. - Заведующий кафедрой «Английское языкознание» ЮКУ им.М.Ауэзова, к.филолог.н.; Суюбердиева А.А. - заведующий кафедрой «Иностранный язык для гуманитарных специальностей. ЮКУ им.М.Ауэзова, к.педагог.н., доцент; Байдуллаева Р.Ш. - старший преподаватель кафедры «Практический русский язык для технических специальностей» ЮКУ им.М.Ауэзова; Жолдасбекова К.А. - доцент кафедры «Изобразительное искусство и дизайн», ЮКУ им.М. Ауэзова, кандидат педагог.н.; Бегайдаров М.У.З - главный специалист департамента «Воспитание и молодежная политика» ЮКУ им. М.Ауэзова. магистр техн.н., корректор журнала; Тургараев Б.Т. - директор Международного общественного благотворительного фонда «Жеті жарғы и Кожаберген жырау», д.ю.н., профессор; Капалбекулы Н. - главный научный сотрудник Государственного музея «Центр сближения культур» под эгидой ЮНЕСКО Министерства культуры и спорта РК; писатель, почетный профессор ЮУ им.М.Ауэзова; Акыш Н.Б.- главный научный сотрудник Института «литература и искусство» им.М.Ауэзова Комитета науки МОН РК, д.филолог.н., профессор; Койгелдиев М.К. - профессор КазНПУ им.Абая, председатель Ассоциации «Историки Казахстана», д.ист.н., академик НАН РК; Кабылдинов З.К.-директор Института истории и этнологии им.Ч.Ч.Валиханова, д.ист.н., профессор; Исабек Б.К. - проректор по учебной и учебно-методической работе ЮКГПУ, к.ист.н., доцент; Рысбаева С.Ж. -доцент Академии ГУ при Президенте РК, к.полит.н.; Турсун Х.М. - профессор кафедры «История» МКТУ им.Х.А.Ясауи, д. ист.н.; Есеналиев А.Е.-заведующий кафедрой «Правоведение» МКТУ им.Х.А.Ясауи., к.ю.н., доцент. Академик АЮН РК; Камзабекулы Д. - проректор ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, академик НАН РК; д.филолог.н., профессор; Жусуп С.А. - профессор ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, директор Института культуры и духовного развития «Алаш»; Егембердиева С.М. - директор ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, профессор кафедры «Экономика», д.э.н., профессор; Джурсунбаев Б.А. -доцент кафедры «История Казахстана» ТарГПУ, к.ист.н.; Ералин К. - заведующий кафедрой «Дизайн и изобразительное искусство» МКТУ им.Х.А.Ясауи, член Союза Художников РК, д.педагог.н., профессор; Функ Дм.А. - директор Института «Антропология и этнология» Томского ГУ, главный редактор научного журнала «Сибирские исторические исследования». Академик Российской академии наук, д.ист.н., профессор; Раджабов К.К. - заведующий отделом «Советской эпохи» института «История» АН РУзб, д.ист.н., профессор; Аманжолова Д.А.-ведущий научный сотрудник Института «История России» РАН, д.ист.н., профессор; Садыков Т.- д.филолог.н., профессор Кыргызского ГУ; Кенан Коч - профессор университета Мугла Сыткы Кочмана д.филолог.н.; Мартынова Н.В. - доцент кафедры «Дизайн» факультета «искусство, реклама и дизайн» Тихоокеанского ГПУ, к.педагог.н., доцент. Член РАН Искусств.

/М.Әуезов атындағы ОҚУ, «QAZAQSTAN» республикалық ғылыми журналдың редакция алкасында мүшелердің лауазымы және жұмыс орны өзгеруіне байланысты редакция алкасының құрамына өзгертулер мен толықтыруларды енгізу туралы. 23.11.2021ж., №211-нқ бұйрығы./

ISSN 2708-0897

@Южно-Казахстанский государственный университет им.М.Ауэзова, 2021

**ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР БАҒЫТЫ
НАПРАВЛЕНИЕ ГУМАНИТАРНЫХ НАУК
DIRECTION OF THE HUMANITARIAN SCIENCES**

тақырыптық рубрикалар / тематические рубрики / subject headings

**ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ
ИСТОРИЯ КАЗАХСТАНА
HISTORY OF KAZAKHSTAN**

**САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН АҚТАУ
РЕАБИЛИТАЦИЯ ЖЕРТВ ПОЛИТИЧЕСКИХ РЕПРЕССИЙ
REHABILITATION OF VICTIMS OF POLITICAL REPRESSION**

УДК: 9.433

Карибаев С.Ө.

тарих ғ.к, доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан
**БОЛЬШЕВИКТИК МАҚТА ДАЙЫНДАУ НАУҚАНШЫЛДЫҒЫНЫҢ
БАРЫСЫ МЕН ЗАРДАПТЫ НӘТИЖЕЛЕРІ**

Түйін: Патшалы Ресейдің қазақ жерін алдымен мәжбүрлеп, соңында қарудың күшімен басып алғаннан кейін қазіргі Түркістан облысы мақта шаруашылығымен кеңірек шұғылдана бастады. Ондағы мақсат - Ресейдің шетел алдындағы мақта өнімдері бойынша тәуелділігінен құтқару болатын. Мәселен, 1885 жылы қазіргі Түркістан облысының территориясында небары 432,2 гектар мақта егілген болса, 1910 жылы 3631,6 гектар, ал 1913 жылы 20,8 мың гектар мақта егілген. Бірақ ол кезде мақта қарапайым тәсілмен өсірілді. Мақтаның шығындылығы гектарына 3-4 центнерден аспайтын еді.

Кеңес үкіметі де шетел алдындағы мақта өнімдері бойынша тәуелділігінен құтылу үшін Орта Азия мен Қазақстанның Оңтүстігінде мақта шаруашылығын дамыту жөнінде нақты шаралар белгілеп, оны қысқа мерзім ішінде репрессиялық шаралар негізінде жүзеге асырды.

Мақта дайындау науқаны барысында (1928/29 және 1929/30 жж.) РСФСР Қылмыстық кодекстің 61, 62, 73, 105, 107, 131, 168, 169, 58-8, 58-10, 58-7 баптары қолданылып, бай-кулак, орташа, кедейлер жаламен қуғын-сүргін құрбанына айналды. Ендігі мақсат - жазықсыз айыпталған азаматтар мен азаматшаларды саяси да, құқықтық жағынан толық ақтап, әділеттілікті орнату.

Кілт сөздер: Патшалы Ресей, Кеңес өкіметі, Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, ұжымдастыру, мақта шаруашылығы, мақта дайындау науқаны, репрессиялық шаралар, ақтау

Кіріспе. Мақта өндірісі көптеген елдердің, атап айтқанда Қазақстанның да ауыл шаруашылығының жетекші саласы болып табылады. Әрі елдің ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорты бойынша астықтан кейінгі екінші орынды алады.

Мақта- әмбебап дақыл. Оны әр салада пайдаланады. Атап айтсақ, мақта талшығы тоқыма өнеркәсібі үшін шикізаттың негізгі түрі: одан барлық техникалық бұйымдар мен халық тұтынатын тауарлар жасалады. Сонымен қатар, мақта тұқымының құрамында 20% өсімдік майы бар - құнды тамақ өнімі. Мақта майы сабын, глицерин, стеарин, техникалық майлар және басқа да өнімдер жасау, ал күнжара мен қауызы малшаруашылығы үшін қолданылады. Сондықтан да, қай кезең де болсын мақта шаруашылығы ел экономикасының маңызды саласы.

Қазақстан КСРО Тоқыма өнеркәсібінің мақта шаруашылығы бойынша Әзербайжан, Кіндік Азия республикаларымен бірге негізгі мақта базасы ретінде алдында патшалы Ресейдің, кейіннен КСРО-ның тоқыма өнеркәсібінің дамуына, сыртқы тәуелділіктен арылуына зор үлес қосқанына тарих куә.

Теориялық талдау. Қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысының аумағы кіретін Түркістан өлкесіндегі өнеркәсіптік мақта шаруашылығы XIX ғасырдың 80-жылдарынан бастап дами бастады. Ресейдің тоқыма өнеркәсібін арзан шикізатпен қамтамасыз ету мақсатында патша үкіметі Орта Азияда мақта өндірісін ұлғайту жөнінде бірқатар шаралар қабылдады. 1907 жылы Түркістан мен Шымкентке іргелес аудандарда мақта егісі пайда болды. Мақта егетін аудандарда жыл сайын шитті мақтаны сатып алу ісін өзіне толық бағындырған қаржы капиталының толқыны барған сайын күшейе түсті. Осы кезеңде Мырзашөл (*Голодная степь-К.С.*) өңірін игеруге бағытталған бірқатар әрекеттер жасалды, бірақ айтарлықтай нәтиже бермеді. Мақта өсіру техникасы, минералды тыңайтқыштар, агрономиялық кадрлармен қамтамасыз ету жұмысы өте төмен болатын.

Қазан төңкерісіне дейінгі Ресейде мақта шаруашылығы жүйесі шитті мақта өндірісінің дамуына ықпал еткен жоқ. 1913 жылы Қазақстан аумағында мақта егумен 20 мың гектар ғана қамтылды. Өнімділік гектарына небәрі 3-4 центнерді ғана құрады.

Қазан төңкерісінен кейінгі алғашқы жылдарда елдегі азамат соғысы мен жалпы экономикалық күйзеліс салдарынан мақта өндірісінің одан әрі төмендеуі байқалды. Яғни, мақта егісі алқабының азаюы мен өнімділігі күрт төмендеді. Екіншіден, тоқыма өнеркәсібі негізінен елде өндірілген мақтаға тәуелді болатын. Бірақ отандық мақта әлі де халық шаруашылығының қажеттілігін толық қамтамасыз ете алмады. Сол себепті Кеңес елі шетелден мақта сатып алуға мәжбүр болды. Осындай күржелі жағдайдан шығу үшін Кеңес үкіметі азаматтық соғыстың аяқталуын күтпей, ауылшаруашылығының осы маңызды саласын қалпына келтіру және дамыту үшін шаралар қолдана бастады. 1918 жылдың 17 мамырында В.И. Ленин қол қойған «Түркістанда суару жұмыстарын ұйымдастыру туралы» Халық Комиссарлары Кеңесінің декретімен 500 мың десятина (654 мың га жуық) жерді суару үшін ирригациялық құрылысқа 50 млн. рубль бөлу қарастырылған болатын. Бөлінген қаржыны айлар бойынша игеру төмендегідей жоспарланды:

Мамыр - 9.770.000 рубль, оның ішінде мұнда және ұйымдастыру жұмыстарына шығындар 370.000 рубль.

Маусым - 10.000.000 руб.

Шілде -7.000.000 руб.

Тамыз -6.000.000 руб.

Қыркүйек - 6.000.000 руб.

Қазан-Желтоқсан -11.230.000 руб.[1]

1920 жылы 27 қарашада Халық Комиссарлар Кеңесі В.И. Лениннің қолы қойылған «Түркістан және Әзірбайжан Социалистік Кеңестік республикаларында мақта шаруашылығын қалпына келтіру шаралары туралы» декрет шығарды, онда елде мақта шаруашылығын көтеру бойынша жан-жақты шаралар қарастырылған. Бұл жарлықтар, атап айтқанда, мақта өсіру үшін жеңілдіктер белгіледі, мақта фермаларында ауыспалы егістерді енгізуді және бұрын болған жерлерді қалпына келтіруді, сондай-ақ жаңа тәжірибелі алқаптар мен селекциялық мекемелерді ұйымдастыруды қарастырды.

Главхлопком келісімшарт жасасу және мақта сатып алу ісін реттеуге бағытталған шаралар қабылдады, ирригациялық жүйені ретке келтіру мәселелерімен айналысты, тұқым қорын қалпына келтіру, мақтаның өнімділігін арттыру бойынша іс-шаралар өткізді. Орта Азия мен Қазақстанның суармалы жерлерінде мақта шаруашылығын қалпына келтіруде ирригация үлкен рөл атқарды. Коммунистік партия көптеген шаруаларды суару құрылысына тарту үшін үлкен жұмыс жасады.

1921 жылы 3 тамызда В. И. Ленин Еңбек және қорғаныс кеңесінің «Мелиорациялық серіктестіктер туралы» қаулысына қол қойды. Осы қаулы негізінде 1924 жылы

Қазақстанның оңтүстігінде 5 мелиоративтік серіктестік құрылды. 1925 - 1926 жылдары 55, ал 1927 жылы 130 мелиорациялық серіктестік жұмыс істеді. Олар 52.400 шаруашылықты біріктірді. Бұдан басқа, 1925 жылдың 1 қазанына қарай Қазақстанда 6072 пайшы-мүшені біріктірген 23 мақта жинайтын серіктестік жұмыс істеді.

1926 жылы қаңтарда Мәскеуде мақта өсірушілердің Бүкілодақтық кеңесі өтіп, мақта шаруашылығына кооперацияның қатысуы туралы мәселені қарастырды. Кеңес өз шешімдерінде мақта аудандарында кооперациялардың әртүрлі нысандарын, оларды ұйымдастырушылық нығайту деңгейі бойынша белгіледі. Ауыл шаруашылығы кооперациясын нығайтумен қатар, ірі мақта совхоздарын құруға кірісті. 1924 жылы КСРО-ның көптеген мақта егетін аудандарын тұқыммен қамтамасыз ететін «Пахта-Арал» совхозы құрылды. 1926 жылы Қазақстанда мақта егілетін егіс алқаптарының соғысқа дейінгі деңгейі асып түсті. Шитті мақтаның өнімділігі мен тауарлық түсімі айтарлықтай өсті. 1927 жылы мақтаның өнімділігі гектарынан 8,25 ц. құрады, ал тауарлық өнім 49,280 тоннаны құрады. Үкімет белгілеген шараларды жүзеге асыру нәтижесінде мақта шаруашылығы тез қалпына келе бастады және 1927 жылы мақта егу алаңы соғысқа дейінгі деңгейге жетті. 1928 жылы мақтаның жалпы өнімі (50 мың тоннаға) тіпті асып түсті.

КСРО тоқыма өнеркәсібі бірінші бесжылдықтың басында өндірістің соғысқа дейінгі деңгейінен айтарлықтай асып түсті. Дегенмен, ол халықтың тоқыма бұйымдарына үнемі өсіп келе жатқан сұранысын әлі де толық қанағаттандыра алмады. Кеңестік тоқыма өнеркәсібінің дамуының ең осал жері мақта өндірісі болды. Кеңес үкіметі жыл сайын шетелден мақта сатып алуға 100 миллион рубльге дейін ақша жұмсады. Кеңестік Тоқыма өнеркәсібінің одан әрі дамуы оның шикізат базасын жан-жақты кеңейту қажеттілігіне негізделді.

Кеңестік билік пен большевиктік партия басшылары бұл жағдайдың себебі елде мақта шаруашылығының одан әрі дамуына кедергі келтіретін ұсақ тауарлы ауыл шаруашылығы, сондықтан оны ұжымдастыру керек деп шешеді.

1927 жылы желтоқсанда БКП(б) XV съезінде шағын шаруа қожалықтарын ірі, артельді ұжымдық шаруашылық жолына көшіру туралы мәселе талқыланады. Партияның XV Съезі елдің ұлттық экономикасындағы жоспарлы басталудың нығаюына және қала мен ауылдың капиталистік элементтеріне қарсы социализмнің жүйелі түрде басталуын ұйымдастыру қажеттілігіне сүйене отырып, халық шаруашылығының алғашқы бес жылдық жоспарын құру туралы нұсқау берді. Осы директиваға сүйене отырып, 1929 жылы сәуірде өткен XVI партия конференциясы КСРО халық шаруашылығын дамытудың бірінші бесжылдық жоспары туралы мәселені талқылады. Съезд ауыл шаруашылығын ұжымдастыруды жан-жақты дамытудың бағытын белгіледі, совхоздар мен колхоздар желісін кеңейту мен нығайту жоспарын белгіледі.

Бүкілодақтық коммунистік (большевиктер) Орталық Комитеті 1929 жылғы 3 мамырдағы және 18 шілдедегі шешімдерінде алдағы үш жылдың ішінде мақта импортынан құтылу және КСРО-ның тоқыма өнеркәсібін одан әрі дамыту туралы міндет қойды. БКП(б) Орталық комитеті бірінші бесжылдықтың соңында кеңестік тоқыма өнеркәсібін мақта импортынан босатып қана қоймай, Кеңес Одағының тоқыма өнеркәсібін одан әрі кеңейту үшін резерв құру үшін мақта алқаптарын барынша кеңейту және мақта өнімділігін арттыру желісі бойынша мақта шаруашылығын үдемелі дамыту қажеттігін атап өтілді[2].

Бұл қаулы мақта өсіруді қамтамасыз етуге бағытталған шешімдер қабылданған мақта егетін аудандардың партиялық ұйымдарында талқыланды. БКП(б) Сыр-Дария округтік комитетінің екінші пленумы 1929 жылы өз шешімдерінде БКП(б) ОК қаулысының Қазақстанның негізгі мақта ауданы ретінде Сыр-Дария округі үшін айрықша мәні бар екенін атап өткен. Пленум мақта аудандарының барлық аудандық комитеттеріне осы қаулыны өздерінің пленумдарында, партиялық ұяшықтар жиналыстарында, қыстық кеңестерде талқылауды тапсырды.

Мақта егілетін егіс алаңын таяудағы жылдар ішінде 1 млн. гектарға, ал мақта шығымдылығын - 40 пайызға ұлғайту көзделді. Бірінші бесжылдық ішінде мақта аудандарына 15 мың трактор және 1,5 млн. түрлі ауыл шаруашылығы машиналарын жіберу көзделді. БКП(б) ОК-ті мақта шаруашылықтарына мамандар даярлау мақсатында агрономиялық курстардың кең желісін ұйымдастыруды ұсынды[3].

Машина техникасына негізделген ірі шаруашылықтар ғана мақтаның өнімділігін арттыруды қамтамасыз ете алатын еді. Сондықтан БКП(б) ОК 1929 жылғы 3 мамырда: «тоқыма өнеркәсібі үшін шикізат өндірумен айналысатын шаруашылықтарды контрактациялау және ұжымдастыру практикасын кеңейтуге және жақсартуға ерекше назар аударылуға тиіс. Тек қана кең ұжымдастыру негізінде ауыл шаруашылығымыздың төмен деңгейі мен артта қалуын, оның төмен өнімділігін еңсеруге болады»[], - деп қаулы қабылдайды.

БКП(б) ОК мақта шаруашылығының табысты дамуы шағын шаруа қожалығынан ірі ұжымдық өндіріске көшу негізінде ғана жүзеге асырылуы мүмкін екенін атап өтті. БКП(б) ОК қаулысы негізінде Мәскеуден бас мақта комитеті Ташкентке ауыстырылды.

Қазақстан мен Кіндік Азия республикаларының мақташы-еңбекшілері партиялық және кеңестік ұйымдардың басшылығының пәрменіне сәйкес оны орындауға кірісіп, мақта өндірісін жылына 1929 жылғы 294 840 тонна талшықтың орнына 720 720 тонна талшыққа жеткізуді көздеп, алдағы үш жылда мақта егіс алқабын ұлғайту туралы шешім қабылдайды.

Алайда мақта бағдарламасын орындау үлкен қиындықтар туғызды. Бұл қиындықтар республиканың экономикалық даму деңгейінің, мақта өндірумен айналысатын халықтың техникалық сауаттылығының төмендігімен және жергілікті инженерлік-техникалық кадрлардың аздығымен байланысты болды.

Қазақстанның мақта алқаптарындағы көктемгі егіс науқаны 1930 жылы уақтылы аяқталды. 1930 жылға қарай Қазақстандағы мақта егілген алқаптар 1916 жылғы деңгейден 2,5 есе асып түсті. Қазақстанның мақта аудандарында ұжымдастыру табысты өтті.

1930 жылы мақта шаруашылығын дамытуға Қазақстанның үш жаңа ауданы тартылды. Республикада мақта егілген егіс алаңы 1930 жылы 1929 жылмен салыстырғанда 155,9 пайызға ұлғайды[4].

Көктемгі егіс науқанын уақтылы орындауда және бағдарламаны орындауда республикадағы колхоздарының тұрақты нығайтылған материалдық-техникалық базасы үлкен маңызға ие болды. 1930 жылы Қазақстанның колхоздары мен совхоздары, мысалы, 3 мың трактор және басқа да көптеген машиналар алды. Бұл техниканың үлкен пайызы республиканың мақта аудандарына жіберілді. 1930 жылғы көктемгі егіс науқанында тек «Пахта-Арал» совхозының егістіктерінде 100-ден астам трактор мен сепкіштер жұмыс істеді. Қазақстандағы ең ірі мақта шаруашылығы - «Пахта -Арал» совхозы 1930 жылы республикада мақта дайындау бойынша бірінші болып шықты. 1930 жылы ол жылдық өндірістік жоспарды 105 пайызға орындады[5].

1930 жылы Қазақстанның мақта тазалау зауыттары бойынша шитті мақтаны дайындау сәтті өтті. Келес мақта тазалау зауыты 1930 жылы шитті мақта дайындау жоспарын 173 пайызға, Велико-Алексеевка зауыты 157 пайызға, Түркістан зауыты 137 пайызға орындады. Қазақстанның мақта тазалау зауыттары бойынша орта есеппен 1930 жылы шитті мақта дайындау жоспары 151,8 пайызға орындалды[6].

1931 жылдың ақпанындағы мәлімет бойынша ұжымдастыру негізінен мақта өсірумен айналысатын Қазақстан шаруаларының 55,1 пайызын қамтыды. 1931 жылдың өзінде-ақ қоғамдастырылған сектор Қазақстанның мақта шаруашылығында шешуші рөл атқарды. Мақта егіс көлемінің 80,5 пайызын колхоздар, 10,6 пайызын кеңшарлар құрады. Жеке шаруа қожалықтарының үлесі 8,8 пайызға дейін төмендеді.

Республиканың барлық еңбеккерлері 1931 жылы мақта шаруашылығын дамытуда жетістіктерге жетті. Мақта егу жұмыстары аяқталып, мақта егілген егіс алқабы бойынша

жоспар 114,4 пайызға орындалды.

«Правда» газеті 1931 жылы бұдан былай КСРО-ның тоқыма өнеркәсібі мақтаның сыртқы нарығына тәуелді болмайтыны туралы жазды[7]. Республиканың мақташы-еңбеккерлерінің қажырлы еңбегі КСРО-ның мақтаға тәуелділігін жою жөніндегі тарихи міндеттің табысты орындалуын қамтамасыз етуде өзіндік орны бар деп есептейміз.

Тәжірибелік бөлім. КСРО-ның тоқыма өнеркәсібінің мақта бойынша сыртқы нарықта тәуелді болмауында Қазақстанның мақташы-еңбеккерлерінің еңбегі зор. Алайда, осы табыстарға қалай және қандай құрбандықтармен жеттік? Оған жауапты қазіргі кездегі мұрағат қорларындағы құжаттарды құпиясыздандыруға байланысты жүргізіліп жатқан жұмыстар нәтижесінде ала алдық.

«Кошчи» Одағының ұйымдарына сүйене отырып, партиялық-кеңестік органдар «байларға» кедейлердің таптық жеккөрушілігін тудырды, оны ауыл тұрғындарының ауқатты топтарына қарсы қойып, таптық қақтығыстар тудырды. Билік органдары бай-шаруаларға қарсы жазалау шараларын кеңінен қолданды. РСФСР Қылмыстық кодексінде жер учаскелерін, мүліктерді және басқа мүліктерді жасырғаны үшін үш жылға дейін бас бостандығынан айыру қарастырылды⁹⁸

Архив құжаттары көрсеткендей, ұжымдастыру кезінде орта шаруалар, қолөнершілер, ал кейбір жағдайларда тіпті кедейлер де «бай-кулак» санатына жатқызылып, оларға қарсы шаруаларға қарсы озбырлық пен зорлық-зомбылық етек алды. Әрине, мұндай саясат ауыл тұрғындарының наразылығын тудырды⁹⁹

БКП(б) ОК 1930 жылғы 5 қаңтардағы «Ұжымдастыру қарқыны және мемлекеттің колхоз құрылысына көмек көрсету шаралары туралы» қаулысында ұжымдастыруды дамыту барысында оны өткізуге қарсылық білдірген әрбір адам «заң алдында жауап береді» деп айтылған. 1930 жылы 11 қаңтарда «Правда» газетінде «Кулактарды тап ретінде жою күн тәртібіне айналды» атты алдыңғы қатарлы мақала жарияланды[8].

1930 жылы 30 қаңтарда БКП(б) ОК Саяси Бюросы «Жаппай ұжымдастыру аудандарындағы кулак шаруашылықтарын жою шаралары туралы» қаулысында бай-кулак шаруашылықтарын үш санатқа бөлді. Біріншісі- кеңестік мемлекет пен колхоз құрылысына қарсы шыққандар; олар қамауға алынып, сотталды және олардың отбасы республика аумағынан көшірді. Екіншісі-ең бай кулактар, байлар отбасыларымен бірге шалғай аудандарға шығарылды. Үшіншісі - қалған кулактар мен ұсақ байлар, олар ұжымдық шаруашылықтардан тыс жерлерге көшірілді, олар үшін арнайы қоныстар құрылды.

Мұндай саясат тек кулактарға ғана емес, жеке шаруалардың үлкен тобына қатысты бұрын-соңды болмаған зорлық-зомбылық болатын. Оған орта шаруалардың едәуір бөлігі де кірді.

ОАК мен ХКК-нің 1930 жылғы 1 ақпандағы «Жаппай ұжымдастыру және кулактарға қарсы күрес аудандарында ауыл шаруашылығын социалистік қайта құруды нығайту жөніндегі іс-шаралар туралы» қаулысымен кулактар жерді жалға алу және басқа адамдардың еңбегін «пайдалану» мүмкіндігінен айырылды.

1930 жылы қаңтарда кулактарға қарсы күрес жөніндегі комиссия құрылды, олардың құрамына халық судьялары, прокурорлар кірді. Олар округтарға жіберілді. Осы комиссиялардың басшылығымен аудандар мен ауылдық жерлерде кедейлер, ауыл белсенділері және «Қосшы» одағының өкілдері, сондай-ақ қала жұмысшылары кіретін топтар құрылды.

БКП(б) ОК-нің 1930 жылғы 5 қаңтардағы қаулысында қазақ ауылының осы большевиктік эксперимент жүргізуге жеткіліксіз дайындығын ескере отырып, ұжымдастыруды 1933-1937 жылдары аяқтау көзделді. Алайда, Сталиннің тікелей қысымымен елдің жоғарғы саяси басшылығында бұл акцияны «зорлық-зомбылық әдістерімен» әлдеқайда ертерек аяқтауға болады деген авантюристік сенімдер басым болды.

Қазақстанның С.Садуақасов және тағы басқа кейбір басшы қызметкерлері (режимнің республикадағы ауыл шаруашылығын ұжымдастыруды жеделдетуге арналған курсымен келіспейтіндіктерін ашық айтқаны үшін оларды оңшыл деп жариялап, соңында репрессияға ұшыратты.

Жергілікті билік құрылымдары ұжымдастырушылық және түсіндіру жұмыстарын жүргізудің орнына алдау мен зорлық-зомбылық арқылы ұжымдастыруды жиі жүргізді. Ашық зорлық-зомбылықтың осындай әдістерін кеңінен қолдану нәтижесінде науқан басталғанға дейін бірде-бір колхоз болмаған жекелеген аудандар жүз пайыздық ұжымдастыру туралы есеп берді.

Нәтижелер мен талқылау. Мақталы аймақтардағы шаруа қожалықтарын ұжымдастыруды жүзеге асыру, кулактар мен байларды жоюмен қатар жүрді. Ол өз кезегінде шаруашылықты жүргізу, ерікті ұжымдастыру принциптерінің билік тарапынан бұзылуы мақташы-еңбеккерлердің (*бай, кулак, ауқатты, орташа, кедей-К.С.*) қарсылығына тап болды. Кулактар мен байлар мүмкіндігінше жер учаскелерін сумен шайып, жарамсыз етуге тырысты, мақта егінін бүлдірді, мақта сабақтарын, мақта егілген жерлерді жыртты, тіпті жекелеген белсенді колхозшылар мен қоғамдық қызметкерлерге шабуыл жасады. Әрине, олардың қарсылығы заңды мақталы болатын.

Ұжымдастыру кезеңінде Мемлекетке мақта жеткізу жоспарлары үнемі өсіп отырды. Ауылшаруашылық дайындау жоспарларын орындау үшін зорлық-зомбылық әдістері жаппай қолданылды. Мақта дайындау науқаны барысында (1928/29 және 1929/30 жж.) РСФСР Қылмыстық кодекстің 61, 62, 73, 105, 107, 131, 168, 169, 58-8, 58-10, 58-7 баптары қолданылды. Бүкіл елді жайлаған қуғын-сүргін, зорлық-зомбылық Сырдария округіне де жаппай көрініс тапты. Оған мұрағат қорларындағы материалдар дәлел бола алады. Мысалы, Сырдария округы прокуроры Акжаровтың Қазақ АКСР Әділет Наркомына жолдаған мәліметінде 20 ақпан 1930 жылы барлық мақта ісі бойынша 703 істің 646-ы қаралып, 240 - ы сотталған. Оның ішінде орташалар мен кедейлер де бар. 1-учаскелік халық соты бойынша 18 орташа, 4 кедей, 21-учаскелік халық соты бойынша 11 орташа, 9 кедей, 4 - учаскелік халық соты бойынша 23 орташа, 18 кедей, 20 - учаскелік халық соты бойынша 8 орташа, 18-учаскелік халық соты бойынша 38 орташа, 14 кедей сотталған. Біз мұнда бес учаскелік халық сотының мәліметін беріп отырмыз. Ал округте 27 учаскелік халық соты жұмыс істеген. Сотталушылардың көптігі соншалық, халық соттары істі қарап үлгере алмайтындығын архив құжаттарынан анықтап отырмыз[9].

Кесте №1 - 1930 жылдың 1 қаңтары мен 3 ақпаны арасындағы мақта дайындау науқанына байланысты істер туралы мәліметтер[10].

	Шым-кент	Ир-жар	Келес	Түркістан	Караспан	Арыс	Жаңа-қорған	Сайрам	Бадам	Беловод	Барлығы
Түскен іс	39	42	94	32	27	60	17	32	4	5	349
Қаралғаны	39	37	94	29	27	60	18	32	4	5	342
Қалғаны	-	5	-	4	27	60	1	-	-	-	10
Сотталғаны											
3 жылдан жоғары	6	-	-	-	-	2	-	9	2	1	20
3 жылға дейін	-	-	12	23	4	14	10	10	-	11	83
2 жылға дейін	7	20	24	7	11	27	15	9	-	2	122
1 жылға дейін	21	-	14	5	12	13	22	3	-	-	120
6 айға дейін	4	-	8	4	-	1	-	3	1	-	21
Мәжбүрлі жұмыс	-	-	3	-	-	-	-	-	-	7	10
Сотталғандар-	34	37	106	38	27	57	47	32	4	21	402

дың барлығы											
Оның ішінде шартты	-	-	-	1	-	-	-	-	-	-	1
Әлеуметтік жағдай бойынша											
Бай-қулақтар	25	-	25	24	33	43	12	14	1	7	188
Ауқатты	5	-	33	3	9	8	25	1		11	95
Саудагерлер	-	-	6	-	6	1	-				13
Орташалар	8	-	2	-	-	5	3			8	21
Кедейлер	-	-	8	-	-	1	2			-	11
Қызметтік	-	-	-	-	-	-	4			4	4
Басқалар	-	31	10	-	-	2				-	43
Сотталғандар	34	37	102	38	48	60	47	32	4	21	423
Тәркіленген қожалық	25	-	10	23	17	10	2	17	27	13	160

Мақта дайындаумен қатар мақтаны уақытылы мемлекетке өткізу барысында кешіктірілген жеке тұлғаға да, мақта артельдеріне де штраф салу арқылы жазалау кең етек алды. Мысалы, Түркістан ауданы 1930 жылдың 25 қаңтары мен 1 ақпан аралығында - 5989 руб. 69 коп., ал 1-5 ақпан аралығында - 2157 руб. 69 коп., Қызылқұм ауданы - 6283 руб. 75 коп., штраф төлеген[11].

Мақтаны уақытылы өткізбегені үшін 1930 жылы 9, 12, 30 қаңтарда «Қызыл Құралай», «Шақан», «Ынтымақ», «Сауыр», «Заканар» артельдері, сонымен қатар, Шерметов, Мамадиев, Бикмуратов, Ниязкулов, Назарметов, Юсупбаев, Сатымханов, Гатуров, Мералов, Ходжаев, Таировтар ісі Шымкент учаскелік халық сотына жіберіліп, жазаланды[12].

Кесте №2 - Мақта дайындау бойынша сотталғандар туралы мәліметі[13].

№	Аты-жөні	Іс номері	Қай бап бойынша сотталды	Қайда жіберілді
Түркістан ауданы бойынша 2/ХІІ. 1929- 29/ 1. 1930 жыл				
1	Бабаджан Абдусайтов	396	117,16	16 уч. халық соты
2	Досмат Абдугазиев	397	117,16	16 уч. халық соты
3	Сайдаля Агбаров	398	117,16	16 уч. халық соты
4	Бурсатов Анис	399	117,16	16 уч. халық соты
5	Койлеков Аман	400	117,16	16 уч. халық соты
6	Усманов Арықбай	401	117,16	16 уч. халық соты
7	Нуров Султанмурат	67	117,16	16 уч. халық соты
8	Баймурзаев Абдукапар	58	73,107,16	17 уч. халық соты
9	Алимбетов Бакыт	64	107,16	17 уч. халық соты
10	Акымов Джуман	65	117,16	17 уч. халық соты
11	Декамбаев Ибрагим	69	61,16	16 уч. халық соты.
12	Усманов Абдурау	70	116,111,169	17 уч. халық соты
13	Абдурахимов Дададжан	71	107,16	16 уч. халық соты
14	Турсунов Абдугали	72	117,16	16 уч. халық соты
15	Абдумазитов Калип	74	162	16 уч. халық соты
16	Баймбетов Султанбай	75	107,105,73	16 уч. халық соты
17	Изатулаев Насыр	-	107,16	17 уч. халық соты
18	Изатулаев Вали	4373	107,16	16 уч. халық соты
19	Нарсулаев Майдулла	2/323	107,16	16 уч. халық соты

1/II. - 5/II-1930 жыл				
20	Ходжаев Имам	89	61,16	16 уч. халық соты
21	Турсумметов Джакуп	90	61,131,73	16 уч. халық соты
22	Якубов Бакем	90	61,131,73	16 уч. халық соты
23	Бухарбаев	90	61,131,73	16 уч. халық соты
24	Макаев	90	61,131,73	16 уч. халық соты
25	Досымов	90	61,131,73	16 уч. халық соты
26	Кулумбетов	90	61,131,73	16 уч. халық соты
27	Култаев Джулам	90	61	17 уч. халық соты
28	Мулланазаров	92	61	17 уч. халық соты
29	Мамбетов	92	61	17 уч. халық соты
30	Гультяев Худаяр	9361,16	61	17 уч. халық соты

Бұл көрсетіп отырған архив құжаттары бір ғана ауданның әрі бір айлық мерзімдегі іске асырылған айыптау материалдары. Мұндай мәліметтер округ бойынша өте көп, біз мысал етінде ғана беріп отырмыз. Архив құжаттары бұл азаматтардың нақақтан-нақақ, жала жабылып, жазаланғандығын көрсетеді.

Қорытындылар. Кеңес үкіметі өзінің алғашқы жылдарынан бастап - ақ Орта Азияда, Закавказье аймағында және Оңтүстік Қазақстан аудандарында мақта шаруашылығын қайтадан өркендету жөнінде бір қатар нақты шараларды іске асырды. РСФСР Халық комиссарлары Советінің Түркістан мен Азербайжан мақта шаруашылығын қайтадан қалпына келтіру туралы 1920 жылға желтоқсанның шенінде В. И. Ленин қол қойған декреттері мақта шаруашылығын қалпына келтіріп өркендетуге негіз қалады.

Қазақстанның мақта шаруашылығында бірінші бес жылдық бүкіл Советтер Одағындағы сияқты елдің мақта жөніндегі тәуелсіздігі үшін күрес ұранымен өтті, өйткені бұл кезде СССР -дың тоқыма өнеркәсібі жыл сайын 50 % - ке жуығы шет елдерден әкелінген мақтамен жұмыс істейтін.

1932 жылдан бастап мақта шаруашылығы Республиканың Оңтүстік Қазақстан облысынан басқа оңтүстік - шығыс облыстарында да тарады. Мақта егісі Алматы облысының Панфилов және басқа аудандарында, Қызылорда облысының Сырдария, Шиелі және Жаңақорған аудандарында, Жамбыл облысының Шу, Талас, Луговой, Свердлов, Жамбыл және Сарысу аудандарында да егілетін болды. Нәтижесінде мақта егісінің аумағы 133,8 мың гектарға жетті. 1935 жылы шитті мақтаның жалпы өнімі 72,6 мың тонна болды.

Алайда, кейіннен жер - су жағдайы мақта өсіруге қолайсыз аудандарында бұл дақылдың егіс көлемі орынсыз ұлғайып салдарынан оның өнімі шұғыл төмендеп кетті. Сондықтан 1934 жылдан бастап республиканың мақта егуге ауа райы қолайсыз Жамбыл, Алматы және Қызылорда облыстарында мақта егісі бірте- бірте азайтылып, кейін мүлдем егілмейтін болды.

Елімізде халық шаруашылығының басты саласы өнеркәсіптің жедел дамуына байланысты шитті мақтаға деген қажет күн санап арта түсті. Осыған орай 1935 жылы наурыз айында Шымкент қаласында мақташылардың республикалық II съезі болды. Съезде озат калхозшылар көтеріңкі міндеттемелер қабылдап, облыс бойынша жоспарланған 58,7 мың тонна мақтаның орнына мемлекет қоймасына 73,0 мың тонна мақта тапсыруға серт берді.

Кеңестер Одағын шетелдік мақта өнімдеріне тәуелділігінен құтқару жолында Қазақстан мақташы- еңбеккерлері жанқиярлық еңбек етті. Алайда, оның өтемі- халықтың қалың тобының зорлық-зомбылық, қуғын-сүргін сияқты шараларды басынан өткерумен сипатталады. Жаппай ұжымдастыру, отырықшылыққа көшіру, мал-мүлікті тәркілеу, астық, мақта дайындау, егін егу, егін ору науқандары, жөн-жосықсыз түрлі салықтардың қысымы халықты ашындырып, билікке қарсы көтерілуіне алып келді. Өз кезегінде билік

те өз халқын аяусыз, басып жаншыды. Жаппай түрлі репрессиялық шараларды жүзеге асырып, ГУЛАГ жүйесіндегі түрмелерге жазықсыз жапты. Хрущевтік «жылымық», Горбачевтік «қайта құру», Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы ақтау шаралары жүргізілгенімен, қазіргідей қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау қолға алынбады.

Ендігі мақсатымыз- кеңестік билік тарапынан қуғын-сүргін көрген азаматтарымызды саяси да, құқықтық жағынан толық ақтай отырып, әділеттілікті орнату. Алдағы уақыттар да мұндай жағдайға жол бермеу.

Әдебиеттер тізімі:

1. Декрет Совета Народных Комиссаров. Об организации оросительных работ в Туркестане. <https://istmat.info/node/29997>

2. «Правда» за 8 мая и 28 июля 1929 г.

3. Пичугин И.Г. Шефская помощь текстильщикам республикам Советского востока в развитии хлопководства. Ученые записки. Т. XXXVIII. Серия историческая Вып. 4. Вопросы истории Казахстана. Алма-Ата, 1959. стр.30-40

4. ҚР ОММ, Қ.74, Тізбе. 3, бума 92, іс 1079, 76-77 парақ

5. ҚР ОММ, Қ.74, Тізбе. 3, бума 88, іс 1044, 22 парақ

6. «Советская степь» за 29 декабря 1930 г.

7. «Правда» за 5 января 1931 г.

8. «Правда» 11 января 1930 г.

9. ТОМА, Ф.816, тізбе1, бума 7, іс 59, 94-97 парақ

10. ТОМА, Ф.816, тізбе1, бума 7, іс 59, 145 парақ

11. ТОМА, Қ.816, тізбе 1, бума 8, іс 59, 120 парақ

12. ТОМА, Қ. 816, тізбе 1, бума 7, іс 59, 29 парақ

13. ТОМА, Қ.816, тізбе 1, бума 7, іс .59, 58 парақ

Аннотация: После захвата казахских земель царской Россией и последующей насильственного захвата нынешняя Туркестанская область была еще больше вовлечена в хлопководство. Цель заключалась в том, чтобы освободить российскую хлопковую продукцию от иностранной зависимости. Например, в 1885 году на территории нынешней Туркестанской области было засеяно только 432,2 га хлопка, в 1910 году - 3631,6 га, а в 1913 году - 20,8 тыс. га. Но тогда хлопок выращивать было просто. Урожайность хлопка не превышало 3-4 центнеров с гектара. Советское правительство чтобы избавиться от иностранной зависимости также определило конкретные меры по развитию хлопковой промышленности в Средней Азии и Южном Казахстане, которые оно реализовало в короткие сроки на основе репрессивных мер.

Во время хлопковой кампании (1928/29 и 1929/30) применялись статьи 61, 62, 73, 105, 107, 131, 168, 169, 58-8, 58-10, 58-7 Уголовного кодекса РСФСР. Кулаки, средний класс и беднота стали жертвами клеветы и репрессий. На данном этапе основная цель - установление справедливости, а также добиться полного оправдания невинно обвиненных граждан как политически, так и юридически.

Ключевые слова: царская Россия, советская власть, Казахстан, Южный Казахстан, коллективизация, хлопководство, хлопковая кампания, репрессивные меры, реабилитация.

Abstract: After the seizure of the Kazakh lands by tsarist Russia and the subsequent forcible seizure, the current Turkestan region was even more involved in cotton growing. The goal was to free Russian cotton products from foreign dependence. For example, in 1885, only 432.2 hectares of cotton were sown on the territory of the present Turkestan region, in 1910 - 3631.6 hectares, and in 1913 - 20.8 thousand hectares. But then it was easy to grow cotton. The yield of cotton did not exceed 3-4 quintals per hectare.

In order to get rid of foreign dependence, the Soviet government also identified specific measures for the development of the cotton industry in Central Asia and Southern Kazakhstan, which it implemented in a short time on the basis of repressive measures.

During the cotton campaign (1928/29 and 1929/30), articles were applied 61, 62, 73, 105, 107, 131, 168, 169, 58-8, 58-10, 58-7 The Criminal Code of the RSFSR. The Kulaks, the middle class and the poor became victims of slander and repression. At this stage, the main goal is to establish justice, as well as to

achieve the full acquittal of innocent accused citizens both politically and legally.

Key words: tsarist Russia, Soviet power, Kazakhstan, South Kazakhstan, collectivization, cotton growing, cotton campaign, repressive measures, rehabilitation.

Мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қаржылық қолдауымен «XX ғасырдың 20-50-ші жылдарындағы Қазақстандағы жаппай саяси қуғын-сүргін және ақтау процестері: бірыңғай деректер базасын құру» жобасын іске асыру шеңберінде дайындалды.

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ИСТОРИЯ КАЗАХСТАНА HISTORY OF KAZAKHSTAN

ӘӘЖ: 94(574)06/07

¹Жүнісбаев А.Ә., ²Қоңыратбаев О.М.

¹ ғылыми қызметкер, Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-дің

Еуразиялық ғылыми-зерттеу институты. Алматы, Қазақстан

² тарих ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан

ОРТА АЗИЯДАҒЫ ҰЛТТЫҚ-МЕМЛЕКЕТТІК МЕЖЕЛЕУ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЖЕРІНІҢ ТҰТАСТАНУ ТАРИХЫ

Түйін. Мақалада Қазақстан, Ресей және Өзбекстан архивтерінің қорларында анықталған тың, бұрын ғылыми айналымға енген тарихи деректер мен құжаттардың негізінде 1924 жылы Орта Азияда жүзеге асырылған ұлттық-мемлекеттік межелеу және оның қорытындысында қазақ жерінің бір республиканың құрамында тұтастану тарихы қарастырылған. Межелеу мәселесін талқылауға салған мәжілістердің стенографиялық есептерін саралай отырып, авторлар Түркістан жауапты қайраткерлері арасында ұлттық-аумақтық межелеуге, ұлттық принциптің негізінде жана әкімшілік-аумақтық бірліктерді құру жобаларына қатысты ойлары мен көзқарастары, өзара пікірталастары, межелеу идеясын жоғарыдан жүзеге асырудағы РК(б)П Орталық Азия бюросының қызметі жан-жақты талдауға алынған. Авторлар Түркістан АКСР-нің құрамындағы қазақ облыстарының болашағы мен Ташкент қаласы төңірегіндегі қазақ және өзбек қайраткерлері арасында орын алған саяси тартысты баяндауға арнайы көңіл бөлген.

Кілт сөз: Орта Азия, Түркістан, Бұқара, Хорезм, ұлттық-мемлекеттік межелеу, мемлекеттік құрылыс, ұлт мәселесі, Ташкент.

Кіріспе. Бір ғасыр бұрын Орталық Азияның түркі-мұсылман халықтарының саяси-әкімшілік, әлеуметтік-экономикалық және мәдени-рухани дамуына түбегейлі өзгеріс алып келген айтулы тарихи оқиғалардың қатарына 1924 жылы күзде жүзеге асырылған ұлттық-мемлекеттік межелеу кіреді. Большевиктік биліктің тікелей бақылауымен жүргізілген бұл ауқымды шараның қорытындысында Түркістан, Бұқара және Хорезм кеңес республикалары өмір сүруін тоқтатып, олардың орнына Өзбек және Түрікмен одақтас республикалары, Қырғыз (РКФСР-дің құрамында), Тәжік автономиялы республикасы (Өзбек КСР-нің құрамында) және Қарақалпақ автономиялы облыстары (Қазақ АКСР-нің құрамында) құрылды.

Ұлттық-мемлекеттік межелеу қазақ жерінің тұтастығын қалпына келтіруге бағытталған қадамдардың бірі болды. Оның нәтижесінде жарты ғасырдан астам уақыт бойы алдымен Түркістан генерал-губернаторлығының, артынан Түркістан АКСР-нің құрамында (1918 жылдан бастап) болып келген екі қазақ облысы – Сырдария және Жетісу Қазақ АКСР-ның құрамына өтті. Межелеудің қорытындысында Қазақ АКСР-нің территориясы 700 мың шаршы километрге кеңейіп, халық саны 1 468 мың адамға артты [1; 357].

Ұлттық-мемлекеттік межелеу сынды ішкі мазмұны жағынан алғанда күрделі, мерзімі жағынан алып қарағанда біраз уақытқа (межелеудің соңғы қорытындылары ресми түрде тек 1927-1928 жылдары жасалды) созылған тарихи үдеріс бүкіл қазақ халқының болашақ тағдырына айтарлықтай ықпал етті. Межелеуге дейін патша отарлау саясатының салдары ретінде қазақ жері әкімшілік-аумақтық, қазақ халқы идеологиялық-саяси және рухани тұрғыдан алғанда біртұтас болмады. 1867-1868 жылдары іс жүзіне асырылған саяси-әкімшілік реформаға сәйкес бүкіл қазақ жері үш бірдей генерал-губернаторлықтың (Батыс-Сібір, Орынбор және Түркістан) қарауына өткен болса, 1882 жылғы реформаның нәтижесінде қазақ жері Дала және Түркістан генерал-губернаторлықтарының арасында бөлінді. Соның кесірінен қазақ халқының этникалық бірігу және біртұтас ұлтқа айналу үдерісіне тосқауыл қойылып, оның болашақтағы саяси, әлеуметтік-экономикалық, рухани-мәдени және табиғи дамуына айтарлықтай кедергі келтірді. Бұл тарихи жағдайды өзгерту үшін қазақ жерін бір Қазақ республикасының шекарасында жинау үлкен саяси маңызға ие болды.

Материалдар мен әдістер. Отандық және шетелдік тарихнамада ұлттық-мемлекеттік межелеудің тарихы мен оның жекелеген мәселелері біршама зерттелген. Кеңес заманындағы еңбектерде бұл тарихи үдеріс көбіне біржақты позитивті тұрғыдан ғана сипатталып, Орталық Азиядағы ұлт мәселесін шешудегі Лениннің көрегендігі мен большевиктік саясаттың жетістігіретінде көрсетілді. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін, құпиясы алынған тың архив деректерінің негізінде кешенді зерттеуді талап еткен межелеу тарихы ғылыми мәселеден гөрі саяси мәселеге айналды.

Нәтижелер мен талқылау. 1924 жылдың басына қарай Орта Азия республикаларында ұлттық негізінде межелеуді жүзеге асырудың қажетті тарихи алғышарттары қалыптасты. 1924 жылы 31 қаңтарда РК(б)П ОК Ұйымдастыру бюросының мәжілісінде Түркістан, Бұқара және Хорезм республикаларының ұлттық-мемлекеттік межеленуі туралы мәселе қаралып, Я.Рудзутакқа Түркістанға іссапар кезінде осы республикалардың жауапты қызметкерлерімен алдын ала талқылаудан өткізу арқылы оны іс жүзіне асырудың мүмкіндігін қарастыру тапсырмасы жүктелді [2; 323-324].

1924 жылы қаңтарда Ташкентте өткен Түркістан Кеңестерінің XII съезі республикада қызмет еткен қазақ, өзбек, түрікмен, қырғыз және тәжік қайраткерлерінің өз ішіндегі саяси арасалмақтың өзгеруіне де айтарлықтай әсер етті. 1924 жылдың 9 қаңтарында съездің коммунистік фракциясының мәжілісінде Түрікаткомның жаңа құрамына А.Рақымбаев, Н.Айтақов, С.Қожанов, Н.Паскуцкий, С.Асфендиаров, П. Абдурахманов, О.Карклин, Р.Исламов, Ғ.Мұратбаев, Р.Берзин, Махмұдов, Р.Құдайқұлов, Мамаев, Шутемов, Розенблюм, Стрельцов, Қожыбаев, Ғазиев, Әлімов кандидатуралары алға тартылды. Съезде Түрікаткомның төрағасы ретінде Н. Айтақов, оның орынбасарлары болып С.Қожанов пен А.Рақымбаев, ал ХКК-нің төрағасы Р.Исламов, орынбасарлары А.Серғазиев пен Н.Паскуцкий бекітілді [3; 40]. Бұқара және Хорезм республикаларының жетекшілерімен бірге жоғарыда көрсетілген түркістандық қайраткерлер Орта Азия республикаларының ұлттық-мемлекеттік межелеуін талқылау жұмыстарына белсене араласып, оны жүзеге асыру жолында еңбек етті.

1924 жылдың көктемінде межелеуге қатысты Қазақ, Түркістан, Бұқара мен Хиуа республикаларында орын алған алғашқы талқылаулар негізінде Орта Азияның мемлекеттік межеленуін жүргізу қажеттілігін мойындағанымен, оны іске асырудың түрліше жобалары алға тартылды. Пікірлердің алшақтығы тек Орта Азия республикаларының жетекшілері мен осы мәселені талқылаудан өткізу ісіне жауапты болған РК(б)П ОК Орта Азия бюросының арасында ғана емес, сонымен қатар жергілікті ұлт қызметкерлері арасында да айқын байқала бастады. Мысал ретінде ТКП ОК-нің мүшелері мен кандидаттары, РК(б)П ОК Орта Азия бюросының және Түрікаткомтөралқа мүшелерінің Ташкент қаласы жауапты қызметкерлерімен бірігіп өткізген 1924 жылғы 10 наурыздағы кеңесті келтіруге болады [4; 8-46].

Кеңесте «Түркістанның ұлттық-аумақтық межелеуі туралы» баяндама жасаған ТКП ОК-нің хатшысы А. Рақымбаев межелеудің қажеттілігін баяндай отырып, басты назарды өлкеде орын алып отырған ұлтаралық және әлеуметтік шиеленіске аударды: «Біздің партияның пікірі бойынша бұл ұйымдастырудың тиімділігі мынада: егер өзбек кедейі өзбек кулағымен, түркімен кедейі түркімен кулағымен, ал қазақ кедейі қазақ кулағымен күресетін болса, онда біздегі таптық күрес ұлттық тұстардың жамылғысын кимес еді» [5; 12].

А.Рақымбаевтың баяндамасынан кейін кеңесте қызу өрбіген жарыссөзде қатысушылар бір ортақ шешімге келе алмады. Кейбір жауапты қызметкерлер, олардың ішінде Түрікатком төрағасы Н. Айтақов пен орынбасары С. Қожанов, Қазақ АКСР-ның Түрікатком жанындағы өкілетті өкілі Т. Жүргенов және т.б. қайраткерлер өзге әкімшілік бірліктермен қатар Қарақалпақ автономиялы облысын да құру қажет деп санады. Кеңесте межелеуге қарсылық танытқан қайраткерлер де кездесті. Мысалы, Түркістан Экономикалық кеңесінің төрағасы Н.Паскуцкий, ТКП ОК Үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі А.Цехер, Түрікатком мүшесі С.Қожанов және т.б. межелеудің тиісті экономикалық негізін құрып алған соң, Түркістанның, Бұқара мен Хорезмнің Күнгей Кавказ Федеративті Республиканың үлгісімен ортақ республикаға айналу идеясына қолдау білдірді. Ал жекелеген өзбек жауапты қайраткерлерінің ұлтшыл сипаттағы көзқарастарын А. Рақымбаев жеткізді. Ол Қазақ АКСР ауқымының тым ұлғайып кететіндігіне қарсылық білдіріп, Түркістанның құрамындағы қазақ облыстарын Қазақстанға қосу ұсыныстарына ашық наразылық танытты.

Кеңестің барлық материалдары мәселені одан ары талқылау мақсатында ТКП ОК-нің Атқару бюросына тапсырылып, 1924 жылдың 23-24 наурызында өтуі жоспарланған ТКП ОК-нің пленумына даярлық жүргізу кезінде пайдаланылды. Межелеу мәселесін жан-жақты қарастырып, оның өткізілу қажеттілігін мойындату үшін ТКП ОК-нің Атқару бюросы арнайы комиссия құрды. Оның жасап шығарған негізгі ұсыныстары ТКП ОК-нің пленумында талқыға салынып, О. Ишанқожаев арнайы баяндама жасады. Баяндамадан кейінгі жарыссөзде пленумға қатысушылар ұлттық-аумақтық межелеуді өткізудің қажеттілігін мойындағанмен, пленум қабылдаған қарарларда қарама-қайшылықтар орын алды. Мысалы, пленум межелеуді Түркістан республикасының территориясымен ғана шектеп, оны тарату қорытындысында Өзбек, Түрікмен және Қазақ Республикаларын құруды, яғни Сырдария және Жетісу облыстары Қазақ АКСР-не қосылмай, өз алдына жеке оқшауланған Қазақ Республикасын құруды көздеді. Сонымен қатар, пленум ТКП-нің Орталық Комитетіне Бұқара және Хорезм республикаларының партиялық органдарымен байланыс орнатып, Орта Азиядағы ұлттық межелеу мәселесі бойынша ортақ позицияны тұжырымдауды тапсырды [6; 156-157].

ТКП ОК пленумының шешімдерін және межелеуді жүзеге асыруға бағытталған шаралардың кешенін белгілеу үшін арнайы комиссия құрады. Бұл комиссия Хорезмдегі саяси жағдайды білу міндеті жүктелген Г. Бройдо жетекшілігіндегі РК(б)П ОК комиссиясымен бірлесіп, 1924 жылы наурыздың аяғында Хиуаға аттанды. Оның мүшесі С. Асфендиаровқа Хорезм республикасы саяси басшылығының межелеуге қатысты көзқарастарын анықтау тапсырмасы берілді. Г. Бройдо, С. Асфендиаров, Седов және осы уақытта Хиуада іссапармен жүрген РК(б)П ОК Орта Азия бюросының мүшесі О. Карклин 1 сәуірде Хиуадағы II Бүкілхорезмдік партиялық конференцияға қатысады. Онда ХКП ОК хатшысы К. Адинаев партиялық құрылыстың міндеттері туралы баяндама жасаса, Г. Бройдо «Хорезмнің қазіргі жағдайы және Коммунистік партияның негізгі міндеттері» тақырыбында сөз сөйледі [7; 209]. Бір аптаға жуық комиссия мүшелері жергілікті билік органдарымен байланыс орнатып, өзге маңызды мәселелердің қатарында межелеу бойынша да бірнеше мәжілісөткізді [8; 50].

Қысқа уақыт ішінде, дәлірек айтқанда 1924 жылы ақпан-наурызда РК(б)П ОК Орта Азия бюросы мүшелерінің күш салуымен Түркістан, Бұқара және Хорезм

республикаларының коммунистік партияларының жетекшіліктері ұлттық-мемлекеттік межелеуді жүргізудің қажеттігін мойындап, өзкелісін берді. Межелееу бойынша жасалған алғашқы ұйымдастыру жұмыстарының қорытындылары туралы А. Рақымбаев РК(б)П ОК Саяси бюросының 1924 жылдың 5 сәуірдегі мәжілісінде көлемді баяндама жасады [9; 287]. Онда бұл мәселе бойынша ақырғы шешім қабылданбағанымен ұлттық-мемлекеттік межелеуді жүзеге асыру ұсыныстарына қолдау көрсетілді.

1924 жылы 27 сәуірде өткен РК(б)П ОК Орта Азия бюросының мәжілісінде Г. Бройдо РК(б)П ОК комиссиясының Хорезмге жасаған іссапардың қорытындылары туралы баяндама жасады. Мәжіліс комиссияның атқарып шыққан жұмысына оң баға бере отырып, оның негізінде жасалынған барлық тәжірибелік мәнге ие болған ұсыныстарды О. Карклин, А. Рақымбаев, С. Асфендиаров, Қ. Атабаев және Р. Берзин кірген комиссияға тапсыру туралы қаулы шығарды [10; 165]. Артынан өкілдікті ұлғайту мақсатында бұл комиссия С. Қожанов, К. Адинаев, А. Мұхитдинов, М. Рыкунов, Т. Әбдірахманов, И. Межлаук сынды жауапты қызметкерлермен толықтырылды [11; 97].

Бұл жалпы комиссиямен қатар, ұлттық қосалқы комиссиялар (қазақ, өзбек, түрікмен) да құрылып, олардың алғашқы мәжілістері 1924 жылы мамыр айында өтті. Бұл комиссиялар болашақ жаңа республикалар мен облыстардың шекараларын анықтау, олардың саяси-экономикалық, шаруашылық, мәдени орталықтарын ұйымдастыру сынды межелеудің тәжірибелік маңызы бар мәселелерін шешу ісін қолға алды. Түркістанның белді қайраткерлері тартылған осы комиссиялардың жұмысы барысында жаңа мемлекеттік құрылымдардың құрылысын жүргізудің сипаты мен ұстанымдары туралы қызу пікірталастар өрбіді.

Межелееу бойынша қазақ-қырғыз ұлттық комиссиясының алғашқы мәжілісі 1924 жылы 5 мамырда С.Қожановтың төрағалығымен өтіп, оған С. Асфендиаров, Р. Құдайқұлов, И. Арабаев, К. Адинаев және Ю. Әбдірахманов (хатшы) қатысты. Мәжілісте Орта Азия федерациясы құрылып және оған Қазақ Республикасы қосылған жағдайда ғана қазақтар үшін ұлттық межелеу тиісті мән-мағынаға ие бола алады деген пікір орнықты. Комиссияның қаулысына сәйкес бұл федерация Қазақ, Өзбек және Түрікмен автономиялық республикалардан, федерацияға республика құқығында кіретін Тәжік және Қырғыз автономиялық облыстардан құралып, Қазақ АКСР-не Сырдария облысы толығымен және Жетісу облысының қазақ уездері (Лепсі, Талдықорған, Жаркент және Алматы) кіріп, оның орталығы ретінде Ташкент болып бекітілуі тиіс еді. Сонымен қатар, біртұтас Өзбек Республикасын ұйымдастыру кезінде Бұқара Республикасының құрамындағы 2 қазақ округін (Шығыс және Нұрата) құру және олардың орталығы етіп Бұқара қаласын бекіту, сондай-ақ Хорезм Республикасындағы қазақ-қырғыз облысын күшейту мақсатында, оған Адай округін және Әмудария бөлімін қосу, ал Ташкент бүкіл федерацияның орталығы міндетін атқару қажет екендігі басты шарт ретінде қабылданды [12; 55].

Межелеуге қолдау білдірген көптеген ұлттық қызметкерлерімен, ең алдымен өзбек қайраткерлерінің тобымен орын алған қызу пікірталаста С. Қожанов пен С. Асфендиаров 1922 жылдың өзінде Орта Азия және Түркістан Экономикалық кеңесінің тапсырмасы бойынша Түркістанды, Бұқараны және Хорезмді Орта Азиялық экономикалық ауданға біріктіру мәселесін зерттеумен айналысқан ғалымдар тобының даярлаған көлемді есептері мен материалдарына арқа сүйеді. Белгілі ғалым-зерттеушілер Ю.И. Пославскийдің және Г.Н. Черданцевтің редакциясымен 1922 жылы Ташкентте жарық көрген «Средне-Азиатский экономический район: Очерки по экономике Средней Азии» атты еңбекте ғалымдар Орта Азияда мекен еткен халықтардың отырықшы және көшпелі өмір салтындағы ерекшеліктерді ескергенімен, шаруашылықты жүргізудің бұл екі түрі бір-бірін толықтырып қана қоймай, кей кездері бірін-бірі алмастырып отырғандығына, соның нәтижесі ретінде біркелкі табиғат жағдайларында бірыңғай шаруашылық, ортақ рухани және материалдық мәдениет қалыптасқан деген тұжырымды алға тартты [13]. Осы

еңбекке алғы сөз жазып, оның мазмұнымен етене таныс болған Түркістан Экономикалық кеңесінің төрағасы Н. Паскуцкий де қазақ қайраткерлері сияқты тиісті даярлықсыз Орта Азияда ұлттық-мемлекеттік межелеудің жүзеге асырылуы ең алдымен жергілікті халықтың шаруашылық өміріне айтарлықтай нұқсан келтіруі мүмкін деп санады [14; 645].

Межелеу мәселесі көтеріліп, талқыға салынған кезден бастап жауапты ұлт қызметкерлері арасында Ташкент қаласы бойынша көп пікірталас туындады. Ташкентті қазақ халқының қолында ұстап қалуға ұмтылған қазақ қайраткерлері тобының позициясын РК(б)П Орта Азия бюросының мүшесі С. Қожанов өзінің 1924 жылы 2 маусымда РКП (б) ОК-ға жазған баяндамасында ашық білдірді: «Ташкент, интернационалды қала ретінде автономия құқығына ие болып, федерацияның орталығына айналуы тиіс. Сонымен қатар, Ташкент қазіргі Түркістанның қазақ бөлігінің орталығы және бір уақытта, негізінен қазақтар қоныстанған Сырдария облысының (облыста 70% және Ташкент уезінде 51%) орталығы ретінде Қазақ Республикасы орталық мекемелерінің шоғырланған жеріне айналуы керек.

Ташкентті өзбек қаласы ретінде қарастыру төмендегідей себептерге байланысты өзіне көңіл аудартауы қажет: 1) соңғы уақытқа дейін ескі қалада 130 мың, ал жаңа қалада 250 мың адам тұрады; 2) Сырдария және Жетісу облыстарындағы барлық қалалар қазақтардыкі емес, негізінен алғанда өзбектердікі (Шымкент, Түркістан, Әулиеата, Меркі және т.б.) немесе орыстардікі (Пішпек, Алма-Ата және т.б.), сондықтан да, Лениннің қалалардың ұлттық қатыстылық белгілері туралы идеясы орынды болып тұр; 3) Ташкент қаласы ең алдымен Сырдария және Жетісу облыстарының қойма орталығы болып табылып, Ферғана, Самарқанд және Бұқара үшін тек транзиттік темір жол станциясы міндетін атқарады.

Ташкент Қазақ Республикасы үшін басты саяси, экономикалық маңызды тірек пункт, сондықтан да Қазақ Республикасы үшін Ташкенттен бас тарту бүкіл Сырдария облысынан бас тартумен тең болып, Жетісу облысының экономикалық өмірін реттеу мүмкіндігінен айырады. Егер Қазақ Республикасы тұтас Сырдария облысына иелік ете алмаған жағдайда, болашақта бытыраңқы жансыз республика ретінде қалып қою қаупі алдында тұр» [15; 40-41].

Ташкентке қатысты қазақ қайраткерлерінің талаптарына түрікмен қызметкерлері де өз тарапынан қолдау көрсетті. «Қалалар ұлттық белгісі бойынша қарастырылмау қажет, яғни: кім ол қалада өмір сүреді және кім ол қалада саудамен айналысады, өйткені қазақтар мен түрікмендер қоныстанған қалалар Орта Азияда мүлдем жоқ, сондықтан да осы жерде қала кімге қызмет етеді және кімнің нарығы болып табылатындығы туралы ережені ұстану қажет... Ташкент қаласы таза қазақ нарығы... Сырдария облысының қазақтарына Ташкентсіз өмір сүру қиын болады, оның үстіне Ташкентке көршілес орналасқан уездерде қазақтар тұрғындардың басым көпшілігін құрайды. Қала тұрғындары жалпы санының 1/3 бөлігін Ташкенттің ескі қаласында өмір сүретін өзбектер құрайды, осы себептен мәселе тек Ташкенттің ескі қаласы жөнінде болу мүмкін... Ташкент қаласы қазақтардың қолдарында қалуы тиіс» [15; 40-41], – деп түрікмен қайраткерлерінің ортақ пікірін Түріккомның төрағасы Нәдір Айтақов білдірді.

Жалпы комиссияның және ұлттық қосалқы комиссиялардың құрастырып шыққан жобалары мен ұсыныстары 1924 жылы 10 мамырда Орта Азия республикаларының ұлттық-аумақтық межеленуі бойынша РК(б)П ОК Орта Азия бюросы комиссиясының мәжілісін жан-жақты талқыға салынып, межелеудің нақты жоспары бекітілді. Ол бойынша тікелей КСРО-ға кіретін Өзбек және Түрікмен республикаларын, Өзбек республикасының құрамында Тәжік автономиялы облысын және Қара-Қырғыз автономиялы облысын құру ұйғарылды. Соңғысы қай республиканың құрамына кіретіндігі туралы мәселе ашық күйінде қалды. Сонымен қатар, Түркістаннан қазақ аудандарын Қазақ республикасына қосу шешімі де қабылданды. Мәжіліс межелеу жобалары ішінде көптеген пікірталас тудырған Ташкент мәселесі бойынша да тиісті

шешім шығарды. Қазақ қайраткерлерінің барлық қарсылықтарына қарамастан, РК(б)П ОК Орта Азия бюросы комиссиясының шешіміне сәйкес Ташкент құрылуы жобаланып отырған Өзбек Республикасының қарауына өтуі тиіс еді [16; 5-6].

1924 жылдың наурыз-мамырында РК(б)П ОК Орта Азия бюросының тікелей қадағалауымен Түркістан, Бұқара және Хорезм коммунистік ұйымдарының ұлттық-мемлекеттік межелеуді іс жүзіне асыруға қатысты құрастырып шыққан барлық жобалары мен ортақ жоспары, сондай-ақ межелеу мәселесі бойынша О. Карклиннің және Г. Бройдоның баяндамалары 1924 жылы 4 маусымда өткен РК(б)П ОК Ұйымдастыру бюросының мәжілісінде талқыланды. Оған Орта Азия республикаларының атынан Түрікатком төрағасы Р. Исламов, Түркістан АКСР-нің Орталық бақылау комиссиясының төрағасы Д. Манжара, ТКП ОК-нің 3-хатшысы және Түркістан үкіметі төрағасының орынбасары С. Қожанов, ТКП ОК хатшылары А.Рақымбаев пен И. Варейкис, РК(б)П ОК Орта Азия бюросы төрағасының орынбасары О.Карклин, БХР Нәзірлер Кеңесінің төрағасы Ф. Қожаев және оның орынбасары Қ. Атабаев, «Ақжол» газетінің редакторы И. Тоқтыбаев, Түрікаткомның жауапты хатшысы Т.Әбдірахманов, Қазатком төрағасы С. Меңдешев, Түрікаткомдағы Қазақ АКСР-нің өкілетті өкілі Т. Жүргенов, РК(б)П ОК Қазақ обкомының жауапты хатшысы Г.Коростелев, Қазақ АКСР-нің Әлеуметтік қамсыздандыру комиссары және Қазатком мүшесі Ә. Жангелдин, Хорезм Республикасының Мәскеудегі өкілетті өкілі Н. Әбдусалымов қатысты [17; 42-43]. Мәжіліс РК(б)П ОК Орта Азия бюросының межелеуге қатысты ұсыныстарын негізге ала отырып, мәселені бекіту үшін РК(б)П ОК Саяси бюросына енгізу туралы қаулы қабылдады [18; 3].

1924 жылы 12 маусымда РК(б)П ОК Саяси бюросы Орта Азия республикаларының ұлттық межеленуі бойынша Я. Рудзутактың жасаған баяндамасының негізінде қаулы шығарып [19; 299], оған сәйкес КСРО құрамына тәуелсіз республика құқығында кіретін Өзбек және Түрікмен Республикалары құрылса, Түркістанның қазақ облыстары Қазақ АКСР-не қосылды, сондай-ақ жеке бөлініп шыққан Қырғыз автономиялы облысы РКФСР қарауына өтті. Сонымен бірге ағымдағы шаруашылық қызметке нұқсан келтірмеу үшін Орта Азия республикаларының ұлттық межеленуі және жаңадан ұйымдастырылып отырған республикалардың жариялануы бюджеттік жылдың соңына қарай, яғни қыркүйек-қазан айларына қалдырылды [20; 29-30]. РК(б)П ОК Саяси бюросы атышулы «Ташкент мәселесі» бойынша қазақ қызметкерлерінің орын алып отырған наразылықтарын елемей, қаланы Өзбек Республикасының құрамына қосуды шешті.

«Ташкент мәселесінде» РК(б)П ОК Саяси бюросы өзбек қайраткерлеріне қолдау көрсеткенімен, қазақ қайраткерлері бұрынғысынша Ташкентті Қазақ АКСР-нің құрамында қалдыру үмітінен қол үзбеді. Бұған дәлел ретінде Мәскеуден іссапардан оралған С. Қожановтың 1924 жылы 19 шілдеде С.Асфендиаровқа жолдаған жеделхатынан көруге болады. Онда С. Қожанов Жер шаруашылығы комиссариатының тапсырмасымен Жетісу облысында іссапарда жүрген С. Асфендиаровты РК(б)П ОК Саяси бюросының ұлттық-мемлекеттік межелеу бойынша 1924 жылы 12 маусымда шығарған шешімдерімен қысқаша таныстырып, Ташкент мәселесі «ашық» қалдырылғандығы жайлы хабарлайды. С. Қожанов өзге қазақ қайраткерлері сияқты Ташкент мәселесін Түрікаткомның кезектен тыс сессиясында қайтадан көтеруге және оны қайта қарастыруға ұмтылыс танытты. Сонымен қатар, қазақ қайраткерлері Ташкент мәселесінің өз пайдасына шешілуін қамтамасыз ету үшін қырғыз қызметкерлері тарапынан қолдау іздеді. Осы мақсатта С. Қожанов өз жеделхатында С.Асфендиаровты Р. Құдайқұловпен және И. Айдарбековпен біріге отырып, қырғыз қайраткерлері арасында орын алып отырған топшылдық таластартысты тоқтатуға шақырды [21; 8].

1924 жылы 12 маусымда РК(б)П ОК Саяси бюросының шығарған қаулысы Орта Азия республикаларының ұлттық-мемлекеттік межеленуінің даярлық процесін шешуші кезеңге аяқ басты. Жаңадан құрылып отырған республикалар мен облыстардың шекараларын және мемлекеттік мүліктерін анықтау ісі 15 тең құқылы мүшеден (әр ұлттан

3 өкілден) құралған Орталық аумақтық комиссияға жүктелді. Оған қазақ қайраткерлері ішінен С.Қожанов, С.Меңдешев және С.Есқараев кірді. Бұл комиссияның жанынан қазақ, өзбек, түрікмен және қырғыз ұлттық комиссиялары, сондай-ақ тәжік және қарақалпақ қосалқы комиссиялары ұйымдастырылды [22; 195-196].

1924 жылы 9 шілдеде Қазатком Түркістан АКСР-нен Қазақ АКСР-нің құрамына өткен қазақ аудандарын басқару мақсатында С. Меңдешевтің төрағалығындағы ревком құрады. Оған төраға орынбасары ретінде С.Есқараев, мүшелері болып Ә. Әлібеков, Н. Сырғабеков және Т. Жүргенов, ал кандидаттары ретінде С. Қожанов, Ж. Мыңбаев және Ізбасаров сайланды [23; 235].

1924 жылдың жазында қазақ ұлттық комиссиясының мүшелігіне Түркістаннан С.Асфендияров, С.Қожанов, С.Есқараев, А.Серғазиев, Г.Каучуковский, Ізбасаров және Қазақстаннан С.Меңдешев пен Ә.Әлібеков кіріп [24; 239], өзге ұлттық комиссиялардың өкілдерімен бірге аумақтық мәселелерді шешу, құрылатын республикалардың шекаралары мен халық санын анықтау, олардың келісім-шарттары мен декларацияларын, партиялық ұйымдардың жарғыларын даярлау, мемлекеттік аппаратты ұйымдастыру, республикалар халық шаруашылығының бюджеттері мен жоспарларын құрастыру сынды қауырт жұмыстармен айналысты.

Осы маңызды мәселелерді жан-жақты талқылау барысында ұлттық комиссиялар арасында бұрынғысынша ортақ әрі нақты позицияның болмауы салдарынан өткір пікірталастар мен келіспеушіліктер орын алды. РК(б)П ОК Орта Азия бюросы Аумақтық комиссиясының жұмысына араласқан жауапты қызметкерлер межелеу мәселелерінің жеткілікті дәрежеде даярланбағандығын және ғылыми тұрғыдан зерттелмегендігін, оларды шешу кезінде бірізділіктің болмағандығын мойындап, қосымша материалдарды, статистикалық, экономикалық және этнографиялық мәліметтерді, нақты географиялық карталарды қолдану, білікті мамандардың пікірлеріне жүгіну қажеттілігін алға тартты. Сондықтан да, жаңа мемлекеттік құрылымдардың шекараларын анықтау сынды өзекті де маңызды мәселе болашақта мүмкін болатын жанжалдардан сақтану үшін кейінгі қалдырылды. Орта Азия халықтарының тағдырына түбегейлі өзгеріс алып келген межелеуге қатысты шешімдер кешенді ғылыми зерттеулердің негізінде емес, көбіне оны орындауға жауапты болған жергілікті кеңес және партия жетекшілерінің «өз халқының өмірін білу мен жеке тәжірибенің» негізінде іс жүзіне асырылды. Соның дәлелі ретінде Аумақтық комиссияның жұмысына Орта Азия аймағының тарихымен, экономикасымен, тұрмыс-салтымен етене таныс болған бірде-бір ғалым-зерттеушінің тартылмағандығын келтіруге болады.

Аумақтық комиссия қызметінің нәтижелері алдымен РК(б)П ОК Орта Азия бюросында және Орта Азия коммунистік ұйымдарының жетекші органдарында талқыланды. 1924 жылы 14 қыркүйекте өткен ТКП ОК-нің, ТКП Орталық бақылау және тексеру комиссияларының біріккен пленумында Аумақтық комиссияның қызметі туралы оның төрағасы және ТКП ОК-ның жауапты хатшысы И. Варейкис баяндама жасады [25; 656]. Ол өз сөзінде небәрі екі апта жұмыс жасаған Аумақтық комиссияның қызметінде орын алған қайшылықтар мен түрлі пікірлердің алшақтығына назар аударғанымен, оларға селсоқ қарады. Орта Азиядағы жаңа мемлекеттік құрылымдардың шекараларын анықтауда большевиктік билік айтарлықтай қиыншылықтарға тап болды. Аймақта мекен еткен түрлі халықтардың ғасырлар бойы аралас қоныстануы, олардың шаруашылық байланыстары мен өмір салтындағы ерекшеліктері ең алдымен ұлттық факторларды ғана емес, сонымен қатар осы халықтардың тарихи даму процестерін терең зерттеп білу, бөлініске ұшырап отырған территориялардың экономикалық және мәдени тұтастығын есепке алу қажеттілігін көрсетті.

Межелеу процесіне тікелей ықпал еткен Аумақтық комиссияның атқарып шыққан жұмысындағы көптеген кемшіліктер Орталық биліктің өкілдері тарапынан да мойындалды. РК(б)П ОК Орта Азия бюросының төрағасы И. Зеленский баяндамаларының

бірінде: «Біздің жасаған алғашқы қадамдарымыздың бірі – ол ұлттық межелеу, ұлттық республикаларды құру бойынша атқарып шыққан жұмысымыз. Біз оны долбар күйінде жасадық, мұнда аяқталмаған іс әлі көп, бұл жұмыс дәрежі атқарылды» [26; 41], – деп пікір білдірді.

1924 жылы қыркүйекте И. Варейкис және И. Зеленскийдің жергілікті халықты межелеу процесінің мән-мазмұнымен, оның жүргізілу барысымен және атқарылған іс-шаралардың алғашқы қорытындыларымен таныстыру мақсатында өз ойларын біршама жүйелендіріп, «Национально-государственное размежевание Средней Азии» атты шағын кітапшада [27] жариялады. Жоғарғы партия басшылығымен Орта Азияға қызметке аттандырылып, аймақтың өзіне тән ерекшеліктерімен таныс емес ТКП ОК және Орта Азия бюросының жетекшілері межелеу сынды күрделі мәселенің көбіне теориялық жағына ғана назар аударды.

Аумақтық комиссияның жұмысындағы айтарлықтай кемшіліктерге қарамастан біріккен пленум Орта Азия республикаларының ұлттық межеленуінің жоспарын мақұлдап, оны бекіту үшін Түрікаткомның кезектен тыс III сессиясын шақыру туралы шешім қабылдайды [28; 5]. 1924 жылы 15 қыркүйекте ашылған Түрікаткомның кезектен тыс III сессиясының күн тәртібіне тек бір мәселе – ұлттық-мемлекеттік межелеу қойылды. Сессияда Түркістан Республикасы Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы Р. Исламов өз баяндамасында осыған дейін межелеуге қатысты орын алған идеялар мен ұсыныстарды қайталап шықты. Алайда Р. Исламовтың баяндамасында тұңғыш рет ұлттық-мемлекеттік межелеу Орта Азия халықтарының ортақ ерік танытуы болып табылатындығы айтылды [29].

Сессияға қатысқан қазақ қайраткерлерінің (С.Асфендияров, С.Есқараев, Б.Аралбаев 30; 1-2] атынан сөйлеген С.Қожанов өз сөзінде ұлттық-мемлекеттік межелеу Орта Азия халықтарының өмірінде орын алып отырған маңызды тарихи оқиға екенін айта келіп, Түркістанның қазақ аудандарын қосып алуға даярланып жатқан Қазақ АКСР-нің соңғы төрт жылда мемлекеттік құрылыс пен халық шаруашылығы салаларында айтарлықтай табыстарға қол жеткізе алмағанына қысқаша тоқталып өтті [31; 31-34].

С.Қожановтың бұл сөзі бір жағынан қазақ зиялыларының межелеу барысында Орта Азия федерациясын құру, Ташкент қаласын оның саяси орталығына айналдыру жайлы ұмтылыстары нәтижесіз аяқталғандығын мәжбүрлі мойындағанын білдірсе, екінші жағынан қазақ қайраткерлерінің Түркістан АКСР-нің таратылуына байланысты Қазақстанға қызметке ауысуға айтарлықтай ерік танытпағандығын көрсетеді. Ташкент қаласын Қазақ АКСР-не қоспау туралы алдымен РК(б)П ОК Орта Азия бюросы Аумақтық комиссиясының, артынан Түрікаткомның кезектен тыс III сессиясының шешімдеріне 1924 жылы қыркүйекте Ташкент қаласында орын алған қазақ тұрғындарының бұқаралық наразылық шерулері де өз ықпалын тигізе алмады [32; 24].

Жалпы алғанда, Түрікаткомның кезектен тыс III сессиясы РКП (б) ОК Орта Азия бюросының Аумақтық комиссиясы құрастырып шыққан жоспарды еш өзгеріссіз қабылдап [33; 24-27], межелеу мәселесінің шешілуін РКФСР БОАК-тің кезекті сессиясына бекітуге ұсынды. 1924 жылы 28 қыркүйекте Қазаткомның III сессиясы Т. Жүргеновтың «Түркістанның қазақ облыстарын Қазақ АКСР-не қосу туралы» баяндамасын тыңдап, бір ауыздан Орта Азиядағы ұлттық-мемлекеттік межелеуді және қазақ жерлерінің біртұтас республикаға бірігуін қолдады [34; 749].

1924 жылы 14 қазанда өткен РКФСР БОАК-тің II сессиясы Түрікаткомның ұлттық-мемлекеттік межелеуге қатысты қаулысын бірқатар өзгерістермен бекітті [35; 350]. 1924 жылы 27 қазанда КСРО ОАК-тің II сессиясы Бұқара, Хорезм және Түркістан республикаларының, сондай-ақ РКФСР-дің жоғарғы кеңес органдарымен қабылданған қаулылар туралы баяндаманы тыңдай келіп, «еңбекші халықтың ерік білдіруі жоғарғы заң» болып табылатындығын мақұлдай отырып, «КСРО Орталық Атқару Комитетінің

Төралқасына Орта Азияда құрылып жатқан республикалар кеңестер съездеріне сәйкес құрылуын» жүзеге асыруды тапсырады [36; 67-68].

Осылайша, 1924 жылы қыркүйек-қазан айларында ұлттық-территориялық межелеу Орта Азия республикаларының, РКФСР және КСРО мемлекеттік биліктің жоғарғы органдарының қаулыларында заңнамалық негізде бекітілді. РКФСР БОАК-тің II сессиясының қаулыларынан кейін қысқа уақыт ішінде жаңадан ұйымдастырылып отырған мемлекеттік құрылымдардың құрылуы жүзеге асырылды.

1924 жылы 15 қарашада РК(б)П ОК Орта Азия бюросының мәжілісінде мемлекеттік аппаратты қайта құру және шаруашылық мүлікті бөліске салу мақсатында КСРО Еңбек және Қорғаныс кеңесінің өкілетті өкілі жетекшілік жүргізетін Орта Азия Тарату комитетін (Ликвидком), сондай-ақ республикалар бойынша Тарату комиссияларын құру туралы шешім қабылданды [37; 16]. Осы шешімге сәйкес Тарату комитетінің құрамына И. Шелехес (төраға), Өзбек КСР-нен Ф. Қожаев, Қазақ АКСР-нен С. Асфендиаров, Түрікмен КСР-нен И. Межлаук, Тәжік АКСР-нен Ш. Имамов, Қырғыз автономиялы облысынан И. Айдарбеков мүше ретінде, ал Р. Исламов, Н. Паскуцкий, М. Янгулатов, С. Қожанов және Додабаев кандидат болып бекітілді [38; 16-17]. Сонымен қатар, осы мәжілісте Түркістан АКСР бойынша Тарату комитеті құрылды [39; 7].

1924 жылы 18 қарашада Түрікаткомның IV Төтенше сессиясы Түрікаткомның, Халық Комиссарлар Кеңесі мен Экономикалық кеңесінің қызметін тоқтатып, республика аумағындағы барлық билікті жаңадан құрылған республикалар мен автономиялы облыстардың революциялық комитеттеріне тапсыру туралы қаулы қабылдады [40; 5].

Қорытынды. 1924 жылы іске асырылған Орта Азия республикаларының ұлттық-мемлекеттік межеленуі – большевиктер билігі ұстанған ұлттық-таптық саясаттың заңды қорытындысы. Межелеудің қысқа уақыт ішінде, Орта Азия халықтарының әлеуметтік-экономикалық байланыстары менғасырлар бойы қалыптасқан шаруашылығы мен тұрмыс-салтын, қоныстануын тиісті ғылыми деңгейде зерттемей жүргізілуі бұл тарихи үдерістің ең алдымен Мәскеуде алдын ала қабылданған саяси шешім болғандығын көрсетеді. Большевиктер билігі сырт көзге Түркістан, Бұқара мен Хиуаның жауапты қызметкерлеріне межелеу мәселесі бойынша өз пікірлерін ашық білдіруге ерік бергенімен, болашақта құрылатын жаңа әкімшілік-аумақтық бірліктерге қатысты Орталықтың жобасы іске асты. Десек те, межелеудің қайшылықты сипатына қарамастан, ол қазақ халқына бір республиканың құрамында бірігуіне және қазақ жерінің тұтастануына мүмкіндік берді.

Әдебиеттер мен деректер тізімі:

1. История Казахстана. С древнейших времен до наших дней. В 5 т. (Гл. ред. колл.: А.Н. Нусупбеков и др.). Т. 4. Победа Великой Октябрьской социалистической революции и строительство социализма. Алма-Ата: «Наука», 1977. 640 с.
2. Турсунов Х.Т. Национальная политика Коммунистической партии в Туркестане (1917-1924 гг.). Ташкент: Узбекистан, 1971. 367 с.
3. Өзбекстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві (ӨР ОМА). Р-17-қ. 1-т. 101-іс.
4. Ресейдің әлеуметтік-саяси тарихының мемлекеттік архиві (РӘСТМА). 62-қ. 2-т. 101-іс.
5. РӘСТМА. 62-қ. 2-т. 101-іс.
6. История коммунистических организаций Средней Азии. Ташкент: Узбекистан, 1967. 778 с.
7. Погорельский И.В. История Хивинской революции Хорезмской народной советской республики 1917-1924 гг. Л.: Изд-во ЛГУ, 1984. 228 с.
8. РӘСТМА. 62-қ. 1-т. 20-іс.
9. Политбюро ЦК РКП (б) – ВКП (б). Повестки дня заседаний. 1919-1952: Каталог / Т. I. 1919-1929. М.: «Российская политическая энциклопедия» (РОССПЭН), 2000. 832 с..

10. РӨСТМА. 62-қ. 1-т. 20-іс.
11. Назаров С.А. Из истории деятельности СредАзбюро ЦК РКП (б). (1922-1924 гг.). Ташкент: Узбекистан, 1965. 120 с.
12. РӨСТМА. 62-қ. 2-т. 101-іс. 55-55 а.п.
13. Средне-Азиатский экономический район: Очерки по экономике Средней Азии / Под редакцией: Ю.И. Пославского, Г.Н. Черданцева. Ташкент: Издательство ТЭС, 1922. 128 с.
14. Туркестан в начале XX века: К истории истоков национальной независимости // Коллектив авторов: Р.М. Абдуллаев, С.С. Агзамходжаев, И.А. Алимов и др. Ташкент: Шарк, 2000. 672 с.
15. РӨСТМА. 17-қ. 112-т. 566-іс.
16. ӨР ОМА. Р-25-қ. 1-т. 1531-іс.
17. РӨСТМА. 17-қ. 112-т. 566-іс.
18. РӨСТМА. 17-қ. 112-т. 566-іс.
19. Политбюро ЦК РКП (б) – ВКП (б). Повестки дня заседаний. 1919-1952: Каталог / Т. I. 1919-1929. М.: «Российская политическая энциклопедия» (РОССПЭН), 2000. 832 с.
20. РӨСТМА. 17-қ. 112-т. 566-іс.
21. ӨР ОМА. Р-25-қ. 1-т. 1575-іс.
22. Назаров С.А. Руководство ЦК РКП (б) партийным строительством в Средней Азии. Ташкент: Узбекистан, 1972. 369 с.
23. Ашимбаев Д., Хлюпин В. Казахстан: история власти. Опыт реконструкции. Алматы: Credos, 2008. 920 с.
24. ЦК РКП (б) – ВКП (б) и национальный вопрос. Книга 1. 1918-1933 гг. / Составители Л.С. Гатагова, Л.П. Кошелева, Л.А. Роговая. М.: РОССПЭН, 2005. 784.
25. Туркестан в начале XX века: К истории истоков национальной независимости // Коллектив авторов: Р.М. Абдуллаев, С.С. Агзамходжаев, И.А. Алимов и др. Ташкент: Шарк, 2000. 672 с.
26. РӨСТМА. 62-қ. 2-т. 177-іс.
27. Варейкис И., Зеленский И. Национально-государственное размежевание Средней Азии. Ташкент: Среднеазиатское Государственное Издательство, 1924. 86 с.
28. ӨР ОМА. Р-17-қ. 1-т. 137-іс.
29. Туркестанская правда. 1924. 17 сентября. № 207 (484).
30. ӨР ОМА. Р-17-қ. 1-т. 141-іс.
31. ӨР ОМА. Р-17-қ. 1-т. 138-іс.
32. РӨСТМА. 17-қ. 112-т. 603-іс.
33. ӨР ОМА. Р-17-қ. 1-т. 139-іс.
34. История коммунистических организаций Средней Азии. Ташкент: Узбекистан, 1967. 778 с.
35. Турсунов Х.Т. Национальная политика Коммунистической партии в Туркестане (1917-1924 гг.). Ташкент: Узбекистан, 1971. 367.
36. Съезды Советов Союза ССР, союзных и автономных советских социалистических республик. Сборник документов в трех томах. 1917-1936 гг. Т. III. 1922-1936 гг. М.: Государственное издательство юридической литературы, 1960. 399 с.
37. РӨСТМА. 62-қ. 1-т. 11-іс.
38. РӨСТМА. 62-қ. 1-т. 11-іс.
39. РӨСТМА. 62-қ. 1-т. 16-іс.
40. ӨР ОМА. Р-17-қ. 1-т. 372-іс.

Аннотация. В статье на основе новых, ранее не введенных в научный оборот исторических документов и источников, выявленных в фондах центральных архивов Казахстана, России и Узбекистана разносторонне рассматривается сложный и противоречивый процесс национально-

государственного размежевания республик Средней Азии 1924 года, а также процесс объединения казахских земель в границах Казахской АССР. Подробно разбираются идеи, взгляды, мнения ответственных работников Туркестана, их дискуссии и прения в отношении размежевания и создание в будущем новых административно-территориальных единиц по национальному признаку, зафиксированные в стенографических отчетах и других материалах по вопросу размежевания. Авторы постарались осветить споры и разногласия между казахскими и узбекскими партийно-государственными деятелями, разгоревшиеся вокруг города Ташкенте и будущего казахских областей Туркестанской АССР.

Ключевые слова: Средняя Азия, Туркестан, Бухара, Хива, национально-государственное размежевание, государственное строительство, национальный вопрос, Ташкент.

Abstract. On the basis of new, previously not introduced into scientific circulation, historical documents and sources identified in the funds of the central archives of Kazakhstan, Russia and Uzbekistan, the complex and contradictory process of the national-state demarcation of the Central Asian republics of 1924, as well as the process of unification of the Kazakh lands into borders of the Kazakh ASSR. The ideas, views, opinions of the responsible officials of Turkestan, their discussions and debates regarding the demarcation and the creation in the future of new administrative-territorial units on a national basis, recorded in verbatim records and other materials on the issue of delimitation, are analyzed in detail. The authors tried to highlight the disputes and disagreements between the Kazakh and Uzbek party and state leaders that flared up around the city of Tashkent and the future of the Kazakh regions of the Turkestan Autonomous Soviet Socialist Republic.

Key words: Central Asia, Turkestan, Bukhara, Khiva, national-state demarcation, state building, national question, Tashkent.

ӨОЖ: 94/574

¹Алдаберген М.Н., ²Калиев Ж.Н., ¹Орынбасарова Г.Ж.

¹тарих ғ.к, доцент. ОҚМПУ. Шымкент, Қазақстан

²педагогика ғ.к, доцент. Мемлекет тарих институты. Нұр-Сұлтан, Қазақстан

¹тарих ғ.к, аға оқытушы. ОҚМПУ. Шымкент, Қазақстан

XVIII-XIX ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚОҚАН ХАНДЫҒЫ МЕН ҚАЗАҚ-ҚЫРҒЫЗ БАЙЛАНЫСТАРЫНЫҢ ТАРИХИ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Түйін. мақала мазмұнында XVIII ғ. басы мен XIX ғ. бірінші жартысындағы Орта Азия мен Қазақстан территориясындағы жоңғарлар шабуылынан кейінгі Хиуа, Бұхара, Қоқан мен Ташкент уалаятымен көршілес қазақтар мен қырғыздардың арасындағы қалыптасқан тарихи мәселелері қарастырылады. Қазақстанның Оңтүстік өңірі, Талас аңғарындағы қырғыздардың тарихи тағдырлары орта азиялық хандықтарының агрессиясымен, саяси басқыншылығымен, өркениет байланыстылығымен байланысты өрбіді. XIX ғасырдың бірінші жартысында Қоқан хандығының қоластында қазақтардың оңтүстігі аумағындағы Түркістан, Шымкент, Әулиеата қалалары мен қырғыздардың Шу, Ыстықкөл, Нарын аймағы болды. Сондықтан Орта Азиялық хандықтардың қоғамдық-саяси өмірінде қазақтар мен қырғыздар елеулі орынға ие болды. Сонымен бірге тақырыпқа сәйкес тарихнамалық зерттеу деректері қолданылады. Зерттеуші Ш. Уалихановтың еңбектерінде қазақтар мен қырғыздардың азаттық қозғалысында бірқатар ру-тайпалардың атап айтқанда қырғыздардың адыгене, найман, Ұлы жүздің Ташкент маңында көшіп-қонып жүрген шанышқылы, қаңлы, қатаған руларының белсенді роль атқарғанын айтады. Қырғыздық зерттеушілері Д. Б. Сапаралиевтің, К. Молдоқасымовтың да пікір ойларына да мән берілді.

Кілт сөздер: Қоқан хандығы, Хиуа хандығы, Бухара хандығы, Талас аңғары қырғыздары, Оңтүстік Қазақстан қазақтары, Ташкент мемлекеті, Нарбота би, Жүнісқожа, Алимхан, Омерхан, Ұлы жүз, Түркістан.

Кіріспе. Қазақстанның оңтүстік өңірінің Орталық Азия хандықтарымен шектесуі олардың көрші жатқан қазақ ауылдарына үздіксіз шапқыншылықтар жасап тұруына жағдай жасады. Ал ол шапқыншылықтардың сәтті болуына көптеген жағдайлар әсер етті.

Оның біріншісі, солтүстіктен Ресей империясы, солтүстік батысында қалмақтар, шығысынан Қытай, оңтүстігінен Хиуа, Қоқан хандықтары мен Бұқара әмірлігінің жан-жақты қыспағына түскендіктен қазақ билеушілері өзара ынтымақтастығын сақтай алмаса, екіншіден, барған сайын күшін әлсіретіп, қарсыластарына төтеп беру мүмкіндіктерінен айрыла бастады, үшіншіден, жарты ғасырдай өткенімен жоңғарлардың ауыр шабуылдарынан кейін бастан кешкен ауыр жағдайлар көпке дейін түзеліп кете қоймады.

Теориялық бөлім. Оңтүстік қазақтарына Орталық Азия хандықтарының шапқыншылықтары күшейді. Соның ішінде ірісі Зеравшан өзенінің бассейніндегі Бұхара хандығы болып, халқы үш миллионға жетсе, екінші орында Ферғана ойпатында орналасқан, халқы бір миллионнан асатын Қоқан хандығы болса, одан кейінгі орынды Амударияның төменгі ағысындағы, халқының саны 500 мыңдай болатын Хиуа хандығы мен Ташкент жазирасындағы 500 мың адам тұратын жаңа құрылған Ташкент мемлекеті болды. [1]

Оңтүстік өңіріндегі қазақтарға қаншама жылдар бойына қысым көрсеткен Қоқан хандығының пайда болу тарихына келсек, 1808 жылы Қоқан билеушісі Әлім енді «хан» деген титулын алды. Содан бастап хандық аталды. [2]

XIX ғасырдың бірінші онжылдығында Қоқан хандығының күшейгені сонша, онымен Бұхара, Хиуа түгіл, тіпті Ресей мен Қытай сияқты ірі империялардың өздері есептесетін жағдайға жетті.

1709-1876 жылдары өмір сүрген Қоқан хандығының қалыптасу кезеңі 1709-1804 жылдар аралығын қамтиды. Бұл кезеңде қазақ, қырғыз және тағы басқа халықтардың қоныстануы есебінен Ферғана өлкесінің экономикалық жағдайы нығая түсіп, тәуелсіз Қоқан иелігі пайда болды. Қазақтар мен қырғыздар Қоқан иелігін басқарушылар Әбдікерім бимен, Ердана бимен, Нарбота бимен тең одақ құрып, жоңғар басқыншыларына қарсы тұрып, өздерін сыртқы жаулардың жеке-жеке талқандауына жол бермеуге ұмтылды. Алайда Қоқан тағында ең көп уақыт отырған билеуші Нарбота би (1770-1799) өзінің ықпалын қазақтар мен қырғыздар арасына арттыра түсуді ойлап, Кетпентөбе, одан әрі Ыстықкөлге қарай жорықтар жасауға әрекет жасады.

Жүнісқожа және оның мұрагерлері басқарған, дербес Ташкент уалаяты (Ташкент иелігі) 1784-1808 жылдары өмір сүрді. Ташкентке жақын орналасқан Құрама, Шымкент, Сайрам, Әулиеата, Түркістан, Ақмешіт және Сыр бойының біраз бөлігі Ташкент иелігі құрамына кірді. Жүнісқожаның қарамағында Ташкент төңірегіндегі қырғыздар да болды. Ташкент иелігі оңтүстікте-Құрама тауларына, солтүстігінде - Шымкентке дейін, шығысында - Бискан тауларына, батысында Сырдарияға дейінгі жерді алып жатты. Ұлы жүз қазақтарын және қырғыздарды Жүнісқожа өзі таңдап алған ақсүйектер арқылы басқарды. Олардың ішкі істерін басқаруды билерге тапсырды, бірақ өз ықпалын күшейте түсу үшін беделді адамдарды кепілдікке ұстады. Жүнісқожа қарамағындағы қазақтар мен қырғыздардан зекет жинап отырды. [3]

Жүнісқожаның әскері Ә. Диваевтың көрсетуіне қарағанда, қазақ, қырғыз жігіттерінен құралды. Ташкент уезі Ақжар болысының қаңлы руының қазағы Молда Көбей Тоқболатовтың қолжазбасына сүйене отырып, Ә. Диваев Жүнісқожа әскерін басқарған Ұлы жүз қазақтары мен қырғыздардан шыққан батырлардың аты-жөнін көрсетеді. Олардың қатарында қаңлының омыртқасынан: Қожамсейіт, Қарақұм, Найзақұлақ, Барлыбай, Сейітқожа, Ғайыпмырза, Бөлек, Қалып батырлар, ал қаңлының шоқпарынан-Есенбай, Қайдарбек батырлар, Есқұлыдан - Құнан, шанышқылының саңғырауынан-Тоқсан, Жабғы батырлар, қырық садақтан - Ырымқұл, Тортқа батырлар, жаныстан-Қазыбек, Құлықбай батырлар болса, ал қырғыздардан, бағыш руынан-Айқынбай, Мыңжасар, Рысбек батырлар және Кіші жүздің рамадан руынан Жұман мен Есенгелді батырлар есімі аталады. [4]

1807 жылы Қоқан билеушісі Әлімбек бауыры Омарды 12 мың әскермен Ташкентке қарсы аттандырады. Нәтижесінде Ташкент төңірегі басып алынды. Әлімбек 1808 жылы Ташкентті біржола басып алды. Алайда Ташкент үшін қазақ, қырғыз және өзбек

билеушілері арасында күрес одан әрі өрши түсті. XIX ғасырдың бірінші жартысында Қоқан хандығы ірі мемлекетке айналды. Қоқан хандығының гүлденген тұсы 1800-1842 жылдар аралығы болып табылады. Хандықтың шекарасының кеңейіп, саяси жағынан күшеюіне Әлім хан (1799-1810), Омар хан (1810-1822) және Мәделі хан (1822-1842) көп еңбек сіңірді. Омар мен Мәделі ханның тұсында Ұлы жүздің негізгі бөлігі, Түркістан, Шымкент, Әулиеата, секілді қалалары, қырғыздың Шу, Ыстықкөл, Нарын аймағы Қоқан хандығының құрамына қосылды. Қазақтар мен қырғыздардың Қоқан хандығы құрамына қосылуы қарсылықсыз да болған жоқ. Қоқандықтардың жорықтарына қарсы көтерілген қазақ, қырғыздың біріккен қолына 1821 жылы Рүстем төре Асфендиярұлы (Тентек төре) басшылық жасады. Көтерілісшілердің қатарын Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі қазақ рулары мен таластық қырғыздар құрады. Қазақ, қырғыз арасында қоқандықтардың беделін күрт өсірген олардың бүкіл түркі жұрты үшін қасиетті саналатын Түркістан қаласына иелік етуі еді. Түркістан шаһарының XIX ғасыр басында қоқандықтар қолына өтуі олардың қазақ, қырғыз арасындағы діни-саяси беделін күрт өсірді. Халық арасында «Әзірет сұлтан қаласы», я болмаса «Әзіреті Түркістан» деп ардақталған бұл қала XIX ғасырда да түрік жұртының иман бірлігінің символы ретіндегі рөлімен ерекшеленді, сондықтан да Түркістанға билік жүргізу бүкіл түркі жұртын ықпалында ұстау және халықаралық беделге ие болудың белгісі іспеттес еді. [5]

Қырғызстандық зерттеуші К. Молдокасымов Қоқан хандығына қырғыз тарихшыларының көзқарасы жөнінде былай деп пікір білдіреді: «Қазіргі кезде Қоқан хандығының тарихы жаңа бағытта зерттеле бастады. Оның қырғыз еліне де қатыстылығы, қырғыздардың жекелеген тұлғалары хандықты басқаруға белсенді араласқандығы айтылып, қоқандықтар кезінде қырғыздардың отар ел қатары бас көтергісіз жағдайда өмір сүргендігі туралы тұжырымдар дұрыс емес деп дәлелденуде». [6]

Өздерінің экономикалық жағдайын нығайта түскен Ферғана өңіріндегі қыпшақ ақсүйектері хандықтағы жоғары лауазымдарды иеленіп, мемлекеттің ішкі-сыртқы саясатын жүргізуге зор ықпал жасады. Қоқан хандары қырғыз, қазақ қыздарына үйленіп, олармен тығыз туыстық қатынас орнатты. Қырғыздың тарихшы ғалымы Д. Б. Сапаралиев Қоқан хандығын конфедеративті мемлекет болған деп дұрыс бағалайды. Қоқан хандарының қазақ, қырғызды жерінен қумағандығы осындай ойға жетелейді.

Ш. Уәлиханов қырғыздар мен қазақтарды Қоқан хандығының билігін толық мойындап, оның құрамында жасағандар және оны мойындағандар деп екіге бөліп, біріншілер Қоқан хандығында өзбектермен бірдей құқыққа ие болғанын, хандықтың қызметіне кіріп, әскери және азаматтық билік орындарын иеленгендігін, екіншілері зекет салығын төлеп, керек кезде ғана әскерге адам беруге міндеттенгенін жазған болатын. Ш. Уәлиханов Алай таулары мен Ферғана аңғарындағы қырғыздардың адыгене, ішкілік, найман руларын және Ұлы жүздің Ташкент маңында көшіп-қонатын шанышқылы, қатаған, қаңлы руларын жатқызады. Шанышқылылар мен қатағандар Ташкент бегі әскерінің негізін құрады деп көрсетеді. [7]

Нәтижелерді талқылау. Жалпы алғанда, қазақтар мен қырғыздар Қоқан хандығының негізгі халқын құрады және оның құрылуы мен саяси жағынан нығая түсуіне де тікелей араласты. Қоқан хандығы әкімшілік-территориялық жағынан уәлаяттарға бөлініп басқарылғаны белгілі. XIX ғасырдың басында уәлаяттың шекарасы жерге салық жинау аумағымен айқындалды. Уақыт өте келе хандық құрамына көшпелі аудандардың қосылуы және хан билігінің орталықтандырылуы нәтижесінде уәлаяттар ірі қала аттарымен байланыстырыла аталады. Себебі, уәлаяттар ірі қалалар маңындағы аудандарды қамтыған еді. Мысалы, ең үлкен уәлаяттар қатарында Әндіжан, Балықшы, Марғилан, Ташкент, Төрөқорған, Түркістан, Ұратөбе, Ходжент, Шымкент, Шуст саналды.

Қорытынды. XIX ғасырдың орта шенінде Сырдарияның орта ағысынан Ақмешітке дейінгі және Ташкенттен Жетісуға дейінгі бір бөлігі Қоқан хандығының езгісінде болды. Қоқан ханы Хиуа ханы сияқты қазақ пен қырғыз халқының арасында қатал саясат

жүргізді. Қоқан хандығының қоғамдық-саяси өмірінде қырғыздар мен қазақтар елеулі орынға ие болды. Әсіресе, Ферғана өңіріне топталған қазақ, қырғыз рулары билік үшін күресте аса ықпалды рөл атқарды. Жергілікті халық қоқандықтарға түркі-мұсылман жұртын біріктіруші, сыртқы жаулардан қорғаушы ретінде қарады. Сондықтан қоқандықтар жетекшілігімен болған азаттық жолындағы күрестерден, жалпы мұсылмандық қозғалыстардан тыс қалмады. Алайда Қоқан хандарының, жергілікті шенеуніктерінің саясаты өздерінің әлеуметтік-экономикалық жағдайларына қайшы келер болса (мысалы, шамадан тыс салықтар), бас көтеріп, қарсылық білдірді. Жалпы алғанда, Қоқан хандығы қазақтар мен қырғыздардың азаттық жолындағы күрес тарихында, мәдени-экономикалық дамуында өзіндік орын алады.

Әдебиеттер тізімі

1. Халфин Н.А. Россия и ханства Средней Азии (первая половина XIX века). Москва: Наука. 1974. 11-б
2. Гуревич Б.П. Международные отношения в Центральной Азии в XVII-первой половине XIX в. Москва: Наука. 1979. 64,
3. Поездка Бурнашева и Пospelова в Ташкент в 1800 г. // ВРГО.-СПб.: Тип. Имп. Академии наук, 1851. Ч. 1. Кн. 1. с. 22.
4. Диваев А. Предания о возникновении азиатского города Ташкента // ТС.-1907.-Т. 440. С. 63-64.
5. Айткүл Махаева. Қазақ-қырғыз саяси байланыстарының тарихы. (XVIII ғасырдың екінші жартысы-XX ғасырдың бас кезі). Алматы. 2007 ж. 86б.
6. Сапаралиев Д.Б. Этнополитическая история Оша и его окрестностей с XVIII до середины XIX в. Бишкек: Илим, 1999. 144 с.
7. Валиханов Ч.Ч. Записка о Коканском ханстве // Собр. соя.: в 5 т.-Алма-Ата: Қазақ Совет энциклопедиясы, 1985. Т. 3. С. 314-315 бб.

Аннотация. В содержании статьи рассматривается историческое взаимоотношения казахов и киргиз проживающих в пределах Средней Азии и Казахстана с соседними ханствами Хивы, Бухары, Коканда после джунгарских нашествий в эпоху XVIII и первой половине XIX веков. Ибо исторические судьбы казахов южного края Казахстана и киргизов Таласской долины взаимосвязаны в политическом и культурными отношениями. В первой половине XIX века под игой Кокандского ханства находились южные земли казахов также города как Шымкент, Аулиеата, Туркестан а также земли киргизов долины Шу, Нарын, Ыстыккул. Поэтому в общественно-политической истории Средне Азиатских ханств особенную роль сыграли казахи и киргизы. В исследовании используется данные историографического характера исследователя Ш.Ш. Валиханова где упоминается активное участие киргизских род и племен таких как найманов, адыгене казахских родов шанышкылы, канлы, катаган в освободительных движениях. А также учтены мысли киргизских ученых Д.Б. Сапаралиев, К. Молдокасымова.

Ключевые слова: Кокандское ханство, Хивинское ханство, Бухарское ханство, Киргизы Таласской долины, казахи Южного Казахстана, Ташкентское государство, Нарбота би, Юнусходжа, Алимхан, Омархан, старший жуз, Туркестан.

Түйін: Аталған мақалада түркі халықтарының «Мұсылман Ренессанс», яғни IX-XII ғасырлардағы жазба деректері боп табылады?. IX-XII ғасырларда түркі әдеби тілінің ерекше дамуына жайлы жағдай туындады?. Орта ғасырлық ренессанс кезеңде жарық көрген мұраларды еске түсіретін болсақ аль-Фараби, Йғнаки, Ахмет Баласағұн, Яссауи, Махмут қашғари еске келеді. Бұл әдеби шығармалар ескі түркі тілінде жазылған. Бүгінде рухани мұраларды мақтаным тұтып түркі халықтарының қалдырған мұралары деп білеміз? Біздікі және кәзірде түркі тілдес бауырлар тусқан бір бағыттан тараған қандастар деп білеміз?. Өйткені түркілер бүгінде өздерінің бір үлкен түркі тайпадан тарағаның біледі және дәлелдейді?. Сол себептен, «түрік» деген сөздің мағнасы саяси және қолдан шығарған термин емес. Генеологиялық және этникалық бірлестігі бомаса халықы болса оның болашағы дәлел? Казіргі таңда 126 миллион адам алтай тілдерінде сөйлейді, соның 114 млн. 612 мың адам түрі тілдес халықтар болады.

Кілт сөздер: түркітану, деректер, рухани мәдениет, түркілер, дін, әдебиет

Abstract: The article analyzes the written sources of the Turkic peoples during the "Muslim Renaissance" of the IX-XII centuries. They represent literary monuments that are the spiritual heritage of the Turkic peoples. In the X-XII centuries, favorable conditions for the development of the Turkic literary language appeared. The most famous literary works of the Middle Ages – "Blessed Knowledge", "Gift of Truth", "Dictionary of Turkic dialects" - are written in the Turkic language. The Turks were and are a single, genetically blood-related community of tribes with a clear pedigree that confirms the unity of origin. Therefore, the word "Turk" cannot be a political and artificial term. Genetic and ethnic carriers have always existed and still exist. After all, currently more than 126 million people in the world speak Altaic languages, of which 114 million 612 thousand are Turkic-speaking peoples.

Keywords: turkology, sources, spiritual culture, Turks, religion, literature

ӘОЖ: 89947

Боранбаев С.Р., Тулебаев Қ.Т., Құлтай Ж.Б.

филология ф.д., доцент. «Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар»

ғылыми-зерттеу институтының директоры. М.Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан

магистрант, М.Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан

магистрант, М.Әуезов ат. ОҚУ. Шымкент, Қазақстан

ОРТАҒАСЫРЛАРДАҒЫ ЖӘДІГЕРЛІКТЕРДІ САЛЫСТЫРА ЗЕРТТЕУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Түйін: Бүгінгі күні тілді қатынас құралы ретінде ғана емес, сол тілде сөйлеуші халықтың тарихы мен, сондай-ақ дүниетанымы мен байланыстыра қарап, ғылыми түрде зерттеудің белең алып отырғаны белгілі. Бұл мәселе айналасындағы зертеу жұмыстарындағы белсенділік тек тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары сезіле бастады. Тіл тарихында салыстырмалы және антропоцентристік парадигмаларды байланыстыра зерттеу проблемалы мәселелердің қатарына еніп отыр. Кез-келген тілдің тарихы сол халықтың тарихымен тығыз байланысты болатындықтан, бір немесе тілдер тобының плоттогенезін анықтау үшін, оның этногенез мәселесімен терең байланыста екендігін ұмытпағанымыз жөн. Қандай бір этнос болмасын оның дүниетанымы мен мәдениеті міндетті түрде тілден көрініс беруі заңды құбылыс. Мұндай өзекті мәселелерді синхрондық тұрғыдан шешуге талпынғанымызбен, мағынасы күңгірттеніп, қолданыстан шығып қалған сөз тіркестерін қалпына келтіруде жазба ескерткіштердің орны ерекше. Тілдік деректерге сүйене отырып, қазіргі туыстас тілдердің төркіндестігі мен этномәдени ортақтығы мен тарихи сабақтастығын анықтаудың маңызы ерекше болмақ.

Кілт сөздер: Этногенез, қыпшақ антропонимдері, тілдік қатынас, тарихи сабақтастық.

Кіріспе. Ескі қыпшақ тіліне қатысты ескерткіштер корпусындағы лексикалық бірліктердің құрамы мен құрылымы тарихи лексикологиялық тұрғыдан қарастырылып, олардың қазақ тілімен ортақтық және сабақтастық ерекшеліктерін айқындау мәселесі қазіргі ғалымдар алдында тұрған негізгі мәселелердің бірі. Ортағасырлық ескі қыпшақ тілінің батыс тобына қатысты ескерткіштердің тілі мен қазақ тілін өзара салыстыру арқылы фонетикалық құбылыстардың болу себептерін, грамматикалық категориялардың табиғаты мен салыстырылып отырған тілдердің ара қатынасы: ортақтығы мен айырмашылығы анықталып, сөздердің лексикалық мағыналарының кеңею немесе тарылу құбылысы салыстырмалы түрде дәлелдеуді қажет етеді. Қазіргі түркология ғылымының жетістіктерін пайдалана отырып, жазба ескерткіштер тілінде қолданылған кісі аттарының мағынасы мен тұлғалық жағы қазіргі қыпшақ тілдеріндегі сол тектес атаулардың қаншалықты өзгеріске түскендігі анықталады.

Сондықтан ескі қыпшақ тіліндегі ономастикалық жүйенің этимологиясын анықтау арқылы қазақ ономастикасының антропонимдер, этнонимдер мен этнотопонимдерге қатысты мәселелерді шешуде ортағасырлық жәдігерліктердің орны ерекше екендігі ғылымда дәлелденген.

Теориялық талдау. Тілдің лексика саласы тез өзгертіндіктен, лексикадағы сәйкестік барлық кезде де туысқандықтың белгісі бола бермейді. Демек тілдің лексика саласының екі жағы бар: бірі – ертеден келе жатқан төл сөздер де, екіншісі – кірме сөздер. Біз мақаламызда түркі тілдеріндегі төл түркі сөздері де, салыстырылып отырған тілдердің сөздік құрамындағы өзге тілдерден енген кейбір кірме сөздер де қамтылды. Ондағы мақсатымыз қазіргі түркі тілдері лексикасындағы ортақтық пен ерекшеліктерді айқындау болды.

Сыртқы факторлар лингвистикалық жүйені толық өзгерте алмағанымен этностың қалыптасу процесінде, оның тілінің қалыптасуына негіз болған туыс тілдердің немесе диалектілердің ерекше белгілерін білдіретін дыбыстық өзгешеліктердің тілдік заңдылыққа айналуына арқау болады. Өзге халық тілдері сияқты түркі халықтары тілдері де ұзақ әрі күрделі тарихи даму жолынан өтті. Негіз тілдің ғасырлар бойы үздіксіз дамуының

нәтижесінде түрлі фонетикалық, морфологиялық, семантикалық өзгерістерге ұшырап, өз құрамындағы этностар тілдеріне ыдырауы, өзара қайта тоғысуы, іргелерін қайта ажыратуы, туыстас немесе басқа жүйедегі тілдермен тығыз қарым-қатынаста болуы, әр тілдің өзіндік ерекшеліктерімен, ішкі заңдылықтарымен, өзіне ғана тән болмыспен қалыптасуына алып келеді. Өткен ғасырлардағы ата-бабаларымыздың дүниетанымы мен салт-дәстүрі, өмір сүрудегі нанымдары қазіргі тілімізде қолданыста жүрген сөздердің төркінін анықтауда құнды дерекөз екендігін мойындауымыз керек.

Жалпы кез-келген лексеманың түбірін анықтау барысында негізінен тарихи-этимологиялық талдау мен салыстырмалы-тарихи, сондай-ақ этимологиялық зерттеуде қолданылатын ғылыми индукция мен дедукция әдістерінің де ықпалы зор.

Қазіргі уақытта тілді тек қатынас құралы ретінде, оның деңгейлерінің құрылымын сипаттау сияқты классикалық лингвистикадан басқа тілді сол тілде сөйлеуші халықтың тарихы, мәдениеті және дүниетанымымен сабақтастыра отырып, кешенді түрде зерттеу ғылыми сипатқа ие болып келеді. Бұл мәселе, әсіресе кеңестік кезеңнің идеологиялық құрсауынан босағаннан кейін белсенді түрде қолға алына басталды. Қазіргі тіл білімінде тарихи-салыстырмалы және антропоцентристік парадигмаларды ұштастыра отырып зерттеу көкейкесті мәселелердің біріне айналып отыр. Тіл тарихы халық тарихымен тығыз байланысты болатындықтан, белгілі бір тілдің немесе тілдер тобының глоттогенезін анықтау этногенез мәселелерімен қабысып жатады. Этностың дүниетанымы, мәдениеті, шаруашылығы т.б. өз кезегінде тілінен көрініс тауып отырады. Бұл өзекті мәселені қазіргі заман заман тұрғысынан синхрондық аяда шешуге тырысқанымызбен, мағынасы күңгірттенген, тіпті халық жадынан жоғалтып алған атауларды қалпына келтіруде жазба мұралардың орны ерекше. Ал сол қыпшақтық негізді тілдік деректерге сүйене отырып, яғни ескі қыпшақ тілі мен қазіргі қыпшақ тобындағы тілдердің төркіндестігін, олардың этномәдени ортақтығын қарастыру барысында қазіргі қазақ мәдениеті мен тарихымыздың өткен кезеңдеріне тарихи экскурс жасаймыз.

XIII–XVII ғғ. араб, көне готика, әліпбилерімен хатқа түсіп жеткен, бес ғасырды қамтитын қыпшақ жазба ескерткіштері тіліндегі лексика, қазіргі түркі тілдерімен сабақтастықта қарастырыла отырып, өзіндік ортақтықтары мен ерекшеліктерін анықтау қажет. Түрлі кезеңдерде, түрлі мәдени-әлеуметтік ортада жазылған мұралар тілінің лексикасы түркологияда мұндай аспектіде әлі қаралған жоқ. Түркі тілдерінің лексикасы жекелеген ғалымдардың зерттеу нысаны ғана болып отыр, тарихи жазба ескерткіштерде көрініс тапқан тілдік материалдардың қазіргі түркі тілдерімен тарихи-салыстырмалы, тілдік-танымдық тұрғыдан ізденіс нысанына айналуы қажет.

Орта ғасырлардағы қыпшақ ескерткіштері тіліндегі жүйесін қазіргі түркі тілдерімен тарихи-салыстырмалы, тілдік-танымдық аспектіде қарастыру, сөздік құрамына қарай қыпшақ-оғыз, оғыз-қыпшақ тілдеріне тән делініп жүрген орта ғасырлық жазба мұралар тіліндегі арнайы лексика-семантикалық топтарды тарихи-салыстырмалы аяда жан-жақты қарастыру, ол ескерткіш-терге қазіргі түркі тілдерінің қатыстылық деңгейін кешенді түрде арнайы зерттеу нысаны етілгені жөн.

Ортағасырлық түркілердің салт-дәстүрі, дүниетанымдық көзқарасы, нанымы қазіргі қазақ тіліндегі көптеген антропонимдердің түп төркінін анықтауға өзіндік септігін тигізеді. Ескі қыпшақ тіліндегі ономастикалық жүйенің этимологиясын анықтау арқылы қазақ ономастикасының антропонимдер, этнонимдер мен этнотопонимдерге қатысты мәселелер өз шешімін табады.

Нәтижелер мен талқылау. Қазіргі қазақ тілі әбден қалыптасқан түркі тілдерінің бірі, мұндай тұтастық алғашқы арнасы Орхон ескерткіштерінен (VI-VIII ғғ.) алады. Сол дәуірден баз-баяғы қалпын өзгертпей, тілімізде қолданыста жүрген лексика көнелік сөздік қордың құрымынаналынды деудің өзіндік себептері де жоқ емес. Олар: көк, күн, түн, ай, торы, бөз, аз, көп, ел, іні, біл, мен, сен, ол, он, бол, бөрі, ілгері, т. б. Ал XI ғасырда жазылған М. Қашқари сөздігінде қазіргі қазақ тіліне тән көптеген сөздер бар: ой, атыз,

ұтыс, ыдыс, алыс, ұрық, азу, ішік, шыбыш, елік, аш, ұя, ерлік, ерке, сыбызғы, қызғыш, қысыр, бұтақ, бұра, қыс, қаша, т. б. XIII ғасырда дүниеге келген «Кодекс Куманикус», «Китаб-и меджму-уа терджуман тюрки ве аджеми ве моголи ве фарси» т. б. ескерткіштерде қазақ тілі мен ортақ, дәлме-дәл сөздер қаншама [1, 15]

Ескі қыпшақ тіліндегі ономастикалық жүйенің этимологиясын анықтау арқылы қазақ ономастикасының антропонимдер, этнонимдер мен этнотопонимдерге қатысты мәселелерді шешу үшін жазба деректерге қайта-қайта оралған жөн.

Ол үшi мынадай мәселелердi басты назарға алуымыз қажет:

- ортағасырлық ескі қыпшақ тілінің батыс тобына қатысты ескерткіштер тілін қазақ тілімен өзара салыстырыла отырып, кешенді зерттеу жүргізуді;

жазба ескерткіштерде қамтылған жалпы сөздік қор құрамындағы қыпшақи сөздерді анықтау, жүйелеу мәселелерін нақтылауды;

ескі қыпшақ тіліне қатысты ескерткіштер корпусындағы лексикалық бірліктердің құрамы мен құрылымы тарихи лексикологиялық тұрғыдан қарастырылып, олардың қазақ тілімен ортақтық және сабақтастық ерекшеліктерін айқындауды;

- ортағасырлық қыпшақ тіліне тән диалектілік ерекшеліктердің таралу аймақтарын, ареалдық өзгешеліктерін, даму жолдарын айқындауға және оларды қазіргі қазақ тіліне тән диалектологиялық, сөйленістік ерекшеліктермен байланыстыра отырып, алдағы уақытта зерттеу ісіне септігі тиер алғышарттар жүйесінің негізін анықтауды;

- ортағасырлық қыпшақ тілі мен қазіргі қазақ тіліне ортақ дәстүрлі фонетикалық құбылыстар мен фонологиялық заңдылықтар жүйесінің өзара ортақтығын дәлелдеу.

Әрине мұндай мәселелер жақын арада шешімін таба қоймас. Дегенмен келешекте арнайы, кең ауқымда зерттеуді қажет етіп, ортағасырлардың өзінде-ақ қыпшақ тілі деп танылған түркі тілдерінің үлкен бір тобына қатысты мәселелердің ара-жігін айқындау барысындағы мүдделі қажеттіліктерді айқындауда тер төгіп, көп ізденісті талап етері айдан анық. Түркі тілдеріндегі сингармониялық варианттар мен параллельдер тіл дамуының жемісі. Бұлар тілдік қордың толығына, молаюына, жетілуіне өзінің әсерін тигізіп отырады

Халықтың өткен тарихын зерттеп білмейінше болашағын болжауға болмайды. Халықтың тарихы тек материалдық мәдени мұраларында ғана сақталмайды, сол кезеңдерде хатқа түсіп, бүгінге жеткен мұралар тілінде халықтық, ұлттық мәдени-рухани қазынасына қойылатын атаулар мен ұғымдардың сақталып жететіні бүгінгі күні дәлелденіп отыр.

Белгілі ғалым Э. Н. Наджип былай дейді: «Без изучения памятников этого периода невозможно изучить историю языка ряда тюркских языков, в первую очередь узбекского. Если узбекские племена, населявшие восточную часть государства, в дальнейшем своем продвижении оказались в очень благоприятных условиях и успешно могли развивать литературу, то иначе сложилась судьба тех племен, которые в дальнейшем вошли в состав современного казахского народа. Эти племена, населявшие в тот период огромную территорию Золотой Орды, и предки которых не могли не принимать участия в создании этой культуры и литературного языка, по ряду исторических причин в течение нескольких веков были бесписьменными и вели кочевой образ жизни, сохранив лишь устную литературу – фольклор. После разрушения культурных центров племена, впоследствии вошедшие в состав казахского народа, оторвались от литературного языка, общего для всех тюркоязычных племен, населявших территорию Золотой Орды, сохранив лишь свои племенные языки» [2, 90].

М.Әлімбаев ескі қыпшақ тіліндегі антропонимдердің шығу тарихын алғаш рет қазіргі қазақ тілімен салыстыра зерттеп, ономастикалық және этимологиялық аспектіде кешенді түрде қарастырды. Сондай-ақ, түркі қағанаты кезінде мемлекеттік басқаруды өз қолында ұстаған тайпа, қыпшақтар дәуірінде «бөрі тотемді тайпа» немесе «бөрі елі» аталып, билеуші ру дәрежесінде болды,- дейді [3, 157].

Қандай да бір халық болмасын оның бүгінгі қолданыстағы тілі өткен тарихпен тығыз байланысты болатындығы белгілі, тілдің кейбір ішкі даму заңдылықтарын, мәселен, фонетикалық, сондай-ақ грамматикалық формалардың даму заңдылығын тек тарихи тұрғыдан қарастырып, сонымен ғана байланыстырып шешу дұрыс болмаса керек. Халық тарихының өзіндік, тілдің даму тарихының өзіндік қырлары, қағидалары, заңдылықтары бар.

Барлық сыртқы лингвистикалық факторларды қоршаған ортаға-географиялық жағдайға қатысты қарастырған Ф. де Соссюр сыртқы және ішкі лингвистиканың өзара өте тығыз әрі қарама-қайшылықты байланысына тоқтала отырып: «...поскольку географический фактор тесно связан с существованием языка, и все же в действительности географический фактор не затрагивает внутреннего организма самого языка» дейді [4, 24].

Сол себепті, ата-бабалар тілінде қолданыста болған көптеген лексикалық бірліктердің бүгінгі тілімізде өз ізін сақтайтындығы тіл білімінде дәлелденген мәселе, барлығы да негіз тілдің белгілі бір дәрежедегі мұрагері болып табылатындығы даусыз. Бұл жөнінде белгілі түркітанушы-ғалым А.М. Щербак былай дейді: "Расхождению языков и диалектов постоянно сопутствует их схождение, взаимодействие, поэтому каждый современный язык или диалект наследует праязыковое состояние не как нечто целостное и единообразное, а в виде сложного конгломерата форм и признаков, прошедших сквозь призму многократных и разновременных смещений" [5, 22].

Қорытынды. қазіргі түркі тілдерінің тарихи даму жолын, тарихи фонетика тұрғысынан – жекелеген фонемалардың дыбыстық өзгеріске ұшырау процесі мен дыбыстардың жүйеленуін, фонетикалық заңдылықтардың тарихи қалыптасуын анықтап, грамматикалық тұрғыдан – түркі тілдеріндегі грамматикалық категориялар мен формалардың тарихи дамуы мен қалыптасуын дәлелдеуде сөзжасамдық жүйенің, түбірлердің тарихи және семантикалық құрылымын айқындап алу дұрыс. Сонымен қатар сөздік қор мен сөздік құрамның тарихи дамуын, осы аталған тілдік жүйенің ареалдық ерекшеліктері мен ортақ белгілерін айқындауда көне, ортатүркі жазба ескерткіштерінде көрініс тапқан тілдік деректердің орны мен рөлінің ерекше екендігін ханологиялық тұрғыдан анықтап беру де бұл саладағы жұмыстарды жеңілдетендігі рас.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Мұрат Сабыр. Көне қыпшақ тілі мен қазақ тілінің фоно-морфо-семантикалық сабақтастығы. Монография «Libeg» баспасы Алматы, 2021
- 2 Наджип Э.Н. Кыпчакского-огузский литературный язык Мамлюкского Египта XIV века: Автореф. дис. д-ра филол. наук. М., 1965. 92 с.
- 3 Дешті Қыпшақ даласындағы тотем атаулардың негізінде пайда болған кісі аттары // К.Қарасаев атындағы Бішкек Гуманитарлық Университетінің Жаршысы. Бішкек, 2009. №1(14). 157-158 бб.
- 4 Ф. де Соссюр. Курс общей лингвистики // Введение в языковедение. Хрестоматия. М., 2000.
- 5 Щербак А.М. Сравнительная фонетика тюркских языков. Л., 1970.

Аннотация: На сегодняшний день известно, что язык является не только средством общения, но и научным исследованием истории и мировоззрения народа, говорящего на этом языке. Активность в исследовательской работе вокруг этого вопроса стала ощущаться только в годы после обретения независимости. В истории языка изучение сравнительной и антропоцентрической парадигм входит в число проблемных вопросов. Поскольку история любого языка неразрывно связана с историей одного и того же народа, важно помнить, что он глубоко соприкасается с проблемой этногенеза, чтобы определить глоттогенез той или иной группы языков. Какой бы этнос ни был, его мировоззрение и культура обязательно должны отражаться в

языке. Несмотря на попытки синхронно решить такие насущные проблемы, писательские памятники занимают особое место в восстановлении пропущенных фраз с затемненным смыслом. Исходя из языковых данных, особое значение приобретает установление этнокультурной общности и исторической преемственности современных родственных языков.

Ключевые слова: Этногенез, кыпчакские антропонимы, языковые отношения, историческая преемственность.

ӘОЖ: 94(574)31

Әлімбаев М.Е., Құлтай Ж.Б., Демесинова Л.С.

филология.ғ.к., доцент, М. Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан

магистрант, М. Әуезов ат. атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан

магистрант, М. Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан

АНТРОПОНИМДЕРДІҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚАЗІРГІ ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ КӨРІНІСІ

Түйін: Соңғы жылдары бұл мәселеге ерекше көңіл бөлініп, белгілі бір тілдің тарихи қалыптасу жүйесіне тікелей қатысты көне мұралар мен орта ғасырлық жазба ескерткіштердің тілдік мәліметтерін қазіргі тілдердің күнделікті қолданылып жүрген материалдарымен салыстыра зерттеу қолға алынуда. Жекелеп ыдыраған әрбір түркі тілі өзіндік ерекшеліктерімен, ішкі заңдылықтарымен, өзіне ғана тән сипат-болмыспен қалыптаса бастады. Сондықтан да бұл тілдер қаншалықты өзгерістерге ұшыраса да, көне тілдің элементтерін, қалыптасуына негіз болған тілдің қасиетін бойында сақтайды. Осыған сәйкес мақаламызда осы әдісті қолдана отырып, қазақ тілінің тарихына тікелей қатысты орта ғасырлық жазба мұралардың қазіргі қазақ тілімен жалғастығын айқындап көрсетуді мақаламызға арқау етіп отырмыз.

Кілт сөздер: антропонимдер тарихы, половец есімдері, дыбыс сәйкестіктері, қыпшақ тілі, тіл тарихы.

Кіріспе. Қазіргі таңда отандық және әлемдік түркологияның зерттеу нысанына айналған антропонимдер тарихын анықтау түркі ономастикасына қосылатын сүбелі еңбек болатындағына шүбә келтіруге болмайды. Бұған дейінгі антропонимдерге қатысты зерттеулердің басым бөлігі шетелдік ғалымдардың үлесінде екендігі белгілі. Бірақ ұлттық таным, салт-дәстүр, тіл мәселесіне келгенде, отандық ғалымдардың зерттеу еңбектері әлдеқайда ғылыми тұрғыдан дәлді болып шығатындығына сеніміміз мол. Өйткені орта ғасырларда өмір сүрген қыпшақтардың тікелей тілдік, ділдік мұрагері екендігі ғылымда өз бағасын алған.

Теориялық талдау. Ескі қыпшақ тіліндегі кісі есімдерінің төркіндерін анықтау үшін, әуелі олардың зерттелу тарихымен танысып шығу қажет. Түркі тілдеріндегі, соның ішінде ескі қыпшақ тіліндегі кісі есімдерінің мағынасы туралы алғашқы зерттеу ХІ ғасырдағы М.Қашқаридың «Диуани лұғат ит-түрк» сөздігі болып табылады. Аталмыш сөздікте барлығы 73 кісі есімі берілген. Бұл кісі атауларының кейбірін автор жай ғана ерлердің есімі десе, ал кейбірін хандардың, нағыз батырдың, белгілі ақынның есімі, сондай-ақ күндерге қойылатын атау деп түсінік береді [1, 108].

ХІХ ғасырдан бастап куман-половец антропонимдерінің этимологиясымен бірқатар түркітанушылар мен шығыстанушылар айналысқан. Ескі қыпшақ тіліндегі есімдердің төркіндерін зерттеумен алғашқылардың бірі болып айналыса бастаған түркітанушы Л.З. Будагов болды. Л. Будагов өзінің «Сравнительный словарь турецко-татарских наречий» дейтін еңбегінде бірқатар куман-половец есімдерінің төркіндеріне талдау жасаған. Ол, половецтердің Айдар есімінің «баланың төбесіндегі бір шөкім шаш» және «хайдар-арыстан» дейтін екі төркінін, сондай-ақ *Алақ*, *Барақ*, *Кобяк-Кобек* есімдерінің төркіндерін берумен шектелген [2, 37].

Половец есімдерінің төркіндерімен алғашқылардың бірі болып айналыса бастаған

келесі бір түркітанушы – В.В. Радлов. В. Радлов, өзінің «Опыт словаря тюркских наречий» атты 4 томдық зерттеуінде бірнеше половец есімдерінің төркіндерін берген. Ол половецтердің *Емяк* есімінің төркінін, «мейірбан» мағынасын білдіретін «имак», Кобан есімінің төркінін, шағатай тілінде «ұлы, биік, жеңімпаз, үлкен, денелі» мағыналарын білдіретін «копан» және «батыр» мағынасын білдіретін қабан, Самогур есімінің төркінін «бұлғын» мағынасындағы самгур-самур, Тугортак-Тугоркан есімінің төркінін, тоқылдақ мағынасын білдіретін «тогуртак» атауларымен байланыстырған [3, 159].

В.Радловтың өзі половец есімдерінің төркіндеріне талдау жасаумен тікелей айналыспаса да оның аталмыш сөздікте берілген түркі сөздерінің төркіндерін басқа түркітанушылар половец есімдерінің төркіндері ретінде берген.

Бұрынғы Кеңес Одағының түркітанушылары мен қыпшақтанушылары орта ғасыр қыпшақтарының ономастикасын, олардың дүниетанымдық көзқарасымен, этнопсихологиясымен, ментальдық ерекшелігімен байланыста қарастырып зерттемеген.

Ескі қыпшақ тіліндегі есімдердің негізінде қазіргі қазақ тіліндегі көптеген антропонимдердің пайда болғандығын дәлелдеп, көне және ортағасырлық түркі есімдерінің төркіндерін тек лексика-семантикалық талдау арқылы анықтаудың мүмкін еместігіне, есімдердің этимологиясы этногенезбен байланыста қарастырылу қажеттігі туындап отыр.

Тұлғалық жағына адам танымастай болып өзгерген сөздерді тарих қойнауына індете зерттегенде ежелде қандай түрде болғанын, қазір қандай тұлғада екенін дыбыс сәйкестіктеріне сүйеніп анықтай аламыз. Тіл білімінде фонетикалық құбылыстарды анықтайтын дыбыс сәйкестіктері терминімен қатар дыбыс алмасуы, дыбыстық өзгерістер деген сияқты сөздер де бар [4. 48]

Түркілік қабат антропонимдерінің пайда болу себебін түсіндіру үшін, зерттеуімізге әлеуметтік фактор – половец қоғамын құраған этностар мен басқа да әлеуметтік топтарды қатыстыра отырып, половец есімдерінің басым көпшілігі этнонимдер мен тотем және лақап атаулар негізінде пайда болғандығын дәлелдеу көзделді. Осы әлеуметтік фактор негізінде, половец антропонимдерінің этимологиясын, олардың пайда болу және кейінгі түркілік дәуірде даму ерекшеліктерін дәйектеу келешек көтеген зерттеу жұмыстарына арқау болары анық.

Бабалар тілін зерделеу барысында олардың құрған тұрмысы мен тіршілігінде, тілі мен ділінде ортақтық бар екендігі анықталып жатады. Қ. Мұсаев осыған орай былай дейді: «Когда говорят, что язык представляет собою кладовую истории народа – его носителя, прежде всего имеется в виду лексика, которая непосредственно реагирует на все изменения в жизни народа. Ни фонетика, ни грамматика языка не может показать нам условия жизни народа так полно, как лексика».

Халық ұрпақтан-ұрпаққа қоғамдық және әлеуметтік тәжірибесін, рухани байлығын аға ұрпақ өзінен кейінгілерге мұра ретінде қалдырып отырады, сонысымен қоғамның материалдық және рухани мәдениетін жасайды. Осылайша сабақтастық жалғасып жаңа буын адамзат баласының басынан өткерген тарихынан ең таңдаулыларды өз бойына сіңіреді және ең озық үлгілерін дамыта беруге, қоғамның рухани құндылығының сан тіршілігін жаңа жағдайда байыта түсуге мүмкіндіктер туады. Қандай да бір халықтың қалып-салтын, мінез байлықтарын, салт-дәстүрлерін, эстетикалық талғамын және психологиясын осы халықтың өткен дәуірлердегі хатқа түскен жазба мұралар тілінен танып білуімізден де болады.

Ескі қыпшақ тілі өз дәуірінде түркі бірлестіктерінің қарым-қатынас, ресми іс-қағаздар, халықаралық қатынас тілі ретінде қолданылған және сол кездің өзінде - ақ «қыпшақ тілі» деп танылған, аумақтық таралым өрісі кең, түрлі тарихи - әлеуметтік құбылыстарды басынан өткерген, қазіргі дәуірде өлі тілдер санатына кірген ескі қыпшақ тілі –қазақ, қарақалпақ, ноғай, татар, башқұрт, құмық, қарашай секілді қазіргі күнде қыпшақ тілдері тобына жатқызылып жүрген тілдердің ұлт тілі дәрежесінде қалыптасуына

ұйытқы болғандығы белгілі.

Түріктанушы ғалым К.М. Мусаев: «Тілдің, оны ұстанушы халықтың тарихының қоймасы ретінде айтқанда, ең алдымен, тіл лексикасы назарға алынады. Халық өміріндегі барлық өзгерістер ең алдымен осы тіл лексикасында көрініс табады. Халық өмірінің жайын тіл лексикасындай тілдің фонетикасыда, грамматикасы да көрсете алмайды. Белгілі бір тілдің лексикасының тарихын зерттеудің ең сенімді жолы лексиканы тақырыптық топтары бойынша қарастыру болып көрінеді. Бұл орайда, зерттеуші өз мақсатын сол халықтың өмір сүрген табиғи ортасын, негізгі кәсібін, шаруашылығының ерекшеліктерін, тұрғын жайын, қоғамдық-саяси құрылысын және көне наным-сенімдерін анықтауға бағыттауы керек. Өйткені осының бәрі халық өмірінің аталған жағдайларына қатысты заттар мен құбылыстардың атауларында көрініс тапқан» деген пікір білдірген [5, 12].

Қалай дегенде де орта ғасырда қолданыста болған антропонимдерді лингвистикалық тұрғыдан зерттеу әдеби тілдің қалыптасу тарихы, тіл тарихы – тарихи фонетика, тарихи грамматика, тарихи синтаксис, тарихи лексикология салаларының қалыптасуын және дамуын анықтаудың түркология ғылыми үшін де маңызы зор екені аян.

Біздің осы кезеңге дейін Еуразия елдерінде түркологияның жекелеген аспектілеріне қатысты сөз болып жүрген қыпшақ тобындағы тілдердің материалы бойынша ортағасырлық қыпшақ антропонимдерін салыстырмалы тұрғыдан зерделеу мәселесі қыпшақ тілдеріне қатысты түркі тілдері материалдары негізінде күмәнді болып жүрген антропонимдер өзінің ғылыми анықтамалығын алуы үшін кең көлемде тарихи-салыстырмалы жұмыстар жасуымыз қажет. Туыстас қыпшақ тобындағы тілдердің антропонимдері салыстырмалы-тарихи әдіс арқылы қазіргі қыпшақ тілдері, ішінара көне түркі тілдері, қазіргі заманғы түркі тілдері материалдарымен синхронды сипаттау тұрғысында әрі тарихи диахронды бағытта саралау арқылы қарастырған жөн. Солар арқылы және қазіргі түркі филологиясының соңғы теориялық, әдістемелік жетістіктерін пайдалана отырып, қыпшақ тілдеріне қатысты этимологиялық және этнолингвистикалық сабақтастық мәселелерінің тілдік қатпарлары анықтай аламыз.

Қазіргі қазақ тіліндегі жалпы түркілік қабат түбір және тарихи сөздерден тұрады. Олардың ата түркі дәуіріндегі жалпытүркілік ежелгі түрін салыстырмалы-тарихи негізде жаңғырту арқылы байырғы қалпына келтіруге болады [241, 24].

Нәтижелер мен талқылау. Жалпы ғылыми нәтижелер салалық, мәселен қазақ тілінің тарихы, тарихи лексикологиясы, сонымен қатар салааралық, мысалы түркітану мәселелерімен тығыз байланыста қаралғаны дұрыс. Осы сала бойынша жазылған зерттеу жұмы-

сына қосымша болған туыстас қыпшақ тобындағы тілдерден пайдаланған материалдар, салыстырмалы жүйеде жасалынған лингвистикалық түсініктемелер дәстүрлі түркологияның талаптарына сай қарастырылып, сол талаптардың толық орындалуына және осындай жұмыстарға қойылатын қазіргі заман сұраныстары мен талаптарының ескерілуіне байланысты тиянақты түрде зерттелуін талап ету қажет.

Қорытынды. Жалпы бір негізден тараған тілдердің негіз тілдің белгілерін бірдей дәрежеде сақтай алмауы түрлі ішкі, сыртқы факторларға тәуелді лингвоэволюцияның заңдылығы. Ал қазіргі қыпшақ тобына енетін тілдердің бір бөлігінің негізінде оғыздық сипаты бар көне бұлғар тілінің жатуы, қыпшақтану үдерісінен кейінде басқа туыстас тілдермен, мәселен, қазіргі оғыз тілдерімен (қарайым, құмық, қарашай-балқар, қырым татары тілдерінің әзірбайжан тілдерімен қарым-қатынасы), бұлғар тілдерімен (татар, башқұрт тілдерінің чуваш тілімен қарым-қатынасы) тілдік қарым-қатынасқа қолайлы географиялық аумақта таралуы, негізін көне қыпшақ тілінен алатын (көне қыпшақ тілінде де оғыздық элементтердің сақталғаны белгілі) қарақалпақ, қазақ, өзбек тілінің қыпшақ диалектісі тілдерінің қарлұқ тілдерімен (ұйғыр, өзбек), ноғай тілінің оғыз тілдерімен (чуваш) қатынаста болуы олардың лексикалық қорындағы қыпшақтық қабаттың өзгерістерге түсуіне алып келді. Мұндай өзгерістернегізінен сөз тұлғаларындағы дыбыс

сәйкестіктері арқылы айқындалады, - дейді профессор М. Ескеева [6].

Туыстас түркі халықтарының тарихи даму ерекшеліктерін өз бойында сақтап отырған осындай сөз маржандарын құрылымдық, танымдық жағынан салыстыра зерттеу түркі дүниетанымындағы, мәдениеті мен болмысындағы, рухани әлемін- дегі, тіліндегі түрлі өзгерулердің табиғатын зерделеу, қыпшақ тобындағы туыстас халықтардың тілдеріндегі антропонимдерді сол халықтардың этностық ерекшеліктерін ескере отырып, тарихи даму жолымен байланыста қарастыру барысында жасалған түйіндеулер мен тың тұжырымдарға жетелейтін қорытынды ойлар жинақтағанмыз абзал.

Әдебиеттер тізімі:

1. Әлімбаев М. Ескі қыпшақ тіліндегі лақап атаулар // И. Арабаев атындағы Қырғыз Ұлттық университетінің Жаршысы. Бішкек, 2010. №3. 107-111 бб.

2. Әлімбаев М. Қыпшақ антропонимдерінің грамматикалық ерекшеліктері // Қазақстанның ғылыми әлемі. Шымкент, 2011. №3. 36-38 бб.

3. Әлімбаев М. Шығыс Дешті Қыпшақ антропонимдерінің төркіні // К. Қарасаев атындағы Бішкек Гуманитарлық Университетінің Жаршысы. Бішкек, 2009. №1(14). 159-160 бб.

4. Сабыр М. Көне қыпшақ тілі мен қазақ тілінің фоно-морфо-семантикалық сабақтастығы. Монография «Liber» баспасы Алматы, 2021

5. Мусаев К. М. Лексикология тюркских языков. М.: Наука, 1984. 228 с.

6. Ескеева М. Көне түркі және қазіргі қыпшақ тілдерінің моносиллабтық негіздері. – Алматы: Арыс, 2007. 360 б.

Аннотация: В последние годы этому вопросу уделяется особое внимание и проводится изучение языковых данных древнего наследия и средневековых письменных памятников, имеющих непосредственное отношение к системе исторического становления того или иного языка, по сравнению с повседневно используемыми материалами современных языков. Каждый тюркский язык, распадаясь в отдельности, начал формироваться со своими особенностями, внутренними закономерностями, присущими только ему. Поэтому эти языки, как бы они ни претерпевали изменения, сохраняют в себе элементы древнего языка, свойства языка, послужившие основой для его формирования. В соответствии с этим в нашей статье мы стремимся подчеркнуть связь средневекового письменного наследия с современным казахским языком, который непосредственно относится к истории казахского языка, используя этот метод.

Ключевые слова: история антропонимов, половецкие имена, звуковые совпадения, кыпчакский язык, история

Abstract: in recent years, special attention has been paid to this issue, which is directly related to the system of historical formation of a particular language, the study of the linguistic data of ancient heritage and written monuments of the Middle Ages is carried out in comparison with the everyday materials of modern languages. Each Turkic language, which disintegrated separately, began to be formed with its own peculiarities, internal laws, and unique character-being. Therefore, no matter how these languages undergo changes, they retain the elements of the ancient language, the properties of the language that became the basis for its formation. In accordance with this, we use this method in our article to determine the continuity of medieval written heritage with the modern Kazakh language, which is directly related to the history of the Kazakh language.

Keywords: history of anthroponyms, Polovets names, sound identities, Kipchak language, history of language.

**ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ
ВСЕОБЩАЯ ИСТОРИЯ
THE WORLD HISTORY**

ӘОЖ: 94"19/"

¹Батырбекқызы Г., ¹Жуманова Қ.Т., ²Айтеке К.А.

¹PhD доктор, аға оқытушы М.Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан

¹магистр, аға оқытушы М.Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан

²магистр, аға оқытушы Мирас университеті. Шымкент, Қазақстан

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖАЙЛЫ ДЕРЕКТЕР

Түйін: Мақалада 1941-1945 жылдарда өткен Ұлы Отан соғысы тарихының бірғана бөлшегі – майдандағы қазақ тілінде жарық көрген газеттер туралы. Яғни, сол сұрапыл соғыстағы қазақ жауынгерлерінің, қазақстандық халықтардың ержүрек ұлдары мен қыздарының, КСРО мемлекеті азаматтарының отты шайқастардағы ерлігі мен тылдағы ерен еңбектерінің шежіресі. Сол кездегі қазақ журналистикасының ең кең тараған, әрі жан-жақты дамыған саласы - күнделікті басылымдар, газеттер, барша жаңалықтарды қоғамға, оқырмандарға үзбей жеткізіп тұрды. Егер шындығында, бұқаралық ақпарат құралдарының (БАҚ) ел алдындағы, Жаратушы алдындағы, қоғам үшін ең басты парызы мен міндеті - ақиқатты мүлтіксіз тарату арқылы барша азаматтардың сана сезімін оң бағытқа баулап, қоғамның дамуын қамтамасыз ету болса, соғыс жылдары БАҚ қызметкерлері өз борыштарын толығымен іске асырды, орындады, Отанды қорғаудың үлгілі жолдарын баяндады, тарихи мұра ретінде ұрпақтарға табыс етті. Бұл біздер үшін, біздердің болашақ ұрпақтарымыз үшін мәні мен құны мәңгілік тарихи деректер.

Кілт сөздер: Ұлы Отан соғысы, газет, журнал, баспасөз, редактор, 1941-145 жж., КСРО, БАҚ.

Кіріспе. Соғыс жылдарында қалыптасқан аса құнды дәстүрлердің бірі - тыл майдан арасындағы үзіліссіз байланыстар. Газет беттеріндегі материалдарда жауынгерлердің соғыстағы ерлігі туралы, тылдағы еңбеккерлердің майданға деген, жауды жоюға деген қажымас қайратты істері мен барша жасөспірімдердің ұмытылмас жәрдемдерін оқуға болады. Қазақ халқының ұл-қыздарының майдандағы қаһармандығы, тылдағы мыңдаған жұмысшылар мен қызметкерлердің ерен еңбегі ана тіліміздегі газеттерде том-томымен қоймаларда сақталуда, сол басылымдар бүгінгі және ертеңгі ұрпақтарымыз үшін үлгі-өнеге емес пе?

Мыңдаған совет азаматтарының өз еркімен майданға аттанғаны, әсіресе сол замандағы жастардың жауға қарсы шайқасқа ұмтылғаны туралы Шымкенттегі Тұрысов Еркінбек - ағаның шығармаларында жазылған. Облыстың Шаян ауданынан (бүгінгі Бәйдібек) бір топ жігіттер армияға алынғанда, жасы толмаған Бердібек Бекназаров өзін сол сарбаздар қатарына алуды өтінеді: «Толмаса, енді толам. Алдырасыз, алады», деп ағасынан өтінген, - мен сізден қалмаймын, көке! Берлинге дейін барып, Гитлердің қортышқанныңтұмсығындай істеген мұрнын бұзып, герой болып қайтамын». 17-жастағы жеткіншек майданға аттанған [1]. Бердібектің бейнесі - соғыс жылдарындағы жастардың өзі.

Шаяндық жасөспірім Б.Бекназаров қан майданда Воронеж үшін соғыста қаза тапты. Оның есімі сол қаланың орталығындағы бауырлар мемориалында алтын әріппен жазылған.

Соғыс жылдарындағы адам шығындары туралы мәселеге де 80 жылдан астам уақыт өтті. Бұл тақырыпты зерттеуші Борис Соколов: «1941 жылдың 1-ші қаңтарында КСРО-да 196,6 млн адам болып, 1946 жылдың басында халық саны 167 млн-ға түскен. Яғни, 29,6 млн шығын болған». Соғыс басталғанда, 1-ші шілдеде Қызыл Армия қатарында 5,8 млн, жылдың соңында 7,2 млн. Сонымен, 1941 жылдың соңында армия саны 10,1 млн-ға жеткен [2].

Талқылау. Соғыс шығыны туралы көп тараған мәліметтер Кеңес әкімшілігінде (Берлиндегі) істеген полковник Калинов Кирилл Дмитриевичтен алынған. Ол 1949 жылы батысқа өтіп кеткен, сондықтан Германияда жарияланған оның кітабы «сатқындікі», дұрыс емес [3] деп тараған. К.Д.Даниловтың қолында құпия құжаттар болған - мыс, Қызыл Армияның бас военврачы генерал Е.И.Смирновтың, ГУК-тың, Н.А.Вознесенский, т.б. лауазымды адамдар 1946 жылы қаңтарда И.В.Сталинге берген анықтама болған (ол құжат бүгінге дейін табылмаған). Сол құжат арқылы Калинов кітап жазған, кітап итальян және француз тілдерінде де шыққан. Калиновтың жазғаны бойынша: 8,5 млн адам шығыны, 37 млн жау тұтқында өлгендер, 2,5 млн жарақат пен аурудан қаза тапқандар. Қызыл Армияның барша шығыны - 14,7 млн адам [3, 11 б.]. Бұл мәлімет 60-шы жылдарда айтылғаны рас.

Ұлы Жеңістің 75-жылдығы қарсаңында жарияланған мәліметтерде [4]:

- Жаудың оккупациялаған территориясында қырылған бейбіт адамдар саны 7 млн 420 мың 379 адам, олардың ішінде 216 мың 431 балалар;
- Германияға күштеп жетілгендер 5 млн 269 мың 513 адам, олардың 2 млн 654 мың 513-і соғыстан соң кері қайтқандар;
- Эмиграцияда (шет елдерде қалғандар) саны 451 мың адамды құрады;
- Санитарлық шығындар (жарақаттанған, контузия алған, суыққа және өртке ұшыраған, ауруға шалдыққандар) саны 18 млн 344 мың 148 адам;
- Хабар-ошарсыз кеткендер мен пленге түскендер саны 5 млн 59 адам;
- Штрафные рота мен батальондарда болғандар 427910 адам, олардың 170298 шайқастарда қаза тапты.

Бұл мәліметтерден өзгеше цифрлар туралы (Германиялық авторлар, ресейлік Б.Соколов, И.Курганов, А.Осокин сияқты зерттеушілер еңбектерінен алынған – Анвар Исмаиловтың деректерінен) көлемді мақалада [4]: КСРО-ның адам шығыны 43-44 млн болды, соғыс алдында халық саны 156 млн болып, халықтың үштен біріне жуығы қырылған – деген де тұжырымдама бар.

1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысына қатысқандар туралы, жаппай мобилизацияның қорытынды сандары мен майданда қайтыс болған, жарақаттанған және хабарсыз кеткендер туралы деректер аз емес. Көрсетілген адам шығыны туралы мәліметтер де молынан болғанымен, ондағы цифрлар да әртүрлі, кейде – қарама-қайшы [6].

Әдістер. Мақаланы жазуда салыстырмалы-талдау, сыни көзқарас таныту ғылыми тәсілдері басшылыққа алынды. Қазақстандық және шетелдік деректерге сыни көзқарас таныту және жүйелеу мәселелері жіті ұқыптылықты талап етті.

Нәтижесі. Кеңес дәуіріндегі кітапта: Екінші дүниежүзілік соғыста 56 млн адам өлтірілген, ал 90 млн адам жарақаттанған, 28 млн – сол соғыста мүгедек болды, аштық пен эпидемия кездерінде 12 млн қырылған [7]. Ал Ұлы Отан соғысы жылдарында 29 млн 574,9 мың адам армияға алынды [8]. Қазақстаннан Германия мен Японияға қарсы соғысқа 1 млн 366 мың 164 қазақстандықтар қатысты, яғни бұл республика тұрғындарының 21,1 пайызын құраған еді. Барша адам шығыны КСРО бойынша 27 млн шамасында, олардың 8 млн 668 мың 400-і әскери адамдар. Соғыс майданында 601 мың 11 қазақстандық қаза тапты, яғни әскерге алынғандардың 44-пайызы, олардың 350 мыңы қазақтар [9]. Қазақстандық «боздақтар» кітабында осы мәліметті келтірген, бірақ «бұл соңғы қорытынды емес», - «эта цифра не окончательная» - деген тұжырымға келген [10]. Бүкіл Совет Одағы бойынша 1941-1945 жж. адам шығыны 26 млн 600 мың деген хабар берілген [11].

Соңғы 50 жылдай уақытта 1941-1945 жж. соғыс туралы мәліметтер бірнеше рет зерттелу мен сараптамаға салынды. Ресми түрде жарияланған [12] мәліметтер жинағы мынадай көрсетілген.

Ұлы Отан соғысы алдында КСРО-да 196,7 млн адам болған. 1941 ж. 22-маусымы қарсаңында Армия мен Флот қатарында тізімі бойынша 4 млн 826 мың 907 адам. Бұлардан

басқа Қорғаныс Халық комиссариатындағы қамтамада (бөлек мемлекеттік ведомстволар есебінде) 75 мыңға жақын әскери адамдар болған. Соғыс қарсаңында армиядағы дайындықта 850 мың әскери борышын өтіп жатқан. Соғыс жылдарында шақырылғандар саны – 34 млн 476 мың 700 адам. Бұлардың үлесі: Ресей үшін – 19,2 пайыз; Беларусь үшін – 11,7 пайыз; Украина үшін – 12,2 пайыз. Ал Закавказье, Орта Азия және Қазақстан үшін – әрқайсысына 18 пайыз деп берілген [13]. Россиядан барлығы 21 млн 187 мың 600 адам алынған. Қарулы күштер қатарында 490 мың 235 әйел заты болғаны анықталған.

1945 жылдың 1-ші шілдесінде КСРО Қарулы Күштерінде 12 млн 839 мың 800 адам еді. Соғыс жылдарындағы жалпы адам шығыны 8 млн 668 мың 400. Оның 6 млн 537 мыңы Ресейден, яғни жалпы адам шығынының 71,3 пайызы.

Инвалидтердің жалпы саны – 2 млн 576 мың. Сотталғандар – 994,3 мың, қашқындар саны – 212,4 мың.

Республикамыздың майданға қосқан үлесі туралы Қазақстан Республикасы Ардагерлер ұйымы төрағасы, белгілі тарихшы-ғалым профессор Өмірзақ Озғанбай: «Жауға атылған әрбір он оқтың тоғызы Қазақстан қорғасынынан құйылды. КСРО-да шоғырланған марганец пен молибденнің 60 пайызы біздің республикада өндірілді. Балқаш, Қарсақпай кен орындары соғыс жылдары өндірілген қара мыстың жартысынан астамын берді. Республика дихандары мемлекетке 360 млн пұт астық тапсырды. 4 жыл ішінде Қазақстан еңбекшілері майдан мұқтажына 94 млрд 500 млн сом жарна өткізді» [14].

Қызылордалықтардың соғыс майданындағы ерлік пен тылдағы ерен еңбектерін атап өту орынды. Облыс тұрғындары 1942-1944 жылдарда КСРО Қорғаныс Комитетінің (ГКО) алғыс айтылған жеделхатын 11 рет алғаны бар, ал майдан үшін сол жылдары 53600 центнер ет, 2800 центнер май, 3870 центнер жүк және 254800 дана мал терісін қорғаныс қорына тапсырып, 1944 жылы Одақтық ауыспалы Қызыл Туын иеленгені бар [15]. Бұл патриоттық табыстар тылдағы газеттердің көшбасшысы – қазақ тіліндегі «Социалистік Қазақстан», орыс тіліндегі «Казахстанская правда», мысалы, Донбасс көмір ошағы уақытша жау қолында қалғанда Қарағанды бассейні соғыс жылдары аса жоғары орынға шықты. Бұл басты газеттер «Қарағандауголь» бассейнінде өз тілшілерін орнықтырды. КСРО-ның бас газеті «Правда» Қарағандыда көшпелі редакция ұйымдастырды. Бұл редакция жеті айдан астам уақытта, 1942 жылдың 19-қарашасынан 1943 жылдың 17-шілдесіне дейін, көп тиражды «Барлығы майдан үшін» (Всediaфронта) газетінің 120 мыңдық 230 номерін шығарды. Сол Мәскеулік «Правда» газетінде «Отанды қорғаудағы шахтерлердің үлесі» атты арнайы бас мақалада Қарағанды көміршілерінің Магнитогорск, Поволжье кәсіпорындарын, темір жол транспортын қамтамасыз етудегі теңіз ролін көрсетті.

Сыр елінің мәңгі мақтанышы. Соғыс басталған жылы Облыс Отанға 178,8 мың центнер астық тапсырды, ал 1942 жылы астықтың мөлшері өткен жылға қарағанда 2 млн пұт асты. Шиелі ауданындағы «Авангард» колхозының күрішші диқаны Ким Ман Сан әр гектардан 160 центнер өнім алды. Оның әріптесі Ыбырай Жақаев өнімді 170 центнер жеткізді [15, 144 б.].

Қызыл-Орда облысының соғыс жылдарындағы тарихында есімдері алтын әріпті Қуаныш Баймағамбетов, Шоқатай Қоянов, Қашақбай Пірімов, Керейтбай Дүйсенбаев, Қорысбай Ділімбетов, игілі істерімен республикаға, бүкіл одаққа белгілі Ыбырай Жақаев пен Ким Ман Сам атты тұлғалар бар. Олар майданға көмектесу патриоттық бастамалардың алғы шебінде болды, әрқайсысы майдан қорына 100-мыңнан 325 мың сомға дейінгі өз қаржыларын өткізді [15, 145 б.].

Қазалы ауданындағы «Қызыл Ту» кеңшарының бригадирі Қашақбай Пірімов соғыс жылдары сол шаруашылық ұжымын басқарды, 1937 жылдан КСРО жоғарғы Кеңесінің депутаты болған [15, 137 б.]. Бұл ұлы оқиғалар Облыс тарихында, халық жадында мәңгі орын алып, Қызыл-Орда тарихы туралы қызықты әрі өте тартымды жазылған кітапта

орын алғанын тағы да атап өткенді жөн санадық.

Украинаның Біріккен университеті (Киев және Харьков университеттері) соғыс жылдарында Қызыл-Ордада орналысты [15, 135 б.]. Қалада Москваның агротехникалық және Қырымның медицина институты тұрақтанды.

Қазақстан Республикасының жеке облыстарының тарихы мен өмірін баяндайтын кітаптар ішінде Ақтөбе облысына арналған басылымның аса құнды орнын байқамай өткен дұрыс болмас. Ақтөбе әйелдерінің тарихында ұрпақтарға үлгі болар ерлік те қаншама айтсақ та орынды. Қызыл Армия қатарына алынған 47757 ақтөбеліктердің 3113-і қыздар мен әйелдер болған. Тек қана Ақтөбедегі ферросплав зауытында соғыс басталысымен 33 әйел металлург мамандығын игерген, майданға аттанған ерлердің орнына 80-і метал қорытушы болып, еңбек вахтасында еңбектенген [15, 143 б.]. Мұндай патриоттық ел тарихында болмаған.

Дарынды журналист, өмірдің бейнесін шеберлікпен өрнектеген Юрий Криничияновәдемді «айналып өткен» тарихы мен рухани қуатты шексіз сурет туралы жазғаны бар [16]. Қазақ баспасөзінің майдандағы атқарған ролі туралы кеңінен қамтылған Москваны қорғау үшін соғыста, Сталинград және Ленинград эпопеясы туралы, сол шайқастарда ерлік көрсеткен қазақ совет жауынгерлеріне арналған мақала мен очерктер бүгін де құнды тарихи деректер. Бұл тақырыптар Қ.Бекхожиннің кітабында 34-тей бетті қамтыған. Ал, «Қазақ тіліндегі майдандық газеттер» атты кітаптың үш беті шолу ретінде 1942 жылы қараша айынан шыға бастаған газеттерге арналған. Қазақ тіліндегі майдандық газеттер 15 болған. Олар толығымен қамтылмағанмен, автордың: «Барлық майдандық қазақ газеттерінде ерлік істердің шежіресі жазылды», дегені аса маңызды тұжырым. Сол газеттерде Нүркен Әбдіровтың, АқәділСұқанбаев пен Сұлтан Баймағанбетовтің майдандағы ерліктерін барша совет жауынгерлеріне, әсіресе қазақ солдаттары мен офицерлеріне, ана тілімізде жеткізді.

Белгілі жазушы Илья Эренбургтың қазақ жауынгері туралы мақаласы, мысалға алсақ, бүкілодақтық газеттерде, біздің республикалық басылымдарда, майдандағы газеттерде кеңінен таралды. Илья Григорьевич Эренбург - былай жазды: «Қазақтар кең далада атқа мініп шабуға дағдыланған адамдар, ал егер керек болса, ол еңбектейді де, жүгіріп те кетеді, тырбаланып тау-тасқа да шығады. Олар сазға батпайды, оларды еш нәрсе де тоқтата алмайды. Тұтқынға алынған бір фашист офицері былай деп мәлімдеген: «Бізге қарсы сондай бір қорқынышты, ғажайып солдаттар соғысты. Оларды ешқандай оқ тоқтата алмады. Олар бізге қарсы дүрсе қоя берді. Кейіннен маған бұлар қазақтар деседі. Мен бұрын мұндай халықтың бар екенін білмеуші едім».

Қ.Бекхожиннің кітабында Волхов, Прибалтика, Оңтүстік майдандарында қазақ тілінде шыққан «Майдан правдасы», «Жауға қарсы аттан», т.б. да газеттердегі мақалалардан үзінділер келтірілген. Автордың қорытындысы: «Майдан газеттері - совет жауынгерлері мен тылда еңбек еткен халқымыздың өшпес ерлігінің жарқын шежіресі. Қазақ тілінде шығарылған майдандық газеттер қазақ баспасөзінің тарихынан елеулі, орын алды. Бұл газеттерді шығару ісіне Ахмет Елшібеков, Үмітбай Балқашев, Қасым Шәріпов, Әбу Сәрсенбаев, Қалмахан Әбдіқадыров, Жұбан Молдағалиев, ӘнуарИпмағанбетов, Құрманбек Сағындықов, Мұса Дінішев, Төлеутай Ақшолақов, Сағынғали Сейітов, Жекен Жұмақанов, Зейнолла Тұрарбеков, Әбдірашит Бектемісов, Мұзафар Әлімбаев, Қалижан Бекхожин сияқты жауынгер журналистер мен жазушылар редактор, газет қызметкерлері, тілшілер болып қатысты. Міне, осылай үлкен жазушыларымызбен қатар қазақ баспасөзінің тарихында тұңғыш рет әскери очерк жанрын қалыптастырды, орнықтырды. Олар жалынды сөздерімен жауынгерлердің жүрегіне жол тапты».

Яғни, сұрапыл соғыс жылдарында қазақ тіліндегі майдандық газеттер Совет Армиясының әлеуетін нығайтуға көлемді қызметін қосты, елімізді жаудан құтқаруға барша халықты жұмылдырды.

1941 жылдың 21 маусымының, яғни соғыс басталғаннан бір апта арасындағы

оқиғалар туралы майдангер-офицердің естелігін жариялады. Ол 6-атқыштар дивизиясының 204-Гаубица артиллериясы полкында Брест қамалында жаудың бірінші күнгі шабуылына қарсы тұрған қазақстандық солдаттар туралы баяндаған Жұматов Ғаббас. Суреттегі бір аяғынан шайқаста айрылған майдангер Фурсов Владимир Иванович, бүгінгі Аль-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің профессоры, биология ғылымдарының докторы. 1941 ж. олар, - Ғаббас Жұматов пен В.И.Фурсов сол артполкта әскери қызметте еді. Ғаббас – аға да университетте бар өмірін оқытушы болып өткерді. Жауға қарсы жорығын Брест қамалынан бастап, Мәскеуге дейін Гомель қаласынан шегініп, 537-ші артиллериялық полкта (Бас командованиенің резервіндегі) Венгрия арқылы Австрия астанасы Вена қаласында Жеңіс күнін қарсы алған. 1941 ж. 7-қарашадаға Қызыл алаңда өткен тарихи шеруге (парадқа) қатысқан.

Әбдірашит Бектемісов өз кітабында Ленинград қаласының он жеті айға созылған жау қоршауын бұзуға Волхов майданының жауынгерлерінің ерлік пен батылдыққа толы шабуылдарын мақтанышпен, жүректен шыққан қуанышпен жеткізген. Сол айбында қызыләскерлер қатарында қандыбалық неміс-фашистерін аяусыз тал қандауға шақырған, үлгі болған қазақтың ақын-жазушыларын да бүгінгі ұрпаққа жеткізген. «Жас офицер жер бауырлап жылжып келеді. Қолында автомат, белінде граната. Кезінде – ышқындаған ыза жалыны, кеудесінде - қайнаған кек. Алдыңғы шептен жаңбырдай жауған оққа да қарайтын емес, аспаннан ұли түсіп, құлақ тұндыра жарылған снарядтарды да елең етпейді. Омырауымен жер сызып, алға қарай өршелене ұмтылады. Ол айналасын қоршаған, жасыл жапырақ жамылған орманға да назар салмайды. Автоматтан оқ, жаудырып, граната лақтырады. Жау өліспейберіспек емес. Оларда оқты жаңбырдай боратуда. Әне, тағы да бір майдандас досы оққа ұшты... Кенет сол қолы тыз ете қалғандай болды. Артынша қаруы икемге келмей, жерге сылқ етті. Қолынан қан сорғалап тұр екен. Ол бар күшін жинап, қаруын көтерді. Күллі салмақ оң қолына түсті. - Отан үшін алға! Даусы қатты шықты. Артынша бұл сөзді «ұралаған» жолдастарының даусы басып кетті. Ол әлі оқ боратып келеді. Бұл жас офицер - жиырма бір жасар жігіт, қазақтың белгілі ақыны Сырбай Мәуленов еді.

Синявино операциясы 1943 жылдың қысында аяқталды. Волхов және Ленинград майдандарының айбынды әскерлері жеті күндік қан төгіс ұрыстарының нәтижесінде, сол жылғы 18-ші қаңтарда бір-бірімен қосылып, жау қоршауын бұзып шықты. Сол 1943 жылы 8 қараша күні жауынгерлер үшін «Даңқ» ордені тағайындалды.

Командирлер, саяси жұмыс жетекшілері, газет қызметкерлері осы орден иегерлерін, олардың ерліктерін үлгі еткен. Волхов майданында «Даңқ» орденімен бірінші болып наградталғандар қатардағы жауынгер Красильников Григорий Алексеевич болғанын маршал Мерецков еске алған. 1,5 ай шамасында мерген (снайпер) Красильников 2) гитлершілердің қазасын берген. Батальон командирі аға лейтенант Ф.Рыбаков солдаттың еліне, Ақмола облысына Грийгорийдің ерлігін баяндап хат жіберген.

Қазақ Совет поэзиясы Совет Армиясының жауынгерлік сапында болып, Ұлы асулардан бірге өтті. Ұлы Армиямыздың құдіреттей қуатын, жауынгерлік жорықтарын шабытпен алғырлықпен жырлады. Талай кітап беттерінде өлмейтіндей елең жолдары қалды. Ол жолдар сол бір күндерге соғылған ескерткіш, орнатылған мұнара сияқты жылдар сайын биіктен көріне береді. Әскери тақырып – көнермейтін әр уақыт көтере беретін жаңа тақырып. Біз соңғы жылдары әскери өмірге арнап шығармаларды аз жазып жүрміз. Бейбіт күннің солдаттары алдында зор борыштымыз. Жеңіс күніне жете алмай қаһармандықпен қаза тапқан ерлерді де еске алайық. Олардың ерлік өмірлерін бейнелейтін жаңадан жырлар жазайық. Әр уақыт өзімізді солдат сапындамыз деп ұғынайық.

Сыр елінің асылы Ілиясов Нағи туралы мәліметтер мен арнайы шығармалар Қызыл-Орда және Оңтүстік Қазақстан облыстарында жазылған [17]. Облыс Орталығы Шымкент қаласындағы Жеңістің 65 жылдығы қарсаңында орнатылған «Даңқ мемориалында» (Облыс әкімі А.И.Мырзахметовтің бастамасы арқылы салынған) оңтүстік

Реакциялық ерітіндіні балқыту үшін өндірістік судың жиынтығын реакторға қосады. Бейтараптанған ерітіндіні балқыма пешінің торқты қабатында үрлегіштер арқылы мөлшерлейді. Мононатрийфосфатын термиялық дегидратация және конденсациялауда үздіксіз режим қолданылады. Пешке ерітінді қарсы тізбек негізінде табиғи газдың жануымен жіберіледі. Пештің алдыңғы бөлігінде автоматтандырылған газды жылытқышы қолданылады.

Балқыма пеші келденең тікбұрышты аппараттан тұрады, аппарат тот баспайтын материалдан дайындалған, оның жоғары беті отқа төзімді бетондармен қаланған. Пештің ішінде қазандық орнатылған, ол суды салқындату жүйесімен жабдықталған. Қазандық балқытылған шикізатпен толтырылған. Пештің соңғы бөлігінде жылытқышы орнатылған, ол ауаны жылытқышқа ауаны жеткізу үшін қажет. Пештің қарама қарсы бөлігінде фосфатты ерітінділерді еңгізу үшін форсунка және қалдық газдарды шығаруға арналған 2 қақпақты тесік (люк) орналасқан.

Пешке берілетін материал жану газымен түйіседі (қарсы тізбекті режим). Ерітіндіден жаймен су буланады да құрғақ қалдық түзіледі, оны 800–900 °С дейін қыздырады.

680 – 700⁰С температурада түзілген шикізатты ерітінді салқындатылатын цилиндрдің бетіне беріледі, онда құрғақ пленкаға айналады. Салқындатылатын материалдың қалыңдығы балқыманың цилиндрден өткен саңылауына байланысты болады [5].

Одан да жұқа балқымалы пленка тез салқындатылады да шыны тәрізді шикізатты түзеді, ол өз еркімен цилиндр түбінде жиналады, ары қарай бөлініп, шнекке өткізіледі. Егер де пленка салқындатылған цилиндрден өз еркімен бөлінбеген жағдайда (қалың қабықша), ол цилиндр бетінен пышақпен кесіліп алынады. Балқыманы тиімді салқындату режимі өңделетін балқыма мөлшеріне байланысты, сонымен қатар цилиндрдің айналу жылдамдығына байланысты болады.

Пайда болған шыны тәрізді материал винтті конвейерге араластырғыш арқылы беріледі, одан кейін винтті конвейерге балқыма сортталып жеткізіледі. Алынған өнім полипропиленді қапшықтарға 25 кг немесе жұмсақ контейнерлерге 1000 кг салынады, поддонға беріледі де дайын өнімді сақтау қоймасында сақталады.

Қорытынды. Дайын натрий гексаметафосфатының сапасы көптеген факторларға байланысты:

а) ерітіндінің металл титрінің 1,00-ден төмен төмендеуі рН төмендеуіне және натрий полифосфатындағы суда ерімейтін заттардың жоғарылауына, полимер тізбегінің ұзындығының артуына әкеледі,

б) металл титрінің жоғарылауы дайын өнімде Р₂О₅ төмендеуіне, рН жоғарылауына, полимер тізбегінің ұзындығының төмендеуіне әкеледі,

в) балқыманың жеткіліксіз температурасы ерімейтін фосфаттар құрамының жоғарылауына әкеледі,

г) балқыманың тым жоғары температурасы дайын натрий полифосфатының рН жоғарылауына, полимер тізбегінің ұзындығының артуына әкеледі.

Ғылыми жұмыста қолданыстағы натрий гексаметафосфатын өндіру технологиясында пайдаланылатын табанды ванналы пешін айналмалы барабанды пешімен ауыстырылды. Айналмалы барабанды пештердің артықшылықтарына жоғары өнімділігі мен жылу әсерінің сапасын жатқызуға болады. Оңтайлы жұмыс көрсеткіштерін таңдаумен қатар, техникалық қызмет көрсету өрттің сапасына әсер етеді.

Өндірісті техникалық-экономикалық бағалауда балқытуға арналған табанды ванналы пештің орнына айналмалы барабанды пешін өндіріске еңгізу арқылы табиғи газ бен электр энергиясының шығынының азаюы, осының есебінен электр энергиясы мен табиғи газға жұмсалатын шығындардың шамамен 15-18 % - ға төмендеуіне әкеледі.

Әдебиеттер тізімі:

1. http://www.kpp.kz/stru_podr/ndfz/
2. http://www.kpp.kz/products/prod/geksa_meta_phosphan_natria.php
3. Ахметов Т.Г. Химическая технология неорганических веществ.- М.: Химия, 2002г. В 2-х кн.
4. Бабурина М.С. «Свойства и применение гексаметафосфата натрия».

«Ниигипрохим-наука» 2000г.

5. Постоянный технологический регламент № 1 производства полифосфата натрия технического. Тараз, 2013, 58 с.

6. Жданов Ю.Ф. «Химия и технология полифосфатов». «Химия» 1979 г. 240 с.

Аннотация: Состав полифосфатов натрия представляет собой смесь конденсированного фосфата натрия, содержащего более 90% высокомолекулярных полифосфатов и 10% метафосфата; гексаметафосфат натрия гидролизуется в водных растворах, по мере повышения температуры, также по мере увеличения концентрации содержания кислоты процесс гидролиза происходит быстрее. В процессе быстрого протекания процесса гидролиза образуются соляная и азотистая кислоты. Конечным продуктом гидролиза считается ортофосфат натрия.

Гексаметафосфат натрия может образовывать плавильные смеси с ионами кальция и другими ионами металлов, в результате чего ионы кальция и железо задерживаются в растворе. Именно это помогает избежать образования карбонатов кальция и железа, которые ухудшают теплоотдачу. Гексаметафосфат натрия отличается способностью к плавлению и образованию водорастворимых примесей (хелатов) и солей Ca, Mg, Fe, Pb.

Оптимизация структуры и работы основного агрегата приводит к повышению общей производительности и снижению себестоимости продукции. В научной работе заменили поддонную ванную печь на вращающейся барабанный печь.

К преимуществам вращающихся барабанных печей можно отнести высокую производительность и качество теплового воздействия. Помимо выбора оптимальных показателей работы, техническое обслуживание влияет на качество пожара.

В технико-экономической оценке производства снижение затрат природного газа и электроэнергии путем внедрения в производство вращающейся барабанной печи вместо печи с поддонной ванной для плавки, что приводит к снижению затрат на электроэнергию и природный газ примерно на 15-18%.

Ключевые слова: гексаметафосфат натрия, полифосфат натрия, полифосфаты натрия стекловидной формы, соль Грэм, фосфат мононатрия, ингибитор коррозии, фосфаты пищевые, фосфаты дегидратационные, печь для ванн с поддоном, печь с вращающимся барабаном, пищевая добавка E-452, разрыхлитель, эмульгатор.

Abstract: The composition of sodium polyphosphates is a mixture of condensed sodium phosphate containing more than 90% of high-molecular polyphosphates and 10% of metaphosphate; sodium hexametaphosphate is hydrolyzed in aqueous solutions, as the temperature increases, and as the concentration of acid content increases, the hydrolysis process occurs faster. During the rapid hydrolysis process, hydrochloric and nitrogenous acids are formed. The final product of hydrolysis is considered to be sodium orthophosphate.

Sodium hexametaphosphate can form melting mixtures with calcium ions and other metal ions, as a result of which calcium and iron ions are retained in the solution. This helps to avoid the formation of calcium and iron carbonates, which impair heat transfer. Sodium hexametaphosphate is characterized by the ability to melt and form water-soluble impurities (chelates) and salts of Ca, Mg, Fe, Pb.

Optimization of the structure and operation of the main unit leads to an increase in overall productivity and a reduction in the cost of production. In the scientific work, the pallet bath furnace was replaced with a rotating drum furnace.

The advantages of rotating drum furnaces include high performance and quality of heat exposure.

In addition to choosing the optimal performance, maintenance affects the quality of the fire. In the feasibility study of production, the reduction of natural gas and electricity costs by introducing a rotating drum furnace instead of a furnace with a pallet bath for melting, which leads to a reduction in electricity and natural gas costs by about 15-18%.

Keywords: sodium hexametaphosphate, sodium polyphosphate, glassy sodium polyphosphates, Graham salt, mononatrium phosphate, corrosion inhibitor, food phosphates, dehydrated sodium phosphates, pallet bath furnace, Rotary drum furnace, food additive E-452, baking powder, emulsifier.

УДК: 620.197

Высоцкая Н.А., Кабылбекова Б.Н., Бекжигитова К.А.

к.хим.н., доцент, ЮКУ. Шымкент, Казахстан

к.техн.н., доцент, ЮКУ. Шымкент, Казахстан

к.техн.н., доцент, ЮКУ. Шымкент, Казахстан

ОЧИСТКА СИСТЕМ ТЕПЛОСНАБЖЕНИЯ – ВАЖНЫЙ ЭТАП В ЭЛЕКТРОЭНЕРГЕТИКЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Аннотация: В одном из основных направлений экономического и социального развития Республики Казахстан разрабатывается, модернизируется программа энергосбережения, требующая новых инновационных подходов для ее реализации.

Статистика показывает, что большинство сбоев и отказов в работе оборудования систем теплоснабжения связано с протеканием коррозионных процессов в системе при ее эксплуатации, такие перебои в системе требуют завышенных энергозатрат на устранение этих недостатков.

Опираясь на передовые достижения отечественного и зарубежного опыта по снижению энергозатрат на обогрев объектов, мы четко сформулировали свою цель и задачи исследования.

Цель наших исследований заключается в выборе правильного пути эксперимента, по подробу промывочных растворов для удаления коррозионно-накипных отложений в системах теплоснабжения для свободного прохождения теплоносителя, проведении эксперимента и обобщении полученных результатов для их реализации.

Ключевые слова: коррозионно-накипные отложения, теплоснабжения, промывочные растворы

Введение. Исследования химического состава коррозионно-накипных отложений, возникающих в трубках систем теплоснабжения и препятствующих прохождению теплоносителя [1], нами были рассмотрены и классифицированы в основном силикатные составы, на 90% состоящие из карбонатов, сульфатов и формирующиеся в виде твердых, плотных кристаллических отложений в трубах тепловых сетей и препятствующих прохождению теплоносителя [2-3]. Известно, что перерасход электроэнергии при эксплуатации теплосистем, в трубах которых при толщине коррозионно-накипных отложений до 2мм, примерно на 8-10% выше положенного [4].

Устранение коррозионно-накипных отложений, образовавшихся на внутренней поверхности трубопроводов в системах теплоснабжения, можно осуществлять различными методами, одним из которых является подбор состава промывочных растворов, с обязательным соблюдением некоторых показателей процесса [2]: неагрессивность, доступность и дешевизна промывочных растворов. При этом процессе необходимо соблюдение условий по удалению с внутренней поверхности труб исключительно только коррозионно-накипных отложений, без нанесения вреда металлической поверхности трубы [5].

Методика эксперимента. Поставленная цель по подбору промывочных растворов достигалась путем исследования качественного и количественного состава образующихся коррозионно-накипных отложений в системах с использованием растрового электронного микроскопа марки JSM-6490LV с системами энергодисперсного микроанализа INSA Energu и структурного анализа HKL-Basicc полезным увеличением 300 000 в сочетании с высокоэффективным жидкостным хроматографом Varian Pro Star [6].

С использованием возможностей микроскопа можно определять не только содержание всех элементов в анализирующих образцах в весовых процентах, а также увидеть структуру анализирующих образцов с коррозионно-накипными отложениями и правильно подойти к выбору состава промывочных растворов.

Результаты исследования. Для исследований брались образцы труб с накипными отложениями, проводился их анализ на растровом электронном микроскопе. Эти

фотографии накипных отложений затем сравнивались с коррозионно-накипными отложениями после промывки подобранными промывочными растворами.

На рисунке 1 представлены результаты исследования состава компонентов в накипных отложениях, взятых с внутренней поверхности металлической трубы системы теплоснабжения до ее промывки.

Проба 1, участок 1.

Элемент	Весовой %
O	22.00
AL	0.56
Si	0.94
K	0.15
Ca	1.13
Mn	0.43
Cu	0.77
Fe	73.78





Рисунок 1. Показатели состава коррозионно-накипных отложений и их внешний вид

Как видно из рисунка, накипные отложения имеют состав с множественными включениями, в основном силикатно-карбонатного состава.

В качестве промывочных растворов были исследованы растворы кислот: сульфаминовой, соляной, щавелевой и лимонной.

Стальные трубы с коррозионно-накипными отложениями, площадью 0,02 м² взвешивались, помещались в растворы различных кислот с концентрацией 5% масс.: в первый раствор – сульфаминовой, во второй соляной, в третий щавелевой, в четвертый лимонной кислоты и оставляли на пять часов (минимальное время очистки трубопроводов от накипных отложений на практике) при комнатной температуре. По массе железа, перешедшей с поверхности трубы в раствор кислоты, рассчитывались скорость коррозии [7]. В таблице 1 приведены данные проведенных исследований.

Таблица 1 - Показатели скорости коррозии на стальных трубах, активированных различными растворами кислот

Растворы кислот для активации поверхности	Масса железа, ушедшая с поверхности стальной трубы, г	Скорость коррозии, г/м ² час	Потери от коррозии с образца, мм/год
Сульфаминовая	0,0046	0,0110	0,0050
Лимонная	0,0199	0,0410	0,0187
Щавелевая	0,0078	0,0162	0,0070
Соляная	0,0240	0,0510	0,0230

По данным таблицы 1 построена графическая зависимость скорости коррозии на активированных различными кислот образцах.




Рисунок 2. Зависимость скорости коррозии на образцах, активированных различными растворами кислот

Скорость коррозии на активированных кислотой поверхностях стальных трубок видна четко из рисунка. Наименьшая скорость коррозии наблюдается в растворе сульфаминовой кислоты, наибольшая в растворе соляной кислоты.

На рисунке 3 приведена поверхность образца после обработки раствором сульфаминовой кислоты.




Рисунок 3. Коррозионно-накипные отложения после промывки сульфаминовой кислотой

Как видно из рисунка основная часть коррозионно-накипных отложений была удалена с поверхности трубы промывочным раствором.

Исходя из выше изложенного, можно сказать что поставленную задачу по подбору состава промывных раствора в системах теплоснабжения от коррозионно-накипных отложений, можно успешно решить, используя раствор сульфаминовой кислоты.

Выводы: 1. Методом энергодисперсионного анализа установлен состав коррозионно-накипных отложений на металлической поверхности трубопроводов в системах теплоснабжения. 2. Показана возможность растворения коррозионно-накипных отложений в растворах различных кислот. 3. Рассчитана скорость коррозии на металлической поверхности трубопроводов. 4. Указан состав кислоты для использования в промывочных растворах.

Список литературы

1. Ильин Д., Жилин В. Особенности существующих методов борьбы с солевыми отложениями и коррозией //Новости теплоснабжения. 2010.- №2.-С.3-7.
2. Балабан-Ирменин Ю.В., Фокина Н.Г., Петрова С.Ю. Защита внутренней коррозии трубопроводов водяных тепловых сетей // Материалы III научно-практической конференции «Современные методы подготовки и защиты оборудования от коррозии и накипеобразования». М.: МВЦ ЭКСПО ЦЕНТР, 2009.- С.12-20.
3. Балабан-Ирменин Ю.В., Фокина Н.Г. Исследование ингибиторов внутренней

коррозии теплопроводов с деаэрированной сетевой водой // Электрические станции.- 2007, №7.- С.37-43.

4. Глазырин А.И., Глазырин С.А., Глазырин А.А. Некоторые проблемы эксплуатации тепловых сетей и внутренних систем отопления жилых помещений /Сборник материалов I Международной научно-практической конференции «Научное обеспечение жилищно-коммунального хозяйства». Астана, 2012.- С.57-60.

5. Балабан-Ирменин Ю.В, Федосеев В.С., Бессолицын С.Е., Рубашов А.М.

О нормах ВХР для теплосетей //Теплоэнергетика. 1994.- №8.- С.30-37.

6. Акользин П.А. Предупреждение коррозии оборудования технического водо - и теплоснабжения. М.: Металлургия,1988. - 94с.

7. Патент РК № 30244. Высоцкая Н.А., Кабылбекова Б.Н., Айкозова Л.Д., Анарбаев А.А., Бекмаш Т., Кадиркулова М. Способ формирования антикоррозионных пленок на внутренней поверхности трубопроводов в системах теплоснабжения высокомодульными силикатами натрия // опубл. 17.08.2015., бюл.№8.

Түйін: Қазақстан Республикасының экономикалық және әлеуметтік дамуының негізгі бағыттарының бірінде энергия үнемдеу бағдарламасы әзірленуде, жаңғыртылуда, оны іске асыру үшін жаңа инновациялық тәсілдер талап етіледі.

Статистика көрсеткендей, жылумен жабдықтау жүйелерінің жабдықтарындағы ақаулар мен ақаулардың көпшілігі оны пайдалану кезінде жүйеде коррозиялық процестердің жүруімен байланысты, жүйеде мұндай жүктемелер осы кемшіліктерді жою үшін шамадан тыс энергияны қажет етеді.

Нысандарды жылытуға энергия шығынын төмендету бойынша отандық және шетелдік тәжірибенің алдыңғы қатарлы жетістіктеріне сүйене отырып, біз зерттеудің мақсаты мен міндеттерін нақты тұжырымдадық.

Біздің зерттеуіміздің мақсаты эксперименттің дұрыс жолын таңдау, салқындатқыштың еркін өтуі үшін жылумен жабдықтау жүйелеріндегі коррозиялық шөгінділерді кетіру үшін жуу ерітінділерін таңдау, эксперимент жүргізу және оларды жүзеге асыру үшін алынған нәтижелерді жалпылау болып табылады.

Кілт сөздер: коррозиялы-қақты шөгінділер, жылумен жабдықтау, жуу ерітінділері

Abstract: In one of the main directions of economic and social development of the Republic of Kazakhstan, an energy saving program is being developed and modernized, which requires new innovative approaches for its implementation.

Statistics show that most failures and failures in the operation of heat supply equipment are associated with the course of corrosion processes in the system require excessive energy consumption to eliminate these shortcomings.

Based on the advanced achievements of domestic and foreign experience in reducing energy consumption for heating facilities, we clearly formulated our goal and objectives of the study.

The purpose of our research is to choose the right experimental path, to select washing solutions for removing corrosion-scale deposits in heat supply systems for the free passage of the coolant, to conduct the experiment and to generalize the results obtained for their implementation.

Keywords: corrosion-scale deposits, heat supply, washing solutions

ӘОЖ: 691-1

Нурымбетова Р.У., Құдабаев Р.Б., Моминова С.М.

магистр. аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан
магистр. аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан
доктор PhD, аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан

ТҮРКІСТАН ӨНІРІНІҢ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН САҚТАУ ЖӘНЕ ҚАЛАНЫ ӨРКЕНДЕТУ

Түйін: Бұл мақалада көне тарихы бар түркі халықтарының рухани, мәдени және экономикалық саудасының орталығы ретінде Түркістан қаласының құрылысындағы қолданылып жатқан қазіргі заманауи құрылыс материалдарының ерекшеліктері мен орны қарастырылған. Қала екі ғасырдан астам уақыт бойы ең жақсы қазақ тайпалары жерленген қазақ хандығының астанасы болды. Сонымен қатар бұл мақалада Түркістан қаласының құрылыс саласындағы құрылыс материалдарының сапалылығы мен сырт шет елдік компаниялардың қала құрылысының дамуына қосқан үлестері келтірілген. Салынып жатқан нысандардың қала тұрғындары мен сырттан келетін туристтердің өміріне әсері баяндалады. Мақала жазу барысында әртүрлі дереккөздер, ғылыми еңбектер, баспа беттеріндегі материалдар, мұрағат деректері негізінде жазылған және археологиялық қазба материалдары негізінде жарияланған еңбектер қарастырылды.

Кілт сөздер: Түркістан, рухани астана, мәдениет, индустриалды зона

Кіріспе. Киелі Түркістан өңірінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыруда құрылыс материалдар индустриясының маңыздылығы зор. Түркістан қаласы жалғыз облыс орталығы ретінде ғана емес, бүкіл әлемдік халықаралық түркі рухани орталығы ретіндетанылып отыр. Бүкіл дүние жүзіне әйгілі орта ғасырдан қалған сәулет өнерінің інжу маржаны Қожа Ахмет Яссауидің кесенесі де осы Түркістанда. Бүгінгі таңда құрылысы қарқынды жүріп жатқан Түркістан қаласында көптеген жаңа нысандар бой көтеріп, тарихи нысандар қайта жаңартылуда. Бүгінгі түркістан қаласындағы заманауи салынып жатқан нысандар төмендегі 1-суретте көрсетілген.



Сурет 1. Бүгінгі Түркістандағы нысандар

Теориялық бөлім. Күн санап киелі қаланың келбеті өзгеріп келеді. Тарихи нысаналар қайта қайта жаңартылып қаланың көркін ашса, сәулеті таңқалдыратын жаңа

құрылыс нысаналардың саны күн санап артуда. Атап айтсақ, Әзірет Сұлтан кесенесінің айналасында абаттандыру жұмыстары, кесененің жанында ҚР Тұңғыш Президентінің есімімен аталатын жаяу жүргіншілер аллеясының құрылысы, «Керуен-Сарай» шығыс базары, Б.Саттарханов атындағы проспект бойында саябақ, бизнес-центрлер, жастардың білімін арттыру мақсатында ғылыми-әмбебап кітапханалар, Жеңіс саябағы, сонымен қатар қазіргі таңдағы барлық талаптарға сай келетін тұрғын үй кешендері, жаңа әуежай, басқару үйі, конгресс холл, орталық стадион, оқушылар сарайы, ойын-сауық орталықтары, жасырын хауызы бар спорт кешендері, «Rixos» қонақүйі, Қожа Ахмет Яссауи мұражайы, «Ұлы Дала» орталығы, туризм университеті, «Hampton by Hilton» қонақүйі, Этноаул және Арбат сынды құрылыс нысандары. Түркістан қаласының әкімшілік-іскерлік орталығындағы 3 мыңға жуық пәтерлі 7 қабатты 24 тұрғын үйдің 22-ін құрылысын аяқтауы қараша айына жоспарланған. Бұған қоса, 12 қабатты 45 тұрғын үйдің қабырғасы көтерілуде. Бұл үйлерді пайдалануға беру 2021 жылға жоспарланған. Түркістандықтарды баспанамен қамтамасыз ету үшін ипотекалық тұрғын үйлердің қатары артпақ.

Масштабты құрылыс жұмыстарына көптеген сапалы құрылыс материалдары, бұйымдары мен констукцияларға қажеттілік күн санап артуда. Түркістан облысының осы қажеттіліктерді қанағаттандыруға мүмкіндігі толық жетеді. Облыстың көптеген өңірлерінде негізгі құрылыс маериалдарын өндіру үшін жергілікті шикізат базасы жетерлік. Бір Түркістан қаласының өзінде «TURKESTAN» индустриялық аймағы салынды. Мұнда Польша мен Туркия елдерінің инвесторлық компаниялары құрылыс материалдары мен төмен қуатты созба сымдарын өндіру желісі қосылып жатыр. Жоспар бойынша бұл аймақтар келер жылы тағы 10 өндірістік орнына артпақ.

Облыс орталығы мәртебесін алған сәттен бастап Түркістанның ауыл шаруашылығы, кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм жоғары қарқынмен дамуда.

Қазіргі Түркістан-әлемге әйгілі Қожа Ахмет Яссауи кесенесі ғана емес, облыстың өнеркәсіптік және логистикалық орталығы. Жергілікті индустриялық аймақта миллиондаған өнім айналымы бар ондаған кәсіпорын жұмыс істейді.

Түркістан индустриалды аймағының аумағында 20 кәсіпорын жұмыс істейді.

Нәтижелер мен талқылау. Қазіргі уақытта Түркістан қаласының индустриялық аймағында жұмыс істейтін азаматтар үшін қолайлы жағдай жасау бойынша жұмыс жүргізілуде. Атап айтқанда, өңірдің жолдары асфальтталып, веложолдармен қамтамасыз етілген. Бұл мамандардың жұмысшыларға еркін қол жетімділігіне оң әсер ететіндігіне байланысты жасап отырған іс-әрекеттері. Бұдан басқа, шағын футбол алаңы мен теннис корты салынады, бұл қызметкерлерге салауатты өмір салтын тиісті деңгейде жүргізуге мүмкіндік береді. Аталған Түркістан индустриалдық зонасы төмендегі 2-суретте көрсетілген.



Сурет 2. Түркістан индустриалдық зонасы

Бүгінгі күні өзекті құрылыс материалдарының, сондай-ақ 21 ғасырдың жаңа технологияларының алуан түрлілігін ескере отырып, өндірістік және тұрғын үй объектілерін салу жылдың кез келген уақытында жүзеге асырылуы мүмкін. Әрине қатты қарда құрылыс жүргізу екіталай, егер нысан ормандық жерлерде орналасқан болмаса. Сонымен қатар, құрылыс жұмыстары кезінде ауа температурасы мен оның ылғалдылығы ерекше мәнге ие болуы мүмкін, бұл ғимарат қаңқасын тұрғызуда ғана емес, сонымен қатар көптеген құрылыс және әрлеу жұмыстарына да қатысты.

Мысалы құрылыс саласындағы ең маңызды материалдардың бірі бетон араласпасы да ауа райына тікелей байланысты. Бетондық жұмыстар негізінде $+35^{\circ}\text{C}$ аспайтын температурада немесе қысқы суық ауа райы басталғанға дейін жүзеге асырылады. Сонымен қатар, қазіргі заманғы құрылыс міндеттері көбінесе құрылыс процесін тоқтатуға мүмкіндік бермейді, сондықтан қысқы бетондау жұмыстарында арнайы аязға төзімді қоспалар қосу арқылы жүргізілуде, ал жазғы айларда аймақтарда $+35^{\circ}\text{C}$ тан аса бермейді.

Адам қызметінің ауқымы кеңейген сайын құрылыс жұмыстарының ауқымы мен күрделілігі олардың климаттық жағдайларға тәуелділігі айтарлықтай артады. Ең алдымен қазіргі Түркістан қаласына қажетті маңызды назар аударатын құрылыс бөлігі бұл ғимараттардың сыртқы дизайні болып отыр. Осы кезеңде туындайтын міндеттердің бірі объектілер құнының негізсіз көтерілуіне жол бермеу үшін климаттық ақпараттарды тиімді пайдалану әдістерін, екіншіден жеткіліксіз беріктік немесе ыстыққа төзімділікті және т.б дамыту. Түркістан қаласындағы қазіргі жүргізіліп жатқан құрылыс жұмыстарының да қарқынды дамып, өз жемісін беруінің де бірден-бір себебі осы климаттық жағдайдың қолайлығы болып отыр.

Қорытынды. Орталық Азияның көне қалаларының бірі Түркістан өңірлік туризмнің ірі орталығына айналып, табысты дамып келеді.

Мемлекеттік қолдау мен жеке инвестициялардың арқасында соңғы жылдары Қазақстанның оңтүстігінде туризмнің қазіргі заманғы жүйесі қалыптасуда, бес жұлдызды қонақ үйлер салынууда, әлеуметтік және мәдени инфрақұрылым дамуда. Жасы 1500 жылдан асатын Түркістанда 46 ұлттың 260 мыңнан астам өкілі тұрады. Республика

басшылығының 2018 жылғы Сырдария өзенінің маңында орналасқан қаланы әкімшілік орталыққа айналдыру туралы шешімі Түркістанның дамуына оң әсерін тигізді. Бұл ежелгі елді мекенде көптеген діни және тарихи ескерткіштер, соның ішінде атақты Қожа Ахмет Ясауи кесенесі орналасқан, ол Түркістанға әлемнің түкпір-түкпірінен туристерді тартады.

Қаланың ежелгі Жібек жолы бойында орналасқандығы да Түркістанға стратегиялық мән береді. Осындай мәселелерді шешу барысында құрылыс саласының, оның ішіндегі құрылыс материалдарының сапасы өте маңызды роль атқаратыны сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі:

1. https://www.inform.kz/kz/aydos-ukibay-turkistan-ozinin-bay-tarihynda-munday-aukyndy-kurylysty-korgen-emes_a3787605
2. <https://egemen.kz/article/187397-turkistan-oblysynda-ush-industrialdy-aymaq-damytylady>

Аннотация. В данной статье рассмотрены особенности и место применяемых современных строительных материалов в строительстве города Туркестан как центра духовной, культурной и экономической торговли тюркских народов с древней историей. Более двух веков город был столицей Казахского ханства, где похоронены лучшие казахские племена. Кроме того, в данной статье представлена информация о качестве строительных материалов в строительной отрасли города Туркестана и о вкладе зарубежных компаний в развитие градостроительства. Рассказывается о влиянии строящихся объектов на жизнь горожан и приезжих туристов.

В ходе написания статьи были рассмотрены труды, написанные на основе различных источников, научных трудов, материалов на печатных страницах, архивных данных и опубликованные на основе материалов археологических раскопок.

Ключевые слова: Туркестан, духовная столица, культура, индустриальная зона

Abstract. This article discusses the features and place of modern building materials used in the construction of the city of Turkestan as a center of spiritual, cultural and economic trade of the Turkic peoples with ancient history. For more than two centuries, the city was the capital of the Kazakh Khanate, where the best Kazakh tribes were buried. In addition, this article provides information about the quality of building materials in the construction industry of the city of Turkestan and the contribution of foreign companies to the development of urban planning. It tells about the impact of the objects under construction on the lives of citizens and visiting tourists.

In the course of writing the article, works written on the basis of various sources, scientific works, materials on printed pages, archival data and published on the basis of archaeological excavations were considered.

Keywords: Turkestan, spiritual capital, culture, industrial zone

ТҮЛҒАТАНУ
ПОЗНАНИЕ ЛИЧНОСТИ
COGNITION OF PERSONALITY

ӘОЖ: 330.81

¹Жуманова Г.М., ¹Кожамкулова И.Е., ²Нурсой М.

¹магистр, аға оқытушы М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

¹экон.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

²экон.ғ.д. университет Мугла, Турция

АБАЙДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСЫ

Түйін: Мақалада авторлар Ағартушы-ақынның ғылым мен білім ең алдымен мәдени артта қалушылықтан шығуға, сонымен қатар патриархалдық-феодалдық қоғамның кертартпа кеселдерінен құтылып, қазақтардың еркіндік алып, басқа халықтармен терезесі тең болуға жеткізетіндігін көрсетеді. Яғни белгілі бір халықтың мәдениеті, ғылымы, өнері елінің экономикасымен тығыз байланысты екенін жақсы түсінді. Сондықтан да ол адам дәулет жинауға, бай болуға ұмтылуы керек, сол арқылы ғана кейін білім алып, ғылым бұлағынан сусындай алады, өйткені, ғылымсыз рахат жоқ деп түсінген. Сайып келгенде, Абай әлеуметтік-экономикалық көзқарасын әрқашанда ашық білдіре отырып, оны өсиет етіп, болашаққа аманат етеді. «Мал таптың, байыдың. Сол малды сарып қылып, ғылым табу керек. Өзің таба алмасаң, балаң тапсын. Ғылымсыз ахирет те жоқ, дүние де жоқ».

Абай шығармаларында көптеген экономикалық мәселелерді көтеріп, оларды ағартушылық және демократтық көзқарас тұрғысынан шешеді. Ол көшпелі шаруашылықты жете білетіндіктен де Қазақстанды экономикалық жағынан дамытуға байланысты озық ойлар ұсынды. Өзінің тарихи жағдайлардан туындайтын кейбір шектеулеріне қарамастан, бұл пікірлер қазақ халқының қоғамдық-демократиялық қозғалысына қосылған қомақты үлес болып табылатын ұлттық сананың оянуында үлкен қызмет атқарды.

Кілт сөздер: экономикалық пайымдау, сауда, шаруашылық, тұрмыс-салты, егін салу, нарық, білім, еңбек, мәдениет, еркіндік

Кіріспе. Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің алғашқы негіздерін қалаған шақта қазақтың ұлы бабаларының игі дәстүрлеріне жаңаша үңіле қараған жөн. Бүгінде басқа елдермен тең құқылы қарым-қатынас орнатып, дербес экономикалық саяси даму жолына түскен Қазақстанның өткен тарихында даналар мен өмірдің әр саласын сараптаған ойшыл-ғұламалары аз болмаған. Солардың бірі – ұлы тұлға, хакім-философ, қазақтың алғашқы ағартушы-демократы Абай Құнанбаев.

XIX — XX ғасырларда өмір сүріп, талай шығармаларын ұрпақтарына өсиет етіп қалдырған ғұлама ақын Абай Құнанбаевтың экономикалық мәдениетін бүгінгі нарықтық экономикамен ұштастырған абзал. Өйткені оныңөлеңдері мен сөздеріндегі көзқарастың экономикалық қағидаларға тоғыстыруға әбден болады. Оған мысалдар ақын поэзиясынан да, қарасөздерінен де көптеп табылады. Оның ойы айқын, тұжырымды әрі мысалдар арқылы түсінікті. Халықтың экономикалық өміріне, тұрмыс-салтына салыстырмалы түрде сипаттама беруі ұлы ақынның негізгі ерекшелігі.

Теориялық талдау. Ұлы Абай шығармаларының қамтитын тақырып төңірегі кең ауқымды. Қазақ болмысына бекіген, халық тіршілігінде, мінезінде табылатын бар қыр-сыр терең қозғалады. Абайтанушылар ақын шығармашылығын тақырыптық тұрғыда зерттеуді тоқтатқан емес. Бұл заңды да. Абай шығармаларын өсу жағынан, хронологиялық тұрғыдан, эволюциялық жолын ашу, тақырыптық салмағын тексере түсу керек. «Абайтану» ғылымының қазіргі сатысында ойшылдың туындыларының жанр өзгешеліктері аз екішеліп тексерілгендіктен оларды аталған сала зерттеушілері былайша жіктейді:

1. Абайдың лирикасы (ақынның көпшілік шығармасы осы жанрды қамтиды);

2. Абайдың поэмалары;
3. Абайдың аудармалары;
4. Абайдың қарасөздері;
5. Абайдың композиторлық еңбектері. [1, 238]

Абай шығармаларының қай дәуірдегі, қай түрін тексергенде де, ондағы әлеуметтік, тарихтық, мәдениеттік озғын қасиетіне, көркем-шебер классикалық өзгешеліктер нақтылы зерттеумен қатар, ақын өмір сүрген қоғамдағы қайшылықтар, кемшіліктер де нақтылы түрде ашылып жатыр. Соңғы уақытта ғалымдардың назарына ілігіп, бас көтерген таным-түсінік Абай шығармаларындағы экономикалық сипат болып отыр. Абайтанушы, ғалым Мекемтас Мырзахметұлы 2020 жылы жарық көрген «Абайтану дәрістерінің дереккөздері» атты еңбегінде ақын шығармаларындағы «шаруа» сөзін экономика ұғымына телиді. Сөзімізге «Замана, шаруа (экономика)» күнде өзгеріп отырады» деген тармақ тұздық. [1, 221]

Тәжірибелік бөлім. Негізінде ақынның шығармаларындағы экономикалық көзқарастарын дара тақырып ретінде зерттеу толыққанды жүзеге аспаған. Абайдың тұтас идеясын немесе белгілі салаға пікірталасын, мәселен философиялық пайымын сөз еткенде, зерттеушілер оның экономикалық түсінігін, әдетте, ерінбей еңбек етуге, тән мен жанды басқан бойкүйездіктен бойды алыс ұстап, көзсіз, мақсұтсыз малшылыққа тоқтау салуды, сонымен бірге, сауда-саттыққа ден қою, жер бағып, егін салу, қолөнердің бабын келістіру секілді үгіт – насихат шеңберінде қарастырады. Ішкерілей зерттеп, экономика теория биігінен көтере талдау жүргізу өз дәрежесінде емес. Шынтуайтында, ақынның шаруашылық (экономикалық) көзқарастары басқа да ұстанымдары сияқты шығармашылығының белгілі өрнегін, тілдік қорын құрайды. Мәселен, өлеңдері мен қара сөздерінде ақын «бай», «байлық», «базар», «еңбек», «смет», «сауда», «сату», «пайда», «мал», «сомалап ақша», «алтын», «есеп» тағы басқа экономикалық терминдерін қолданған.

Абайдың экономикалық таным, көзқарасын бұған дейін зерттеушілер экономикалық пайымдары ақынның өлеңдерінен гөрі лұғатында (қара сөздерінде) жетік әрі анығырақ жеткізілген деген пікірді айтады. Дегенмен, біз, тақырыпты зерттеу барысында өлең шумақтарында да экономикалық көзқарастардың біразын анықтадық. Біздіңше, ойшылдың аталған салаға көзқарасы өлеңдері мен қара сөздері таразыда тең. Ескеретіні, ақын экономика түсінігін өзі өмір сүрген дәуірдің шындығынан мысал келтіре отырып, болашақты да байыпты болжай білген. Асылында, Абай шығармалары кез-келгеннің тығырыққа тірелгенде, өрнекті өлең іздегенде, сындарлы шешімді қажет еткенде, өмірдің сан соқпағында адастырмас бағдаршамды керек еткенде сүйенетін, сүйетін асқар шыңы. Осы тұрғыда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Абай әлемі бізді жеті түнде адастырмас Темірқазық іспетті. Соған қарап тірлігіміздің дұрыс-бұрысын сараптай аламыз», - деп ой түйеді. [2, 3]

Нәтижелер мен талқылау. Ақын Абай өзі өмір сүрген заманның экономикалық қуатын төрт түлік малмен бағалайды. Алайда арын, жанын малдан жоғары бағалап, өмірдің бар рахатын соған теңейтіндерге налиды. «Мал үшін тілін безеп жанын жалдап, Мал сұрап біреуді алдап, біреуді арбап... Қайда бай мақтаншаққа барған таңдап, жиса да, бай болмапты, қанша малды ап.» [2, 97] Абай жанын жалдап, өзгені алдап немесе ұрлық-қарлықпен келген малдың қайыры болмайтындығын көп айтады. Тағы да ақынның өз сөзіне жүгінсек, мұндайдың «Пайдасынан бой суыт», - дейді. [2, 147] «Мал бақпақтық шаруа боп, Адал тауып асықпай. Құр айғаймен әуре боп, Өнердің жайын баса ұқпай». [2, 148] Демек ойшыл адалдан еңбек етпей экономикалық жағдай тұрақты болмайтынын баса айтады. Ондайлар «Мал жияды мақтанын білдірмекке», «Мақтанға бола жиям деп, Жылқы үшін жұртқа бас ұрма» [2, 289] деп қорытады. «Ақыл бітпес дәулетке, Дәулет бітпес келбетке» [2, 214]. Яғни, қанша жерден жаратуға қимай, мақтангершілік үшін жиған малбір жұттық екенін, еңбек етпесең құр келбетке дәулет бітпейтінін шегелейді.

Білгір философ болашақтың байлығы, экономикасы тек білім мен өнермен ғана қанат жаятынын көрегендікпен деп айтады. «Тұрлаусыздың қолынан не келеді, Ынтасыз қайтып өнер үйренеді? Еңбегі жоқ, еппенен мал табам деп, Сендіре алмай, сене алмай сенделеді» [2, 240]. Ұстанымы осы тармақтағы мағынаға саятын жандарға «Пайда көрсен бас ұрып, мақтанды іздеп қайғы алма» деп кеңес береді. Ұлы ақын пайдалы байлықтың кілті еңбек дейді. «Еңбек жоқ, харекет жоқ қазақ кедей» болмақ. [2, 258]. Әлеуметтік ахуал дұрыс болу үшін «Жалға жүр, жат жерге кет, мал тауып кел, Малың болса, сыйламай тұра алмас ел» дей келе, «Тәуекелсіз талапсыз мал табылмас, Еңбек қылмас еріншек адам болмас, Есек көтін жусаң да, мал тауып кел, Қолға жұқпас, еш адам кеміте алмас... Еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас, Қардың суы сықылды тез суалар» [2, 259]. Бұл ойда да Абайдан асып айта алмаспыз. Демек, «Еңбек қылсаң ерінбей, тояды қарның тіленбей». Осы өлең жолдарын қазіргі заман көшіне ілестірсек, кәсіптің көзін, еңбектің ебін тапқан елдің, жер асты, жер үсті байлығын өзі игеріп, өзі меңгерген елдің экономикалық жағдайы шатқаяқтамайды. Ақын мысалдарынан аңғарсақ, халқын «Көгалды қуып, ән салып» жүретін шегіртке болмай, «Жаның үшін шаруа» ететін құмырсақадан үлгі алуға шақырады. «Ауызға келіп түс дейміз, Қылып жүріп құр салдық» тармақтары да шегірткенің күйін кешпей, дайынға қол жаймай, байлықтың, барлықтың кілтін еңбектен табуға үндейді [2, 148]. «Тамағы тоқтық, Жұмысы жоқтық, Аздырар адам баласын» [2, 127] деген ұлы ақын «Жан аямай кәсіп қыл» деген тоқтам ұсынады. «Орынсыз ыржаң, Болымсыз қылжаң, Бола ма дәулет нәсіп бұл?» тармақтарымен жоғарыдағы ойды жалғай түседі. Дана Абай бір кәсіп пен шаруаға байланбай, экономикалық халді түзеудің жолы ретінде «Сегіз аяқ» өлеңінде тиянақты білім, адал сауда, егін салуды көрсетеді:

Егінні ебін,
Сауданың тегін
Үйреніп, ойлап, мал ізде.
Адал бол – бай тап,
Адам бол – мал тап,
Қуансаң қуан сол кезде. [2, 127]

Ал кері жағдайдағы кедейлік, тұрлаусыз экономиканың қазығын ақын «еріншіктікке» әкеп қағады. «Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік бәрі осыдан шығады». [3, 18] Кісіні еңбек қыюып, мал табуға ұйытқанда, Абай оның мал тауып, мыңғырған бай болуын мақсат етпейді. Мал тауып байлығын адамның «сол малды сарып қылып, ғылым табуы керектігін» насихат етеді. «Дүние де өзі, мал да өзі, Ғылымға көңіл бөлсеңіз», - деп адам баласының малын сарып етіп тапқан білімі экономикалық қуаттылыққа бастайды. [3, 152]

Ойшылдың экономикалық көзқарастары қара сөздерінде де кең көрініс табады. Лұғатының ішіндегі үшінші сөз, он бірінші сөз, отыз үшінші сөз, қырық екінші сөз біздің нысаналы зерттеу тақырыбымызға арналады. Талаптан бастау алған еңбек пен білім ұштасса, шаруа да қоя аяқтан нық тұрады. Ақын әуелгідегі экономикалық көзқарасы кәсіптің бірнеше саласын қамтиды: а) мал бағу; ә) қолөнер үйрену; б) егін салу; в) сауда жасау; г) оқу оқып, білім алу; д) ұстаздық қылу. Осылайша ақын мал тапқысы келген кісінің, экономикасы күйлі елдің мал табу, кәсіп ашу жолдарын, оны жұмсаудың жайын шығармаларында жіліктеп береді. Ақынның: «Егер мал керек болса, қолөнер үйренбек керек. Мал жқтайды, өнер жұтамайды. Алдау қоспай адал еңбегін сатқант қолөнерлі – қазақтың әулиесі сол» [4,102] «Өнер өзі де мал, өнерді үйренбек – өзі де ихсан. Бірақ ол өнер ғадаләттан шықпасын» [4,102-103] деген ойлары жоғарыдағы пікірлерге өзара тоғысып, экономикалық көзқарасы кемелдене түседі. Шаруа шайқалмау үшін «егін, сауда, өнер, ғылым секілді нәрселерге салыну керек» , - дейді. Сөйте отырып, халқына «еңбектің ебін, сауданың тегін үйреніп», «ар сатпай, еңбекті сатуды» үлгі етеді. «Адал еңбекпен мал іздемек – ол арлы адамның ісі». [4,52] «Бай барын бағып, кедей жоғын іздеп ел секілденіп іс қылса» экономика да аумалы-төкпелі бола қоймас. Ақынның он жетінші сөзіндегі мына

тармақ ойымызды жалғай түседі: «Тоқ тіленші – адам сайтаны. Харекетсіз сопы – монтаны». [4,71]

Қорытынды. Сонымен Абай замандастарына мал табуға қарсы кеңес бермейді. Керісінше, мал байлап, қажет шақта малды білімге арнауға талап қылады. Себебі ақын түйсігі болашақтың іргелі экономикасы білімді азаматтардың қолымен құрылатынын білді. Абай заманындағы қазақ экономикасының жалғыз сарындылығы мен тар өрістілігі ойшылдың аталған тақырыптағы аяқ алысының алшаң болуын терең қамти алмайды. Дегенмен де, Абайдың экономикалық көзқарас-пайымы еліміздің экономикалық теориясының болмысқа сай тарихының әліпбиі бола алады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мырзахметұлы М. Абайтану 3 том. Алматы, 2020, 462 бет
2. Абай шығармаларының академиялық толық жинағы 1 том. Алматы, 2020, 632 бет
3. Дәдебаев Ж. Абайдың антропологиясы. Алматы, 2014, 236 бет
4. Абайдың қара сөздері. Алматы, 2015, 120 бет

Аннотация: В статье авторы отмечают, что наука и образование поэта-просветителя, прежде всего, ведут к преодолению культурной отсталости, а также к избавлению от стигмы патриархально-феодального общества, обретению свободы казахов и равноправия с другими народами. Абай понимал, что культура, наука и искусство определенного народа тесно связаны с экономикой страны. Поэтому он понял, что без науки нет удовольствия, потому что только тогда человек сможет стремиться накопить богатство, разбогатеть, а затем пить из источника науки. В конце концов, Абай всегда открыто выражает свои социально-экономические взгляды, завещает их будущему. «Вы нашли скот и разбогатели. Нам нужно потратить его и познать науку. Если вы не можете познать ее самостоятельно, дайте возможность ребенку. Без знаний нет будущего».

В своих произведениях Абай поднимает многие экономические вопросы и решает их с точки зрения просвещения и демократии. Он также предложил передовые идеи для экономического развития Казахстана, так как ему удалось достичь кочевой экономики. Несмотря на некоторые ограничения исторического контекста, эти взгляды сыграли значительную роль в пробуждении национального самосознания, что является значительным вкладом в социал-демократическое движение казахского народа.

Ключевые слова: экономическое видение, торговля, хозяйство, образ жизни, земледелие, рынок, образование, труд, культура, свобода

Abstract: In the article, the authors note that the science and education of the poet-educator, first of all, lead to overcoming cultural backwardness, as well as to getting rid of the stigma of patriarchal-feudal society, gaining freedom of the Kazakhs and equality with other peoples. Abai understood that the culture, science and art of a certain people are closely connected with the economy of the country. So he realized that without science there is no pleasure, because only then can a person strive to accumulate wealth, get rich, and then drink from the source of science. After all, Abai always openly expresses his socio-economic views, bequeaths them to the future. "You found cattle and got rich. We need to spend it and learn science. If you can't learn it on your own, give it to your child. Without knowledge, there is no future."

In his works, Abay raises many economic issues and solves them from the point of view of education and democracy. He also offered cutting-edge ideas for Kazakhstan's economic development, as he managed to achieve a nomadic economy. Despite some limitations of the historical context, these views played a significant role in awakening national consciousness, which is a significant contribution to the social democratic movement of the Kazakh people.

Keywords: economic reasoning, trade, economy, lifestyle, Agriculture, Market, Education, Labor, culture, freedom

ӘОЖ: 541.08

Сайдуллаева Н. С.

физ-мат.к, доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан

**АРМАНЫ АСҚАҚ КӨШТІҢ КЕРУЕНБАСЫ.
ҚҰДАЙҚҰЛОВ АНАРБАЙ ҚҰДАЙҚҰЛҰЛЫНЫҢ –
ҒАЛЫМ, АКАДЕМИК 70 - ЖАСТА**

Түйін: Мақала ғалым, физика-математика ғылымдарының докторы, академик Құдайқұлов Анарбай Құдайқұлұлының 70 жылдығына арналған! Тек барлар әр түрлі өмірлік соқпақтар, кім қабілетті ауыстыру ауыртпалығы мен қиындықтарын, тура алдарынан өмір, мүмкін өкілі өз қабілеттері мен мүмкіндіктері. Айтқым келеді, өз мұғалім, ол өмір сүру мақсаты емес, жинау әлемі, ал қол жеткізуге шындыры ғылым және білім беру, рухани ата-аналар, атақты еңбегі өз елінің атақты көптеген жетістіктер қалдыру неизгладимый след в памяти өз шәкірттерінің. Мүмкін, бұл жас ұрпаққа ғылым мен білім жолында тек тынымсыз ізденіс пен жанқиярлық еңбекпен қол жеткізуге болатындығын түсінуге көмектеседі, және әрбір жетістік сіздің өмір жолыңыздағы бақыттың бір бөлігі. Мүмкін, өскелең ұрпаққа ғылым мен білім жолында тек тынбай ізденіс пен ерінбей еңбекпен қол жеткізуге болатынын және әрбір жетістіктің өмір жолындағы бақыттың бір бөлшегі екенін түсінуге септігін тигізеді.

Кілт сөздер: ғылым, білім, өмір, тәжірибе, шығармашылық, мұғалім, ұрпақ, жетістік, ұрпақ, оқушылар.

Текіден текті туады
Тектілік ұрпақ куады
Тегі мықты болғандар
Өмірдің өзегін ұғады.
Мұнарасында өмірдің
Қасқайып биік тұрады

Кіріспе. Өмірдің қиралаң соқпақтары әрқилы, өмірде кездесетін ауыртпалықтары мен қиындықтарын көтере алатын жандар ғана қабілеті мен мүмкіндігін шыңдай алады. Өмірде алдына қойған мақсаты дүние жинау емес, ғылым мен білім шыңына жетуді мақсат етіп, ата-анасының арманын орындаған, еліне еңбегін сіңірген, көптеген жетістіктерге ие болып, ұрпақтары мен шәкірттері есінде өшпес із қалдыруға ат салысып жүрген, құрметке әбден лайық ұстазым жайлы айтқым келіп отыр. Мүмкін, өскелең ұрпаққа ғылым мен білім жолында тек тынбай ізденіс пен ерінбей еңбекпен қол жеткізуге болатынын және әрбір жетістіктің өмір жолындағы бақыттың бір бөлшегі екенін түсінуге септігін тигізеді.

Адамның өзі алдына осындай мақсат қойып, ұмтылатын болса, өмір соған қалыптастырып жағдай жасайды екен. Университет қабырғасында оқып жүрген сәтте-ақ бізге дәріс беріп жүрген ұстаздарға қызыға қарайтынмын, маған ол кезде олар мен қол жеткізе алмайтын тылсым ғылымның шеберлері сияқты көрінетін. Ғалым болу үшін неден бастап, не істеу керек екенін ол кезде түсіне бермейсің, ең негізі мамандығың бойынша игеруің қажет пәндердің барлығын жақсы оқуың қажет. Ол ретте, қазір жағдай мүлдем басқаша, студенттер университет аудиториясына кіргеннен бастап, ғылыми жұмыстарға араласып кетеді.

Теориялық бөлім. Бұл мақалада, менің өмірімде ғылым жолында ұстаздық еткен, ғылыми ізденістің жолын, еңбекқорлық пен шыдамдылық, табандылық жағынан үлгі болған жан тұралы жазылған.

Ғылым мен білім соқпақтарында рухани із қалдыру үшін, осы салада қызмет етіп, өмірін ғылым мен оның жолында шәкірттеріне бар тәжірибесі мен білімін өткізуде, білікті

ғалымдар өз мектебін қалыптастырады.

Ғалым-ізденуші, физика-математика ғылымдарының докторы, академик Құдайқұлов Анарбай Құдайқұлұлы, 1951 жылдың мамырдың 15-інші жұлдызында, Ташкент қаласы маңындағы Піскент ауданының Ақтөбе ауылында ата-анасының тұңғышы болып дүниеге келеді. Әкесі Құдайқұл – оқыған, білімді азамат, мақта өсіру саласында қызмет атқарып, біраз уақыт тәжірибелер жүргізген, өз ауданында сыйлы азамат және көп балалы отбасының отағасы болып жүргенде, 8-ұлды дүниеге әкеліп, отбасына қарап, балаларының тәрбиесімен айналысып жүрген жұбайы 46-жасында кенеттен келген аурудан қайтыс болады. Ол кезде, балалардың үлкені Анарбай аға, ТашГУдің- «Механика және қолданбалы математика» мамандығы бойынша бітіріп, Мәскеу қаласында аспирантурада оқып жүреді. Аспирантураны 1- жылға шегере тұрып, біраз әкесі мен інілерінің қасында болып, анасының жылын өткізіп, оқуын жалғастырып, кандидаттық диссертациясын жоғары дәрежеде қорғап шығады. Тағдырдың бірінші соққысынан шетке шығып қалмай, әкесі мен үйде қалған шиттей інілерінің болашағы үшін өзіне жүктелген аманат екенін, осы білімнің арқасында ғана оларды аяққа тұрғызатындығына кәміл сенген болатын.

Мәскеуде оқыған жылдары ол көптеген аты аңызға айналған ғылымның саңлақтарын өз көзімен көрмек түгілі олармен сұхбаттасып, дәрістерін тыңдап , ғылыми және рухани азық алады. Кандидаттық диссертациясын Ломоносов атындағы МГУ-нің «Газ жәнетолқындық динамика» кафедрасында, Ғылым Академиясының академигі Х. А. Рахматулиннен- ғылыми жетекшісі, профессор В. Ф. Демьяновтан, докторлық диссертациясын Новосибирскідегі Ғылым академиясының құрамындағы, Гидродинамика институтының «Деформацияланушы қатты денелер механикасы» бөлімінде, профессоры, академик Б.Д. Анниндерден ғылыми тәжірибелер жинақтай жүріп қорғайды.

Ғылым докторы атағын алып, ауылға қайтқан ол Ташкент қаласында орналасқан сол кездегі «Институт кибернетики, алгоритмизации, сейсмологии АН. УзССР» ғылыми ізденістермен айналысатын институтта ғылыми қызметкер болып қызмет жасайды. Ғылыми жұмыстары мен мақалаларымен көзге ілінген жас ғалым 1992 жылы Қазақстан Ұлттық Ғылым Академиясының Батыс бөлімі бойынша вице-президент лауазымына тағайындалып, жаңадан құрылған ҚР Ұлттық Академиясының құрамындағы академик Ө.М.Жолдасбеков атындағы «Механика және машинажасау институты»-да «Деформацияланушы қатты денелер механикасы» бағыты бойынша зерттеу және жас ғалымдарды дайындауда СССР ҒА академиктері Ержанов Ж.С, Айталиев Ш.М, Дайратов Т.Р, Масанов Ж.К, Алексеева Л.А, Алимжанов М.Т, Тюреходжаев А.М, Егоров А. К, Божанов Е. Т т.б., бірге ғылыми жұмыстарын жүргізеді.

1998-2004жж. аралығында М. Тынышпаев атындағы Транспорт және коммуникация академиясында «Сыртқы бөлім мен ЖОО-нан тыс білім беру» институтының директоры, 2004-2010жж. Халықаралық Қазақ-Түрік университетінде кафедра меңгерушісі, 2011-2015жж., арнайы шақырумен профессор лауазымында Гумилев атындағы Евразия мемлекеттік университетінде қызмет жасап, 2016 дан бастап қазіргі кезеңде ҚҰ ҚР Білім және ғылым министрлігі жанындағы «Ақпараттық және есептеу технологиясы» институтында дәріс оқып, жас ғалымдардың зерттеу жұмыстарына жетекшілік жұмыстарын жалғастыруда.

Құдайқұлов Анарбай Құдайқұлұлының 70-жас торқалы тойы қарсаңында, шәкірттерінің бірі ретінде өз алғысымды айтып өтуді жөн көрдім. Білімін ұштап жалғастырып, ғылым жолына түсуде – керуен басшысының, ғылымның жолын , анық бағытын тура таңдап, ғылыми тақырыбын болашақта өзекті болатындай етіп жалғауды болжайтын - көреген ғалым болуы өте маңызды, өйткені бұл бағыттар ғылым мен білім беру саласындағы өмір бойы өзекті және перспективалы болуы керек.

Осы ретте, менің өмірімнің ғылыми парақшасы осы мәселерді шешуден басталды. Маған ғылыми жетекші өзім оқып, түлегі болған Қазақ Ұлттық университетінен

профессор А.К. Егоров тағайындалды. Ол тұралы, маған тақырып таңдау талдауларындағы академиктердің тартыстарын басқа мақалада жазармын, қазіргі өзекті арқау ол – Анарбай ағайдың еңбегі! Әрине қиындықтар болды, отбасы, балалар бар, ғылыми жұмыстардың атқарылу мерзімдері бар, оның үстіне жалақы алатын қызмет бар, кейде өте қиналған кезде барлығын тастап кететіндей күйлер де болды. Түсінгенім, ғылыми зерттеу жұмыстарында сен жауынгерсің, ғылыми жетекшілерің – бұйрық беруші басшылар, жоспарға сәйкес сенің ғылыми жұмысың атқарылуы тиіс, қандай жағдай болмасын, процесс тоқтамауы тиіс.

Мен белгіленген мерзімінде мақала жазуға, конференцияларда оны апробациядан өткізуге, ғылыми мақалалар шығаруға, халықаралық журналдарға жіберуден қорықпауға, гранттық жобаларға қатысуға, конференцияларда, ғылыми кеңестерде сөйлеуге, жалпы алғанда, барлық жас ғалымдар өтетін жолын өттім.

Кейінгі жылдары өз қызметімде, ол кісінің кейбір мәселерді ерекше шешу әдістерін, әсіресе, шешімі табылмай, тығырыққа тірелген есептерді қолданбалы жуықтау әдістермен шешу жолдарын көп қолдандым.

Анарбай Құдайкүлұлының жас ғалымдар тәрбиелеу мектебінің арқасында ғылымның осы қиын жолдарынан өткенімізді және ғалымның үздік шәкірттерінің қатарында болғанымызды мақтан тұтамыз. Анарбай ағамыз әлі күнге дейін ғылым жолындағы арманы асқақ ғалымдардың көшін бастап келеді, ол кісінің басшылығы арқасында шәкірттерінің талай биік асуларды алатындары сөзсіз.

Қорытынды. Анарбай Құдайкүлұлының 70-жасқа толуымен құттықтап, творчестволық табыс тілей отырып, мынадай өлең жолдарымен аяқтағымыз келеді:

Армысыз аға Анарбай Құдайкүлов
Тәңірім талап берген сізге, таудай қылып,
Тілектес болып аға, сізге сүйсінеміз,
Саулығыңды әрдайым сұрай жүріп.

Бала кезден биік шыңға өрмеледің,
Қиындығың қалмады, көрмегенің.
Инемен құдық қазған бұл ғылымға,
Қуантады, қайтпай құлаш сермегенің.

Жасыңнан көріп өстің жетімдікті,
Көремін көздеріңнен сенімдікті..
Таудай талап, ерен еңбек арқасында,
Тұлға болған жансыз, аға, тегің мықты..

Жанына еріп жампоз, жайсаңдардың,
Жинақтадың тәжірибе, ой-салмағын.
Тағдырың тартқан кезде тосын сыйын,
Тәуекелге түстің, аға, тайсалмадың.

Дүние -керуен көшеді, тұра алмайды,
Арман алдан шақырып жиі алдайды..
Арманы асқақ көштің керуенбасы,
Кәдірлейді қазір бәрі Анарбайды.

Жан емес жалған сөзді мақтан қылған,
Бір өзі барша жұртты шаттандырған.
Күліп жүрсін жаныңда Күлән жеңгем,

Атыңды ерттеп,азанда аттандырған.

Жетпістің желіп шықтың белесіне,
Еңбегің жүр еленіп ел есінде..
Шаршамай шауып,аға,жүре бергін,
Жеңгеміздің шайын ішіп сәресінде.

Шәкірттерің сәлем айтты сан қаладан,
Сен арқылы атақ-даңқ арқалаған..
Атыңды айтып,күндерін ұмытпайды
Құдайқұловты кезінде қалқалаған..

Бастарынан өткізіп балалықты,
Дәріс алып,үйренді даналықты..
Ұстазы дұрыстың ұстанымы да деген,
Бұл күндері бәрі де - дара,мықты,

Нұр ойнайды,жақсы аға,жүзіңізде,
Біз де ілесіп келеміз ізіңізде.
Сексен мен тоқсанды да бір тойлайық,
Жыр оқып жүзінші туған күніңізде...

Мерейлі 70-жасыңыз құтты болсын, тойыңыз тойға ұласа берсін!

Әдебиеттер тізімі:

1. Сатанова Л.М. Қазақстан Республикасының мемлекет және құқық тарихы. Оқулық. Алматы: Білім,2010.-224б.
2. Сайдуллаева Н.С. Нестационарное колебание цилиндрических слоев взаимодействующих с вязкой и идеальной жидкостью. Монография. Шымкент. ЮКУ им. М.Ауезова. 2018,160 с.

Аннотация: Статья посвящена 70-летию ученого, доктора физико-математических наук, академика Кудайкулова Анарбая Кудайкуловича! Только те, у кого разные жизненные тропы, те, кто способен переносить тяготы и трудности, с которыми приходится сталкиваться в жизни, могут провести свои способности и возможности. Я хочу рассказать о своем учителе, который в жизни ставит своей целью не собрать мир, а достичь вершины науки и образования, исполнить мечту родителей, заслужить заслуги своей страны, заслужить много достижений, оставить неизгладимый след в памяти своих потомков и учеников. Возможно, это поможет подрастающему поколению понять, что на пути к науке и образованию можно достичь только неустанным поиском и самоотверженным трудом, а каждое достижение - это частичка счастья на вашем жизненном пути.

Ключевое слово: наука, образования, жизненный, опыт, творчество,учитель, поколение, достижение, поколение, ученики.

Abstract: The article is dedicated to the 70th anniversary of the scientist, Doctor of Physical and Mathematical Sciences, Academician Kudaykulov Anarbay Kudaykulovich! Only those who have different life paths, those who are able to endure the hardships and difficulties that they have to face in life, can pump their abilities and capabilities. I want to tell you about my teacher, who in his life aims not to collect the world, but to reach the top of science and education, to fulfill the dream of his parents, to earn the merits of his country, to earn many achievements, to leave an indelible mark in the memory of his descendants and students. Perhaps this will help the younger generation to understand that on the way to science and education, you can only achieve a relentless search and selfless work, and each achievement is a piece of happiness on your life path.

Key words: science, education, life, experience, creativity, teacher, generation, achievement, generation, students.

**ӘЛЕУМЕТТАНУ
СОЦИОЛОГИЯ
SOCIOLOGY**

УДК: 316.346

Ертаев М.А.

социология ғ. к., доцент. ОҚМА, Шымкент, Қазақстан
**ЕҢБЕККЕ ЖАҢАША ҚАТЫНАСТЫҢ ҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ
ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТЫҚ БІРЛІГІНІҢ
ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Түйін: Мақалада еңбекке деген жаңа көзқарастың ұлттық-жалпыадамзаттық құндылық мәселелері қарастырылады, бұл қоғамдық өмірде белгілі материалдық-экономикалық, мәдени-рухани, саяси-идеологиялық факторлардың жиынтығы екендігі талданды. Еңбек жалпыадамзаттық құндылықтар сипатында, тарихи тәжірибе барысында ұзақ жылдар бойы қалыптасады, еңбек әрекеті барысында ол дамып, жетіліп, нығаяды. Еңбек жалпыадамзаттық құндылықтар сипатында, тарихи тәжірибе барысында ұзақ жылдар бойы қалыптасып, еңбек белсенділігі барысында жетіліп байып, нығайып отырады. Ол адамзат игілігі үшін қызмет еткенде ғана құндылыққа айналады. Қазақстан республикасының тәуелсіз дамуы барысында жұмысшылардың өз еңбектерін сүюі, ардақтауы, өмірінің мазмұнына айналдыруына және оған ықыласымен берілгендігіне байланысты екендігін атап өткен жөн. Ол адамзат игілігіне қызмет еткенде ғана құнды болады. Қазақстан Республикасының жаңа еңбек қатынастарын дамыту барысында жұмысшылардың өз жұмысына деген сүйіспеншілігі, құрметі, адалдығы, қоғамдық тәжірибенің нәтижесі екендігіне жанжақты салыстырмалы талдау жасалды.

Кілт сөздер: Құндылық-философиялық-әлеуметтанулық ұғым, құндылық – әлеуметтік тәжірибенің нәтижесі, еңбекті құрметтеу, қоғамдық тәжірибенің нәтижесі.

Кіріспе. Құндылық - философиялық - социологиялық түсінік. Ол жалпылама адамгершілік түсініктер қатарына жатады. Адамзаттың ұлы ғұламалары барлық кезеңдерде бұл түсініктің маңызын тереңірек түсіндіруге және оның өзіндік табиғаты мен ерекшеліктерін білуге ұмтылып отырған. Құндылықтың басқа да философиялық түсініктерден айырмашылығы бұл жерде қажеттілік пен кездейсоқтықтың объективтілігі оның жеке адам, тап, қоғам үшін маңызын нақты және дұрыс бейнелеуінде. Сонымен бірге, заттар мен құбылыстар бірігіп олардың жеке адам, тап, қоғам үшін маңызы артқан сайын құндылық түсінігінің маңызы да тереңдей түседі. Қорыта айтқанда құндылық, бір жағынан, табиғи құбылыстар мен процестердің, заттардың, адамдардың мақсатқа сәйкес әрекетінің шеңберіне ілініп, белгілі бір әлеуметтік мазмұнға ие болуына байланысты өзінен-өзі бейтарап жатса да пайдаға асырылуы, қажетке жаратылуы, сөйтіп қоғамдық игіліктерге айналуы. Демек, құндылық әлеуметтік практиканың нәтижесі ретінде субъект пен объектінің арасындағы байланыстан туысдайды. Ал, мұның өзі оның табиғатын ашып көрсетуге негіз болады.

Теориялық талдау. Құндылық қоғамдағы структуралық – құрылымдық элементтерімен (таптар, әлеуметтік топтар, ұлттар) тығыз байланысты. Яғни, бір тап игілік ретінде бағалайтын заттың келесі таптық әлеуметтік позициясын бейнелейтін құбылыстар бірінші орынға қойылып дәріптеледі. Демек, дүниеге көзқарастың аксиологиялық-мәнділік қасиеттеріне оның мазмұнына елеулі роль атқаратын мұраттар мен мақсаттар, адамгершілік нормалары және т.с.сияқтылар кіреді. Өйткені, олар адамдардың іс-әрекеті үшін құны болмауы мүмкін. Таптардың дүниеге көзқарасында ең алдымен тап бағыт-бағдар бере отырып, қызметке ұмтылуға серпін туғызады [1.50.]. - бұл табиғи қоғамдық өмірде белгілі болатын, адам қадірлейтін, олар үшін тиімді, пайдалы, маңызды табиғи, жеке және әлеуметтік қажеттілікті қанағаттандыруға қызмет ететін, материалдық-экономикалық, мәдени-рухани, саяси-идеологиялық факторлардың

жиынтығы болып табылады. Құндылықтардың мәні мазмұнына қарай төмендегідей классификацияларға ажыратылады:

Адам және адамзат - ең жоғарғы құндылық болып табылады:

- адамзаттың өмір сүруі үшін қажет болған табиғи мүмкіндіктер мен еңбек құралдары және еңбек өнімділігінің бірлігі материалдық өмір құндылықтары деп аталады:

- қоғамның өмірлік белсенділігі үшін қажет адамзаттың дамуы процесінде дүниеге келген әлеуметтік сала мен құрылымдар (семья, ұлт, тап, мемлекет) қоғамдық өмір құндылықтары түсінігімен бейнеленеді:

- адамдардың рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруға қызмет ететін ғылыми білімдер, философиялық, этикалық, эстетикалық идеялар жиынтығын рухани өмірдің құндылықтары деп атайды:

Құндылықтың тағы да бір ерекшелігі, ол тарихи тәжірибе үдерісінде ұзақ жылдар бойы сыннан өтіп, адамзат өз тәжірибесінде оның маңыздылығына, мәнділігіне сенім артқаннан кейін ғана жалпыадамзаттық мазмұнға ие болады. Құндылықтар заттар мен құбылыстардың барлығын оның жеке адам мен қоғам үшін маңызын объективті негізде көрсетсе, оларды түсіну мен сезіну субъективті мазмұнға ие болады. Бірақ жеке адам, қауым және қоғам игіліктері бірігіп, олардың арасындағы қарама-қарсылықтар жойылған сайын адамдардың өмірінде жалпыадамзаттық құндылықтардың мәні арта түседі. Сол себепті қоғамымыздың нарықтық қатынастар кезеңінде құндылықтарды жаңаша бағалауға, жалпыадамзаттық құндылықтарды сақтауға ерекше мән беріліп отырғандығы жай емес.

Қазақстан дамуының өзіне тән жолы, оның түп негіздерінің бірі жалпыадамзаттық құндылықтарды қадірлеу болып отыр. Халқымыздың әділеттілігі, теңдігі, тату көршілік пен достығының негізгі тамыры ғасырлар бойы сақталып отырғаны белгілі. Қазіргі кезеңнің негізгі мақсаттарының бірі осы дәстүрлерді қайта жаңғырту, оларға жаңа мазмұн мен мағына беру, заманымызға тыныштық, мәдениет және ұждан еркіндігі, әрбір адамды кемелді етіп өсіруге мүмкін болған жағдайларды әзірлеуде болып отыр. Қазақстан республикасының тәуелсіздікке қол жеткізуі, дүниежүзілік өркениетке, жалпыадамзаттық құндылықтарға деген сенімді қалыптастырды. Ендігі біздің мақсатымыз, сол құндылықтармен бұл қоғамның нақты қоғамдық даму сатыларын байланыстылық пен бірбүтіндікте қарастыра отырып, құндылықтардың нәрін сіңіру мүмкіндігіне қол жеткізуіміз керек.

Жалпыадамзаттық құндылық дегенде қоғамдық даму үшін ерекше маңызға ие болған құндылықтарды түсіну керек. Бұл құндылықтарды қоғамның дамуы процесінде барлық халықтар жасаған. Жалпыадамзаттық құндылықтарды уақыт пен кеңістікте шектеп болмайды. Жалпыадамзаттық құндылықтар адамның еңбек белсенділігінде дүниеге келетін және нақты өмірде белгілі болатын үдеріс.

Адамзат көптеген ғасырлар бойы көздің қарашығындай сақтап келген құндылықтардың маңызы мен қадірі өте жоғары. Міне осындай көпшілікке белгілі және түсінікті болған төмендегідей қорытынды шығарамыз: Адамзат жасаған құндылықтарды сақтамай, оларға сүйенбей қазіргі қоғамымыз бастан кешіріп отырған қиыншылықтардан құтыла алмаймыз. Мұны Қазақстан Республикасының елбасы Н.Ә.Назарбаев: Қазіргі заманғы дүниенің тәжірибесі кейбір дәстүрлік құрылымдар қазіргі өркениеттің арнасына етене жалғасатынын сенімді түрде көрсетіп отыр. Тәжірибесіз жаңашышдықтың да болуы мүмкін емес. Нақты осы дәстүр адамның жоғалып кетпеуіне өз тұрмысының сипатына қазіргі дүниенің күрт өзгерістеріне бейімдеуге мүмкіндік береді [2.10.] деп атап өтеді.

Бұл құндылықтардың жеке адам мен қоғам өміріндегі орны мен ролін зерттеу ең алдымен қоғамды гуманитарландыру, халықтар, ұлттар, мемлекеттер арасындағы қарама-қайшылықтарды саналы түрде шешу, дүние жүзі халықтарын үрейге үндеп отырған соғыс пен бейбітшілік, экологиялық апат, жұқпалы аурулар (СПИД), қазіргі күндегі эпиджағдай (КОВИД) басқа да проблемаларды шешуге қызмет етеді. Құндылық өз мәніне қарағанда

адамдар, әлеуметтік топтар, мемлекеттер, ұлттар және халықтар арасында саяси-идеялық және этникалық келіспеушіліктердің күшеюін жоюға қаратылған болу керек. Құндылық адамзаттың дүниені тануы мен игеруінде, өзін сол қоғамның мүшесі екендігін сезінуінде, өмірдің мазмұнын түсінуде ерекше құрал болып қызмет етеді.

Құндылықтар адамның діни, ұлттық, тілдік, тарихи, мәдени, этикалық және құқықтық көзқарастарының жиынтығы. Белгілі бір қоғамның әлеуметтік тәртібі, жеке адамның қадірі, этикалық және праволық тәжірибесі жеке адамның қоғам мен адамдар алдындағы борышы мен жауапкершілігі құндылықтар критерийімен өлшенеді. Құндылық түсінігі мәдениет, цивилизация түсініктерімен ажырамас байланыста. Олардың арасындағы жалпылық және өзіне тән ерекшеліктерін атап өту қажет. Себебі, бұл түсініктердің арасында жалпылама жақтары көп болғандықтан оларды бір негізде деп қарауға болмайды.

Құндылық түсінігінің пайда болуы көне грек елінде мәдени дәстүрлердің және қоғамның идеялық негіздерінің ыдырауы мен қадірсізденуіне байланысты болған. Афина демократиясының құлауы Сократты Құндылық деген не? деген сұрау қоюға мәжбүр еткен. Көне дәуір мен орта ғасыр философиясына құндылық түсінігіне реалдылық, ақиқат, болмыс түсініктері қосылған. Құндылық бұл қоғамдық-тарихи түсінік, яғни өтпелі кезеңдердің өзгеруі мен қабілет қарымының дамуы нәтижесінде қалыптасып, мазмұны кеңейіп отырады.

Құндылықтар заттар мен құбылыстарды ғана емес, сонымен бірге, адамның қатынастарының жеке адам мен қоғам үшін маңызын да өз ішіне алады. Бейбітшілік, әлеумет пен әлеуметтілік, әділеттілік, еңбексүйгіштік, сияқты жапыадамзаттық қасиеттер де құндылықтар болып табылады.

Нарықтық қатынастардың қалыптасуы кезеңінде болса әрбір адамның қауіп-қатерсіз, өмір сүруі, әлеуметтік жағынан қорғалуы, қолайлы еңбекпен қамтамасыз етілуі, сонымен бірге, ұлттық, жеке еркіндіктің қадір-қасиетімен қамтамасыз етілуі де жалпыадамзаттық құндылықтар арасында ерекше орынға ие болуда.

Нәтижелер мен талқылау. Көп ғасырлық тарихымыз дәлелдеп отырғанындай қазақ халқы жаңадан өзіміздің ұлттық сипатымызды дәлелдейтін алдыңғы қатарлы зиялыларымыз тарапынан жасалатын және ең маңыздысы -бүкіл адамзатқа қажетті құндылықтарымыз дүниеге келеді.

Құндылықтардың ең маңызды жағы - адам белсенділігінің өзі, жалпы еңбек белсенділігі, құндылығы болып табылады. Адамның кәсібі, білімі мен біліктілігі, интеллектуалдық әлеуеті, дүниеге көзқарасы және оның құндылықтарға қатынасы өзіне тән негізде қалыптасады және дамиды. Жоғарыда атап өткеніміздей, жалпы құндылық түсінігі адамның еңбек белсенділігі үшін қажетті, пайда келтіретін заттар мен құбылыстар сипатында дүниеге келген. Еңбек-құндылық ретінде қоғамдық міндеттерді атқара отырып, ең алдымен адамның қажеттіліктерін қанағаттандырудың, өзін-өзі белгілі етудің құралы болып табылады. Екіншіден, еңбек құндылығы қоғамдық игілік жасау міндетімен байланысты. Үшіншіден, белсенді еңбектің мәні, яғни қоғамды нығайту және дамыту функцияларымен белгіленеді. Төртіншіден, еңбек құндылығы жеке адамды интеллекті жетілдірушісі ретінде белгілі болады. Бесіншіден, еркін шығармашылық еңбек талап етіледі. Сонымен еңбек құндылығының жоғарғы білімділік сипаты адамзат жаратылысының объективті мазмұнын бейнеледі.

Еңбек қоғам үшін барлық қоғамдарға да жоғарғы құндылық болып есептелген. Субъект үшін болса, еңбек құндылығы белгілі бір қоғамдық-экономикалық жағдайға байланысты. Қоғамның даму тенденциясы, мазмұны еңбекті құндылық сипатында қалыптасуына мүмкіндік жасайды. Егер адам өзінің еңбек белсенділігі нәтижелерінен пайда көрмесе, ол еңбек өз қадір-қасиетін жоғалта бастайды. Еңбектің қадірсізденуі еңбек етушілер үшін өз мазмұнын жоғалтады, себебі құндылық қоғамдық саладан тіршілік ету түріне айналады. Тек қана жеке қажеттілікті (тұтыну саласында) қанағаттандыру үшін

ғана қызмет етеді. Яғни қандай жағдай да да ақша табу, байлықты арттыру адам өмірінің мазмұнына айналып қалады. Осы жағдайдан келіп еңбексүйгіштік ақылсыздық сипатында бағалана бастайды. Еңбектің қадірі, құндылығы қоғамдық - саяси құрылыстың қандай екендігіне тікелей байланысты деп айтуға болады. Бірақ белгілі қоғамдық жағдай еңбек бесенділігін жүзеге асырады. Адам әлеуметтік субъект болса, сол қоғамдық қатынаста еңбек етеді.

Қазақстан Республикасының тәуелсіз дамуының стратегиялық бағдарламаларының жасалуы, өзіне тән болған нарықтық қатынастардың қалыптасуының барысы - құндылықтар үшін жағдайлар жасайды деп сенеміз.

Еңбектің адам өміріндегі орны мен ролі, өмірлік құндылық және қоғамның қажеттілігі туралы айтқанда, еңбектің өмірлік құндылық сипатын қалыптастыруда жұмыссыздықты, оны тоқтату жолдарын жасау қажет екендігін ерекше атап өтуіміз керек. Жұмыссыздық бұл еңбектен жатсынудың нәтижесі. Жұмыссыздықтың экономикалық емес, керісінше әлеуметтік-рухани жағдайларының нәтижелеріне көбірек көңіл бөлу қажет. Жұмысын жоғалту әлеуметтік-психологиялық жағынан жеке адамға, семьяға және қоғамға қауіпті. Зерттеулер көрсеткендей, жұмыссыз қалған адам өзінде не болып жатқандығын сезінбейді. Алғашқы уақыттарда ол жұмысынан айырылып, қиын жағдайда қалғанын соншалық қауіпті деп есептемейді. Бұл үдеріс орта есеппен бір аптаға дейін болады. Екіншіден, жұмысын жоғалтқан адам, өз жұмысына жаман қатынаста болады. Келешек жоспарларын жасай бастайды. Бұл үдеріс бірнеше аптаға созылады. Екіншіден, бірте-бірте тынышсыздық пен қорқыныш басталады. Ол қысқа уақытты демалыстан шаршайды, ақшасы бітеді. Отбасы, тұрмыстарында тәртіпсіздік басталады. Өзіне бірнеше айлар бойы жұмыс іздей бастайды. Төртіншіден, жұмыссыздыққа көндіге бастайды. Бірақ тұрмыс дәрежесі төмендейді. Барлық күндер бір-біріне ұқсаған болып, ол үшін мереке немесе демалыс күндерінің айырмашылығы болмайды. Жұмыссыз адам үшін коммуникациялық құралдар (әлеуметтік желілер) сыртқы дүниемен байланыс және информацияның негізі болып қалады.

Жұмыссыздық - еңбекке жарамды халықтың еңбектерге өмірлік құндылықтарды табу мүмкіндіктеріне тосқауыл жасайды. Жұмыссыздық дүние жүзінің барлық жерлеріндегі негізгі күрделі болып отыр.

Адам өмірінде құндылық сипатында еңбектің орындайтын функциялары төмендегідей: - еңбек ең алдымен тендіктің негізі. Еңбек арқылы адамдар түрлі топтарға бөлінеді: - еңбек адамдар арасындағы қатынастарды байытады: - еңбек міндетті белсенділіктің негізгі көзі. Көпшілік адамдар өз еңбектерімен мақсатқа қаратылған қызмет процесін ұйымдастырады: - еңбек адамның кәсіптік шеберлігі мен шығармашылық қабілеттерінің дамуына жағдайлар жасайды. Бұл үдеріс адамның қабілеттерінің мақтанш ету, өзіне сену және өз қауіпсіздігі үшін сезімдерінің асуына мүмкіндік береді: - еңбек-уақыт өлшемі. Өз жұмысын жақтырмайтындар да мұның жағымды фактор екендігін ерекше атап өтеді: - еңбек мақсатқа қаратылған белсенділіктің негізі. Ол адамды дүниемен және басқа адамдармен байланыстырады. Жұмыс орнын жоғалтқан адам жәрдемсіз, ыңғайсыз жағдайда болады: - еңбек адам өмірі құралдарының үстінен бақылаушы және табыс табу негізі болып табылады.

Еңбек пен күнделік өмірдің басқа жақтары арасында айырмашылық болуы мүмкін емес. Адамдар өз өмірлерін еңбек ететін және зейнет жасындағы деп екіге бөледі. Дем алу, күндер, апталар, айлар, жылдар сияқты жұмыс ритмдеріне бөлінеді. Жеке адам тіршілік жасайтын орындар мынадай функцияларға бөлінеді. Олар жұмыс орны, үйі, дем алу орны. Ол еңбек уақытын қалай өткізуді ұйымдастырады. Немесе басқа адамдармен қатынас жасаудың негізгі қайнар көзі. Сөйтіп, еңбек адамның құндылығы сипатында қалыптасады. Зерттеушілердің дәлелдеуінше, еңбек құндылығы семья құндылығынан кейінгі негізгі құндылық болып табылады. Талдаулар бірінші кезекте семья құндылығы, үшінші және

төртінші кезекте материалдық игілік және жақсы тұрмыс құндылығы тұратындығын көрсетеді. Ал семья әсіресе игілік пен жақсы тұрмыспен тығыз байланысты. Семьядағы қатынас еңбектен бос уақыт арқылы жүзеге асады. Сонымен еңбек күрделі және мазмұнына қарай көп аспектілі үдеріс. Еңбектің барлық аспектілерін екі топқа бөлуге болады. Біріншісі, еңбектің жеке құндылықтармен байланысты жақтарын (еңбектің қызықтылығы, ол жерде жеке адамның өзін көрсету мүмкіндігінің барлығы, шығармашылық білімдерінің жетілуі) біріктіреді. Екіншісі, жалақы, қоршаған орта, еңбек жағдайы, басшының жақсы қатынасы болып табылады.

Қазақстанның нарықтық қатынастары кезінде еңбек қатынастары өзіне тән ерекшеліктерге ие. Еңбек қоғамдық және экономикалық дамудың негізі болып табылады. Бірақ, еңбекке басқаша тұрғыдан қарау да бар. Мысалы, Америка социологтары Х.Бейнон мен Р.Блекберилер жұмысшылардың еңбекке деген қатынасын зерттей отырып, төмендегідей қорытынды жасайды: жұмысшылардың көпшілігі өз жұмыстарын жақтырмайды. Авторлар мұның негізгі себебі еңбек базарында мүмкіндіктердің шектелгендігі жұмысшыларға олардың барлық салалардағы қанағаттануының қамтамасыз етілмегендігін деп көрсетеді. [3.21.]. Мұндай жағдайды қазіргі кезеңде республикамыздың кейбір жерлеріндегі еңбек қатынасында да кездестіру мүмкін. Қазіргі күнде жұмысшылардың өздері үшін құндылық сипатында, өмірдің негізгі мақсаты сипатында бойына сіңгендігін атап өтуге болады.

Әрбір адамды ол кім болса да және дүниеге көзқарасы қандай болмасын оның өз еңбегіне қатынасы болады. Ол еңбегіне мейіріммен қарауы немесе жаман көруі мүмкін. Шаруалар - жерге, балықшы - өзенге, жұмысшы - станокқа, мұғалім - студентіне, дәрігер - ауруға, ғалым - ғылыми теориясының жетістігіне, дүниенің сұлулығы мен үйлесімділігіне сүйсіне қарайды. Еңбектің өмірлік құндылық болып қалыптасуына тыйым салулар, түрмелер ол жердегі азаптар немесе кеңестік қоғамның теріс саясаты кері әсер етті. Мұнымен еңбекшілер еңбектен алшақтана бастады. Еңбекті дұрыс бағалау мен шаруашылық мотивациясына деген сенім жойылды. Яғни, кешегі мұрат тұтқан құндылықтар, бүгін күлкілі сияқты. Мұны ең алдымен, жастар түсінді. Бүгінгі күні олардың басым көпшілігі қызмет көрсету саласында, соның ішінде, әсіресе, терең білім мен белгілі бір мамандықты талап етпейтін түрлерінде еңбек етуге бейім. Олардың арасында еңбектенудің мұндай жеңіл түрі бизнес деп аталады. Біз таратқан анкета сұрақтарына жауап берген оқушылардың Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша 31 пайызы еңбектенудің бизнестік түрін қалаған. Анкета сұрақтарына берілген басқа жауаптардан көрініп тұрғандай, «одан әрі оқығым келмейді» дегеннің өзі, «еңбектенуден» қашқалақтаудың амалы емес, керісінше, еңбектің белгілі біртүрінде, әсіресе, бизнесте табысқа жетудің тиімді жолы ретінде қарастырылады. Бір қызығы оқушылардікі сияқты студент жастардың да «бизнеске» көзқарастары жылы. Анкета сұрақтарына жауап берген Шымкент қаласындағы жоғары оқу орны студенттерінің 29 проценті оқумен қатар күн көріс үшін кәкір-шүкір сатумен шұғылданатындықтарын жасырмаса, 30 проценттейі университетті бітіргеннен кейін таза бизнеспен айналысқысы келетіндіктерін атап көрсеткен [4.77.].

Біз таңдап алған мақаланың мазмұнын терең талдау мақсатында жастардың кәсіптік бағдар мен отансүйгіштік сезімдеріне ерекше көңіл бөлдік. Мұндай үдеріс Қазақстанның нарықтық қатынастары кезеңіндегі өзіндік ерекшеліктері мен құндылықтарын үйренуге нақты факт материал жинау бағытында жастардың еңбекке қатынас мәселесіне талдау жасауға әрекет жасадық.

Тоталитарлық Кеңес өкіметі кезінде жастарды кәсіпке баулуға және отансүйгіштік сезімге тәрбиелеуге біршама кемшіліктерге жол берілген. Яғни бір жақтама негізде жүзеге асырылғаны белгілі.

Қазақстанның егемендік алуы жоғарыдағы проблемаларды шешуге жаңа қадам басты деп айтуға болады. Мысалы, қазіргі таңда Қазақстанда іскерлік пен меншікке деген

әртүрлі қатынас қалыптасты. Нарық заманы туды. Бұл процестер жастардың еңбекке қатынасын түбірімен өзгертті. Соның ішінде кәсіпке деген қызығушылық жаңа форматқа ене бастады. Әсіресе жастар өздерінің таланты мен мүмкіндіктерін тиімді пайдаланатын кәсіпке қызығуы күннен-күнге артып отыр. Бұл қызығулар ең алдымен жастардың материалдық игілікке ұмтылдыруда. Сондықтан жастар қазіргі кезде өздерінің жеке басының материалдық игілігі мен кәсіп тандауды ұштастыруға ұмтылуда.

Көбінесе жеткіншек ұрпақ болашақ кәсібін тандағанда егеменді Қазақстан Республикасының келешегіне көп үміт артып отыр. Сол себепті мұндай көкейкесті проблемаға немқұрайлы қарамау керек. Яғни кәсіптік бағдар беру жеке адамның ғана мәселесі емес, жалпы мемлекеттік мәселеге айналуы қажет. Әрбір жеткіншек ұрпақтың қызығуын, мүмкіндігі мен қабілетін ескере отырып кәсіп тандаудың жалпы мемлекеттік формасы және бағытын белгілі жүйемен реттеп отыруы келешекте өте үлкен пайда келтіреді деп айтуға болады. Осы мақсатпен еліміздің ғылыми-техникалық дамуына қажетті кадрларды дайындаудың нақты бағдарламасын жасау қажет. Бағдарламаны жасау барысында нарыққа көшу кезеңіндегі көкейкесті проблемаларды бағдарлам ретінде ұстау қажет. Себебі жеке адамның қызығуы мен мемлекеттің диалектикалық бірлікте дамуы есепке алынбаса, біржактамалы бағдарлама болады. Осы проблемаларды шешуде кәсіптік бағдар берудегі жеке адамның қызығуын (дамыған мемлекеттердің тәжірибесін пайдаланып) нақты материал жинау үшін, социологиялық зерттеу жүргізіп, талдау жасалған қоғамдық пікірлерге көбірек көңіл бөлінуі қажет деп есептейміз.

Кәсіпке қызығушылықты қалыптастыруға тек жанұя мен қоршатын орта тана емес, сонымен қатар жалпы орта білім беретін мектептегі мұғалімдердің, тәрбиешілердің ғылыми және кәсіптік шеберлігі мен оқу бағдарламаларының да маңызы зор.

Ең алдымен жастардың патриоттық (отансүйгіштік) қасиеттеріне, яғни әрбір жастың тәуелсіз халықтың алдындағы борышы мен жауапкершілігіне көбірек көңіл бөлінді. Бұл жастардың ең алдымен кәсіпті тандатанда жеке басының қызығуын ғана емес, мемлекет алдындағы, халқы алдындағы борышын сезінуіне көмектеседі. Қазақстандағы жастардың болашағы, әрбір жеке адамның дамуы мемлекеттің стратегиялық дамуына, даму мүмкіндіктеріне тікелей байланысты екендігін ұғыну. Осы мәселені іс жүзіне асыруда білім беру саласының барлық басқыштарын жетілдіру керек.

66% оқушылар 58 % мұғалімдер пікірінше келешекте жаңа кәсіпті игеруге деген қызығушылық арта түседі деп көрсетеді. Респонденттердің басым көпшілігі жоғары білімді мамандықтардың абыройы жоғары екендігін дәлелдейді. Мысалы: 75 % оқушылар және 83 % студенттер жаңа мамандық игеруде жоғары білімнің қажет екендігін көрсеткен, ал 12 % оқушылар орта арнаулы білімді белгілеген. 72% оқушылар 80% студенттер келешекте жоғары білімді мамандықтар материалдық игіліктер жасаумен рухани даму үшін үлкен маңызға ие болатындығын көрсетеді.

Қоғамның қажеттілігін жастар жақсы түсінетінін ерекше атап өту керек. Себебі жастардың болашақ мамандығында өмірлік позициясының жақсы болуын көздейді. Құқық қорғаушы ұйымның қызметкерлерінің өмірі әрдайым қауіп үстінде. Себебі қазіргі нарыққа өтпелі кезеңде коррупция мен бірлескен қылмыс түрлері күшейіп отыратаны сыр емес. Сол себепті қазірше бұл салада жұмыс істейтін қызметкерлердің жалақысы 1.5-2 есе көп болып отыр. Бұл сала қызметкерлерінің жасырын табысы да аз емес. Осындай себептерге байланысты соңты кездері техникалық, ауылшаруашылық жоғарғы оқу орындарымен салыстырғанда құқықтану және экономикалық институттар мен университеттерге конкурс өте жотары.

Қорытынды. Жалпы социологиялық зерттеу қорытындысында кәсіптік бағдар жастардың жеке басының мотиві мен қызығуы нарықтық ғылыми-техникалық прогресін қамтамасыз етуі шарт. Себебі табалдырығына аттағалы тұрған 21 ғасырда қазақ халқының қоғамдық дамуында негізгі рольді рухани фактор иемденеді. Міне осы майданда қызмет ететін кадр ауадай қажет. Яғни аймақтың жалпы мәдениеттік ғылыми-техникалық, кәсіби

шеберлік деңгейі Қазақстан Республикасы прогресінің негізгі экономикалық, саяси және әлеуметтік тірегі болып табылады [5.20-25.].

Еңбектің өмірлік құндылыққа айналуы адамның рухани қанағаттануымен байланысты. Егер қандай еңбек болса да материаллық игіліктен басқа адамгершілік-рухани жағынан қанағаттандырылмаса, ол еңбектің әлеуметтік маңызының толық құндылыққа айналуын қамтамасыз ете алмайды. Республикамызда ұлттық құндылықтарды тіктеу, дәстүрлер, еңбек адамның қадір-қасиетін көтеру үшін олардың әлеуметтік жағынан қорғалуы, жалақысының жиі- жиі артуы еңбекке дұрыс және саналы қатынасты қалыптастаруға жақсы әсер етеді. Қазір мұндай қадам педагогтардың мәртебесі туралы заңның жүзеге асырылуы мен жалақыларының өсуі игілікті қадам деп атауға болады.

Еңбек жалпыадамзаттық құндылықтар сипатында, тарихи тәжірибе барысында ұзақ жылдар бойы қалыптасып, еңбек белсенділігі барысында жетіліп байып, нығайып отырады. Ол адамзат игілігі үшін қызмет еткенде ғана құндылыққа айналады. Қазақстан республикасының тәуелсіз дамуы барысында жұмысшылардың өз еңбектерін сүйюі, ардақтауы, өмірінің мазмұнына айналдыруына және оған ықыласымен берілгендігіне байланысты екендігін атап өткен жөн.

Әдебиеттер тізімі:

1. Нұсқабаев О. Мектеп - жас ұрпақты әлеуметтендіру институты. Алматы. Қазақстан, 1997, 50-бет.
2. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде. Алматы, 1993, 10-бет.
3. Диалектика становления коммунистического труда. Киев. 1978,21-бет.
4. Нұсқабаев О. Мектеп - жас ұрпақты әлеуметтендіру институты. Алматы. Қазақстан, 1997, 77-бет.
5. Ертаев М.А. Еңбек және еңбекке жаңаша қатынастардың әлеуметтік мәні. //Социология ғыл.канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған авторефераты, Түркістан, 2000. 20-25 беттер.

Аннотация: В статье рассматриваются вопросы национально-общечеловеческой ценности нового подхода к труду, анализируется, что это совокупность известных в общественной жизни материально-экономических, культурно-духовных, политико-идеологических факторов. Труд имеет общечеловеческий ценностный характер, формируется на протяжении многих лет в ходе исторического опыта, в ходе трудовой деятельности он развивается, совершенствуется и укрепляется. Труд носит общечеловеческий характер, формируется на протяжении многих лет в ходе исторического опыта, совершенствуется и обогащается в ходе трудовой деятельности. Она становится ценностью только тогда, когда служит на благо человечества. Следует отметить, что в ходе независимого развития Республики Казахстан от работников зависит любовь, уважение, любовь к своему труду, отношение к его содержанию и преданность ему. Он будет ценен только тогда, когда будет служить человеческому благу. Любовь, уважение, преданность работников своей работе в процессе развития новых трудовых отношений в Республике Казахстан.

Ключевые слова: ценность-философско-социологическое понятие, ценность-результат социального опыта, уважение к труду, результат общественного опыта.

Abstract: The article examines the issues of the national and universal value of a new approach to work, analyzes that this is a set of material-economic, cultural-spiritual, political-ideological factors known in public life. Labor has a universal value character, it has been formed over many years in the course of historical experience, it develops, improves and strengthens in the course of labor activity. Labor has a universal character, is formed over many years in the course of historical experience, is improved and enriched in the course of labor activity. It becomes valuable only when it serves for the benefit of humanity. It should be noted that in the course of the independent development of the Republic of Kazakhstan, love, respect, love for their work, attitude to its content and devotion to it depend on workers. It will be valuable only when it serves the human good. Love, respect, dedication of employees

to their work in the process.

Keywords: value is a philosophical and sociological concept, value is the result of social experience, respect for work, the result of social experience.

ӘОЖ: 808.5

Нуртазина А., Назанова Г.Ж., Елгонова С.Д.

оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

СӨЙЛЕУ ӘЛЕУМЕТТІК МӘРТЕБЕНІ БЕЛГІЛЕУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Түйін: Мақалада балаларды оқыту мен тәрбиелеу процесінде маңызды рөл атқаратын әлеуметтік өзара әрекеттесудегі сөйлеудің рөлі мен маңызы қарастырылады. Айналдырушының әлеуметтік рөлдері сөйлеу мінез-құлқының маңызды факторы болып табылады. Сонымен бірге функционалды тәуелділік бар: оның қатысушыларының сөйлеу мінез-құлқының сипатын анықтайтын рөлдік жағдай ғана емес, сонымен бірге таңдалған тілдік құралдар әлеуметтік жағдайды қалыптастырады және растайды. Тіл, әрине, қарым-қатынасқа қатысушылардың әлеуметтік мәртебесін бекіту құралдарының бірі болып табылады. Диалогтың әртүрлі формаларын басқаларға деген құрметтемеушілікті білдіру немесе оларды қорлау, мәртебесін төмендету, өз орнын көрсету үшін пайдалануға болады. Адамдарға дұрыс қарау үшін әлеуметтік жағдай, жыныс, жас, отбасылық қатынастар, кәсіби иерархия, нәсіл немесе жақындық дәрежесі сияқты бірнеше факторларды ескеру қажет.

Кілт сөздер: әлеуметтік фактор, рөлдік жағдай, оқу процесі, кәсіби иерархия

Кіріспе. Әлеуметтік бағдарланған қарым-қатынаста сөйлеушілер мен тыңдаушылардың әлеуметтік рөлдері сөйлеу тәртібінің маңызды факторы болып табылады. Сонымен бірге келесі функционалды тәуелділік бар: рөлдік жағдай оған қатысушылардың сөйлеу мінез-құлқының сипатын белгілеп қана қоймайды, сонымен қатар таңдалған лингвистикалық құралдар да құрылып, әлеуметтік жағдайды растайды. Тіл, әрине, қарым-қатынас қатысушылардың әлеуметтік мәртебесін белгілеу құралдарының бірі.

Біреуге үндесу, жолдамамен жүгіну - кез-келген ұлттық мәдениеттің маңызды элементі болып табылады. Тілде сөйлеу әрекетінде, қарым-қатынастың тұрақты формулалары, бай ұлттық тәжірибе, әдет-ғұрыптардың, өмір салтының, тұрмыс-тіршілік жағдайларының ерекшелігі жинақталған, өйткені әртілдің өзіндік дүниетанымы бар. Ана тілділердің сөйлеу әрекетін алғашқы әлеуметтік лингвистикалық зерттеулердің бірі адамдардың бір-біріне қалай сөйлейтіндігіне қатысты. Үндеу түрлері тиімді және сәтті қарым-қатынас үшін маңызды және бұрыннан бері қарым қатынас жағдайының өте маңызды көрсеткіші болып саналған. Сіз өзгелерге деген құрметіңіздің емес сүйіспеншілігіңізді білдіру немесе оларды қорлау, мәртебесін төмендету, өз орнын көрсету әртүрлі үндесу түрлері қолдануға болады. Адамдарға дұрыс қарау үшін әлеуметтік жағдай, жыныс, жас, отбасылық қатынастар, кәсіби иерархия, нәсіл немесе жақындық дәрежесі сияқты бірнеше ықпалдарын ескеру қажет.

Теориялық талдау. Қазақ халқы үшін үндесу түрлері өмір және тұрмыс салтына байланысты өзіндік ерекшеліктері мен айрықша белгілері бар. Отбасылық және күнделікті қарым-қатынаста үлкендерге үндесе жасай отырып, кішілері туыстық терминдердің атау түрлері қолданады, мысалы: ата, апа, әпке, әке, аға, іні. Революцияға дейін үндесуінің басқа түрлері болды: мырза, ханым, бикеш, таксыр. Бұл түрлері әлдеқашан қолдану даншыққан, бірақ қазір мырза мен ханум жоғарылау азымды тұлғаларға жүгінген кезде ресми сөйлеуге қайта оралуда. Ресми жүгінудің ең кең таралған түрі қазіргі кезде жолдас,

азамат, сонымен қатар кәсіби салада әріптес дегені қолданылады. Ресми сөз сөйлеуден емес еіскери хат-хабардафса құрметті үндесуі қолданылады [1].

Отбасы және күнделікті қарым-қатынаста ата-аналары, туыстарын емес ақсақалдары балаларға, сондай-ақжастарға: сүйіктім, қарқам, балапаным, құлыным, ботақаным және б.т. қолдауы мүмкін. Қазақша сілтемелерінің ерекшелігі жас жануарлар мен құстардың аттарымен байланысты сөздердің кең таралуы болып табылады [2].

Қазақ есімдерінің ерекшелігі - жануарлар мен құстардың атаулары аттарға айналғанына назар аударыңыз, олар қазақтардың өкілдік етуінде ерлік, батылдық, қабілет, ақылдылық сияқты қасиеттермен байланысты болды, мысалы: Арыстан (арыстан, яғни, ержүрек, арыстан сияқты), Түлкібай (түлкі және бай адам, яғни ақылды, түлкі сияқты айлакер), Бүркіт (яғни батыл, күшті, алтын бүркіт сияқты).

Үндеу сөйлеу этикетінің нормалары мен тікелей байланысты, өйткені сөйлеудің ажырамас қасиеті оның тартымдылығы, мақсатты сипаты болып табылады. Тұлғааралық қарым-қатынаста маңызды рөл атқаратын хабарламалар сөйлеуші мен адресаттың өзара әрекеттесуін жеңілдетеді және арнайы коммуникативтік еңістіккүруға көмектеседі.

Сөйлеу хабарламасын барабар қабылдау және түсіну үшін коммуникацияға қатысушылар әртүрлі тәсілдер мен коммуникацияны дамытатын құрылымдағы әлеуметтік қатынастарды белгілейді. Тікелей көрсетілімдерден басқа, сұхбаттасушылардың маңызды әлеуметтік рөлдері коммуникацияға арналған кезде, коммуниканттардың әлеуметтік мәртебесі мен рөлдік репертуарларын көрсететін жанама – әлеуметтік және символдық құралдар бар. Бұл сөздік-символдық құралдарға мекен-жайформасын таңдау кіреді. Шағым нысаны әлеуметтік иерархияны аша алады, ал әлеуметтік мәртебелер тең болған жағдайда серіктес кедеген жеке көзқарасын білдіре алады. Бұл жағдайда олар сілтеме жасап отырған адамның титулын көрсететін арнайы сөздерді қолдануға болады, мысалы, «мырза», «мырзаға», «жәке», «аға».

Тәжірибелік бөлім. Өзінің әлеуметтік мәртебесін көтермелеу үшін сөйлеуді қолдану әдістемесі әлеуметтік рөлді немесе кәсіби функцияларды сипаттайтын әртүрлі белгілер болуы мүмкін. Сонымен, көбінесе адамдардың өзін-өзі бағалауы олардың атқару қызметі атауын таңдауға байланысты артады, мысалы билет таратушы дегенше орнына «құрметті ...» немесе «қоқыс жинақтаушы» орнына «санитарлық қызметкер» жәнет.б. жүгінуге болады.

Ауызша әлеуметтік-символдық құралдар құрамына белгілі бір топтың айтылуына қасақана еліктеу жатады. Біздің тілімізді, айтылымды серіктестілге «ұнатсақ» «бейімдейтініміз» байқалады. Осылайша, ата-аналар көбінесе нәрестемен сөйлесу кезінде өзтілін «балалардың сөйлеуіне» бейімдейді. Екінші жағынан, біз басқа адамнан немесе топтан құтылығымыз келгенде, сөйлеудегі айырмашылықтарды атап өтуге болады. Мысалы, француз канадалықтары өздерінің саясаткерлеріне, егер олар мінсіз ағылшын тілінде сөйлесе алатын болса да, ашық француз акценті мен көпшілі калдында сөз сөйлеуді жөн көреді.

Сонымен, айтылу стилін таңдау сонымен қатар вербалды әлеуметтік-символикалық құралдар санына жатады. Олар ерекшеленеді: жоғары (ресми, неғұрлым ресми, алшақ деп қабылданатын сөздердің дұрыс қолданылуын және сөйлемдердің құрылысын баса айтты) және төмен (жаргон сөздермен қаныққан, жаргон қолдана отырып, ауызекі сөйлеу бейресми, достық деп қабылданады); ықпалды және әсеретпейтін стильдер.

Шешендер белгілі бірауызша тәсілдерді қолдана отырып, өзгелердің көз алдында өзіндік имиджін қалыптастыруға ықпал ете алады, мысалы, өздерін есенімді, ықпалды, сондықтан жағдайды бақылауда болады. Әсерлілік сөйлеуші сөйлемдік ұрудың келесі сөйлеу түрлерін қолданады: «Менің ойымша, бүгін түскі ас ішуге болатын шығар» деген сөздің орнына «Түскі ас ішейік», яғни сөйлем құрылымының өзі іс-әрекетті бағыттайды.

Нәтижелер мен талқылау. Қарым-қатынасты зерттеушілер бірнеше әсеретпейтін байланыс түрлерін анықтайды:

1) субъективтілікті көрсететін жалтармалы тіркестер: «менің ойымша», «менің пікірімше» жәнет.б.;

2) шешілмегендік, лингвистикалық «кекештену» («е», «хм», «сен білесің», «жақсы») сияқты ажыратылатын шылауларды қолдану): «хм, сіз өзіңіздің бір минут уақытыңызды бөле алдыңыз ба?»; «Ал, бізкөреалдық»; «Мен қалаймын - ух, егер мүмкін болса, ұсын ...»

3) сыпайы түрлері - «Кешіріңіз ...»; «Ай-бетпеңіз ...»; «Рақым етіңіз»;

4) аяқталатын сұрақтарды қолдану: «Біз қазірдің өзінде бастауға болады, сіз қалай ойлайсыз?»; «Мұнда ыстық емес пе?»; «Жағдай бәсеңдеді емес пе?!»;

5) қарқынды сөздер: «керемет», «таңғажайып», «өте» құрауышын қосып айтуға болады.

Мекен-жай стилінің өзгеруі, атап айтқанда «сен» / «сіз» түрлерін қолдану - өтініштер, өз алдына мәртебені «көтеруге» немесе «төмендетуге» бағытталған әдіс болуы мүмкін. «Сен» - түрі, ереже бойынша, бейресми, достық қатынастармен, ал «Сіз» - түріне мұқият және эмоционалды алшақтық пен байланысты. «Сен»-дегеннен «сізге» ауысу - бұл келіспеуді, иеліктен шығаруды, бас тартуды, қастықты көрсететін қастықтық стратегия. Артқа ауысу, керісінше, бейімділікті, рәсімділіктің аздығын және мейірімділікті білдіретін қабылдау стратегиясы болып табылады.

Сөйлеу этикетінің элементі ретіндегі жолданушының (апеллятива) негізгі қызметі – әңгімелесушінің назарын аудару. Бұл әңгімелесушінің негізгі белгілерін тануды жеңілдететін ең таңқаларлық этикет белгісі: жынысы, кәсіби байланысы, жасы жәнет.б. сыпайылық.

Қандай болса да тілде сөйлеу әрекетін деназараудару үшін:

1) әдеттегі бейтарап этикет түрлері: Кешіріңіз! Айып етпеніз!;

2) сыпайылықты нығайту туыстық қатынастың тақырыптық тобын Қарандасым, Сінілім, Бауырым /Інішек, інім, аға/ағатайым арқылы қосу арқылы жүзеге асырылады.

Әлеуметтік өзара әрекеттесуде сөйлеуді қарастыра отырып, біз оның балаларды оқыту мен тәрбиелеу процесінде шешуші маңыздылығын атап өтеміз. Сөйлеудің көмегімен бала едәуір дәрежеде өз ортасының мәдениетіне бейімделеді. Сөз оның өміріне қажетті әрекеттерді үйретеді. Мадақтау, жазалау, сүйіспеншілік түріндегі сөз оның субъективті күйін реттейді. Оқыту ықпалының негізгі бөлігі студенттерге ауызша түрде келеді. Баланың сөйлеу қабілетін дамыту оның мектепке дайындық факторы ретінде қарастырылады. Бастауыш білім беру жағдайындағы сөйлеу коммуникациясының өзіндік ерекшеліктері бар, бұған бастауыш мектеп пен мектепке дейінгі мекемелердегі мұғалімдер мен тәрбиешілердің сөйлеу ерекшелігі дәлел.

Тілдің балалық шақта жұмыс істеуі туралы классикалық еңбектің авторы, швейцариялық психолог Дж. Пиаже тілдің екі түрлі қызметі және сөйлеу тіршілігінің екі түрі - эгоцентрлік және әлеуметтендірілген сөйлеу бар деген тұжырымға келді.

Эгоцентрлік сөйлеу, Пиаже бойынша, кодтаудың нашар үлгісі. Бала көршілерімен үзіліссіз сөйлескенімен, өзін сирек олардың орнына қояды. Оның сұхбаты көбінесе жай ғана дауыстап ойлауға арналған. Сондықтан оның тілінде заттардағы мағыналық реңктер жетіспейді және олар қарастырылатын көзқарасты елемейді, ал түсіндіру емес, әрдайым тұжырымдар бар. Бала тіпті өзін түсінді ме деген сұрақ қояды; ол үшін бәрібір, өйткені ол сөйлеген кезде басқалар туралы ойламайды. Пиаженің айтуынша, 7-8 жасқа дейінгі балада эгоцентрлік тіл оның сөйлеу көлемінің жартысына жуығын құрайды.

Әлеуметтендірілген сөйлеу ақпаратты тыңдаушыға бейімдеуді және белгілі бір мағынада оның позициясына бейімделуді болжайды. Ересектер жалғыз қалған кезде де әлеуметтік тұрғыдан ойланады, ал балалар қоғамда, басқалармен бірге өзін-өзі ойлайды деп ойлайды.

Егер бұл тұжырымдар сөзсіз қабылданған болса, онда барлық ересектерде әлеуметтік кодтаудың мінсіз қабілеттері болады деп күтілуде. Алайда, олай емес екендігі анық. Ересектердің сөйлеу мінез-құлқындағы айырмашылықтың себептерінің бірі қарым-

қатынастың әр түрлі тәсілдерін қалыптастыратын әлеуметтік ортамен немесе тілдік кодтаудың әр түрлі стильдерімен байланысты. Сөйлеуді психологиялық зерттеуде екі код ажыратылады - шектеу (немесе шектеу) және дамыған.

Шектеу коды қоғамдастық мәдениетінің салдары болуы мүмкін немесе оны адамның кәсіби және топтық тиістілігімен анықтауға болады (мысалы, білім деңгейінің төмендігі). Мұнда «мен» емес, «біз» баса назар аударылады, орынға, берілген контекстке байланысты мағыналар басым болады, ал дерексіз ұғымдар емес. Спикер тыңдаушының не туралы екенін біледі деп болжайды. Сондықтан хабарлама қарапайым және құрылымы жағынан салыстырмалы түрде қысқа, өте шектеулі сөздік қоры қолданылады, жеке тәжірибе туралы ауызша білім минимумға түседі.

Қорытынды. Әзірленген код жекелендірілген, топтық тәжірибеден гөрі жеке тұлғаны ерекше атап көрсетеді. Сөйлеуші тыңдаушыны өзімен сәйкестендірмейді, сондықтан ол мағынаны тыңдаушыға түсінікті ету үшін бірінші болып дамытады. Бұл анағұрлым сараланған лексиканы, аналитикалық және дерексіз сөйлеу мәнерін қажет етеді. Бұл лингвистикалық код жоғары білімді адамдар үшін қол жетімді, олардың сөйлеу коммуникациясындағы артықшылығы жоғарыда сипатталған топтан айырмашылығы, екі кодты да қолдана алуынан көрінеді.

Осылайша, хабарламаларды кодтау - бұл әлеуметтік оқыту формасы, әлеуметтену процесінің бөлігі, сондықтан әрбір адам өзінің әлеуметтік кодтауын белгілі бір деңгейде жақсарту алады. Бұл идея Бернард Шоудың «Пигмалион» спектаклінде жарқын көркемдік шешім қабылдады, оның кейіпкері Элиза Дулитл өзінің сөйлеу тәртібінің, ең алдымен, сөйлеу тәртібінің өзгеруіне байланысты өзінің әлеуметтік позициясын өзгертеді.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Гольдин В.Е. К проблеме обращения как лексической категории // Язык и общество-Саратов, 1977. Вып. 4.С. 19–31.
- 2 Леонова Д.Ф. Ласковое обращение в казахском и русском языках // Филология и литературоведение. Декабрь 2011. №3.
- 3 Асылжанова, А. Б. Қазіргі жастардың сөйлеу мәдениеті // Молодой ученый. 2020. № 49 (339). С. 587-590
- 4 Ыбырайым Ә.О. Бұқаралық коммуникация тілінің әлеуметтік проблемалары. ҚазҰУ Хабаршысы. Алматы. 2014

Аннотация: В статье рассматривается роль и значение речи в социальном взаимодействии, играющей немаловажную роль в процессе обучения и воспитания детей. Социальные роли обращающегося к обращаемому выступают важнейшим фактором речевого поведения. Вместе с тем существует функциональная зависимость: не только ролевая ситуация которая задает характер речевого поведения ее участников, но и выбранные языковые средства конструируют, подтверждают социальную ситуацию. Язык, безусловно, является одним из инструментов утверждения социального статуса участников общения. Можно использовать различные формы диалога, чтобы выразить свою неуважительную любовь к другим или оскорбить их, понизить статус, показать свое место. Чтобы правильно относиться к людям, необходимо учитывать несколько факторов, таких как социальная ситуация, пол, возраст, семейные отношения, профессиональная иерархия, раса или степень близости.

Ключевые слова: социальная фактор, ролевая ситуация, процесс обучения, профессиональная иерархия

Abstract: The article examines the role and importance of speech in social interaction, which plays an important role in the process of teaching and raising children. The social roles of the person addressing the person being addressed are the most important factor of speech behavior. At the same time, there is a functional dependence: not only the role situation that sets the character of the speech behavior of its participants, but also the chosen language means construct and confirm the social situation. Language, of course, is one of the tools for asserting the social status of communication participants. You can use

various forms of dialogue to express your disrespectful love for others or offend them, lower your status, show your place. To treat people correctly, it is necessary to take into account several factors, such as the social situation, gender, age, family relationships, professional hierarchy, race or degree of intimacy.

Key words: social factor, role situation, learning process, professional hierarchy.

УДК: 004.91

¹Сулейменова Л.А., ²Айхынбай К.Т., ²Шаймерденова Г.С.

¹техника ғ.к., ОҚМПУ. Шымкент, Қазақстан

²магистр., аға оқытушы, М. Әуезоватындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан

²магистр., аға оқытушы, М. Әуезоватындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан

ЗНАЧЕНИЕ ИКТ ДЛЯ РАЗВИТИЯ СФЕРЫ СОЦИАЛЬНОЙ РАБОТЫ

Аннотация: Информационные и коммуникационные технологии (ИКТ) используются для передачи, управления и хранения информации. Экспоненциальный рост доступа к Интернету и ИКТ в значительной степени зависит от социальных, политических и экономических процессов во всем мире. Независимо от уровня практики ИКТ будут продолжать расширять возможности социальных работников и их клиентов. ИКТ получили некоторое внимание в литературе по социальной работе и учебной программе, но мы утверждаем, что этот уровень внимания не является адекватным с учетом их повсеместности, роста и влияния, особенно в том, что касается поддержания социальной этики. Значительное внимание необходимо уделять тому, чтобы социальные работники принимали участие в системах здравоохранения, включая здравоохранение. Социальные работники также обладают навыками ИКТ в рамках существующих стратегий. В этой статье также указаны потенциальные проблемы и проблемы с рекомендациями по их использованию на практике, образованию и исследованиям.

Ключевые слова: информационно-коммуникационные технологии, этика, инновации, непрерывное образование.

Введение. Информационно-коммуникационные технологии (ИКТ) широко определяются как используемые для передачи, обработки и хранения данных. Это может включать в себя электронную почту, текстовые сообщения SMS, видеочат (например, Skype) и онлайн-социальные сети (например, Facebook). Он также включает в себя все различные вычислительные устройства (например, портативные компьютеры и смартфоны), которые имеют широкий спектр коммуникационных и информационных функций. ИКТ развиваются в развивающихся странах. ИКТ нуждается в помощи для достижения восьми целей, направленных на сокращение бедности и других социальных и экономических проблем. Всемирная организация здравоохранения также рассматривает ИКТ как вклад в развивающиеся страны тремя способами:

- 1) в качестве способа обучения достижениям на практике;
- 2) в качестве механизма доставки в бедные и отдаленные районы;
- 3) повысить прозрачность и эффективность, что имеет решающее значение для предоставления услуг общественного здравоохранения.

Теоретическая часть. С ростом Интернета широкий спектр ИКТ трансформировал социальные отношения, образование и распространение информации. Утверждается, что онлайн-отношения могут иметь качества, которые являются близостью, богатством и освобождением, которые соперничают или превышают автономные отношения, поскольку онлайн-отношения, как правило, основаны на взаимном интересе, а не на физической близости[1]. Ученые утверждают, что совместные технологии, то есть взаимодействие между людьми, поддерживаемыми ИКТ, были расширены для создания новых рабочих мест и распространения ценных товаров и услуг для всех. Бесчисленные счета и источники данных показывают, что ИКТ сократили границы и расширили доступ к информации и образованию, в результате чего по вопросам образования, науки и

сокращения сосредоточилась на оказании помощи члену Государств в разработке надежной политики в области ИКТ и высшего образования.

Хотя ИКТ и рост Интернета не являются проблемами, реальность остается той, что и будет продолжать формировать глобальное сообщество. Другие дисциплины могут быть частью профессионального развития. Например, Национальная ассоциация бизнес-образования (NBEA) заявляет: «Магистр технологий - это требование, а не повышение академической, деловой и личной эффективности», а также исследования и практика в области социальной работы. Национальная ассоциация социальных работников (NASW) и Ассоциация советов по социальной работе опубликовали набор из десяти стандартов для технологий и методов социальной работы [2].

Несмотря на этот интерес к технологиям, внимание, которое область социальной работы уделяет ИКТ в исследованиях, образовании и практике, не соответствует ИКТ как обездоленным и обездоленным лицам, и необходимы для всех форм гражданского участия. CSO для социальной работы, но нет явных стандартов интеграции или обучения студентов. Обращаясь к другим социальным работникам, студентам социальной работы и преподавателям социальной работы, можно легко показать, что многие из них являются стандартами технологий NASW. Обзор учебных планов социальных работ также покажет, что ИКТ, помимо электронной почты, обычно не присутствуют в образовательной среде.

ИКТ имеют решающее значение для развития сферы социальной работы. В частности, они обеспечивают эффективные и эффективные способы организации людей и идей, а также повышения эффективности и сотрудничества нашей работы. В этом документе утверждается, что многие аспекты могут быть выполнены посредством тщательного и продуманного применения ИКТ. Таким образом, компетентность в области ИКТ и грамотности в области ИКТ должна быть результатом результатов обучения в социальной работе и непрерывном образовании. Это знание ИКТ (например, компетенции), а также знание основных понятий и языка, связанных с ИКТ [2,3]. В этих рамках в настоящем документе определены конкретные аспекты, в которых показано, как ИКТ играют решающую роль в достижении желаемых ценностей и принципов. Обсуждаются рекомендации относительно того, как ИКТ могут быть стратегически включены в класс, наряду с потенциальными ловушками.

Приложения для ИКТ значительно выросли и будут продолжать формировать социальную работу. Это уже реализовано посредством новых курсов дистанционного обучения и других стратегий для использования в классе социальной работы. Курсы, предлагаемые в Интернете, значительно помогают учащимся, которые являются дальними пассажирами или студентами с ограниченными возможностями. Как в дистанционном, так и в местном обучении, многие преподаватели используют системы управления курсом практически для каждого аспекта курса. Эти системы управления курсами часто предоставляют учащимся инструменты, помогающие изучать материал курса. Во многом из-за этих возможностей некоторые даже предположили, что ИКТ могут в конечном итоге затмить традиционный класс колледжа.

Компьютерные технологии становятся более эффективными, продуктивными и дешевыми. Достижения в области технологий - это технология, которая генерирует динамическую виртуальную сеть, которая позволяет людям общаться и обмениваться информацией друг с другом. Рост и важность технологии и виртуальной сети подчеркиваются двумя важными законами. Во-первых, закон Мура, в котором говорится, что «достижения в области интегральных схем позволят полупроводниковой промышленности удвоить количество компонентов каждые 18-24 месяца». По сути, это означает, что скорость и производительность компьютера увеличивается в два раза каждые 1,5-2 года. Хотя такой рост не может быть устойчивым на неопределенный срок, экспоненциальный рост технологий был изменен в нашем обществе и будет оставаться динамичной силой в будущих поколениях. Важно, чтобы социальные работники

понимали роль, которую играют технологии в формировании жизни клиентов и предоставляемых услуг. Второй закон, закон Меткалфа, гласит: «Значение сети все более пропорционально количеству людей, подключенных к сети». Эти быстро развивающиеся технологии и те, которые их используют, создают виртуальные сети большего размера и стоимости.

В колледжах и университетах ИКТ служат как административными, так и академическими функциями. Студенты могут выполнять различные задачи с использованием компьютерных сетей, например, помогая учреждению, включая планирование, запрос и выбор мест размещения и т.д. Что касается исследований в области социальной работы, ИКТ являются частью инфраструктуры для новых методов исследований (например, географических информационных систем, компьютерного моделирования, моделирования сети), что делает их критическими для университетских исследований и исследований. ИКТ имеют потенциально более продуктивную и эффективную среду обучения как для студентов, так и для преподавателей социальной работы [4].

Инновации являются частью мировой информации и знаний, а также накоплением человеческого опыта. Компьютерные технологии интегрированы в современное глобальное общество, предлагая широкий спектр функций и целей. Эта политика стала возможной благодаря Закону о примирении и реинвестировании 2016 года, который специально предназначен для граждан, проживающих в сельских или недостаточно обслуживаемых районах.

Поскольку использование ИКТ продолжает расти, важно осознать важность конвергенции и как конвергенция формирует передачу информации и предоставление услуг. Эта концепция относится ко всем типам информации (голос, видео, данные) и гаджетам (компьютер, бытовая электроника, телекоммуникации) будет путешествовать по одной и той же сети» [1,4]. Создание и использование смартфонов (например, BlackBerry, iPhone) является ключевым примером конвергенции, когда одно устройство имеет несколько функций и различные приложения, включая социальные сети, электронную почту, видеозапись и традиционную услугу сотового телефона.

Лица всех возрастных групп - это социальные сети. Например, сайты социальных сетей, такие как Facebook и MySpace, широко распространены и похваляются высокоактивными посетителями. К апрелю 2017 года Facebook и MySpace посетили более 100 миллионов активных посетителей. Интернет и другие телекоммуникационные сети в значительной степени зависят от социальных контекстов. В области социальной работы необходимо понять, как эти изменения влияют на все аспекты социальной работы. Что касается социальной работы, крайне важно, чтобы в такой повестке дня исследований понималось как положительное, так и отрицательное воздействие человеческого взаимодействия.

Область социальной работы - в области образования, исследований и практики. Чтобы социальные работники знали о том, что социальные работники несут ответственность за свою социальную работу, важно, чтобы социальные работники были компетентными и грамотными в ИКТ. Это позиционирует социальных работников на всех уровнях практики, помогая продвигать жизнь бесправных и обездоленных людей. Хотя многие ИКТ не смогли реализовать свой нынешний потенциал, продолжающийся быстрый рост ИКТ не изменился, но он должен понимать роль, которую он играет в повседневной жизни. Революция цифрового образования фокусируется на обеспечении компьютеры для учащихся средних школ в возрасте 9-12 лет; с высокоскоростным широкополосным доступом связи. Кроме того, политика будет поддерживать продолжение разработки контента онлайн-учебной программы, с помощью средств конференц-связи, пред-обслуживания и обслуживания профессиональной разработки для веб-портала, обеспечить участие общин в образовании. РЦО будет работать в течение

определенного периода времени, а педагоги могут ожидать значительных изменений в образовании [3,4].

Следствием этого утверждения является то, что министры начнут изучать вопросы обучения и учебные среды, которые преобразуют обучение для достижения улучшенных результатов, и социального и экономического участия. Это может привести к исследованию областей образовательного использования ИКТ, таких как педагогика, социальные сети, личность и обучение портфель, управление студентами и оценка. Глобальный поиск инновационной и эффективной учебные среды мирового уровня, которые используют ИКТ в образовании и обучении, а также творческое мышление о том, как максимизировать обучение на основе на исследованиях может быть хорошей отправной точкой. Учитывая краткое введение в роль и функции ACER, внедрение ИКТ и нынешняя национальная политика в области ИКТ образование.

Результаты и обсуждение. При обсуждении тенденций в области ИКТ практически невозможно сосредоточиться глобально из-за Интернета и его услуг, таких как WWW.

Развитие социальной сети и ее многочисленные вариаций, таких как реляционные сети, личные сети и социальные сети имеют общие связи. Ранние итерации и услуги были в основном информационными центрами. Фактически, одной из особенностей WWW была информация перегрузка, которая стимулировала разработку поисковых системами активной информации.

Некоторые примеры различных типов поисковых систем включают Google и Live, Yahoo, Dogpile, Spock, Google Scholar и Live, Academic и DMOZ Open Search Directory и Ask Jeeves. Более полный список поисковых систем можно найти в различных категориях, как Википедия. Мощность поисковых систем и доступ к информации имеет быструю и легкую форму информации, с соответствующими навыками, соответствующей, достоверной и точной информацией [5].

В период с 2017 по 2019 год ряд национальных органов по вопросам ИКТ рассмотрели тенденции ИКТ в образовании в рамках их мониторинга новых технологий.

Такой список будет включать в себя персональные цифровые устройства или устройства, такие как мобильные телефоны, MP3-плееры, портативные компьютеры, планшетные ПК, игровые устройства, сканеры, интерактивные доски, цифровые камеры и видео, RFID и цифровые телевизоры. Доступность включенных этими устройствами и веб-сервисами. Они могут включать подкасты, одноранговые сети, синдикаты контента, блоги, фотоблоги, вики, облака тегов, смарт-карты и голос поверх IP. Кроме того, был проведен ряд образовательных пакетов повлияли на принятие ИКТ в образовании [6]. Эти пакеты могут включать обучение и системы управления контентом, веб-конференции, совместное использование слайдов, карта отчета студента, портфели, виртуальные классы, обнаружение плагиата, виртуальные миры и совместные рабочие пространства онлайн.

В течение последнего десятилетия использование мобильной связи увеличилось экспоненциально.

Недостаточно доказательств того, что мобильные телефоны влияют на образование. Предлагаются две причины для этого. Во-первых, мобильные телефоны подключенных устройств удобно, то есть они используются для связи, обмен сообщениями, быстрый доступ к информации и также развлечения, включая игры. С другой стороны, компьютеры используются для коммуникации информация. Во-вторых, недавно выпущенные на рынок недорогие портативные вычислительные устройства, такие как ASUS EEE PC, Intel Classmate, Everex, HP и многие больше стимулируется проектом MIT, One Laptop per Child (OLPC) и выпуском правительствам их компьютеров XO. Эти надежные устройства для ноутбуков созданы для рынка образования некоторые они имеют, и меньше, чем клавиатуры и экраны для использования для производительности и совместной работы.

Кроме того, мобильные телефоны не имеют никакого соединения, например, адаптеры и порты с результатом что их потенциал в области производительности останется ограниченным в обозримом будущем и они останутся в комфорте личности, личной организации и развлечений.

Однако, как устройства удобства и личной организации, они могут быть полезны в образовании для ряда организационных функций, таких как информирование об отсутствии, расписания, напоминания, сроки, отслеживание библиотечных кредитов с использованием RFID и игр. Как утверждалось выше, эти функции в основном связаны с личной организацией а не производительности. Исследование использования мобильных телефонов, ограничивается убеждением рыночных сил, а не исследование, обучение или образование [6,7].

Ученые предлагают всестороннюю дискуссию об использовании мобильных технологий в образовании, в которых подчеркивается экспериментальный характер работы. Ряд исключений доступен в тематических исследованиях обучения, когда мобильные телефоны успешно используются для изучения языка и прослушивание лекций и выступлений с использованием подкастов на мобильные телефоны. Выпуск на рынок мобильных телефонов с поддержкой видео, таких как Apple iPhone, также может реализовать больше экспериментов и испытаний мобильных телефонов в процессе обучения. Однако, значительно больше экспериментов, отставание и исследование до того, как будут сделаны уверенные заявления об их преимуществах, хотя это следует отметить, что мобильный телефон является устройством, которое почти повсеместно учащих средних школ. Использование конвергентных мобильных технологий в образовании усиление и изменение обучения - это его ранние этапы, что приводит к обсуждению [7].

Выводы и заключение. Значение ИКТ в образовании нельзя недооценивать из-за того, что ИКТ могут быть изменены и их преобразующая ценность. Фактически, Pew Internet (2004) опросил 1000 экспертов, которые задали им вопрос о том, сколько изменений на 10-точечной шкале, Интернет будет доведен до учреждений. Результаты, помещенные в оценку 7.98, вторая для новостных организаций, и оценка 8.46. Ожидается, что Интернет внесет существенные изменения в публикации и образовании. По этой причине кратко рассмотрим некоторые полезные долгосрочные теории об ИКТ, которые могут повлиять на образование.

Список литературы:

1. Карр, Н. (2008). Большой поворот: изменить мир от Эдисона к Google. W. W. Нью-Йорк: Нортон.
2. CoSN. (2005). Горячие технологии для школ K-12: руководство 2005 года для лиц, принимающих решения в области технологий.
3. Корчевая А. С., Ермолаева Л. В. Роль информационных технологий в социальной сфере // Информационные технологии и математическое моделирование в экономике, технике, экологии, образовании, педагогике и торговле. – 2012. – № 5. – С. 112–114.
4. Стрелкова Н. В. Информатизация социальной сферы и опыт применения технологии «единого окна» в системе социальной защиты населения // Наука – промышленности и сервису. – 2011. – № 6-1. – С. 259–276
5. Гасумова С. Е. Информатизация социальной работы: методологические аспекты, российский и зарубежный опыт // Человеческий капитал. 2011. № 4. С. 34–38.
6. Яковлев А.И. Информационно-коммуникационные технологии в дистанционном обучении: Доклад на круглом столе «ИКТ в дистанционном образовании». М.: МИА, 1999. 14 с.

7.Захарова, И. Г. Информационные технологии в образовании : учеб.пособие для студ. высш. педаг-х учеб. заведений / И. Г. Захарова. М. : Академия, 2005. 192 с.

Түйін: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) ақпаратты беру, басқару және сақтау үшін қолданылады. Интернет пен АКТ-ға қолжетімділіктің экспоненциалды өсуі бүкіл әлемдегі әлеуметтік, саяси және экономикалық процестерге өте тәуелді. Тәжірибе деңгейіне қарамастан, АКТ әлеуметтік қызметкерлер мен олардың клиенттерінің мүмкіндіктерін арттыра береді. АКТ-ға әлеуметтік жұмыс пен оқу әдебиеттерінде біраз назараударылды, бірақ біз олардың назар аудару деңгейі, олардың барлық жерде, өсуі мен әсерін ескере отырып, жеткіліксіз деп санаймыз, әсіресе әлеуметтік этиканы сақтауға қатысты. Әлеуметтік қызметкерлердің денсаулық сақтау жүйелеріне, оның ішінде денсаулық сақтау жүйелеріне қатысуын қамтамасыз етуге үлкен назар аудару қажет. Әлеуметтік қызметкерлерде қолданыстағы стратегиялар шеңберінде АКТ-ны қолдану дағдылары бар. Бұл мақалада ықтимал проблемалар мен оларды практикада, білім беруде және ғылыми зерттеулерде қолдану бойынша ұсыныстар қарастырылған.

Кілт сөздер: ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, этика, инновация, үздіксіз білім.

Abstract: Information and communication technologies (ICT) are used to transfer, manage and store information. The exponential growth of access to the Internet and ICT is highly dependent on social, political and economic processes around the world. Regardless of the level of practice, ICT will continue to empower social workers and their clients. ICTs have received some attention in the social work and curriculum literature, but we argue that this level of attention is inadequate given their ubiquity, growth and influence, especially with regard to maintaining social ethics. Considerable attention needs to be paid to ensuring that social workers participate in health systems, including health care. Social workers also have ICT skills within existing strategies. This article also identifies potential problems and problems with recommendations for their use in practice, education and research.

Keywords: information and communication technologies, ethics, innovation, continuing education.

**ФИЛОСОФИЯ
ФИЛОСОФИЯ
PHILOSOPHY**

ӘОЖ: 316.334:314.5/6

Спанов М.Ж.

философ.ғ.к., доцент, М. Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан

**АДАМЗАТТЫҢ РУХАНИ ЖЕТІЛУДЕГІ –
ФАРАБИДІҢ КЕМЕЛ АДАМ ИДЕЯСЫ**

Түйін. Фарабидің «Ізгілікті қаласының» ең ең басты мақсаты адамдарды кемелділікке және бақытқа жеткізу екендігі белгілі белгілі. Кемел адам мәселесі философия тарихында ежелгі қытай, үнді грек философияларында қаншама көтерілген. Әрбір ұлттық философияда, әрбір заманда кемелденген адам туралы өз түсініктері болған. Қазақ философиясында, әрбір заманда кемелденген адам туралы туралы өз түсініктері болған. Қазақ философиясының антропологиялық, гуманистік сипатына байланысты бұл мәселе кең де ауқымды қарастырылған. Фарабиден бастау алатын кемел адам идеясының кейінгі қазақ философиясының даму барысында әртүрлі мазмұнда қарастырылғаны мәлім. Жүсіп Баласағұн өзінің «Құтты білік» еңбегінде адам кемелділігін кісілік қасиеттермен байланыстырылды. Қожа Ахмет Иассауи «Даналық кітабында» кемел адамды бейнелеу үшін «инсан әл кәмил» деген түсінікті жаратушымен – Алламен ұласу деп санағандығы қарастырылды. Хәкім Абайдың «Қара сөздерінде» толық адам деген ұғымын, Фараби іліміндегі кемел адам идеясымен ұштастырып, сабақтастық негізде зерделенді.

Кілт сөздер: адам, қоғам, тұлға, даналық, игілік, мораль, гуманизм, ізеттілік, әдептілік, парасаттылық.

Кіріспе. Адамның рухани болмысыны тән руханилықтың орны ерекше. Адамның қоғамда тұлға болып қалыптасуға рухани мәдениет пен материалдық мәдениет тең дәрежеде болуы шарт. Себебі, адамзат бұл құндылықтарды қатар алып жүрмесе қоғамда ретсіздік пайда бола бастайды. Сондықтан руханилыққа тоқталмай өткен ойшылдар болған емес. Бүгінгі қоғамыздағы «Болашаққа бағдар: рухани жағыру» бағдарламасының да, өзектілігі осында. Ғұлама ойшыл кемелденген адам табиғатының мәнін аша отырып, қайырымды қоғамның дүниеге келуін кәміл адамның болмысымен түсіндіреді. Қайырымды қала-мемлекеттің түп-тамыры жетік адамның болмысында. Жетілушіліктің көкжиегінен көріне білген қайырымды адамның баянды жалғасы, кемелділік ұғымының өміршеңдігінің көрсеткіші – қайырымды, ізгілікті қала - Әбу Насыр әл-Фараби философиясының нақ өзегі.

Теориялық талдау. Фарабидің кемел адамын Баласағұн кісілік қасиеттерімен айшықтайды әсер қалдырады. Кісілік ұғым кең де, ауқымды ұғым. Кісілік адамның адами табиғатының шыңырау биігі. Кісілік тұлғаның қоғамдағы тұрған сатысына, мамандығына, байлығына, әл-ауқатына байланысты емес. Сондай-ақ «Кісі» дәрежесіне барлық адамның жететін жетістігі емес «Баласағұнның», «Құтты білігі» кісілік ұғымын терең ұғындыратын, сонымен қатар қырлары мен сырларын ашуға бағытталған еңбек. «Құтты біліктің» басты құндылығы мұсылман-қазақ философиясында айтылып келе жатқан парасат, ақыл, білім, әділет, бақыт ұғымдары. Әсіресе, әділеттілік пен бостандыққа талпыныс адам танымының қайнар көзі. Әділет дами келе заңдылыққа бойынуға, бостандыққа ұмтылуға, өзін-өзі тани білуге, адами сана-сезімнің қалыптасуына жетелейді.

«Құтты біліктің» негізгі төрт кейіпкері ұлықтық пен кішілік қасиеттерін ұстай отырып, Сократтың пікір таласының үрдісімен Платон, Аристотель, Фараби көтерген элеуметтік мәселелерге жаңаша түркілік түсініктерге сай жауап іздейді. Философиялық балама бойынша, Күнтуды-әділет, Айтолды – дәулет, Огдүлмүш – ақыл, Оғдырмыш-канағат әділет. Күнтуды – орталық кіндік тұлға. Оның себебі, әрбір ізгілікті қоғам өмірінің

арқауы-әділеттілік. Баласағұн поэмасының толық нұсқасын орыс тіліне бірінші аударған, зерттеуші-ғалым С.Н.Ивановтың айтқан мына пікірі осы тұста дұрыс болса керек.

«Құтты біліктің» төрт басты тұлғаларының екеуінің Айтолды мен Оғдұрмыштың өлімдері кезейсоқ емес. Бақыт пен Қанағат өледі де, Әділеттілік пен Ақылдың символдары болып есептелетін Күнтолды мен Оғдүлмүш тірі қалады. Бұл жерде автордың белгілі бір пиғылын байқауға болады. Бақыт пен Қанағат, Ақыл мен Әділеттілікке тәуелді. Соңғы екеуі шүбәсіз құндылығымен ерекшеленеді және маңызды, мәңгілік түсініктер болып есептеледі». [1. 222 с.]. Баласағұнның пікірінше, бұл қасиеттер ана сүтімен сүйекке даритын қасиет. Ал қалғандары-ақыл да, дәулетте, қанағатта жүре келе қалыптасатын қасиеттер. Осы төрт қасиет әділеттің айналасында топтасып, айырылмастай бірлік құрса, ел бақытты өмір сүреді. Сондай-ақ өз халқын бақытқа жеткізген ұлық қана бақытты болмақ. Баласағұнның көркем сөзбен өрнектелген толғауларынан Әбу-Насырдың «Ізгілікті қала тұрғындарының көзқарастары жайындағы» трактатының жаңа нұсқасын көргендей әсер қалады.

Дастанда қоғамдық барлық әлеуметтік топтарды сараптан өткізе келе, ойшыл ерекше хакімдер елді жақсылыққа, ізгілікке, игілікке бастаушылар деп көрсетеді. «Әлемде болмаса егер, ғалым хакім, егіліп егін жерде бермес өнім» – деп жалпы адамзатты ғылым-білім үйренуге шақырғандығын байқаймыз [2. 100с.]. Ол ізгілікті хакімдердің туа біткен қасиеті болуы керек, әйтпесе дүние шым-шытырық кейіпке түсіп қайғы-қасіретке шомылады деп есептеген. Азғын, дәйексіз, тоғышар, дүние-қоңыз болып туылған жандардың табиғаттың келеңсіз жақтарынан деп санайды. Сол себептен, ондай кесепат адамдарды қоғамнан аластату ел үшін де, жалпы дүние үшін де ғанибет дейді. Дегенмен де адамдардың көпшілігі дүниеге қайырымды да, зұлым да, болып дүние есігін ашпайды, сондай-ақ дұрыс тәлім-тәрбие берудің нәтижесінде ізгі, кемел адамдарға, айналу мүмкіндігі бар деп, оптимистік тұғырдан қарауға ыңғай білдіреді. Осылайша, Фарабидің мемлекет туралы іліміне жүйелік мән берген әділеттілік, ізгілік, бақыт, кемелділік ұғымдары екендігін анық көруімізге болады. Баласағұнның «Құтты білігінің» де негізін құрап адамтану, қазақтану саласының алтын діңгегіне айналып отыр [11. 106 б.].

Қазақтың екі ұлы перзенттері Фараби мен Абай арасындағы сабақтастық туралы мәселе профессор Ақжан Машановтың зертеулеріне дейін дәлелсіз болып келді. Оның «Әл-Фараби және Абай» атты еңбегі біраз мағлұматтың басын ашып, біршама тың зерттеулер туғызды. Ғалым осы еңбекте мынадай тұжырым жасады: «Қазақ жерінен шыққан бұл екі ұлы ұстаздар Әл-Фараби мен Абай жаңа заманда қайтадан адамдық туын көтерді деп баға береміз. Сонымен Ш.Маржани арқылы әл-Фарабиді тапқан дана Абай өзінің философиялық ғылыми қағидасын тұжырымдауда ұлы бабасынан тағлым алды деп сеніммен айтуымызға болады». [3. 92 б.].

Фарабиден келе жатқан кемел адам туралы мәселе қазақ топырағында Иассауи, Баласағұн, Абайлардың дүниетанымында өз жалғасын тапты.

Иассауидің «Даналық кітабы» мен «Рисала» еңбектерінде адамның өмірдегі ең негізгі мақсаты кемел адам (әл нисан әл камил) дәрежесіне жету. «Иассауидің сопылық көзқарасына тән нәрсе-адам өзіне ең жоғарғы деңгейлік мақсат қояды, ол мақсат Алламен толық тұтасу, осы жолда ол құдайды неғұрлым шын сүйген сайын, соғұрлым оған жақындай береді. Оған ұнамсыз қасиеттерден арыла бастайды» [4. 93 с.].

Сопылық дүниетанымда Алла, ақиқат, махаббат түсініктерінің мазмұнын ашып, олардың байланысын, арақатынасын ашу басты мұраттар болып есептеледі. Әр мұсылман алдына қойған мұрат-мақсатына жету үшін төрт сатыдан яғни, белгіленген арнайы жолдан өтуі тиіс. Бұлар: шарифат, тарихат, хақиқат, мағрифат. Біріншісі-ислам дінінің қағидалары мен әдет – ғұрыптарын орындау жолы болып есептеледі. Екіншісі-сопылық мүддеге жеткізетін рухани жетілу жолы болып табылады. Үшіншісі-дін ислам жолын танып-біліп рухани жаңарудың келесі баспалдағы. Төртіншісі-Алламен тұтасу, сонымен қатар Алланың дидрына бөлену. Осы талаптардың бәрін бұлжытпай орындаудың нәтижесінде

«Жаратқан жасампаздығының белгілерін, нәтижесін адам бойынан іздеуге негіз бар. Адамның жан дүниесінде, санасында Алланың қасиеттері туындаса, адам өзінің жаратушысы мен тұтасуға ұмтылса оның қасиеттерін адам бойынан табуға мүмкіншілік туады деп есептеген» [5. 12 с]. Алланың көп қасиеттері оның 99 есімі, сыйпаты арқылы түсіндіріледі. Солардың ішінен қазақ болмысының қажеттілігіне байланысты Хожа Ахмет Әзірет Сұлтанның көп уағыздайтындары-сабыр, шүкірлік, рахым, ғылым-білім, тазалық. Күнделікті тұмыс-тіршілікте сабыр мен шүкір сөздерді кбірек қолданыста болуының себебі осында.

Тәжірибелік бөлім. Қазақ ежелден көшіп-қонып жүрседе білімге өте құштар болды. Жазда жайлауда, қыста қыстауда, күзде күздеуде, көктемде көктеуде көшіп қонып жүрседе білімге өте назар аударды. Дін ғұламаларының уағыздарын, жыраулардың тәлім-тәрбиеге толы жырларымен сусындату үшін арнайы осы тұлғаларды шақыртып отырды. Махаббат мәселесінде де, қалыс қалған жоқ. Еліне, жұртына, отанына, жеріне, ұрпағына, адал жарына деген ерекше махаббат сезімі, табиғатқа деген құштарлық, экологиялық сананың жоғары қалыптасуына септігін тигізді. Мәселен көшпенді халық бір жерде тапжылмай отыруға мал шаруашылығы мүмкіндік бере қойған жоқ. Бір жерде он, он бес күннен артық отырмады яғни, қоныс аударғанда отырған жұртын тазалап кету қалыпты жағдай болып саналған. Бұл жерден ұлтымыздың тән және жан тазалығына ерекше назар аударып рухани тұрғыда тазарып отыруды саналы тұрғыда қалыптастырған. Қатаң тағдырдың қилы жақтарын бастан өткізген еліміз, қандай істің болсада қайырын берсін деп сабырлық сақтағап, жаратқаннан рахым тілеген. Жас нәрестенің дүние есігін ашқаннан бала тәрбиесіне өте терең мән берілді. Қазақ дәстүріндегі салт-жоралғылар, баланың таза, адал, біреудің ала жібін атамауға, руханият мәселесініне ерекше назар аударып отырды. Сондықтан білім-ғылымға құштар болды. Фарабидің кемел адамы қазақ топырағындағы ғұлама-ойшылдардың дүниетанамында орын алуының себебі де, осында.

Нәтижелер мен талқылау. Академик Ғарифолла Есімінің пікірі бойынша, қазақтың ұлттық ойлау жүйесі Фарабиден бастау алған фалсафа мен Иассауидың сопылық түсініктері негізінде қалыптасқан. «Сонымен Иассауи» дүниетанымын білдіретін ұғымдар қанағат, ғаріп, махаббат, құл, тағат, шарапат, несібе, жаннат, мақам, пенде, жан, иман, сабыр, сыр, ықылас». [6. 274 б.]. Тағы да отыз сегіз ұғымды келтіріп, сопылықты арнайы зерттеп жүрген ғалым қазақтың діні мен ділі, тіл мен санасы Иассауи мұрасын есепке алмасақ мүлдем түсініксіз болатынына сілтейді.

Фараби мен Иассауиді байланыстыратын және бір мәселе адамның рухани болмысындағы жүректің алатын орнына назар аударуы. Жүрек сопылық дүниетанымның барлық ұғымдарын байланыстыратын түсінік. Ол Алланың нұрын, шапағатына шынайы сенімде болып ойша елестетіп жеткізетін құрал. Фараби өзінің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайындағы трактатында» жүрек ұғымына аса ерекше мән берді. «Жүрек басты мүше, мұны тәннің басқаешқандай мүшесі басқармайды. Бұдан кейін ми келеді. Бұл да – басты мүше; бірақ оның үстемдігі бірінші емес, екінші, өйткені ол барлық мүшелерді басқаратын болса, оның өзін жүрек билейді. Жүректің ізгі ниеттерін жүзеге асыру ісіне қызмет ету миға ғана тән қасиет». [11. 108-109 б.б.]. Екеуі де өздерінің пайымдамаларында жүрекке шешуші мән берумен қатар, оны бүкіл ізгілік, рахым, шапағат атаулының қайнар көзі, тұрақты мекені деп таниды. Ғұлама ойшыл кемелденген адам табиғатының мәнін аша отырып, ізгілікті қоғамның дүниеге келуін кәміл адамның болмысымен түсіндіреді. Ізгілікті қала-мемлекеттің түп-тамыры жетік адамның болмысында. Жетілушіліктің биігінен көріне білген ізгілікті адамның баянды жалғасы, кемелділік ұғымының өміршендігінің көрсеткіші – ізгілікті қала Әбу Насыр әл-Фараби философиясының нақ өзі.

Фарабидің кемел адам туралы танымы келесі ғасырда өмір кешкен көптеген араб – мұсылман философтарының зерттеу тақырыбына айналды. Оған куә Ибн Синаның жетік адам туралы Ибн Баджаның бақытқа кенелгендер (су’ада) жөніндегі, Ибн Туфейлдің Хай

ибн-Якзанның жалғыз жүріп-ақ сопылық жолмен кемелділікке жеткені туралы шығармасы. Шығыс перипатетиктері-нің бәріне артық нәрсе, бақытқа жетудің жолдарын іздеу Фараби дәстүрімен «Ізгілікті, қайырымды, кәметті қала» іліміне алып келеді.

Кемелді адам қоғамда әдемі, әсем, дұрыс, құлықты іс-әрекеттер жасауға машықтанған биік ақыл иесі. Ал бейқоғамдық қимылдарға әуестенген адам түсінік деңгейінде қалып қойған жан.

Жетік адамға болашағын болжай алатын қасиетте тән. Мұндай адам болашақ жасайтын істерін жоспарлағанда оның басқа кісілерге, қоғамға әкелетін жақсы немесе жаман әсерлерін таразылай білуі қажет. Тек жақсы нәтиже беретін жобаны ғана іске асыруға ұмтылуы қажет.

Барлық адамдарға, олардың ішінде кемелділікке ұмтылған жандарға ортақ тағы да бір қасиет – үміт. Қазақ дүниетанымындағы «үмітсіз шайтан» деген түсінік өзінің бастуын ислам қағидаларынан, Фараби, Ибн Сина мұраларынан шығарса керек. Үміт пен қаракетті ұмтылыс, ақыл мен парасат даналардың пайымдауынша, Ізгілікті қаладағы шынайы адамгершілік қарым-қатырастарға, іс-әрекеттерге негіз болып, бақытты өмірге жеткізетін құралдар болып саналады. [12. 21 б.]. Адамзат жалпы үміт пен қаракет арқылы талпыныс жасау, ақыл мен парасаттылыққа ден қойып даналыққа талпыну, ізгілік пен адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру арқылы кемелділікке жетеді.

Фарбидің пайымдауынша, дін мен фалсафаның айырмашылығы жалпы қабылданған пікір мен ақиқаттың айырмашылығына саяды. Діннің аясы сенім-нанымды тұрақтандыратын догматтарды уағыздап, діни сананы қалыптастыру болса, фалсафаның пәні – объективтік дүние заңдылықтарына сәйкес ақиқаттарды ашуға ұмтылыс болып табылады [13. 44 б.].

Абай «қара сөздеріндегі» «жан құмары, жан қуаты, жан азығы» деген сөз тіркестері кездесіп отырады. Оның ең көп талдау жасаған ұғымдары ақыл, қайрат, жүрек, жан қуаты Фараби мұрасын да ізгілікті қала тұрмысына байланысты келтірілуі кездейсоқ нәрсе емес. Ақын шығармаларындағы «хауас», «хауас сәлім», хауаси хамса заһири, жүрек сезім бұлағы жайлы ойының сырын батыс пен шығыс ой қазыналарынан рухани нәр тапқан құбылыс ретінде қарастырған. Әл-Фараби мен Абай шығармаларында осы мәселеге пікір сабақтастығын байқаймыз [9. 44-45 б.б.] дейді, белгілі абайтанушы М.Мырзахметов жүрек сезімі ұғымын талдай отырып. Әбу-Насыр бұл категорияларды пайдаланып адам табиғатын, қала құрылымын, бірінші басшы ерекшелігін зерделейді. Адамның адами қабілетін Фараби қоректендіргіш, сезімдік, қиялдау, ойлаушы, талпынғыш күштерге негіздейді. «Адамның бойында бірінші пайымдағыш объектілердің пайда болуы-оның алғашқы жетістігі. Адамға бұлар оның ең биік кемелдену дәрежесіне жетуіне қызмет ету мақсатымен берілген». [7. 307б.].

Ал кемелденудің ең биік дәрежесі дегеніміз, ол-бақыт. Адамзат үшін жан дүниесімен сезінетін ең қымбат баға жетпес құндылық ол – бақыт деп түсінеміз. Сол бақытқа жету үшін – рухани тұрғыда жетілу, Фарбидің кемел адамына жету бүгінгі таңда өзекті мәселе болып отыр. Абайдың да қырық үшінші сөзінде, «Жан қуаты деген қуат-бек көп нәрсе, бәрін мұнда жазарға уақыт сиғызбайды» деуінде үлкен мән жатыр. Өйткені, бұл қуат адаммен хайуанды ажырататын шекаралық меже. Абай бұл қуаттың ішінде үш қуат бар дейді де, оларды орысша келтіреді: «подвижной элемент», «притягательная сила однородного», «впечатлительность сердца». Адамның жан қуаты көмегімен іштегі жинағаны ақыл мен ғылым болып шығады. Абай үшін де ақыл мен ғылым адамды бақытқа, мұратына жеткізетін құралдар. Фарбидің кемел адамының сипаттары Абайдағы толық адам қырларына сәйкес. Толық адам ең алдымен Алланы жан-тәнімен сүйетін таза мұсылман. «Махаббат пен жаратқан адамзатты, сен де сүй Алланы жаннан тәтті» дейді де, Абай «Құдай тағаланың жолы деген жол ниһаятсыз, шексіз. Оның ниһаятына ешкім жетпейді. Бірақ сол жолға жүруді өзіне шарт қылып кім қадам басты, ол таза мұсылман

делінеді. Дүниеде түпкі мақсатың өз пайдаң болса, өзің ниһаятлысың, ол жол құдайдың жолы емес» – деп ойын аша түседі. [10.141 б].

Осы жолмен жүру адам үшін бақыт. Көңіл тоқ болып, барға базар деп, жүрегінде иман гүлі шоқтап, өзін ғана ойламай, жол-жөнекей бөгдеге де жақсылық келтіре жүрсе, кісі толық адам сатысына көтеріле алады. Ендеше, бақытқа бөленген толық адам Ибн Туфейлдің Хай-Рабинзоны емес, тірі жандар қоғамдастығында өмір сүретін өзінің мақсат-мұратың ізгілікті қаланың болашағынан бөліп жармайтын Фарабидің кемел адамы. Абай мен Фарабидің сабақтасып, үйлесетін жері осы.

Қорытынды. Сонымен қорыта келгенде Иассауи кемел адамды, Аллаға деген сезімін ояту арқылы онымен тұтасуға тырысатын, барға қанағат жасап, ізгілікке, мейірімділікке шақыратын, өмірін ғылым-білімге сарп ететін, имандылықты қастерлейтін иман жүзді кісі деп түсінеді. Әзірет Сұлтан идеалды қоғам ілімін арнайы қарастырмаса да оның уағыздаған қағидалары ізгі мемлекет құруға негіз болуға тұрарлықтай болды. Ол негізінен өзі өмір сүрген қоғамды зияландыру, игілendiriу мақсатында жұмыс жасады. Фараби мен Абай арасында сарындастық іздегенде, ең бірінші ойға келетіні, жан қуаты немесе Абай ажыратуындағы өзін-өзі танымақтық түсінігі. Философия тарихынан белгілі нәрсе, бұл мәселені ұлы ойшылдардың еш қайсысы да атап өткен емес. Адам туралы білім түсінікке байланысты екені анық. Біз адам өзгені танып-білу мақсатында, ең алдымен өзін-өзі тануы керек деп ұғынамыз. Әрине бұл талапты бірден орындай алмаймыз және де болақоймайтын шаруа. Адамның өзін-өзі тануы, өзгені танудан әлде қайда қиын. Сондықтан адам өзінен тыс нәрселерді білу құштарлығы алғашқы болатыны нық. Өзін білмекке ұмтылған, ынталанған жан ғұламалық немесе тақуалық жолға түскен адам. Мұндай жолға адамдардың азшылығы ғана түседі. Қазіргі жаһандану дәуірінде адам өзін-өзі жоғалтып алмау мәселесі кезек күттірмейтін жағдай болып тұр деп ойлаймыз. Қазіргі таңда отандық ойшыл С. Нұрмұратов құндылықтар мәселесін көтеріп жүр. Адам өзін өзгеден жоғары қоймай керсінше, өзінен артық көру. Сонда ғана адам жаны кемелдене алады деп, тың идеялар айтып жүр. Қазақ ұлты ежелден-ақ «таспен ұрғанды, аспен ұр», «пышақты өзіне сұқ, ауырмаса өзге сұқ», өзінен бұрын елін, жұртын, ауыл-аймағын, туған-туысқанын содан кейін жаратқаннан өзін сұрайтынында мәні осында деп есептейміз. Сондықтан түркі дүниетанымындағы және Фарабиден бастау алған ғұлама-ойшыл, жыраулардың дүниетанымындағы рухани құндылықтарды жастарымыздың сананасына қалыптастыру, насихаттау, рухани жаңғыру өзекті мәселе болып отыр.

Әдебиеттер тізімі:

1. Орхонские надписи. Кюль-Тегин. Бильге–каган. Тоньюкук. Семей. «МКА» 2001, 256с.
2. Юсуф Баласағун. Наука быть счастливым. Семей. «МКА». 2004-150 с.
3. Машанов А. Әл-Фараби және Абай. Алматы. «Қазақстан». 1994. 192 б
4. Абуов А.П. Мироззрение Ходжа Ахмета Ясави. Алматы. Институт философии МН-АНРК. 1997. 196 б.
5. Пир-Вилаят-Инайят-хан. Пробуждение. Опыт суфиев. М., ИД «Гелиос». 2002.-240с.
6. Есім Ғарифолла. Дүниетаным баяны. Алмат: «Дәуір». 2020. 400б.
7. Әл-Фараби. Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайындағы трактат. // Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. Алматы. «Ғылым», 1973. 446 б.
8. Есім Ғарифолла. Адам-зат. Философиялық эсселер мен новеллалар, зерттеулер. Астана. «Фолиант» 2006. 312 б.
9. Мырзахметов М. Әл-Фараби мен Абайдың жүрек сезімі қызметі жайлы түсініктеріндегі сабақтастықтар. // Әл-Фараби және рухани мұра. Алматы. «Қайнар». 2006. 44-46 б.б.
10. Абай Құнанбаев. Шығармалар. Екі томдық. II т. Алматы. «Жазушы». 2006.-335 б.

11. Спанов М.Ж. Әл-Фарабидің мемлекет туралы ілімі. Диссертация. филос. ғылым. канд. ҚР.: Алматы, 2008, 119б.
12. Спанов М.Ж. Әл-Фарабидің мемлекет туралы ілімі. Автореф. диссертация. филос. ғылым. канд. ҚР.: Алматы, 2008, 24б.
13. Спанов М.Ж. Әл-Фараби дүниетанымының саяси-әлеуметтік және мұсылмандық алғы шарттары //ҚазҰУ хаб., филос. сер.2006, №1(25), Б, 42-44.

Аннотация. Известно, что главная цель фарабийского «Города добра» - довести людей до совершенства и счастья. Вопрос об совершенном человеке поднимался в истории философии древних китайских, индийских и греческих философий. Каждая национальная философия, каждая эпоха имеет свои представления об идеальном человеке. В казахской философии у каждой эпохи были свои представления о совершенном человеке. В связи с антропологической, гуманистической природой казахской философии этот вопрос рассматривается широко. Известно, что идея совершенного человека, начиная с Фараби, рассматривалась в разных контекстах в развитии позднейшей казахской философии. Юсуф Баласагуни в своем произведении «Кутадгу Билиг» связал человеческое совершенство с чертами личности. В «Книге мудрости» Ходжа Ахмед Яссави рассматривает понятие «инсан аль камил» как сочетание Бога и Творца, чтобы изобразить совершенного человека. В «Словах назидания» Хакима Абая понятие целостного человека изучается на основе преемственности, сочетающейся с идеей совершенного человека в учении Фараби.

Ключевые слова: человек, общество, личность, мудрость, благосостояние, мораль, гуманизм, достоинство, вежливость, разум

Annotation. The main goal of the Farabi's «City of Good» to bring people to perfection and happiness. Each national philosophy, era has its own ideas about the ideal person. In connection with the anthropological, humanistic nature of Kazakh philosophy, this issue is widely considered. The idea of a perfect man, starting with Farabi, was considered in different contexts in the development of the later Kazakh philosophy. Yusuf Balasaguni in his work «Kutadgu Bilig» linked human perfection with personality traits. In The Book of Wisdom, Khoja Ahmed Yassawi considers the concept of «insan al kamil» as a combination of God and Creator in order to depict a perfect person. In «The Book of Words» by Hakim Abay, the concept of an integral person is studied on the basis of continuity, combined with the idea of a perfect person in the teachings of Farabi.

Key words: man, society, personality, wisdom, welfare, morality, humanism, dignity, politeness, reason.

МӘДЕНИЕТТАНУ КУЛЬТУРОЛОГИЯ CULTURAL STUDIES

¹Арымбаева К.М., ¹Жиенбекова А.А., ²Мамадалиев С.Т.

¹педагог.ғ.д., профессор, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

¹философ. ғ.к., доцент М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

²курс докторанты, Абай атындағы ҚазҰУ Алматы, Қазақстан

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ МӘДЕНИЕТІ АРҚЫЛЫ ЖАСТАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ САНАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Түйін. Мақалада Қазақстан жастарының ұлттық сана-сезімінің өзекті мәселесі қарастырылады, феномен, табиғат, студенттердің ұлттық сана-сезімінің құрылымы мен ерекшеліктері, халықтардың өзін, әлемдегі орнын және даму болашағын терең ұғынуына ықпал ететін Ұлттық психологияны тәрбиелеудегі қазақ рухани мәдениетінің, халық дәстүрлерінің маңызы мен рөлі қарастырылады. Қазақ халқының рухани мәдениеті ұлттық сана-сезімді қалыптастыру бойынша әлеуетті рухани-адамгершілік мүмкіндіктерге ие, ұрпақтың өзінің әлеуметтік-этникалық мәнін сезінуі, оның адамзат тарихында қандай рөл атқарғанын және ойнайтынын түсінуі, жалпы адамзаттық өркениетке өз үлесін түсінуі. Қазақ халқының рухани мәдениеті ұлттық сана-сезімді қалыптастыру бойынша әлеуетті рухани-адамгершілік мүмкіндіктерге ие, ұрпақтың өзінің әлеуметтік-этникалық мәнін сезінуі, оның адамзат тарихында қандай рөл атқарғанын және ойнайтынын түсінуі, жалпы адамзаттық өркениетке өз үлесін түсінуі.

Кілттік сөздер: қазақтың рухани мәдениеті, менталитеті, дүниетанымы, ұлттық мәдениеті, ұлттық сана, дәстүрлер, құндылықтар

Кіріспе. Зерттеудің көкейкестілігі. Заманауи әлемдегі әлеуметтік-саяси жағдай ұлтаралық қатынастар саласында тоқыраудың тереңдеуімен, ұлттың өзін-өзі анықтауға, өзінің ұлттық құндылықтарын (ұлттық тіл, фольклор, дәстүрлер, әдет-ғұрыптар және т.б.) сақтау және қайта жаңғыртуға ұмтылысының артуымен ерекшеленеді.

Халықтың жадында мазмұнды: идеалдарды, адамгершілік құндылықтарды, ұлттық мінез-құлық ерекшеліктерін сақтау қажет.

Бүгінгі күні заманауи әлемде ұлттың дамуының екі тенденциясын байқауға болады. Бірінші тенденция болмыстың ұлттық формаларын бірегейлендірумен, жаңа әлемдік тәртіптің қалыптасуымен байланысты.

Екінші тенденция біріншісіне тікелей қарама-қарсы оның мәні халықтың өзінің ұлттық болмысын сақтауға, өзінің ұлттық дәстүрлері мен құндылықтарын қорғауға ұмтылысында.

Ұлттық сана жайлы мәселе ұлтаралық қатынастардың дәстүрлі мәселелерінің арасында бастыларының бірі болып табылады.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде білім беру мен тәрбие жүйесінде білім алушылардың ұлттық санасын қалыптастыру міндеті ерекше орын алады, оны шешу барысында өз халқының тарихы мен мәдениетіне саналы эмоционалды-құндылықты қатынас тәрбиеленеді ал жеке тұлғаның өзі осы мәдениетті тасымалдаушы және жалғастырушы болады.

Жеке тұлғаның ұлттық санасын қалыптастыру мәселе соңғы жылдары белсенді зерттеле бастады.

Қазақстандық қоғамның заманауи даму жағдайында ұлттық сананы қалыптастыру маңызды мәселелердің бірі болып отыр және ерекше көкейкестілікке ие.

Теориялық талдау. Ұлттық сананы зерттеу қоғамдық сана мен рухани мәдениеттің дамуы аясында сәйкес қоғамдық қатынастармен байланысты тұжырымдамалық негіздеуге мүмкіндік береді. Ұлт теориясының әлеуметтік философиясы тарихында зерттеу үрдіс ұлттық сананы қалыптастыру мәселесімен тікелей байланысты.

Мәселенің тарихи негіздерін зерттеу жас ұрпақтың ұлттық санасын, адамгершілігі мен руханилығын қалыптастыру мәселесі әрқашан қоғамның өзекті мәселелерінің бірі болғанын көрсетеді.

Халықтың ұлттық мәдениетінің жеке тұлғаның ұлттық санасын, рухани-адамгершілік сапаларын қалыптастыру мәселесіне қазіргі күнгі ғалымдар А.Э.Измаилов, Н.Д.Хмель, А.А.Қалыбекова, А.Қасымжанов, Ж.М.Абдильдина, Г. Шалабаева, С.Акатай, Б.Г.Нуржанов, В.Ю.Дунаева, В.Д.Курганской, А.П.Абуова, А.Р.Масалимова және басқалардың еңбектері арналған.

Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінің ерекшеліктеріне этнологтар, тарихшылар, өнертанушылар мәдениеттанушылар Х.А.Арғынбаев, Ш.Уалиханов, А.Н.Нысанбаева, Г.Т.Габитов, З.К.Шаукенова, Е.Е.Бурова, М.С.Шайкемелова, Р.К.Кадыржанова, М.С.Орынбекова, Ж.Ж.Молдабекова, О.Исмагулов, А.В.Затаевич, А.Құнанбаев, Ә.Х.Марғұлан және басқалардың іргелі зерттеулері; М.Х.Балтабаев, Ө.Жәнібеков, М.Е.Ержанов, Н.К.Камалова А.А. Жиенбекова және басқалардың ғылыми зерттеулері арналған. Олардың еңбектерінде руханилықтың қайта жаңғыруына, оның негізгі құраушыларын - қазақтың халықтық көркем мәдениетінің дәстүрлі формаларын сақтауға үлкен назар аударылады.

Қазақстанның заманауи белгілі философ-мәдениеттанушылары Есім Ғарифолла, Ақселеу Сейдімбек, Серікболсын Қондыбай, Зира Наурызбаева, Таласбек Асемқұлов және басқалар мәдениетті зерттеуге баға жетпес үлестерін қосты.

Заманауи әлемдегі әлеуметтік-саяси жағдай ұлтаралық қатынастар саласында тоқыраудың тереңдеуімен, ұлттың өзін-өзі анықтауға, өзінің ұлттық құндылықтарын (ұлттық тіл, фольклор, дәстүрлер, әдет-ғұрыптар және т.б.) сақтау және қайта жаңғыртуға ұмтылысының артуымен ерекшеленеді.

Бүгінгі күні заманауи әлемде ұлттың дамуының талдасақ, ол болмыстың ұлттық формалары бірегейлендірумен, жаңа әлемдік тәртіптің қалыптасуымен байланысты және оның мәні халықтың өзінің ұлттық болмысын сақтауға, өзінің ұлттық дәстүрлері мен құндылықтарын қорғауға ұмтылысында.

Ұлттық сана жайлы мәселе ұлтаралық қатынастардың дәстүрлі мәселелерінің арасында бастыларының бірі болып табылады.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде білім беру мен тәрбие жүйесінде білім алушылардың ұлттық санасын қалыптастыру міндеті ерекше орын алады, оны шешу барысында өз халқының тарихы мен мәдениетіне саналы эмоционалды-құндылықты қатынас тәрбиеленеді, ал жеке тұлғаның өзі осы мәдениетті тасымалдаушы және жалғастырушы болады.

Жеке тұлғаның ұлттық санасын қалыптастыру мәселесі соңғы жылдары белсенді зерттеле бастады.

Нәтижелер мен талқылау. Қазақстандық қоғамның заманауи даму жағдайында ұлттық сананы қалыптастыру маңызды мәселелердің бірі болып отыр және ерекше көкейкестілікке ие.

Ұлттық сана – тұтастай алғанда ұлттық-этникалық топтардың рухани дамуының жетістіктері мен мазмұнын, деңгейлерін сипаттайтын әлеуметтік, саяси, экономикалық, адамгершілік, эстетикалық, философиялық, діни және өзге де көзқарастардың жиынтығы.

Ұлттық сананың өзегі ұлттық сана-сезім болып табылады. Ұлттық сана - бұл қоғамның ұлттық-этникалық өмірі көрініс табатын қоғамдық сананың формасы; бұл ұлттықтың табиғатына, қоғамда қалыптасқан ұлттық үрдістердің мәніне теориялық және күнделікті көзқарастардың жиынтығы.

Ұлттық сана ұлттың маңызды белгілерінің бірі болып табылады. Ұлттық сана - ең алдымен, халықтың рухани күйінің көрінісі, ол аумақ, тарих, мәденет жайлы түсініктер негізіне құрылады. Ұлттық санад маңыздысы әлеуметтік мінез-құлықтың табиғатын анықтайтын ұлттық мүдделер болып табылады.

Қоғамдық теорияда ұлттық сананың мәндік бастауына қатыст бірнеше ұстанымдар қалыптасқан. Дәстүрлі ұлттық сана қауымның әлеуметтік өмірдің бірнеше факторларының ықпалымен тарихи эволюциясының нәтижесі ретінде түсініледі.

Рухани саладағы ұлттық сана - орасан зияткерлік байлық және жалпы адамзаттық құндылықтарды, халықтың мәдени және адамгершілік дәстүрлерін жаңғыртудың, жалпы ұлттық жасампаз үрдістің таусылмайтын резерві. Мәдениет өзін-өзі көрсетудің ұлттық формасында өмір сүреді. Ұлттық формасы халық өмірінің нақты-тарихи ерекшеліктерінен, оның биоәлеуметтік мәнінен туады. Ұлттық мәдениет дегенде (одан әрі жай ғана мәдениет) айқын және айқын емес және ұлттың дербестендірілген архетиптердің жүйеге келтірілген рухани және материалдық құралдарының жиынтығы түсініледі.

Ұлттық мәдениет әрқашан мәдениеттер топтарында дамиды, олармен салыстырылады және өзара әрекеттеседі, бірақ сонымен бірге өзінің дербестігін жоғалтпайды, керісінше одан да қатты бекітеді.

Ұлттық мәдениет, шынында өзіне тілді, дінді, моральды, өнерді және басқаларды қамтиды, бірақ бұл элементтердің бір де бірі ұлттық мәдениетті екіншісінен ерекшелейтін белгі бола алмайды.

Ұлттық мәдениеттің «субстанциялық негізін» ашуға әрекет ете отырып, әдетте, оның халықтың «жанын», оның менталитетін, тарихи тағдырлардың ортақтығын, оның психикалық қалыптасуының ерекшеліктерін бейнелейтіндігі жайлы айтады.

Әлеуметтік ағза, әлеуметтік қауым бола отырып, ұлт өзінің мәдени дамуын өз бетінше анықтайды, бірақ сонымен бірге өте маңызды факторды - осы дамуға ықпал ететін әлемдік мәдениетті есепке алған жөн.

Ұлттық мәдениеттің ең маңызды және ең тартымды ерекшелігі - бұл оның таңқаларлық сан түрлілігі, өзіндік болмысы мен қайталанбастығы.

Әрбір ұлттық мәдениетте өзінің жемістері бар: рухани жаңалықтар мен жетістіктер, өзінің драмалары мен трагедиялары, әлем жайлы өз түсінігі. Оның дамуы әлеуметтік қарама-қайшылықтар, үдемелі дәстүрлердің өзге консервативті құбылыстармен күресі жағдайында іске асады [1].

Әрбір халық өзінің болашағын бүгінгі күні өзі үшін өмірдің және жалпы әлемдік мәдениетке бірігу кепілі болып табылатын ұлттық мәдениетпен байланыстырады.

Ұлттық мәдениет халықтан, ұлтта тыс өмір сүрмейді. Қазақ халқының идеалдары, танымы, ойлары ұлттық мәдениетте көрініс тапқан.

Бұл тұрғыда ұлттық мәдениет ұлттың өзін-өзі бейнелеуінің формасы болып табылады.

Қазақ мәдениетінің ұзақ мерзімді даму тарихында жинақталған рухани құндылықтар қазіргі күнгі мәдениеттің тарихи-мәдени негізін құрайды. Көшпелі өмір салты халықтың мәдениетінің, оның менталитетінің, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының бірегейлігін анықтады және ізін қалдырды.

Тарихты зерттей отырып, біздің ата-бабаларымыздың өз дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын, сенімдерін сақтауға деген тілектерінің аншалықты күшті болғаны таңқалдырады.

Қазақ халқының рухани-адамгершілік құндылықтарын қонақ жайлылық, төзімділік, мейірімділік, жанашырлық, адамдық қарым-қатынастар сияқты қасиеттер бейнеледі.

Бұл қазақтардың генетикалық жадында сақталған және ұрпақтан ұрпаққа беріліп отыратын өзегі.

Қазақ халқының рухани мәдениеті дәстүрлі мәдениеттің рухани-адамгершілік және құндылықты сананы қалыптастыру бойынша потенциалды рухани-адамгершілік мүмкіндіктеріне ие маңызды буындарының бірі болып табылады.

Ұлттық сана-сезім - бұл мәні бойынша, халықтың өзінің әлеуметтік-этникалық әнін сезінуі, өзінің адамзат тарихында қандай рөл атқарғанын және атқаратынын түсінуі, жалпыадамзаттық өркениетке қосқан үлесін түсінуі.

Ұлттық мәдениет оның адамгершілік, көркемді және эстетикалық өлшемінде - бұл әлемнің құрылуының образды үлгісі, адам қабылдаған және игерген ғарыш, адамданған әлем және оның өмір сүруінің тарихи ортасы.

Ұлттың дүниетанымы жалпы өткеннің рәміздерінің - аңыздарының, мифтерінің, әулиелерінің көмегімен қалыптасады.

Сонымен бірге олар әдет-ғұрыптарды, дәстүрлерді, сенімдерді, фольклорды қалыптастырады ал бұлар әрбір адамның табиғи қабілеттері – оның жады, ауызша сөйлеуі мен жанды тілі, табиғи музыкалық қабілеті арқылы беріледі.

Бірге отырып олар рухани құндылықтарды, ұлтты өзге халық мәдениетінен ерекшелейтін рухани мәдениетінің ерекшеліктерін береді.

Миф пен эпостан қазақтардың ұлттық сана-сезімінің тәні мен қанына әңгіменің сипаттау мәнері, табиғатқа, ғарышқа, адамға жасампаздық қатынас, көркемдік сананың өлшемдестігі, метафоралығы, гиперболалығы ретіндегі сұлулық жайлы түсініктері, тұтастай мәдениет сөзге деген құрмет, мәдениеттің адамгершілікті құндылықтары сінді.

Батырлық жырларының кейіпкерлері, фольклорлық сюжеттер қазақ халқының ұлттық сана-сезімінің поэтикалық символикасына айналды.

Фольклор, ұлттық дәстүрлердің әдеби көркемдік шығармашылықпен үйлесімді байланысы қазақ ұлттық менталитетімен мифологиялық және эпикалық сарындардың шоғырлануы мен таратылуының ерекше аурасын құрды.

Ұлттық мәдениет уақыты көпвекторлы: адам өзінің, табиғи және әлеуметтік болмыстың ырғақтарын игереді және ретроспективті және болашағы бар.

Қазақ мемлекеттігінің қалыптасуы жағдайында халық үшін құндылықты мән этникалық бірлік, ар, әділдік, төзімділік, шыдамдылық, отан сүйгіштік сияқты ұғымдар болды.

Төзімділік пен толеранттық қазақтардың адамгершілік мәдениетінің құндылықты мазмұнын ашатын негізгі ұғымдардың бір болып табылады, ал бұл төзімділікті, шыдамдылықты білдіреді.

Егер бұл ұғым дінде қолданылса, онда сенімге төзімділікті, өзге халықтардың діни мәдениетінің өкілдері мен құндылықтарына төзімді қатынастарды білдіреді. Толеранттылық этникалық ұғым ретінде адамгершілік мәдениетінің ұғымы ретінде қолданылады және адамдар арасындағы қарым-қатынастарда жақсылық пен жамандықты қабылдауға төзімділікті, ілсіздерге және жетімдерге қайырымдылық көрінуі ретінде қабылданады; әділдік үшін күрестегі төзімділік, әрбір адамның мүдделері мен құқықтарының қоғам мүдделері мен құқықтарымен саналы үйлесіміне көзқарасты іске асыруды білдіреді [2].

Руханият - бұл адамның интеллект, дарын, шеберлік, ішкі әлем, қоршаған орта мен барлық адамдардың игілігі сияқты үздік сапаларын бағыттай білуге дайындығы.

Адамның руханилығы адам тұлғасының көптеген сапаларының күрделі бірлігі ретінде қарастырылады.

«Руханият» ұғымына жасалған талдауларға сәйкес, оның жекелеген белгілерін келесідей бірізділікпен орналастыруға болады: еркіндік, жақсылық, ұят, аяушылық, махаббат, шығармашылық белсенділік, ақиқат, ақыл, ерік, интеллект.

Тәрбие адамгершілікке үйретудің өзгермейтін аспабы ретінде қарастырылады.

Білім алушылардың – студент жастардың рухани-адамгершілік мәдениетін қалыптастыру және жетілдіру жолында жұмыс істейтін ЖОО педагогына адамгершілік бұл адамның рухани дамуының құралы екенін түсіну керек. Мысалы, адамгершілік тәрбиесінің мазмұнына ар, ұят, қарапайымдылық, аяушылық, жанашырлық, мейірімділік, жамандыққа төзбеу, махаббат, өзі ісі мен сөзіне жауапкершілікті кіреді.

Рухани мәдениеті – ұлттық мәдениеттің бөлігі. Рухани мәдениетке адамның сана саласындағы әрекетінің өнімдері жатады. Бұл бірінші кезекте тіл, жазу, ауызша шығарашылық пен әдебиет, ғылым мен өнер, дін.

Белгілі ақиқат бар: «Өткені жоқ халықтың болашағы да жоқ».

Түрлі өркениеттердің идеялары мен жетістіктерін Қазақстан аумағында өмір сүріп жатқан барлық халықтар өз бойына сіңірді және толықтырды, өз кезегінде өздерінің шаруашылық пен мәдениеттегі өз жетістіктерімен әлемдік өркениеттің қазынасын байытты: қозғалмалы тұрғын-үй - киіз үй, жылқыға арналған ер тоқым, аттағы соғыстың өнері, кілем айшықтары ме күміс әшекейлер, дала жылыларының шабысын еске салатын әуезді әндер.

Қазақстандық ғалымдардың зерттеулері түрлі зерттеулерге, соның ішінде халықтық мәдениет пен этнопсихология құралдары арқылы қазақтардың ұлттық санасын қалыптастыруға арналған зерттеулерге де ықпал етті.

Исмағұлов Оразақ, Қалыбекова А.А., Ақселеу Сейдімбек, Наурызбаева Зира, Серікболсын Қондыбай, Серікпаев Қанат, Малеев Серик сияқты қазақстандық ғалымдар қазақ халқының рухани мәдениетін, ұлттық мәдениетті, оның жас ұрпақтың ұлттық санасын қалыптастыруға ықпалын зерттеуге өздерінің баға жетпес үлестерін қосты.

Қазақстандық антропологияның негізін салушы, Қазақстан Республикасы ғылым мен техникаға еңбегі сіңген қайраткер, ҚР Ұлттық ғылым Академиясының академигі Оразақ Исмағұлов өзінің «Қазақтардың тарихы» атты қолжазбалық еңбегінде қазақ халқының түп-тамыры 40 ғасырға дейінгі тереңдікке кететін антропологиялық келбетінің қалыптасуының тамырын зерттеу бойынша орасан зерттеу жұмысын жүргізді.

Академик Оразақ Исмағұлов қазіргі күнгі қазақтар Еуразияның ежелгі түркі тілдес халықтарының ұрпақтарының бірі екенін дәлелдеді [3]. Өзінің кітабында ғалым заманауи антропологияның жетістіктерін ашты, сондай-ақ қазақтар көне этнос болып табылатынын дәлелдейтін тұжырымдамалар жасады. Белгілі профессор, философ, лингвист және мәдениеттанушы Ақселеу Сейдімбек өзінің «Қазақтар әлемі» (Этномәдени түсіндіру) атты кітабында қазақтардың тарихын ашады, онда қазақ халқының ұлттық мәдениетінің және халықтың рухани мәдениетінің тарихи-мәдениеттанымдық ерекшеліктерін негіздеді.

Ақселеу Сейдімбектің пікірінше «қазақ халқы үшін Ренессанс дәуірі ұлттың рухани-мәдени гүлденуі, рухани-мәдени әлемі мүмкін болған 19 ғасыр болды» [4, Б.546].

Бұл кітапта автор қазақтардың ұлттық ерекшеліктерін, тілдік, мәдениеттің, дәстүрлердің, қазақ халқының жас ұрпақтың менталитетін, ұлттық санасын қалыптастыру мен дамытудағы іргелі негіздерін ашады.

А.А.Қалыбекова «Қазақтың ұлттық мәдениетінің ғылыми-теориялық негіздері» атты оқулығында ұлттық мәдениет пен ұлттық дәстүрлердің ерекшеліктері мен қағидаларын ашады. А.А.Қалыбекова «Қазақтардың халықтық даналығы» атты кітабында қазақ халқының ұлттық сана-сезімін дамытуда маңызды рөл атқарған қазақтардың ұлттық бірдейлігінің ұлттық белгілерін және ерекшеліктерін ашады, ұлттық әдет-ғұрып және дәстүрлермен таныстарады, ауызша халық шығармашылығының, жазбаша әдебиеттің, ерекше музыка өнерінің ерекшеліктерін анықтайды[5].)

Профессор Зира Наурызбаеваның «Қазақтардың мәңгілік аспаны» кітабында тәңіршілдік онтологиясын; қазақтардың аңыздары мен рәсімдерін ашты. Серікбол Қондыбай жайлы: қазақ мәдениеттануының жаңа парадигмасы; эпостық мұралардағы мифтік сарындар; заманауи қоғам және дәстүр мәселелері қарастырылды.

Серікбол Қондыбай (1968-2004) жойылған сөздердің, таңбалардың, сенімдердің мәні мен символикасын кешенді қалпына келтіре отырып, ғылыми мифологияда қалыптасқан қазақ және әлемдік халық шығармашылығының, жырлардың, аңыздардың стереотиптерін бұза алды.

Зерттеуші Серікбол Қондыбай етафизикалық білімдердің жүйесі ретіндегі аңыздарды жаңаша түсіну мектебін құрды, евроцентристік парадигмаға негізделген, батыс ғылымдағы нұсқалардың сыни қорыта келе, протүріктердің мифтік санасының терең генофондын ашты.

Ғалым қазақтың рухани мәдениетінің негіздерін қайта жаңғыртты, аңыздарды ең бір

көне реалийлерді негіздеу үшін тексерді [6]. Сонымен қатар, ол қазақ мифологиясының негіздерін қалпына келтірді, бірақ түрік мифологиясы мен мифтік түсініктердің көне жүйесін қалпына келтірді.

Қысқа ғана өмірінде С.Қондыба көлемділігімен, тұжырымдамалық жаңалығымен және заманауи рухани өміріміздегі көкейкестілігімен таң қалдыратын керемет мұра қалдырды.

Бұл «Маңғыстау ландшафтарының эстетикасы» (1998), «Қазақ мифологиясына кіріспе» (1999), «Қазақ даласы және гурмандық құдайлар» (2000), «Әскери рух кітабы» (2006), «Есен қазақ» (2002), «Қазақ мифологиясы. Қысқаша сөздік» (2005), «Көне қазақтардың мифологиясы» (4 томдық, 2008-2011), «Ежелгі қазақтардың дүниені түсінуінің негіздері» Энциклопедиялық басылым (2018) атты еңбектер. Мифтік-лингвистикалық талдау нәтижелері тарих, география, археология мәліметтерімен бірге 8 мыңнан астам уақыт бұрын «гиперборейлік» мәдениеттің өмір сүргендігі жайлы болжам жасауға мүмкіндік береді, бұл мәдениет заманауи еуразиялық халықтардың бастауы болды.

«Шынайы Гиперборея» б.д.д. 7-6 мыңжылдықтарда Каспийдің оңтүстік-кавказдық ағалауында (Куры және Аракса үстірті, Апшерон жартыаралы) өмір сүрді, содан кейін түріктер де (қазақтардың ата-бабалары) жіктелгендігін дәлелдейді С.Қондыбай [7]. Өзінің ғылыми еңбектерінің барлығын жас ғалым мүтедектер арбасына таңыла отырып, бар болғаны 10 жылда жазды. Бұл өмірге келе отырып, өзінің жоғары миссиясы мен міндетін сезінген адамның шынайы ерлігі болып табылады. Мұнан бөлек, Серікбол Қондыбай республикалық басылымдарда 90-нан астам ғылыми-танымдық және публицистикалық мақалалар жариялады («Жауынгерлік рух кітабы», Қазақ мифологиясына кіріспе», «Арғықазақ мифологиясы» «Маңғыстаудың жер - су атаулары», «Медет шежіресі», «Алпамыс ғаламы») және М.Элиаданың «Аспекты мифа» монографиясын қазақшаға аударды. «Алпамыс әлемі» атты зерттеуі жарияланбаған күйі қалды. Бүгінгі күні ғалымның басылым көрмеген қолжазбаларын зерттеу жалғасуда [8].

Қорытынды. Қазақ халқының рухани мәдениеті арқылы жастардың ұлттық санасын қалыптастыру қолданатын технологиялар: тәрбие жұмысының топтық, көпшілік және ұжымдық формалары: оқырмандар конференциясы, байқаулар, поэзия кештері, әдеби кештер, театр кештері, кино кештері, қызықты адамдармен, ақындармен, сазгерлермен, әртістермен, саясаткерлермен, атақты ғалымдармен және т.б. кездесу, пікірластар, дебаттар, сұрақ-жауап кештері, А.А.Қалыбекова, Оразақ Симағұлов, Зира Наурызбаеваның ғылыми еңбектері бойынша оқырмандар конференциясы.

Студенттердің таңдауы бойынша барлық педагогикалық мамандықтарға арналған оқу бағдарламаларын ендіру: «Ұлт дәстүрлері», «Абай Құнанбаев», «Шәкірім Құдайбердиев шығармашылығына арналған ар-ұят ғылымы», «Серікболсын Қондыбайдың ғылыми қызметі», «Ақселеу Сейдімбектің ғылыми шығармашылығы», «Ермек Тұрсыновтың кино шығармашылығы», «Тимур Бекмамбетовтың кино шығармашылығы», «Сергей Дворжецкийдің кино шығармашылығы», «Талғат Теменовтың кино шығармашылығы», «Герольд Бельгер - нағыз қазақ», «Қазақ халқының ұлы есімдері» және басқалар.

Әдебиеттер тізімі:

1. Нысанбаев А. Н., Арынов Е. М., Бабакумаров Е. Ж. Республика Казахстан: социально-политический облик на пороге XXI века // Социологические исследования. -М., 1996.- № 8.-С. 57-65.
2. Темиргалиев Р. Казахи. Путь предков. - Алматы, 2017, 340с, 23 илл.
3. Исмағұлов Оразақ Происхождение казахов. Монография. Алматы, 2019, 202с.
4. Сейдімбек Ақселеу Қазақ әлемі Алматы: Санат, 1997, 464 б.
5. Қалыбекова А.А. Теоретические и прикладные основы народной педагогики

казахов. Монография. Алмата, 2005, 363 с

6. Наурызбаева Зира «Вечное небо казахов». Исследования по мифологии и инициатическим ритуалам казахов. Алматы, 2013, 700 с

7. Серікболсын Қондыбай «Қазақ мифологиясына кіріспе» Алматы: Зерде, 1999, 320б.

8. Серікболсын Қондыбай «Арғы қазақ мифологиясы» Алматы, 2004, 272б

Аннотация: В статье актуализируется проблема национального самосознания молодежи Казахстана, рассматриваются феномен, природа, структура и особенности проявления национального самосознания студентов, значение и роль казахской духовной культуры, народных традиций в воспитании национальной психологии, которые способствуют глубокому осмыслению народами себя, своего места в мире и перспектив развития. Духовная культура казахского народа, обладает потенциальными духовно-нравственными возможностями по формированию национального самосознания, осознание поколением своей социально-этнической сущности, понимание того, какую роль он сыграл и будет играть в истории человечества, понимание своего вклада в общечеловеческую цивилизацию. Исследования казахстанских ученых способствовали различным исследованиям, в том числе по формированию национального сознания казахов средствами народной культуры и этнопсихологии. Педагогу вуза, работающему на пути формирования и совершенствования духовно – нравственной культуры обучающихся-студенческой молодежи, необходимо понимать, что нравственность-это средство духовного развития человека.

Ключевые слова : казахская духовная культура, менталитет, мировоззрение, национальная культура, национальный характер, национальное сознание, традиции, ценности

Abstract: The article actualizes the problem of national self-consciousness of the youth of Kazakhstan, examines the phenomenon, nature, structure and features of the manifestation of national self-consciousness of students, the importance and role of Kazakh spiritual culture, folk traditions in the education of national psychology, which contribute to a deep understanding of the peoples of themselves, their place in the world and development prospects. The spiritual culture of the Kazakh people has potential spiritual and moral opportunities for the formation of national identity, awareness by the generation of its socio-ethnic essence, understanding of the role it has played and will play in the history of mankind, understanding of its contribution to the universal civilization.

Key words: Kazakh spiritual culture, mentality, worldview, national culture, national character, national consciousness, traditions, values

ӘОЖ: 624.131

¹Мусаев Дж, ¹Байман Г.Б., ²Бөртебаев Н.Т.

¹химия ғ.к., профессор, М.Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан
¹магистр, аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан
²физ.-мат. ғ.д., профессор, ЯФИ РМК директоры. Алматы, Қазақстан

ҰЛТТЫҚ ТАМЫРДАН ҚОЛ ҮЗУ ҚАУІПТІ

Ұлттық құндылықтар-ұлт қорғаны

Түйін: Республика Тәуелсіздігінің ең бір елеулі белесі 30-жылдық төл мейрамымыз келеді. Егемендігіміздің бір нышаны – ұмыт бола бастаған ескі дәстүрлерімізді жаңарту, ата-бабаларымыздан қалған салт-дәстүрлерімізді, әдет-құрыптарымызды рухани жаңғырту болып табылады. Бұл мақалада осы мәселелерді қазіргі заман талабына сай қалай ұштастыруға болатыны туралы ой қозғалады. Осынау өтпелі жаһандандудың жалыны жалпы адамзатқа (соның ішінде біздің қазақ халқына) қалай әсер етіп жатқаны туралы да айтылады. Оның шешу жолдары да қарастырылған. Әдет-ғұрыптарды заманауи дәстүрде Әлем алдында асқақтата жырлау керектігі айтылады. Осындай іс-әрекеттерді орындау халқымыздың салт-санасын көтеріп, алға озу үрдісі басталады. Ол үшін алдыңғы ұрпақ қалдырған асыл мұраларды көздің қарашығындай сақтай білуге көңіл бөлінеді. Біз сол рухани ұлттық кодты жаңғырта білуді ұйымдастыра алуымыз қажет.

Кілт сөздер: Ұлт, құндылық, халық, болыс-бітімі, таным, салт-дәстүр, тіл, діл, жаһандану

Кіріспе.Түркі тайпаларының ішінде қазақ ұлысы ұлт ретінде болмыс-бітімі, таным түйсігі, салт-дәстүрі, тілі, ділі ерекше жаратылған халық. Өмір ырғағын қоршаған орта, Табиғат-Анамен айрықша сабақтастыра білген дала халқы осы уақытқа дейін өз дүниетанымын бұзбай келе жатқанында ерекше мән бар. Бірақ кейінгі кездегі, жаһандануға байланысты қазақ халқы озық мәдениеті мен бай өркениетін өне бойында сақтай ала отыр ма?

Теориялық талдау. Осынау өтпелі, жаһандандудың жалыны жалпы адамзатты жаппай жалмап келе жатқан күрделі кезеңде, түркі халықтарында ғана кездесетін адамгершіліктің абзал қағидаларын, әдепті әдет-ғұрыптарын өскелең ұрпақ ата дәстүрін, ұлт құндылықтарын қалай дәріптеп келеді?

Осы сұрақтар төңірегінде ой қозғайық.

Біле білгенге дәстүрі озық, салт-санасы бүлінбеген ұлт ғана дамуға икемді, яғни алға озу үшін алдыңғы ұрпақ қалдырған асыл мұраларды көздің қарашығындай сақтап, оны кейінгі ұрпаққа жеткізе білуіміз керек.

Байқап қарасақ біздің бұзылмас байырғы ұлт тамырымыз, кейінгі жүз жылдың ішінде күрт ыдырап, ұлттық құндылықтарымыз шайқала бастады. Оған себептер: 1) Кеңестік кесір саясаттың салғыны;2) жаһандандудың жойқын күші.

«Үлкенге ізет,кішіге құрмет» көрсете білетін қазақ халқы кейінгі 30-40 жылдың ішінде ұлттық тамырдан танымастай кейіп көрсетіп, өзгеруге ұшырай бастады. Бұған себеп, менімше, сыртқы күштердің ықпалы десекте, өзіміз де көне дәстүрімізді жаңа заманға лайық көрмей, керітартпа қылықтарға көп бой алдырып жүрміз. Керітартпа қылықтарға не жатады?

Ең әуелі халықтың қорғанышы-ол ұлттың ана тілі. Тіл бар жерде ұлт, ел және жер бар. Ғ.Мүсірепов «ана тілінен айырылған адам өз халқы жасаған мәдени мұраның бәрінен құралақан қалады», -дейді. Тілін білмеген, түбін білмейді, ондай адам күлдірем деп күйдіреді, сүйсіндірем деп сүріндіреді, т.б. Осыған байланысты ана тілін ардақтамайтын,

тарихын терең зерттегісі келмейтін ұрпақ өсіп келе жатқаны көңілге қаяу келтіреді. Тек жастарымыз ғана емес, аға буын өкілдерінің де (кейбір өкімет басында отырған лауазымды шенеуніктер) төл тілімізге деген бағасы төмен екені байқалады. Бұл ұлттың тамырына балтамен шабу емес пе [1]?

Қазіргі жас аналардың бала тәрбиесіне келгенде, Қадыр Мырза-Әлінің «Бесікпен домбыра» дейтін тамаша өлеңінде

«...іздеймін деп кеңістік,
Кентін тастап көшіпті.
Батыр қазақ қылышты,
Белін қашан шешіпті?!
Іздеймін деп тыныштық,
Түзін тастап көшіпті
Ақын қазақ азаптың
Бәрін тастап көшіпті
... іздеймін деп азаттық,
Тауын тастап көшіпті
Бәрін тастап осы күн,
Жеткен ұлы мұратқа.
Домбыра мен бесігін,
Тастамаған бірақ та»

Ал енді осы бесікті тербетер ана тақырыбы да, бүгінгі негізгі мәселелердің бірі болып отыр, оны ашу үшін тағы да Қадыр Мырза-Әліге жүгінейік:

«...Көлдей көріп махабаттың тамшысын,
Күтіп өттің жақсылықтың жаршысын.
Бір ай көрінбесе сағындың
Күйеуінің өзі түгіл қамшысын!
Жолын кеспес қайнағаның ағаның,
Сен бір гүлі, сен бір күні даланың.
Кітапсыз-ақ оқыдың сен кітаптай,
Ата-ананың қасы менен қабағын»

Осы өлеңдегі ойды терең түсіну үшін Ақселеу Сейдімбектің «Құрмет» деген әңгімесіне оралайық. Үй жинап жүрген Ырыс келін қайнысы шақырып, атасының шапанын төрге іліп беруін өтінеді. Сонда қайнысы: «...өзің неге ілмейсің?!» дегенде Ырыс өзгеше бір байсалды қалыпқа түсіп, айтуға болмайтын киелі құпияны амалсыз айтып тұрғандай, дауысы дірілдеп: «Онда...онда, атамның жағасына қолым тиіп кетеді ғой,»-дейді.

Ана тақырыбын Мұхтар Мағауин жазғандай, әйел-ұлттың айнасы емес пе? Әйел қақшандай түскен сайын, Алаш ақсаңдай түседі. Бұл ащы да болса шындық, деген ойлармен аяқтайық[2].

Қазақ баласы тәрбие бастауынан қол үзген күні болмысынан айырылған ұлттардың біріне айналады. Сондықтан, біз ата-бабалар ұстанған дара да, дана жолды ұмытпауымыз керек. Біз сол рухани ұлттық кодты жаңғырта білуді ұйымдастыра алуымыз қажет.

Ұлттық салт-дәстүр ешқашан ескілік болған емес. Мысалы, Жапон халқын алсақ, олар өркениет өріне тек технологиялары арқылы жеткен жоқ, әдебиетін де, мәдениетін де, ғылымын да ұлттық салт-дәстүрмен ұштастырулары арқылы жетті.

Біз жаңа қоғамда өмір сүріп жатқанымыз рас, бірақ жаңалыққа қадам басу- ұлттық тамырдан және қастерлі құндылықтардан бас тарту емес. Ал осы айтып отырған ұлттық құндылықтарымыз бен ұлттық ерекшеліктеріміздің бәрі кешегі түркі халықтарының биік

тұрағы болып табылса керек.

Біз бұрын кімді қазақ дейтін едік? Жеті атаға дейін қыз алыспайтын, жетімі мен жесірін қаңғытпайтын, бақты кумайтын, тақты теппейтін, бармын деп шіренбеген, жоқпын деп тіленбеген текті жұртты айтатын едік. Бір-бірімен көкпар тартысса да, бір-бірінің етегінен тартыспайтын, бір-бірімен жамбасқа алып белдессе де, өмірде бір бірін аяқтан шалмайтын азамат мінезді Алаш едік. Сөзге ұтылмайтын, досқа адал, қонақжай, сертке тұратын сері халық едік. Сонымен қатар әлемде мал-жан сұрап амандасатын елміз. Бұл біздің ерекшелік сипатымыз. Қаһарланса қайсар, мейірленсе жұмсақ, қара нанды бөліп жеген қанағатшыл, қара қылды қақ жарған әділетшіл даналарымыз көп-ақ болды емес пе?

А.Сүлейменов: «Қазақ болып туу қызық әрі қиын». Біз осы ерекшеліктерімізді бүгінге, ертеңге адал аманаттауымыз қажет.

Бай тілімізді еңселі алты қанат киіз үй ордамызды, береке ұялаған бесігімізді, кісі алдынан кесе көлденең өтпейтін келіндерімізді адамзат ұрпағына үлгі насихат ете білуіміз керек.

Қазақтар туралы ғұлама ғалымдар мен мемлекет басшыларының пікірлеріне көңіл бөлейік.

Біздің сан ғасырлар бойы салт-дәстүрлерімізді саралай келіп: II Екатеринаның «Қазақтар өздерінің кім екенін білсе әлемді жаулап алады», деген.

Семенов Тянь-Шаньский: «Бұларды оқытудың қажеті жоқ. Салт-дәстүрлері түгел тұнып тұрған білім!»-депті.

Георгий Потанин: «Қазақтар еті тірі, дені салауатты, өмірге іңкәр халық. Олар сауық сайранды жаны сүйеді, ашық түсті киім-кешекті, өмірінде мереке, той-думанды ұнатады..., қазақ өмірі үшін халықтың рухани қан-тамырында күш-жігердің көл-көсір қайнар көзі бар, тек **қазақтардың өздері осы қайнардан теріс айналмаса болғаны**», - дейді, недеген көрегендік (қазіргі уақытта арамызда болып жатқан кейбір келеңсіздіктермен салыстырыңыз)[3].

Көне дәстүрлерімізді (ұлттық тамырларды) көрнекілік ете отырып, көштің басын кемел болашаққа бұрғанымыз дұрыс болар. Ол үшін сөзімізді абыз Әбіш Кекілбайұлының аталы нақылымен сабақтайық: «дәстүр әдеппен, әдет-ғұрыппен, мың жылдап қалыптасқан дағдымен күресу есуастық. Бірақ оның бәрін **жаңа жағдайға лайықтамай, жаңғыртпай**, сол қалпында ұстануға тырысу-өз аяғыңды өзің тұсап, өз қолыңды өзің кісендеумен бара-бар».

Қорытынды. Осылай «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне» мән берейік[4].

Біздің тарихи санамыз осындай отты пікірлермен өміршең. Ойымызды, ел шетін жау, ел ішін дау бұзбасын, дәстүріміздегі даңқты ата-бабаларымыздың жолынан жаңылмайық, осылай жаһан алдында қазақтың мерейі асқақтай берсін, деп аяқтайық.

Әдебиеттер тізімі

1. Нысанбек Төреқұл. Даланың дара ділмарлары. Алматы: ЖШС, «Қазақстан» баспа үйі, 2006, 592 бет.
2. Әбіш Кекілбаев. Шығармалар жиынтығы. Алматы: Атамұра, 2003, 320 бет.
3. Қадыр Мырза Әлі. Көкейтесті. Алматы: Атамұра, 2003, 372 бет
4. Стивен Р.Кови «Жасампаз жандардың 7 дағдысы». Ұлттық аударма бюросы. Алматы, 2018, 352 бет.

Аннотация: Одним из самых значимых рубежей Независимости Республики является 30-летний юбилей. Символом нашего суверенитета является возрождение старых забытых традиций, обычаев и духовное наследие оставшихся от наших предков. В этой статье речь пойдет о том, как совместить эти вопросы с современными требованиями. А также идет речь и о том, как

пламя этой переходной глобализации влияет на человечество в целом (в том числе и на наш казахский народ). Рассмотрены пути его решения. Духовное наследие народа должны быть высоко воспеты перед миром в современном формате. Выполнение таких мероприятий позволит поднять духовность народа и начать процесс продвижения вперед. Авторы предлагают беречь как зеницу ока оставленное предками благородное наследие будущему поколению.

Ключевые слова: нация, ценность, народ, волесть, познание, традиции, язык, ментальность, глобализация

Abstract: One of the most significant milestones of the Independence of the Republic is the 30th anniversary. The symbol of our sovereignty is the revival of old forgotten traditions, customs and spiritual heritage left over from our ancestors. This article will discuss how to reconcile these issues with modern requirements. And also we are talking about how the flame of this transitional globalization affects humanity as a whole (including our Kazakh people). The ways of its solution are considered. The spiritual heritage of the people should be highly praised before the world in a modern format. The implementation of such measures will allow to raise the spirituality of the people and begin the process of moving forward. The authors propose to preserve as the apple of the noble heritage left by the ancestors for the future generation.

Keywords: Nation, value, people, Parish, knowledge, traditions, language, mentality, globalization

ӘОЖ: 37:303.687.4

¹Мухамедин М. М., ²Абдрашева Б. Ж., ¹Турдалиева Ш. Ж.

¹педагогика ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

²әлеуметтану ғ.к., доцент, Е.Бөкетов атындағы Қар.У, Қарағанды, Қазақстан

¹аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ТӘРБИЕЛІК МӘНІ МЕН ДЕМАЛЫСТА ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ

Түйін: Бұл мақалада ұлттық ойындар халықтың педагогикақұралының бірі болғандықтан балалар мен жасөспірімдердің күнделікті мәдени-демалыс тіршілігінде алатын орны, тәрбиелік ықпалы, мәні қарастырылған. Ұлттық ойындар балалар мен жасөспірімдердің патриоттық, көркемдік және дене тәрбиелерінің ажырамас құрамдас бөлігі болып табылады. Қозғалыс қуанышы балалардың рухани баюымен ұштасып жатады. Оларда өз елінің мәдениетіне деген тұрақтылық, мүдделілік, құрметпен қарау қалыптасады, патриоттық сезімдерді дамыту үшін эмоционалды жағымды негіз жасалады, өз халқының мәдени құндылықтары мен рәміздерін танып білу жүзеге асырылады. Ұлттық ойындар балаларды халық дәстүрімен таныстырады, ойын-сауық, танымдық, дамытушылық сияқты функцияларды жүзеге асырады. Ойын - бұл қуанышты эмоциялардың қайнар көзі, балалардың қарым-қатынас жасау тәсілі. Ойын арқылы балалардың достық қарым-қатынастары дамиды, көмекке келуге, өзара көмек көрсетуге ұмтылады.

Қазақтың ұлттық ойындарын пайдалану және сақтау халық мерекелері мен салт-дәстүрлерінің, мәдени-тынығу саласы ретінде қайтадан дамуына байланысты болып отыр. Бұл үшін әр мәдени-шұғылданыс паздылық мекемесінде «ойындар жиынтығын», ойындар алаңын, ойындар достарының клубын, ұлттық спорт үйірмелерін, атты-спорт кешенін, ойындар бағдарламасын жүргізушілер мектебін, әртүрлі тақырыпта ойындар бағдарламасын, ойындар мерекесін, ойынды демалыс кештерін т.б. ұйымдастыру қажет.

Кілт сөздер: ұлттық ойындар, дәстүр, тәрбие, демалыс, құндылық, халық педагогикасы, мәдени-тынығу, әрекет, даму.

Кіріспе. Қазіргі жағдайда ұлттық сананы жетілдіруде этномәдениеттің орны ерекше. Жан-жақты дамыған алуан салалы этномәдениет, өте икемді феномен бола отырып,

қазіргіні өткенмен байланыстыру міндетін атқарып келеді.

Сондықтан, кейінгі кезде, зерттеушілер назары ұлттық ойындарды демалыс іс-әрекеттеріне пайдалану және оларды сақтау, дамыту мәселелеріне ауып отыр. Ұлттық ойындар этномәдениеттің негізгі бөлімдерінің бірі болғандықтан балалардың күнделікті мәдени-демалыс тіршілігінде алатын орны, тәрбиелік ықпалы, мәні ерекше зерттеуді қажет етеді.

Ұлттық ойындар – дәстүрлі педагогикалық құрал болып табылады. Біқылым заманнан бері оларда адамдардың тұрмыс-тіршілігі, тұрмыстық жағдайы, ұлттық бастаулар, намыс, ержүректілік туралы түсініктер айқын бейнеленген; күшке, ептілікке, төзімділікке, жылдам қозғалыстарға және сұлулыққа ие болуға ұмтылу; ұшқырлық, төзімділік, тапқырлық таныту.

Ұлттық ойындар балалар мен жасөспірімдердің патриоттық, көркемдік және дене тәрбиелерінің ажырамас құрамдас бөлігі болып табылады. Қозғалыс қуанышы балалардың рухани баюымен ұштасып жатады. Оларда өз елінің мәдениетіне деген тұрақтылық, мүдделілік, құрметпен қарау қалыптасады, патриоттық сезімдерді дамыту үшін эмоционалды жағымды негіз жасалады, өз халқының мәдени құндылықтары мен рәміздерін танып білу жүзеге асырылады.

Теориялық талдау. Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеуде ұлттық ойындардың алатын орны ерекше, себебі «халықтық педагогика элементтерін тәрбие беру ісінде пайдаланудың басты мақсаты - рухани дүниеге, адамгершіліктік көзқарастарға, эстетикалық талғамды қалыптастыруға, дүниені түйсіну мәдениетін дамытуға тиімді әсер ету» [1].

Олардың маңыздылығын асыра бағалау қиын, сондықтан балалармен жұмыс істеуде оларды пайдалану өте маңызды болып табылады. Ұлттық ойындар балаларды халық дәстүрімен таныстырады, ойын-сауық, танымдық, дамытушылық сияқты функцияларды жүзеге асырады. Ойын - бұл қуанышты эмоциялардың қайнар көзі, балалардың қарым-қатынас жасау тәсілі. Ойын арқылы балалардың достық қарым-қатынастары дамиды, көмекке келуге, өзара көмек көрсетуге ұмтылады. Мейірімділік сияқты қасиеттер, дене қабілеттері дамиды. Ойындар баланың тыныс алу, жүйке жүйелерінің дамуына және денсаулығының жалпы нығаюына ықпал етеді, ал қазақтың ұлттық ойындарын далада өткізу баланың денсаулығын шынықтыруға мүмкіндік береді. Өн салумен байланысты болатын ойындар балалардың бойындағы музыкалық қабілеттерді дамытады.

Ұлттық ойындар балалар мен жасөспірімдердің тиімді дене дамуы мен тәрбиесіне ғана ықпал етіп қоймай, сонымен бірге жеке тұлға ретінде рухани дамуының құралы ретінде де әсер етеді. Ұлттық ойындар балалардың ақыл-ой тәрбиесіне тигізетін әсері сөзсіз. Оның көмегімен олар қоршаған әлемді танып, өзгермелі ойын жағдайында саналы әрекет жасауға, ойын ережелерін сақтауға үйренеді. Зейін, ойлау, қиялдау сияқты қабілеттері дамиды.

Біздіңше, кез келген адамды тәрбиелеудің ұлттық негізі болуы керек «халық дүниетанымының кәусар бұлағынан қанып ішкен ұрпақ қана жарқын болашақ үшін кепіл бола алады» [2]. Ұлттық ойындардың тәрбиелік құндылығы-жеке адамның ішкі мүмкіндіктерін дамытуға алғашқы ықпал жасауында, түрлі ойындар әрекеттері арқылы әртүрлі мәселелерді шешуге, шығармашылық, логикалық, жылдам шешім қабылдау қабілеттіктерін, дене, мінез-құлық, қарым-қатынас, пікірлесу мәдениетін қалыптастыруға, дамытуға жағдай жасап, көмектесуінде.

Ұлттық ойындар баланың сөйлеу тілін дамытуға ықпал етеді. Олардың көмегімен баланың сөздік қоры байиды, өйткені ойындарда өлеңдер, санағыштар көптеп кездеседі.

Ойындарда әлемді эстетикалық тұрғыдан қабылдау жетілдіріледі. Балалар қимыл-қозғалыс сұлулығын, олардың көркемділігін таниды. Оларда ырғақтылық қалыптасады. Жарысу элементтері бар ойындар, белгілі бір заттармен жүргізілетін ойындар, жүгіріп ойнайтын ойындар, күш, ептілік қолданылатын ойындардың тәрбиелік мәні зор. Олар өте

қарапайым және балалар үшін қол жетімді болып табылады, бұл ойындар басқа балдардың әрекеттерімен салыстыра отырып, өз қимылдарын талдауға үйретеді. Бұл ойындар балаларды адалдыққа, тәртіпке тәрбиелейді, әртүрлі ойын жағдаяттарында өз мінез-құлқын саналы түрде басқаруға үйретеді.

Қозғалмалы халық ойындары ойын қатысушыларынан шапшаңдықты (тез қашуды, қуып жетуді), дыбыстарға, көру, тактильді сигналдарға бірден жауап беруді талап етеді.

Мазмұны жағынан барлық халық ойындары[3,4,5,6,7] классикалық түрде қысқа, мәнерлі және балаға қолжетімді болып келеді. Олар балаларда белсенді ойлау жұмысын жүзеге асырады, ой-өрістерін кеңейтуге, қоршаған әлем туралы түсініктерді нақтылауға, барлық психикалық процестерді жетілдіруге ықпал етеді, бала организмнің дамуының жоғары сатысына көшуін ынталандырады.

Олай болса, қазақтың ұлттық ойындарын жас кезінен бастап балалардың өмірінде өте қажетті құбылыс ретінде қарастыру керек. Олар балаларда ақыл-ойды, мінез-құлықты, ерік-жігерді тәрбиелеуге, адамгершілік сезімдерін дамытуға, белгілі бір рухани көңіл-күй туғызуға зор ықпал жасайды, және ұлттық шығармашылыққа деген қызығушылықтарын оятады.

Қазақтың ұлттық ойындарын пайдалану және сақтау халық мерекелері мен салт-дәстүрлерінің, мәдени-тынығу саласы ретінде қайтадан дамуына байланысты болып отыр.

Бұл үшін әр мәдени-шұғылданыпаздылық мекемесінде «ойындар жиынтығын», ойындар алаңын, ойындар достарының клубын, ұлттық спорт үйірмелерін, атты-спорт кешенін, ойындар бағдарламасын жүргізушілер мектебін, әртүрлі тақырыпта ойындар бағдарламасын, ойындар мерекесін, ойынды демалыс кештерін т.б. ұйымдастыру қажет.

Кейбір ұлттық ойындарға қатысу үшін, адамға алдын-ала дайындықтан міндетті түрде өтуі қажет. Алдын-ала дайындықты қажет ететін ұлттық ойындар түрлеріне: тоғызқұмалақ, дойбы, қазақша күрес, жаяу жарыс, атты-спорт ойындар/бәйге, жорға жарыс, аударыспақ, қыз қуу, теңге алу т.б./ айтыс ойындары/қыз бен бала айтыс ойыны, аңдардың айтысы, қыз бен жігіт айтысы, «қайымдасу» т.б./, қызды ұзатқанда және үйлену тойында болатын ритуалды ойын-сауықтар/ «тоғыз табак», «құйрық-бауыр», «бет ашар», «күйеу шақыру», «той бастар», «қыз кәде» т.б./ бір жасқа дейінгі нәрестені тәрбиелеудегі «Бесік жыры», «Саусақ санау», «Тұсау кесу» т.б. ойындық жырлар жатады[3,4,5,6,7]. Ұлттық ойындардың мұндай және басқа да түрлерін меңгеру үшін қазіргі таңда материалдық, әдістемелік, кадрлық т.с.с. жағдай жасау қажеттілігі туындап отыр.

Нәтижелерді талқылау. Соңғы зерттеу нәтижелері, ұлттық ойындарда әр-алуан өнердің өзара тығыз байланысы бар екенін көрсетеді. Ұлттық ойындар түрлерінде жиі кездесетін пікірлесу мен дене қимылынан басқа, олардың көпшілігінде музыка, би, шешендік, әртістік және ән өнері элементтері молынан кездеседі. Өнердің бұлайша қосылуы қарапайым қалыпта емес, халық педагогикасының құнды саласы ретінде қаралатын ұлттық ойын мәдениетінде олар синтетикалық сипатымен ерекшелінеді.

Сондықтан, ұлттық ойындарды жасөспірімдердің көркем-өнерпаздар үйірмелерінде, мәдени шараларда пайдалану, бала бойындағы бұрын белгісіз болған табиғи көркем-шығармашылық дарынын ашуға, оның жан-жақты дамуына көмектеседі. Бұл үрдіс әртүрлі ойын жаттығуларын, тапсырмаларын, кездейсоқ жағдайлардың шешімін табу кезінде жүзеге асады. Ойындар іс-әрекеті кезінде, баланың көркем-шығармашылық қабілетін дамытуға ынталандыру, оны өзіндік көркем-шығарышылық қабілетін дамытуға ерекше бағыт береді.

Мәдени-тынығу мекемелерінде, ұлттық ойындар арқылы балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын тиімді ұйымдастыру үшін және тиімді дене дамуы мен тәрбиесіне ғана ықпал етіп, жеке тұлғалық қабілеттіліктерін дамытудың мынадай жолдарын ұсынамыз:

-көркем-өнерпаздар үйірмелерінде ұлттық ойындарды оқу –орындаушылық

үрдістерінде кеңінен қолдану.

-балалар үшін жүйелі түрде арнайы тақырыпты оқиғалы ойындар бағдарламаларын ұйымдастыру және өткізу;

-балаларға арналған ойын-сауық шараларын ұйымдастыру және өткізу /ұлттық ойындар жиынтығын, ұлттық ойындар апталығын, ұлттық ойындар мейрамын, ертегі ойын-сауық қойылымдарын т.с.с./.

Қорытынды. Сонымен, ұлттық ойындарды басқа да тәрбиелік құралдармен ұштастыру өзінде рухани байлықты, адамгершілік тазалық пен дене кемелділігін үйлестірген, үйлесімді дамыған, белсенді тұлғаны қалыптастырудың бастапқы кезеңінің негізі болып табылады. Ересектер балалық шақтағы әсерлер өте терең және үлкен адамның жадында өшпейтін із қалдыратынын есте ұстауы керек. Олар оның адамгершілік сезімдерін, санасын дамытуға және олардың қоғамдық және шығармашылық іс-әрекеттерінде одан әрі көрініс табуына негіз болып қалады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Калыбекова А. Теоретические и прикладные основы народной педагогики казахов. Алматы, БАУР, 2005. 200 с.
2. Бейсенов Қ. Ш. Философия тарихы. Оқулық. Шымкент, Нұрлы бейне, 2005. 372б.
3. Тәнекеев М., Адамбеков І.Қ. Қазақтың ұлттық спорт ойындары. Алматы, «Санат», 1994.
4. Абишев К.Қазақтың ұлттық ойындары. Алматы: Нұр-Принт, 2014. 142 б.
5. Атабаев А.С. Ұлттық ойындар-халық мұрасы. Алматы: Кітап, 2006, 255 б.
6. Сағындықов Е. С. Қазақтың ұлттық ойындары. [Алматы](#): Рауан, 1991, 176 б.
7. Төтенай Б. Қазақ ұлттық ойындары. [Алматы](#): Балауса, 2013, 96 б.

Аннотация. В данной статье рассматриваются роль, воспитательное влияние, значение национальных игр в повседневной культурно-досуговой жизни детей и подростков, так как они являются одним из основных средств народной педагогики. Национальные игры являются неотъемлемой составляющей патриотического, художественного и физического воспитания детей и подростков. Радость движения сочетается с духовным обогащением детей. В них формируются стабильность, интерес, уважительное отношение к культуре своей страны, создается эмоционально-положительная основа для развития патриотических чувств, осуществляется познание культурных ценностей и символов своего народа. Национальные игры знакомят детей с народными традициями, осуществляют такие функции, как развлекательная, познавательная, развивающая. Игра-источник радостных эмоций, способ общения детей. Через игру развиваются дружеские отношения детей, стремление прийти на помощь, оказать взаимопомощь.

Использование и сохранение казахских национальных игр вновь связано с развитием народных праздников и традиций, культурно-досуговой сферы. Для этого в каждом культурно-досуговом учреждении необходимо организовать «игротеки», игровую площадку, клуб друзей игр, национальные спортивные кружки, конно-спортивный комплекс, программу игр, программу игр на разные темы, праздник игр, вечера игрового отдыха и т.д.

Ключевые слова: национальные игры, традиции, воспитание, Досуг, ценности, народная педагогика, культурно-досуг, деятельность, развитие.

Abstract. This article examines the role, educational influence, and importance of national games in the daily cultural and leisure life of children and adolescents, as they are one of the main means of folk pedagogy. National games are an integral part of patriotic, artistic and physical education of children and adolescents. The joy of movement is combined with the spiritual enrichment of children. Stability, interest, respect for the culture of their country are formed in them, an emotionally positive basis for the development of patriotic feelings is created, knowledge of cultural values and symbols of their people is carried out. National games introduce children to folk traditions, perform such functions as entertaining, educational, developing. The game is a source of joyful emotions, a way for children to communicate. Through the game, friendly relations of children develop, the desire to come to the rescue, to provide mutual assistance. The use and preservation of the Kazakh national Games is again connected.

Keywords: National Games, traditions, education, recreation, value, folk pedagogy, cultural and leisure, activity, development.

**ЭКОНОМИКА
ЭКОНОМИКА
ECONOMY**

UDC: 338.012

Kulanova D. A., Abdikerimova G. I., Yesbolova A. Y.

candidate of Economic Sciences, Associate Professor,

M.Auezov SKU, Shymkent, Kazakhstan

candidate of Economic Sciences, Associate Professor,

M.Auezov SKU, Shymkent, Kazakhstan

PhD, Senior Lecturer, M.Auezov SKU, Shymkent, Kazakhstan

HUMAN CAPITAL IN THE CONTEXT OF A PANDEMIC: MANAGEMENT AND FURTHER DEVELOPMENT

Abstract. The article considers the main problems of the human capital development and its reassessment in the conditions of the pandemic. In the conditions of economic management, a demand for human capital has increased during the pandemic. The most popular personnel have been medical workers, as well as employees providing biological safety. The purpose of the research is to study the issues of management and development of human capital in both theoretical and practical aspects.

The article analyzes the development and formation of human capital, the relationship between intellectual capital, the level of education and personal income of subjects in the conditions of a pandemic. The topic of the article is relevant and new due to the fact that during the pandemic there was a reassessment of human capital, global and significant changes took place in the labor market.

Keywords: human capital, pandemic, intellectual capital, crisis.

Introduction. One of the main factors of the economic development today is human capital. Human capital is the accumulated knowledge, skills and abilities that a person acquires in the process of general and special education, professional training, as well as through experience. In last years, much attention has been paid to the rational conduct of personnel management, the essence is the effective management of human capital, which contributes to improving the quality of work of the entire personnel service at enterprises. Human capital is the driving force of scientific and technological progress, and the well-being of the economy as a whole depends on how effectively it is formed and developed.

The main civilizational resource of the country is human capital, thanks to which the competitiveness of all economic and administrative resources is actually ensured. Also, human capital is one of the main strategic priorities of development, the main resource of society, the country, as well as individual regions.

Theoretical analysis. Achieving success in the market can only be the result of creative activity of a person who proactively interacts with the external business environment.

The accumulation of experience and knowledge leads to the construction of new models of understanding the environment by the most active individuals. In turn, such models make changes to potential solutions chosen from a variety of possibilities available to a particular person [1].

The choice of a model of economic behavior is determined by the decision of individuals and groups. In this regard, economic behavior is considered as an active influence on all organizational processes. The human factor determines the degree and direction of changes in the organization, during which a certain organizational genotype is formed – the properties and characteristics of an economic entity that allow it to survive and develop. Such properties include, in particular, the ability to solve complex organizational problems, to put forward

creative innovative business ideas.

The level of human capital depends not only on the needs of the enterprise in personnel, but also on the abilities of the employee himself. An employee of an enterprise in the process of performing his functions creates material and non-material benefits, after the expiration of time, the human capital is improved.

Human capital develops and forms throughout life and goes through several stages, which can be represented as a model of formation, reproduction and accumulation.

In present time, a role of the state in the system of factors for the development and improvement of human capital has increased. In modern economic conditions, the economy of Kazakhstan is moving towards a new innovation system, which implies the introduction of new development trends and increasing intellectual activity at enterprises, which requires the creation and implementation of a new state policy [2]. The availability of highly qualified personnel of the enterprise plays an important role in the success of enterprises in the conditions of digitalization of the economy. The use of digital technologies in enterprises leads to global changes in the labor market [3].

Results and their discussion. The COVID-19 has dealt a powerful blow to the global economy, provoking the deepest global recession in the last eight decades, surpassing the global crisis of 2009 by almost three times in depth [4].

According to statistics, despite unprecedented government support, the global gross domestic product (GDP) decreased by 5.2% in 2020. The number of cases and victims of the pandemic continues to grow: more than 1 million deaths and millions of people suffering due to the deterioration of prospects and loss of livelihoods.

The pandemic and related restrictive measures caused a sharp reduction in consumption and investment, as well as led to serious changes in labor markets. It is estimated that the loss of working time in the second quarter of 2020 was equivalent to the loss of almost 500 million full-time jobs [5].

Cross-border spillover effects have led to disruptions in the financial and commodity markets, world trade, supply chains, the transport industry and the tourism industry. As a result, in 2020, the vast majority of emerging market and developing economies (EMDE), per capita income is expected to decline, which will plunge millions of people into poverty again.

The number of new COVID-19 cases is increasing by more than 250,000 daily, with the highest incidence rates observed in the US, India, Brazil, Colombia, South Africa and Mexico. As the monthly statistics show, after the recession in the second quarter, global economic activity is beginning to recover. At the same time, various indicators of activity remain significantly below the levels that were observed at the beginning of the year.

In the second quarter of 2020, the level of economic activity in the United States declined sharply, and output declined by an unprecedented 31.7%. Most states reported a trend of a daily increase in the number of new cases of COVID-19, which suspended the implementation of their plans to open the economy or led to the re-introduction of restrictions.

In the second quarter, the eurozone experienced a sharp drop in economic activity and a decline in output by 39.4%. As many EU member states eased pandemic-related restrictions in the third quarter, high-frequency indicators pointed to an increase in the level of economic activity, especially in the retail sector, but the recent increase in the number of new COVID-19 cases slowed the pace of recovery. The growth of industrial production was not very significant: in June, the indicators were about 7% lower than at the beginning of 2020. The governments have agreed to create a pan-European fund for economic recovery, which provides grants in the amount of 390 billion euros to the EU member states most affected by the pandemic.

As noted in the global economic growth forecast, which was published in June, the pandemic will recede in such a way that advanced economies will be able to begin lifting restrictive measures around the middle of 2021, and EMDE countries a little later. It also assumed that the adverse global spillover effects would weaken in the second half of the year,

and the disruptions in the financial markets would be short-lived.

Despite the fact that a slight economic recovery was forecast for 2021 with a global growth rate of 4.2%, production volume was not expected to return to previously expected levels. In addition, according to this forecast, due to the COVID-19, from 71 to 100 million people may become extremely poor worldwide, which will negate the previously achieved progress in reducing poverty and will be the first increase in the level of extreme poverty worldwide since 1998.

Human capital is one of the most inalienable assets that a person can possess. In this sense, human capital is a basic asset, thanks to which citizens become productive members of society and create opportunities for the prosperity of their countries [6].

The recovery of human capital after the pandemic is possible only if state take decisive measures. There are two reasons for this. First, the benefits of investing in human capital are partly related to the interaction between people and other factors of production, and these social benefits are usually not transferred to individual citizens [7]. Secondly, families and individuals may want to invest in human capital, but they may not have enough money for this, especially given that it takes some time to get a return on investment. By providing access to education and health services, states enable families and citizens to overcome this limitation and create conditions for realizing the public benefits of investing in human capital [3].

At the same time, the pandemic has clearly shown that in times of crisis, a significant increase in inequality in access to quality education is possible. A distance learning, which became necessary as a result of the pandemic, posed a difficult task both for teachers who did not always have the necessary skills for this form of education, and for students who did not always have access to digital technologies necessary for distance learning. The closure of schools can lead to losses in education even in cases where alternative forms of education are organized. Their closure can be especially harmful for children from socially vulnerable families. In addition, labor markets require a higher level of human capital development than in the past; therefore, having a reliable foundation is becoming increasingly important, since basic education will not be enough.

Scientists and experts argue that human capital, like physical, natural, and financial capital, has a value, is subject to modernization and development, and the main indicator of measuring human capital is its productivity [8]. Research in this area shows that the national human capital accounts for more than half of the national wealth of each of the developing countries and more than 70-80% of the developed countries of the world.

Kazakhstan showed relatively good results in the Human Capital Index (HIC) in 2020. For instance, since 2010, the value of the HIC in Kazakhstan has increased from 0.59 to 0.63.

The state program «Digital Kazakhstan» defines the development of human capital as one of five important areas. In general, human capital has a great influence on the development of the country's economy. The level of digital literacy of the country's population is 82.1%.

Today, it is important for Kazakhstan to develop a clear large-scale comprehensive program for the development of high-quality, competitive human capital at both the macro and micro levels. In addition to all the main components of human capital, attention should be paid to the issues of social responsibility of business for training and improving the skills of employees, as well as the regulation of migration flows in favor of the state.

Currently, the economy of Kazakhstan lags behind in some key indicators of innovation and competitiveness, and the level of professional skills development in the country is lower than in the countries of the Organization for Economic Cooperation and Development (OECD), which the country focuses on. Moreover, the COVID-19 has significantly reduced domestic economic activity: The country's GDP fell from 4.5% in 2019 to 2.6% in 2020, and the poverty rate increased from 6% in 2016 to 14% in 2020. To overcome the economic shock and achieve the goals of the strategy «Kazakhstan-2050», targeted reforms are needed to diversify the economy towards the development of more complex sectors based on knowledge and skills.

The COVID-19 has significantly undermined Kazakhstan's achievements in development of human capital over the past decade. The poor and vulnerable segments of the population have suffered the most, which will negatively affect their lifelong learning, earnings and social and economic well-being. In order to achieve sustainable growth, Kazakhstan needs to review state policy and investments in the direction of meeting the needs of less prosperous regions and vulnerable segments of the population. The main attention should be paid to the quality of education, the development of skills and the life expectancy of the adult population.

In Kazakhstan, there is a significant inequality in terms of indicators of human capital development by region, gender and social and economic status.

Regional differences are particularly pronounced in terms of learning outcomes. For example, the indicator of the human capital index for Atyrau corresponds to the indicators of poorer countries, such as Kosovo and Georgia. On the contrary, the highest regional indicator in Nur-Sultan corresponds to the indicators of Luxembourg-slightly lower than that of the United States. The quality of education and the cost of education also differ significantly across the country's regions. The education funding policy does not contribute to the development of incentives for teachers and school leaders to support low-performing students. Also, despite the ongoing health care reforms, there is a significant gap in the indicators of Kazakhstan and the OECD countries in terms of quality control over risk factors, appropriate treatment and equality of health care costs by region.

If the country continues to develop human capital at the same period 2010-2020, it will take 44 years to reach the indicators of the country that ranks 30th in GDP per capita, and this is assuming that the rest of the world will not develop. To enter the list of the 30 leading economies of the world, Kazakhstan needs to review the current economic model and take intensive measures to diversify the economy, while simultaneously building up the skills of the next generation throughout the country.

Human development is defined as a priority direction in all strategic documents of Kazakhstan. The fundamental basis of the documents adopted by the Decree of the President of the country, in particular, in the new system of state planning, the updated National Development Plan of the country until 2025 and the new Concept of Public Administration until 2030, is human-centricity, indicating that the measures taken within the framework of reforms should set the ultimate goal of improving the life of each individual citizen of Kazakhstan. The implementation of the National Development Plan until 2025, among other things, is aimed at leveling the consequences of the pandemic and improving the quality of human capital. On the basis of this document, reforms will be carried out in all spheres.

The education system in Kazakhstan faced challenges even before the outbreak of the pandemic. Before the COVID-19 outbreak, 6 out of 10 students in Kazakhstan were functionally illiterate – and this is in a country with an above-average income level, where the average child completes 13.7 years of schooling. The pandemic threatens to lead to functional illiteracy of more than 100,000 more students.

Functional literacy is not the same as «ordinary» literacy. Literate students can easily remember most of the capitals of the world or learn by heart the periodic table of Mendeleev. However, they cannot apply their acquired knowledge – in mathematics, natural sciences and reading – in everyday life in order to work at a professional level and succeed as a person and citizen.

Recent World Bank estimates for Kazakhstan also show that as a result of the pandemic, learning indicators will decrease by 8 points on the PISA scale. PISA is an international program for assessing the educational achievements of students, which assesses the skills in mathematics, reading and science among 15-year-olds.

В завершение фрагмента о двойственной природе профилактики как методапредупреждения и противодействия совершению административных проступков следует напомнить, что эффект страха быть подвергнутым жестокому и неотвратимое

наказание издавна использовался властью именно как способ предупреждения совершения правонарушений, прежде всего преступлений, опять же с античных времен считаются наиболее опасными и недопустимыми в общественной сосуществовании. И хотя история доказала, что одного только эффекта страха недостаточно для того, чтобы полностью предупредить, исключить преступность и связанные с ней негативные последствия, все же определенную сдерживающую роль этот эффект играет. Такой вывод справедлив и для нашего времени; демонстрацию угрозы наступлением неудобных, иногда опасных последствий за совершение правонарушения никоим образом нельзя исключать из системы общего и специального профилактики; дело только не в жестокости наказаний за правонарушения, а в их неотвратимости, а также в преобразовании информации о привлечении лиц к ответственности на факт публичного значения.

Список литературы:

1. Кодекс Республики Казахстан от 5 июля 2014 года № 235-V ЗРК «Об административных правонарушениях» // ИПС «ӘДІЛЕТ» <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1400000235> (дата обращения 26.04.2021)
2. Административное право: учебный курс / под ред. Р.А. Подоприторы. Алматы: Налоговый эксперт, 2010. 368 с.
3. Закон Республики Казахстан от 23 апреля 2014 года № 199-V ЗРК «Об органах внутренних дел Республики Казахстан» // ИПС «ӘДІЛЕТ» <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1400000199> (дата обращения 27.04.2021)
4. Самбор Н. Виды административных взысканий и уголовных наказаний, как основания для отнесения административных правонарушений к уголовным проступкам // Балтийский юридический журнал. №3. 2015. с.1-14.
5. Кашкин С.Ю., Павлинов А.В. и др. Современные технологии правового просвещения молодежи: зарубежный и отечественный опыт // Под общ. ред. А.Я. Сухарева. - Монография. - М.: Мир науки, 2020. - 361 с.
6. Абдрасулов Е.Б., Цоль Ф., Глушаченко С.Б. и др. Формирование и укрепление в Республике Казахстан профессиональной правовой культуры государственных служащих в свете модернизации общественного сознания. Монография. - Под общей редакцией проф. Абдрасулова Е.Б. - Нур-Султан: ЕНУ им. Л.Н. Гумилёва, 2020. - 480 с.
7. Книженко А. А. Общая и специальная превенции и их влияние на уголовно-правовые санкции // Форум права. 2011. № 2. С. 404-409 [Электронный ресурс]. - Режим доступа: <http://www.nbuv.gov.ua/ejournals/FP/2011-2/11kookpc.pdf>.

Түйін: Бұл мақалада әртүрлі әлеуметтік қатынастарға айтарлықтай қауіп төндіретін әкімшілік құқық бұзушылық институты қарастырылады, өйткені ол басқарудың күнделікті тәртібіне жүйелі қол сұғушылықты қамтиды, ол, атап айтқанда, әкімшілік ережелер мен тыйымдар арқылы қалыптасады және көбінесе күрделі ұйымдасқан, урбанизацияланған қоғамдағы адамдар өмірінің тұрақты, басқарылатын, реттелген өмір сүруін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, жаңа әкімшілік құқық бұзушылықтардың пайда болуына және дәстүрлі әкімшілік құқық бұзушылықтардың өзгеруіне мүмкіндік беретін сала ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерін пайдалану нәтижесінде және қазіргі заманғы қоғамдардың технологиялық дамып келе жатқандығының нәтижесінде үнемі кеңеюде. Сонымен, қарсылықтың тиімділігі, ең алдымен әкімшілік құқық бұзушылықтардың әртүрлі нысандарын болдырмау кез-келген заманауи мемлекеттің құқықтық саясатының маңызды бағыты болып табылады. Осылайша, бүгінде бұл процесті барабар тұжырымдамалық және тұжырымдамалық аппаратта қайта құру үшін алдын-алу және әкімшілік құқық бұзушылыққа қарсы іс-қимыл процесін жан-жақты, жүйелі түрде көру қажеттілігі туындайды. Сондай-ақ мұндай аппаратта Қазақстан Республикасының әлеуметтік, саяси және құқықтық жүйесінде болып жатқан өзгерістерді ескеретін және әкімшілік теріс қылықтарға қарсы іс-қимыл мен олардың алдын алу саласында әртүрлі елдердің озық тәжірибесін

әртүрлі тәсілдермен пайдаланатын практикалық қызмет нысандарын жаңғырту қажет болып табылады.

Кілт сөздер: әкімшілік ескерту шаралары, Әкімшілік құқық бұзушылық, әкімшілік жауапкершілік, алдын алу, алдын алу шаралары, құқық бұзушы

Abstract: This article examines the institution of administrative offenses, which is a significant threat to diverse social relations, since it involves systematic encroachments on the daily order of management, which is formed, in particular, through administrative and legal regulations and prohibitions, and through which most of the stable, controlled, orderly existence of people's lives in a complex, urbanized society is ensured.

At the same time, the scope that allows the emergence of new and modification of the commission of traditional administrative offenses is constantly expanding due to the use of scientific and technological progress and as a result of the fact that modern societies are becoming more and more technologically advanced. So, the effectiveness of counteraction, first of all, the prevention of various forms of committing administrative offenses, is an important direction of the legal policy of any modern state. Thus, today there is an urgent need for a comprehensive, systematic vision of the process of preventing and countering administrative offenses in order to recreate this process in an adequate conceptual and conceptual apparatus. It is also necessary to reproduce in such an apparatus the forms of practical activity that will take into account the changes taking place in the social, political and legal system of the Republic of Kazakhstan, and will use the progressive experience of different countries in the field of countering administrative offenses and preventing them in different ways.

Keywords: administrative prevention measures, administrative offense, administrative responsibility, prevention, preventive measures, offender

ӘӨЖ: (541.18)

¹Амангелдиева Ә.С., ¹Бихондиева А.Б., ²Сюттибаева А.
¹заң ғ.магистрі, М. Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан
¹аға оқытушы, М. Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан
²заң ғ.к., доцент, Мирас университеті. Шымкент, Қазақстан

ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСС САЛАСЫНДАҒЫ ЗАҢДЫЛЫҚ ҚАҒИДАТЫ ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСКЕ ҚАТЫСАТЫН ӨЗГЕ ДЕ АДАМДАР

Түйін: Бұл мақалада қылмыстық іс жүргізу саласындағы заңның нормасы бойынша, қылмыстық іс жүргізуге қатысушылардың әрқайсысы материалдық, іс жүргізу заңнамасының барлық талаптарын және оның ішінде осы қызмет принциптерін тұжырымдайтын формулаларды сақтауы керек. Қазақстан Республикасындағы құқықтық реформаның мемлекеттік бағдарламасының ережелері заңдылықты тереңірек түсіну үшін өте маңызды деп есептелінеді, және соған қоса сәйкес мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар «тек рұқсат етілген нәрсе» қағидасын дәйекті және қатаң ұстануы керек. Рұқсат тек заңмен ғана қамтамасыз етіледі, қылмыстық процестің барлық қатысушыларына бірдей қолданылады және басқа құқықтық нормаларды құрайды. Тек Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес адамның жеке өмірі туралы ақпаратты жинау, пайдалану, тарату оның жақсы атына нұқсан келтіруі, себебі оның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруына кедергі келтіруі мүмкін. Сот билігінің мақсаты - сот төрелігін жүзеге асыру және сот төрелігі қылмыстық іс жүргізу саласында қылмыстық іс жүргізу түрінде жүзеге асырылады. Сондықтан соттың сот төрелігін жүзеге асыруы сот төрелігінің функциясын орындайтын жалғыз орган болып табылатын соттың нақты жағдайларына байланысты және функция басқаға берілмеген, сонымен қатар бұл сот іс-әрекетінің бір түрі болып саналды.

Кілттік сөздер: процесс, қылмыс, принцип, сот, мүлік, тергеу, айыпталушы, куә, саяхатшы, тергеуші, мемлекет, тұлға, бостандық, заң.

Кіріспе. Қылмыстық іс жүргізу саласындағы заңдылық қағидасы қылмыстық

процестің әрбір қатысушысы материалдық сомен іс жүргізу заңнамасының барлық талаптарын, оның ішінде осы қызмет принциптерінің формулаларын қамтитын ережелерді сақтауға міндетті. Заңдылықты тереңірек түсіну үшін Қазақстан Республикасындағы құқықтық реформаның мемлекеттік бағдарламасының ережелері ерекше маңызды, оған сәйкес мемлекеттік органдар солай бола лауазымды адамдар «тек рұқсат етілген нәрсе» қағидатын үнемі және қатаң сақтауы керек заң болып есептелінеді. Заңда көзделгенге ғана жол беру принципі қылмыстық іс жүргізудің барлық қатысушыларына бірдей қолданылып, басқа заңдылық қағидасын құрайды. Тек Қазақстан Республикасының заңға сәйкес келеді, сонымен, адамның жеке өмірі туралы ақпаратты жинау, пайдалану және тарату оның жақсы атына нұқсан келтіруі және оның конституциялық құқықтары және, бостандықтарын жүзеге асыруына кедергі келтіруі мүмкін.

Теориялық талдау. Заңдылық принципі екі жақты әсер етеді. Бір жағынан, мемлекеттік органдардың қызметі заңмен олардың қызметіне араласуға, қылмыстық іс жүргізу жұмыстарын жүргізетін адамдар мен органдардың заңды талаптарына бағынбауға немесе олардың қызметіне заңсыз араласуға тыйым салу түрінде қорғалады. Екінші жағынан, заң азаматтарды қылмыстық қудалау органдары мен тұлғаларының заңсыз араласуынан қорғауды көздейді, ал егер заңсыз әрекеттер мен шешімдер процессуалдық құқықтық қатынастарға қатысушылардың конституциялық құқықтары және заңды мүдделерін шектейтін болса, бұл әрекеттер мен шешімдерге сотқа шағым жасалуы мүмкін. кепілдіктер берді.

Сот төрелігі дегеніміз - заңдарда белгіленген тәртіптермен азаматтық және қылмыстық істер бойынша сотта қарау мен шешу жолымен заңдылықты барынша арттыруға бағытталған соттардың қызметі. Сот төрелік соттың атқаратын қызметін, тек сот қана жүзеге асыратын принцип Конституциядағы мемлекеттегі билікті үш тармаққа бөлу туралы ережеден басталады, оның бірі - сот билігі. Сот билігінің мақсаты - адам мен азаматтың құқықтары сомен қоса бостандықтары және заңды мүдделерін қорғау. Бұл азаматтық және қылмыстық заңмен белгіленген сот ісін жүргізудің басқа түрлері арқылы жүзеге асырылады.

Сонымен, сот жүйесінің мақсаты - сот төрелігін жүзеге асыру. Сот төрелігі қылмыстық іс жүргізу саласында қылмыстық іс жүргізу түрінде жүзеге асырылады. Демек, соттың сот төрелігін жүзеге асыруы сот төрелігінің функциясын жүзеге асыратын жалғыз орган болып табылатын соттың нақты жағдайларына байланысты. Бұл функция басқа органға берілмеген; сонымен қатар бұл сот билігін жүзеге асырудың бір түрі.

Бұл принциптің мазмұнын қамтамасыз ететін ерекшеліктер: оның өндірістің барлық сатыларына тікелей әсері (біріншіден қадағалауға, оның ішінде апелляциялық және кассациялық сатыға дейін); сотта оның мүдделерін қорғайтын адамның әлеуметтік мәртебесіне байланысты кез-келген субъективті факторлардан соттың бостандығы; соттың толықтығы - сот шешімінің өзгермейтіндігі, оны тек сот тәртібімен жою сомен өзгерту мүмкіндігі; соттың қылмыстық әділет жүйесіндегі үстем жағдайы - бәсекелес тараптар болып табылатын қылмыстық қудалау және қорғаныс органдарының позицияларына қарамастан істің нақты шешімі; қылмыстық істер бойынша сот төрелігін жүзеге асырудағы сот іс-әрекетінің ерекше іс жүргізу және құқықтық режимі; мүлктік, қызметтік және басқа жағдайларға қарамастан барлық адресаттардың сот шешімдерін орындау міндеті; қолданыстағы заңнамаға сәйкес тергеу жүргізілген қылмыстық істі сотта шешу үшін заңнамада көзделген жағдайларда сот шешімі басқа органның, лауазымды адамның немесе басқа адамның шешімімен алмастырыла алмайтындығы; соттың Конституциялық Кеңеске қылмыстық іс бойынша қолданылатын заңды конституциялық емес деп тану туралы ұсыныс енгізу құқығы; қылмыстық қудалау органдарының заңсыз әрекеттері туралы шағымдарды қарау үшін сотқа ерекше өкілеттіктер беру.

Адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғау құқығы қылмыстық процестің формальдылығымен қамтамасыз етіледі. Қылмыстық іс жүргізудің

формальдылығы мынада: прокуратура, тергеу органдары мен тергеу органдары мемлекет, қоғам мүдделерін, жеке тұлғаның құқықтары және заңды мүдделерін қорғау мақсатында сотқа дейінгі тергеуді бастап, кінәлілерді анықтайды қылмыскерлердің еркіне қарамастан. заңмен белгіленген барлық жазаларды қолдану. Сот істі егжей-тегжейлі шешуі керек.

Соттың қорғау қағидасының ажырамас бөлігі болып заңға сәйкес сотталғандыққа қол сұғылмаушылық жатады. Бұрын айтылғандай, бұл ереже Қазақстан Республикасының Конституциясында келесідей бекітілген: «Ешкім өзінің келісімінсіз заңда көзделген соттылықты өзгерте алмайды».

Бұл норма алғаш рет процессуалдық құқықта принциптік норма ретінде қалыптасты. Соттылық - бұл істерді бірінші сатыда қаралған соттар арасында бөлу, яғни істі қарау үшін нақты сот құру. Басқаша айтқанда, юрисдикция әділеттілік ұғымымен байланысты. Істі тиісті сотта қарау шешімнің заңдылығы мен негізділігінің кепілдерінің бірі болып табылады.

Адамның жеке өмірі туралы ақпаратты жинау, пайдалану және тарату оның жақсы атына нұқсан келтіруі және оның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруына кедергі келтіруі мүмкін. Кез-келген жағдайда, немесе заңда құпияны құрайтын мәліметтерді жариялағаны үшін жауапкершілік қарастырылған болса (мысалы, немесе асырап алынған баланың еркіне қарамастан жариялау, ар-намысты құрметтеу қағидасын бұзу деп саналуы керек және жеке тұлғаның қадір-қасиеті).

Прокуратура органдарының қызметі қылмыстық процеске қатысушы адамның ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу қағидатын қамтамасыз етуге, сондай-ақ бұл принципті адамның туыстары мен достарына (мысалы, балаларына, жұбайына, айыпталушының ата-аналары және т.б.). Жеке өмір туралы ақпарат тарату жеке тұлғаның ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу принципін бұзу деп саналуы керек). Ақтау үкімі бойынша қылмыстық қудалауды тоқтату қарастырылып отырған қағиданы бұзу деп түсіну керек, оның құқықтық салдары моральдық зиянды сөзсіз өтеу болып табылады.

Қылмыстық процеске қатысатын басқа адамдар қатарына куә, сарапшы, маман, аудармашы, куә, сот отырысының хатшысы және сот орындаушысы жатады.

Куә – ол іс үшін маңызы бар кез-келген мән-жайларды білетін кез-келген адам куә ретінде айғақ беруге шақырылуы және одан жауап алынуы мүмкін.

Сарапшы - сот және тергеу органдарының сараптамасына қатысатын арнайы ғылыми білімі бар адам. Сараптаманы анықтаушы, тергеуші және сот шешімі тағайындайды. Сараптама іс материалдарын зерделеу нәтижесінде іс үшін маңызды мән-жайларды анықтауға болатын жағдайларда тағайындалады. Зерттеу нәтижелері бойынша сарапшы қорытынды жасайды. Сарапшының қорытындысы, оның ауызша түсініктемесі іс бойынша дәлел ретінде танылады. Алайда сараптама қорытындысы қылмыстық процесті жүргізетін органдар үшін міндетті емес.

Маман дегеніміз - ғылым, техника, медицина, педагогика сияқты әр түрлі ғылым салаларында арнайы ғылыми білімі бар адам. Тергеу мен сот ісін жүргізуге мүдделі емес кәсіпқойларды дәлелдемелерді жинауға, тергеуге және бағалауға, сондай-ақ технологияларды қолдануға көмектесуге шақыруға болады.

Аудармашы - егер күдікті, айыпталушы, сотталушы, олардың қорғаушысы немесе жәбірленуші, азаматтық талап қоюшы, азаматтық сотталушы және істің басқа қатысушылары істің тілін білмесе, олар жазбаша түрде аударма жасауға құқылы емес құжаттар. іс-әрекетке қатысатын және оған қызықпайтын адам. Қылмыстық процесті жүргізетін орган адамды аудармашы етіп тағайындау туралы қаулы шығарады.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 85-бабының ережелері процеске қатысуға шақырылған, саңырау немесе саңырау белгілері бар адамдарға қолданылады.

Куә - бұл іске қызықпайтын және қылмыстық процесті жүргізетін органның тергеу әрекеттерін толық және дұрыс қабылдауға қабілетті адам. Ол қылмыстық қудалауға

қарамастан фактіні, тергеудің барысы мен нәтижелерін тергеуге қатысады. Кем дегенде екі куәгер шақырылатын болады. Куәгер өзінің міндеттерін орындаудан бас тартқаны үшін немесе сыртқы келуден жалтарғаны үшін негізсіз себептермен әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

Сот отырысының хатшысы - сот отырысының хаттамасын жүргізетін және қылмыстық іске қызығушылық танытпайтын адам. Сот отырысы хатшысының міндеттері. Сот отырысының хатшысы сот отырысының хаттамасының толықтығы мен дұрыстығына жеке жауаптылықта болады.

Сот отырысының хаттамасында қасақана қате немесе қате мәліметтер болған жағдайда, хатшы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне сәйкес жауап береді. Сот приставы - соттардың жұмысын және сот шешімдерін орындау тәртібін қамтамасыз ету бойынша өзіне заңмен жүктелген міндеттерді орындайтын лауазымды адам.

Қылмыстық процеске қатысушылардың негізсіз жалған пікірлері, қорытындылары немесе шешімдері, жеке және өзге де мүдделері қылмыстық процеске қатысу мүмкіндігін жоққа шығаратын мән-жайлар деп танылады. Нәтижелер алдын-ала тергеу мен сот талқылауының объективтілігін, толықтығын, әртүрлілігін бұзуға әкелуі мүмкін.

Заң наразылық процесіне қатысушылардың тобын белгілейді. Назылық білдірушілерге:

- судья және прокурор, тергеуші, анықтаушы;
- қорғаушы және жәбірленушінің өкілі (жеке айыптаушы), азаматтық талапкер сомен азаматтық жауапкер;
- куә, сот отырысының хатшысы, сот приставы, аудармашы, сарапшы, маман.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіне сәйкес судья, прокурор, тергеуші немесе анықтаушы бұрын осы іс бойынша келесі іс-әрекеттерге қатысқан болса, қылмыстық процеске қатысушы іске қатысудан шеттетіледі:

- 1) жәбірленуші, азаматтық жауапкер, азаматтық талапкер, куә ретінде қатысады;
- 2) бұл іске сарапшы, маман, аудармашы, анықтаушы, тергеуші, прокурор, қорғаушы, заңды өкіл, прокурордың, қорғаушының, тергеушінің, анықтаушының жақын туыстары ретінде қатысады;
- 3) адамды іс жүргізуге тікелей немесе жанама түрде мүдделі деп тануға негіз болатын басқа жағдайлар.

Нәтижелерді талқылау. Қылмыстық процеске қатысушылардан бас тарту тәртібі келесідей анықталды:

- қылмыстық істі жеке негізде қарап, шешім шығарған судьяға қарсы наразылықтарды осы соттың төрағасы немесе жоғары тұрған соттың судьясы шешеді;
- бірнеше судьялармен немесе соттың барлық мүшелерімен

Қарсылық көпшілік дауыспен шешіледі. Егер ұпайлар тең болса, төрешілер бөлінді деп саналады. Қарсылық сот тергеуі басталғанға дейін берілуі керек, ал қарсылықтың өзі шешім қабылданатын судьялардың кеңесу бөлмесінде шешіледі. Судьяға қарсылық білдірген жағдайда іс басқа судьяға немесе басқа сотқа жіберіледі.

Қорытынды. Қарсылықты қабылдамау немесе қанағаттандыру туралы шешім шағымдануға (наразылық білдіруге) жатпайды. Шешіммен келіспеу туралы дәлелдер апелляциялық шағымға немесе қадағалау шағымына енгізілуі мүмкін. Алдын ала тергеу кезінде сотқа дейінгі тергеуді бастау және прокурорға қарсылық білдіру мәселелері жоғары тұрған прокурормен, ал сот талқылауы кезінде істі істі қарайтын сот шешеді. Прокурор тергеушінің немесе анықтаушының қарсылығы туралы шешім шығарады. Егер істің мән-жайы белгілі болса, куәгер қылмыстық процеске қатыса алмайды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Төлеубекова Б.Х . Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу құқығы: Оқулық. Жалпы бөлім. Алматы, 2017.

2. Нұрмашев Ү. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу құқығы: Жалпы және ерекше бөлімдер. Оқу құралы. Алматы: Жеті жарғы, 2014 ж.

3. Қазақстан Республикасының Конституциясы 30 тамыз 1995 жыл, ресми.мәтін: 02.02.2017ж. / Изд. «Жеті жарғы», 2017. 49 б.

4. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі 4 шілде 2014 ж. № 231-V. – Алматы: ЮРИСТ, 2014. – 344 б.

5. Башкатов Л.Н., Ветрова Г.Н., Донченко А.Д., Зажицкий В.И., Шестакова В.И. Уголовный процесс. Учебник для вузов. М.: НОРМА-ИНФРА, 2018.

Аннотация: В этой статье согласно закону в сфере уголовного судопроизводства каждый участник уголовного процесса должен соблюдать все требования материального, процессуального закона, в том числе формулы, формулирующие принципы этой деятельности. Положения Государственной программы правовой реформы в Республике Казахстан считаются очень важными для более глубокого понимания верховенства закона, и кроме того, государственные органы и должностные лица должны последовательно и строго придерживаться принципа «только то, что нужно». позволено". Разрешение предоставляется только законом, распространяется в равной степени на всех участников уголовного процесса и составляет другие правовые нормы. Только в соответствии с законодательством Республики Казахстан сбор, использование и распространение информации о частной жизни человека может нанести ущерб его хорошей репутации, поскольку может препятствовать осуществлению его конституционных прав и свобод. Целью судебной власти является отправление правосудия и отправление правосудия в форме уголовного судопроизводства в уголовно-процессуальной сфере. Следовательно, отправление правосудия судом зависит от конкретных обстоятельств суда, который является единственным органом, выполняющим функцию правосудия, и эта функция не делегируется, и это считалось формой судебного иска.

Ключевые слова: процесс, преступление, принцип, суд, имущество, расследование, обвиняемый, свидетель, путешественник, дознаватель, государство, личность, свобода, закон.

Abstract:In this article, in accordance with the law in the field of criminal proceedings, each participant in criminal proceedings must comply with all the requirements of the substantive, procedural law, including the formulas that formulate the principles of this activity. The provisions of the State Program of Legal Reform in the Republic of Kazakhstan are considered very important for a deeper understanding of the rule of law, and in addition, government bodies and officials should consistently and strictly adhere to the principle of "only what is needed". allowed. "Permission is granted only by law, applies equally to all participants in the criminal process and constitutes other legal norms. Only in accordance with the legislation of the Republic of Kazakhstan, the collection, use and dissemination of information about a person's private life can damage his good reputation, since it can interfere the exercise of his constitutional rights and freedoms. The purpose of the judiciary is to administer justice and administer justice in the form of criminal proceedings in the criminal procedural sphere. Therefore, the administration of justice by a court depends on the specific circumstances of the court, which is the only body performing the function of justice, and this function is not delegated and this was considered a form of legal action.

Keywords: process, crime, principle, court, property, investigation, accused, witness, traveler, investigator, state, personality, freedom.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР БАҒЫТЫ
НАПРАВЛЕНИЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ НАУК
DIRECTION OF PEDAGOGICAL SCIENCES**

тақырыптық рубрикалар / тематические рубрики / subject headings

**ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ –
ПЕДАГОГИКА И МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ –**

УДК: 378

Усенова А.М.

доктор PhD, М.Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан

БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ КӘСІБИ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Түйін: Кәсіби тұрақтылық күрделі жағдайларда жұмысты саналы талдау кезінде мақсатты белсенділікті жүзеге асыру үрдісінде қалыптасады. Сонымен кәсіби тұрақтылықты кәсіби қызметте көрінетін жеке тұлғаның интегралдық қасиеті және оны сәтті кәсіби дайындықтың мақсаты, нәтижесі, өлшемі ретінде және таңдалған мамандық бойынша еңбек ұзақтығында, қанағаттануында, табыстылығында көрінетін жеке қасиет ретінде деп түсінуге болады. Сондықтан кәсіби тұрақтылық ұғымын кеңірек қарастырған жөн, өйткені ол эмоционалдық, эмоционалдық-еріктік, моральдық, психикалық және психологиялық тұрақтылықты қамтиды. Сондықтан, әртүрлі тәсілдермен талдау тұрақтылықты адамның жеке ресурсы ретінде күрделі жоғары ұйымдастырылған жүйе ретінде қарастыруға және оны адамның биологиялық, психологиялық және әлеуметтік деңгейлерде өзінің күйінің тепе-теңдігі мен тұрақтылығын организмнің тұтастығын бұзбай үнемі өзгеріп отыратын өмірлік жағдайларда сақтау қабілеті ретінде анықтауға негіз болады. Бұл мақалада болашақ мамандардың кәсіби құрылымына сипаттама беріледі.

Кілт сөздер: тұрақтылық, кәсіби тұрақтылық, бағыттылық, тұлғаның бағыттылығы, табыстылық, кәсіби табыстылық, тұлғалық сапа, өзін-өзі дамыту.

Кіріспе. XXI ғасырдың басындағы техниканың қарқынды дамуы және қоғамның әлеуметтік құрылымының оған толық сәйкес келмеуі адам өмірінде бірқатар жаһандық мәселелерді тудыруда. Тез өзгеретін табиғи және әлеуметтік жағдайларда қауіпсіздікті қамтамасыз ете алмау адамзаттың одан әрі өмір сүруіне қауіп төндіретіні белгілі. Осының салдарынан халықты, әсіресе өскелең ұрпақты қауіпті және төтенше жағдайларда қауіпсіз мінез-құлыққа үйрету қажеттілігі туындайды.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «жақын болашақта біздің мемлекетке мыңдаған жоғары кәсіби мамандар мен дипломды ғалымдар қажет болады. Қазақстанның әлемнің ең бәсекеге қабілетті елдері қатарына кіру міндеті оны жоғары кәсіби мамандар іске асырғанда ғана шешілуі мүмкін... Осының салдары ретінде білімнің толассыздығы мен мамандықты тұрақты көтеру анағұрлым маңызды бола түспек», - деп атап көрсетуі зерттелінетін мәселесінің өзектілігін айқындай түседі [1].

Осы тұрғыдан алғанда, болашақ педагогтарды кәсіби даярлау тиімділігінің жетекші компоненттерінің бірі педагогикалық қызметке олардың кәсіби тұрақтылығын қалыптастыру болып табылады. Көптеген теориялық және эмпирикалық зерттеулерге қарамастан, бұл мәселе әлі де өзекті болып қала береді және одан әрі зерттеуді қажет етеді.

Мақсаты мен міндеттері: Бұл мақаланың мақсаты зерттеу мәселесі бойынша шетелдік және отандық ғылыми әдебиеттерді теориялық талдау және болашақ мамандардың кәсіби тұрақтылығының құрылымын анықтау.

Зерттеу әдістері: теориялық әдістердің ішінде талдау, ретроспективті талдау, салыстырмалық талдау, талқылап қорытындылау қолданылады.

Зерттеу нәтижелері (Нәтижелерді талқылау). Педагогтардың кәсіби тұрақтылығы мәселесі XX ғасырдың 90-жылдарында белсенді дами бастады, өйткені ғалымдар

педагогтардың үнемі күрделеніп келе жатқан іс-әрекетінің жағдайларына және оларға дайын еместігіне назар аударды.

«Кәсіби тұрақтылық» термині педагогикада ХХ ғасырдың 80-ші жылдарының ортасынан бастап дербес мәртебеге ие бола бастады. Белгілі педагогтер мен психологтар ғалымдардың (И.П.Андриади, М.А.Алимова, Л.Г.Борисова, З.К.Каргиева, З.Н.Курлянд, О.В.Ржанникова, В.Е.Пеньковтың және т. б.) еңбектерінде педагогтың кәсіби тұрақтылығы мәселесіне әртүрлі көзқарастар көрсетілген. Зерттеушілер әртүрлі анықтамаларын ұсынады, бірақ олардың барлығы кәсіби тұрақтылықты педагогтың кәсіби қызметінің тиімділігі, тұрақтылығы және сенімділігі сияқты маңызды категориялармен байланыстырады.

Ю.К. Стрелков педагогтың кәсіби тұрақтылығының ажырамас сипаттамасы ретінде интеграцияланған құрылымға біріктірілген эмоционалдық, мотивациялық, танымдық және ерікті жеке қасиеттердің болуын атап көрсетеді. Оның пікірінше, кәсіби тұрақтылықтың әлеуеті келісілген жұмыс арқылы оны сақтайтын және маманның жеке кәсіби тәжірибесімен анықталатын үйлесімді тетіктермен, көңіл-күйімен байланысты [2].

Ю.В. Челышева кәсіби тұрақтылықты педагогтардың жеке басының интегративті сапасы ретінде қарастырады және оның құрылымдық компоненттеріне кәсіби бағдар, кәсіби өзін-өзі тану, кәсіби мәселелерді өз бетінше шешуге дайындығын жатқызады, сонымен қатар бұл сапаны университеттің дайындық процесінде қалыптастыруға және түзетуге болады деп санайды [3].

Бірқатар зерттеушілер педагогтардың кәсіби тұрақтылығы педагогтың кәсіби субмәдениетінің бір бөлігі, кәсіби күйзелісті жеңудің бір тәсілі деп санайды; қиын өмірлік шешімдер үшін жауапкершілікті өз мойнына алуға дайындықпен өзара байланысты; педагогтың кәсіби қызметінде өзін-өзі жетілдіруді, белсенді өмірлік ұстанымды, педагогикалық мамандық пен педагогикалық ұжымның құндылықтарын қабылдауды болжайды. Авторлардың пікірінше, педагогтың кәсіби тұрақтылығын қалыптастыру өз кезегінде шығармашылық белсенділіктің көрінісін, мамандыққа деген қызығушылықтың жоғары дәрежесін анықтайды [4].

В.В. Гузь педагогтың кәсіби тұрақтылығын оның педагогикалық іс-әрекеттің субъектісі ретіндегі сапалық сипаттамасы деп түсінеді, ол оның құндылық қатынастарының, эмоционалдық-еріктік процестер мен жағдайлардың тұрақтылық деңгейін көрсетеді. Ғалымның пікірінше, педагогтардың кәсіби тұрақтылығының көрсеткіштері оның субъективтілігі, әлеуметтік жетілуі және кәсіби құзыреттілігі болып табылады [5].

А.А. Перевалова кәсіби тұрақтылық деп адамның интегративті қасиеті түсініледі, ол ұзақ уақыт бойы кәсіби функцияларды белсенді, дербес, эмоционалды күйзелістерсіз орындауға мүмкіндік береді [6].

З.Н. Курлянд кәсіби тұрақтылықты күрделі интегративті сапа, қасиеттер мен жеке қасиеттердің синтезі деп түсіндіреді, бұл сенімді, өздігінен, ең аз эмоционалдық шығындармен өзінің кәсіби қызметін ұзақ уақыт бойы сапалы және дәл орындауға мүмкіндік береді [7].

Кәсіби тұрақтылықты зерттеудің шетелдік тұғырларына (тәсілдемелерін) талдау жасау онда кәсіби тұрақтылық терминіне мәні бойынша «педагогтың өзіндік тиімділігі» ұғымы (TSE) жақын келетінін көрсетеді. Бұл педагогтың педагогикалық іс-әрекетке дайындық дәрежесі, осы қызметтегі қойылған оқыту және тәрбиелеу мақсаттарына жету қабілеті, тәуекел факторларына қарсы тұруға қабілеттілік, жағдаяттық және тұлғалық мазасыздықтың төмен деңгейі болып саналады деп есептесе [8], ал екіншілері кәсіби тұрақтылықты педагогтың кәсіби құзіреттілігінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырады, оған педагогикалық мамандыққа тұрақты ынталандыру, өзін-өзі реттеу және өзін-өзі жетілдіру мүмкіндігін енгізеді [9].

С.А.Минюрова, А.И.Калашников болашақ мамандыққа бейілділік немесе шынайы

берілгендік компоненттері болуы мүмкін деп есептейді, олар: аффективтілік (мамандыққа деген эмоционалды көзқарас), тұрақтылық (мақсаттар мен құндылықтарды қабылдауға берік сенім, кәсіпте ұзақ болу, кәсіпте қалуға деген ұмтылыс), кәсіби белсенділік (мамандыққа толық оралу, жұмыс істеуге деген ұмтылыс, кәсіби өзін-өзі жетілдіруге дайындық және ұмтылу, мамандыққа қатысты күш салуға деген ұмтылыс), кәсіби нормативтілік (кәсіби адалдық, заңдылық, міндеттемелерді орындау), кәсіби сәйкестендіру (өзін-өзі жіктеу, сәйкестендіру валенттілігі, кәсіби сипаттамаларды интериоризациялау) [10].

Болашақ педагогтардың кәсіби тұрақтылығын сипаттайтын құрылымды нақтылау нәтижесінде келесі көрсеткіштері анықталады: кәсіби-педагогикалық бағыттылық; таңдаған мамандыққа қанағаттанушылық; кәсіби-педагогикалық білім жүйесі (гуманитарлық және әлеуметтік-экономикалық пәндер, психологиялық-педагогикалық, медициналық-биологиялық, тіршілік қауіпсіздігі бойынша білім); кәсіби-педагогикалық біліктер жүйесі (конструктивтік, ұйымдастырушылық, коммуникативтік, гностикалық, жобалау, қолданбалы); өзін-өзі дамыту және өзін-өзі тәрбиелеу қабілеті; эмоционалды реттеу қабілеті; ерікті қасиеттердің болуы (мақсаттылық, табандылық, табандылық, жауапкершілік, өзіне сенімділік).

Сондықтан болашақ педагогтардың кәсіби тұрақтылығының құрылымы мынадай компоненттерімен ерекшеленеді:

1. Мотивациялық компонент: жетістікке жету мотивациясының болуы; педагог ретінде өзіне деген сенімділік; қызметті қанағаттандыру.

2. Эмоционалды компонент: эмоционалды стресстің болмауы, аудиториядан қорқу, эмоционалды күйлерді реттеу қабілеті, ерікті қасиеттердің болуы; сыртқы ынталандырулардан және теріс әсерлерден жағымсыз әсерлерді жеңуге негізделген жеке тұлғаның эмоционалды тәжірибесі; ерікті компонент әрекеттердің белгілі бір өзін-өзі реттеуінде көрінеді.

3. Жүйелік компонент: әдіснамалық рефлексия, аудитория мен жекелеген студенттердің мінез-құлқына реакция жылдамдығы, қалыпты шаршау.

4. Кәсіби-педагогикалық компонент: стандартты емес жағдаяттарды талдай білу, осы жағдаят аясында реттелетін өзгерістерді болжау, педагогикалық мақсатқа сай шешім қабылдай білу, кәсіби, психологиялық-педагогикалық, жалпы білімінің болуы, өзін-өзі тәрбиелеуге, өзін-өзі тануға тұрақты қажеттілік.

Сондықтан кәсіби тұрақтылықтың өлшемдері ретінде мотивациялық, танымдық, эмоционалды, еріктік және коммуникативтік компоненттер алынады. Мысалы, кәсіби тұрақтылықтың эмоционалды компонентінің қалыптаспауы эмоционалды пассивтілік, сыртқы әсерлерге әлсіз жауап, эмоционалды қозғыштық және агрессиялық тұрғыдан сипатталады. Ал кәсіби тұрақтылықтың эмоционалды компонентінің қалыптасуы сыртқы ынталандырудың күші мен қарқындылығына, педагогтың принциптері мен мақсаттарының тұрақтылығына, мінез-құлықтың икемділігіне, мотивтерінің динамикасына қарамастан, толық жұмыс істеу қабілетінен көрінеді.

Л.М.Митина педагогика ғылымы контекстіндегі психологиялық тұрақтылықты эмоционалды, психологиялық және таза кәсіби (педагогикалық) аспектілерде қозғалыс тудыруы мүмкін қиындықтардың алуан түріне қарсы тұруға көмектесетін қасиет ретінде бекітеді. Мұғалімге балалармен жұмыс жасауда тұрақтылық шеберлігі көмектесе алады, ең бастысы қоғамда болып жатқан өзгерістер арасында бейімделу қабілетіне ие болу тиіс деп есептейді [11].

Сонымен психологиялық тұрақтылық интегративті және күрделі сапа ретінде түсіндіріледі, өйткені мұнда психикалық белсенділіктің әртүрлі компоненттері (эмоционалды, моральдық, еріктік), сондай-ақ, тұрақтылық феномені психика, сана және тұлға туралы білімнің басқа салаларымен жан-жақты байланыста бекітілген деп қорытынды жасалады. Осыдан болашақ маманның психологиялық тұрақтылығын

қалыптастыруда оның өзін-өзі жүзеге асыруы және оған қабілеттілігі, жеке қақтығыстарды шешу шартымен субъективті өсуі, сәйкестік пен тәуелсіздіктің теңгерімі, ниеті мен мақсаттарын сақтай отырып, ағымдағы жағдаятқа әсер етудің белгілі бір мүмкіндігі болуы керек.

Жоғарыда айтылғандарды талдай отырып, педагогикалық тұрақтылық жеке тұлғаның психологиялық қасиеттерінің синтезі, кәсіби мәселелерді ұзақ уақыт бойы ең аз қателіктермен шешуге мүмкіндік береді деп тұжырымдауға болады.

Сондықтан, психологиялық және педагогикалық тұрақтылық педагогтың педагогикалық үдерістің динамикасын, сондай-ақ оның басқа қатысушыларының (оқушыларының) көңіл-күйінің динамикасын бақылай алуына, білім беру үдерісін сапалы жақсартуға бағытталған, педагог білім алушылардың қызығушылығы мен ынтасын сақтай отырып, білім беру үдерісін тәртіппен жүзеге асыра алатын күшті және төзімді тұлға қасиеттеріне ие болуы қажет.

Осы тұрғыдан алғанда, жоғары оқу орындарының міндеті болашақ мамандарға өз саласы бойынша қиындықтарға төзімділігін одан әрі дамытуға, дағдылары мен біліктіліктерін қалыптастыруға мүмкіндік туғызу болып табылады. Педагогтың кәсіби тұрақтылығы ұзақ уақыт бойы кәсіби қызметті сәтті орындауға мүмкіндік беретін кәсіби-педагогикалық білім мен дағдылардың, мотивациялық және эмоционалдық-еріктік тұлғалық сапа-қасиеттерінің жиынтығын қалыптастыруды сипаттайды.

Қорытындылар. Зерттеу мәселесі бойынша отандық және шетелдік әдебиеттерге теориялық талдау қорытынды жасауға, сонымен қатар бірнеше негізгі тенденцияларды бөліп көрсетуге мүмкіндік берді:

- педагогикалық қызмет жыл сайын эмоционалдық түрде шиеленісіп келеді және көптеген стресс факторларының болуымен сипатталады, сондықтан педагогтардың кәсіби тұрақтылығын дамыту білім беру ұйымдары үшін маңызды міндет болып табылады;

- шетелдік әдебиеттерде «кәсіби тұрақтылық» ұғымы іс жүзінде кездеспейді, оның орнына мағынасы жақын терминдер қолданылады: «эмоционалды тұрақтылық», «эмоционалды интеллект», «педагогтың өзіндік тиімділігі», сондықтан оларды педагогтардың кәсіби тұрақтылығының құрамдас бөлігі ретінде де қарастыруға болады;

- кәсіби тұрақтылық университетте оқу кезеңінде қалыптасуы мүмкін жеке тұлғаның интегративті сапасы ретінде қарастырылуы тиіс;

- кәсіби тұрақтылықты педагогтың кәсіби мәдениетінің негізгі құрамдас бөлігі ретінде қарастырылуы тиіс, оны игерусіз өнімді кәсіби қызмет мүмкін емес;

- кәсіби тұрақтылықтың құрылымдық компоненттерінің қатарында мотивациялық, құндылық, когнитивтік және эмоционалдық компоненттер енгізіледі;

- кәсіби тұрақтылық кез келген, соның ішінде күйзеліс жағдайларында да кәсіби қызметті ұзақ, тұрақты және жоғары өнімділік деңгейінде орындау қабілетін білдіреді;

- өзі дамыту, өзін-өзі жетілдіру педагогтердің кәсіби тұрақтылығының өзекті компоненттері ретінде көрсетіледі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінде оқыған дәрісі. Май, 2006ж.

2. Стрелков Ю. К. Инженерная и профессиональная психология. М.: Академия, 2005. 290с.

3. Чельшева Ю.В. Профессиональная устойчивость современного педагога в работе с подростками асоциального поведения / Ю.В. Чельшева // Наука 21 века: вопросы, гипотезы, ответы. 2015. № 6 (15). С. 119–124.

4. Лазарев М.А. Профессиональная устойчивость будущих педагогов: потенциал в процессе подготовки и критерии оценки /М.А. Лазарев, О.В. Стукалова, Т.В. Темирова // Наука и школа. 2018. № 2. С. 62–68.

5. Гузь В.В. Формирование профессионально-личностной устойчивости учителя: дис. ... канд. пед. наук. М., 2007. 195с.
6. Перевалова А.А. Профессиональная стабильность будущего педагога. Статья 3. Исследование профессиональной устойчивости педагога// Вестник Кемеров. гос. ун-та. 2014. № 4–1 (60). С. 81–86.
7. Курлянд, З.Н. Формирование и развитие профессиональной устойчивости учителя: автореф. дис. ... д-ра пед. наук / З.Н. Курлянд. М., 1993. 30 с.
8. Velthuis, C. Teacher training and preservice primary teachers' self-efficacy for science teaching / C. Velthuis, P. Fisser, J. Pieters // Journal of Science Teacher Education. Vol. 25. P. 445–464.
9. Kunter, M. Professional competence of teachers: effects on instructional quality and student development / M. Kunter, U. Klusmann, J. Baumert, D. Richter, T. Voss, A. Hachfeld // Journal of Educational Psychology. 2013. Vol. 105. No. 3. P. 805–820.
10. Минюрова С.А., Калашников А.И. Разработка методик диагностики профессиональной приверженности: определение содержания феномена// Инновационные проекты и программы в образовании. 2015. №5. С. 35-41.
11. Митина Л.М. Психология личностно-профессионального развития субъектов образования. М.; СПб.: Нестор-История, 2014. 376с.

Аннотация: Профессиональная устойчивость формируется в процессе осуществления целенаправленной активной деятельности при сознательном анализе работы в сложных ситуациях. Следовательно, под профессиональной устойчивостью можно понимать интегральное свойство личности, проявляющееся в профессиональной деятельности, и ее как цель, результат, критерий успешной профессиональной подготовки и личностное качество, выражающееся в продолжительности, удовлетворенности, успешности труда по выбранной специальности. Поэтому понятие профессиональной устойчивости следует рассматривать шире, так как оно включает в себя эмоциональную, эмоционально-волевою, нравственную, психическую и психологическую устойчивость. Таким образом, анализ различными способами дает основание рассматривать устойчивость как сложный высокоорганизованный ресурс человека и определять его как способность человека сохранять равновесие и стабильность своего состояния на биологическом, психологическом и социальном уровнях в постоянно меняющихся жизненных ситуациях, не нарушая целостности организма. В данной статье дается характеристика профессиональной структуры будущих специалистов.

Ключевые слова: устойчивость, профессиональная устойчивость, направленность, направленность личности, успешность, профессиональная успешность, личностные качества, саморазвитие.

Abstract: Professional stability is formed in the process of carrying out purposeful vigorous activity with a conscious analysis of work in difficult situations. Consequently, professional stability can be understood as an integral personality trait, manifested in professional activity, and its as a goal, result, criterion for successful professional training and personal quality, expressed in duration, satisfaction, and success of work in the chosen specialty. Therefore, the concept of professional stability should be considered more broadly, since it includes emotional, emotional-volitional, moral, mental and psychological stability. Thus, the analysis in various ways gives grounds to consider stability as a complex highly organized human resource and to define it as a person's ability to maintain balance and stability of his state at the biological, psychological and social levels in constantly changing life situations without violating the integrity of the organism. This article describes the characteristics of the professional structure of future specialists.

Key words: stability, professional consistency, orientation, personality orientation, success, professional success, personal qualities, self-development.

Төрөбек Е.Ж., Абдуалиева М.А.

PhD, доцент, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

PhD, доцент, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

МЕКТЕП ГЕОМЕТРИЯСЫН ОҚИТУ ҮДЕРІСІНДЕ КОМПЬЮТЕРЛІК РЕСУРСТАРДЫ БІЛІМ БЕРУ МАҚСАТЫНДА ҚОЛДАНУДЫҢ ТАНЫМДЫҚ- ДИДАКТИКАЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ

Түйін: Еліміздің Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев атап өткендей: "ғасырдың мақсаты - қоғамның нарықтық қатынастарға көшуі кезінде саяси, экономикалық және рухани дағдарыстарды еңсере алатын ізгілікті, іскер, өмірге төзімді, көп мәдениетті адамды қалыптастыруға қол жеткізу". Сондықтан бүгінгі таңда ең маңызды мәселелердің бірі-ақыл-ой жетілген, жақсы дамыған, еңбекқор, өзін-өзі қамтамасыз ететін және кәсіби мамандарды даярлау екені белгілі. Оқытуды және оның ерекшеліктерін зерттейтін ғылымдардың негізгі идеясы-оқу процесінде оқу мотивтеріне сүйену өте сәтті, оқу процесін, мотивацияны ынталандырады, жақсы нәтиже береді және оқу іс-әрекетінің компоненттерінде маңызды рөл атқарады. Яғни, оқушының сабақты игеруіне әсер ететін себептердің бірі - мотивтер. Мотивтер баланы ынталандыратын және оқуға бағыттайтын мотивтерден туындайды. Бұл себептерге оқу процесінде компьютерлік ресурстарды пайдалану жатады. Мақалада оқу процесінде оқу мақсатына арналған компьютерлік ресурстарды қолданудың танымдық және дидактикалық мүмкіндіктері қарастырылады.

Кілт сөздер: оқу процесі, мотивтер, компьютерлік ресурстар, танымдық және дидактикалық мүмкіндіктер

Кіріспе Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтып өткендей: «Ғасыр мақсаты – қоғамның нарықтық қарым-қатынасқа көшуі кезінде саяси-экономикалық және рухани дағдарыстарды жеңіп шыға алатын, ізгіленген ХХІ ғасырды құрушы, іскер, өмірге икемді, жан-жақты мәдениетті жеке тұлғаны қалыптастыруға қол жеткізу»[1]. Сондықтан, жан-жақты білімді, өз бетінше ізденуге және кәсіби шеберлігін арттыру қабілеті мол мамандарды дайындау еліміздегі маңызды мәселелердің бірі. Сонымен қатар, Елбасы «Цифрлық білім беру ресурстарын дамыту, кең жолақты интернетке қосу және мектептерімізді видеоқұралдармен жабдықтау жұмыстарын жалғастыру қажет» - деп атап өтті [2].

Теориялық талдау. Оқуды және оның ерекшеліктерін зерделеген ғылымдардың негізгі түйгені оқыту барысында оқу мотивтеріне сүйенудің үлкен табысқа жететіндігі [3]. Оқу үдерісін зерттеушілер П.Я.Гальперин, Н.Ф.Талызина, А.К.Маркова, Г.И.Щукина, Р.И. Ушаков оқыту барысында көздеген мақсатқа жету, ол оқу мотивтеріне қозғау салып, оны тәрбиемен бірге ұштастыру - деген тұжырымға келген [4].

Ал С.Л.Выготский, Д.Б.Эльконин тағы басқалар оқу үдерісіне, мотивтерге қозғау салу, үлкен нәтиже беретінін және оқу әрекеттері компоненттерінің ішінде шешуші роль атқаратынын айқындаған. Яғни оқушының сабақты толық меңгеруіне әсер ететін себептердің бірі – мотивтер. Мотивтер баланы оқуға деген әрекетке итермелейтін, бағыттайтын себептерден туындайды. Баланың оқу мотивтері қызығушылығы мен қажеттіліктерге байланысты болады. Оқушының қызығушылығын арттыру үшін сабақты түрлендіріп, әр-түрлі әдіс-тәсіл қолданып өткізу жақсы нәтиже береді.

А.Н.Леонтьев «Егер мотив болмаса, онда әрекетте болмайды деген тұжырымға келген» [5]. Күнделікті кездесетін себеп-түрткілер, оқу-тәрбие үдерісінде, оқушының дамуына, сана сезімінің қалыптасуына әсер етеді және осы мотивтер арқылы жаңа нәрселер туындайды.

В.В.Давыдовтың пікірінше іс-әрекет теориясы Л.С.Выготскийдің мәдени-тарихи тұжырымдамасына негіз болған негізгі идеялардан келген. 1925 жылдың басынан Л.С.Выготский элеуметтік-тарихи іс-әрекет ұғымын және оның психология саласында

қолданылуын терең қарастыра бастады.

А.Н.Леонтьев Л.С.Выготскийдің іс-әрекет ұғымы жөніндегі мағлұматтарына сүйене отырып іс-әрекет теориясын жасады. Бұл теория өзінің маңыздылығы жағынан көрнекті психолог С.Л.Рубинштейннің теориясымен тең болды. Бұл теориялардың кейбір айырмашылықтарына қарамастан оларды іс-әрекеттің классикалық теориясы деп атайды.

Іс-әрекеттің ерекше түрі - оқу іс-әрекетін зерттеумен Д.Б.Эльконин мен В.В.Давыдов шұғылданды.

Академик В.В.Давыдовтың пікірінше «Іс-әрекет деп адамды қоршаған заттық және әлеуметтік шындықты күрделі өзгеруімен байланысты белсенділікті ғана атауға болады».

Іс-әрекет А.Н.Леонтьев бойынша, қажеттіліктен, міндеттіліктен, іс-қимылдан және операциялардан тұрады. Мұндағы қажеттілік іс-әрекеттің негізі міндеті-мақсаты мен оған жетудің шарттарының бірлігі ретінде қарастырылады. А.Н.Леонтьевтің тұжырымдамасы бойынша міндет белгілі бір іс-қимыл жасағанда орындалады, ал оның орындалуына белгілі бір құралдарды қолданумен байланысты.

А.Н.Леонтьевтің бұл схемасын нақтылай келе, академик В.В.Давыдов іс-әрекеттің мынадай құрылымдық элементтерін көрсетеді: қажеттілік, эмоция, міндеттер, іс-қимыл, іс-қимыл мотиві, іс-қимылға пайдаланылатын құрал, жоспар - бұл таным үдерістері және ерік [6].

Адамның іс-әрекеті - саналы іс-әрекет, ал еңбек іс-әрекеті үшін арнайы білім мен іскерлік қажет болады, ол ұзақ уақыт арнайы оқумен немесе жұмыс белсенділігімен келуі мүмкін, оны кәсіби іс-әрекет дейді. Операторлық іс-әрекет - ол кәсіби іс-әрекет, техникалық тұрғыдан жабдықталған белгілі бір қашықтықтан техникалық технологияны бақылау және басқару екендігін айтады. Іс-әрекеттің психологиялық теориясы оның мәнін ашуы керек, іс-әрекетте адамның ең маңызды қасиеттерінің бірі белсенділік пен «іс-әрекет феноменінің көпжақтылығы» бейнеленіп көрсетілуі тиіс. Іс-әрекет адамның өзін қоршаған нақты дүниеге белсенділік тұрғысынан қараудың маңызды түрі.

Заманауи кезеңде үздіксіз білім берудің біртұтас жүйесінің қызметінде және осы жүйені басқаруда білім берудің компьютерлік ресурстарын пайдаланбау мүмкін емес. Білім берудің компьютерлік ресурстарын оқу үдерісінде пайдалану заманауи қоғамның күттірмейтін қажеттілігі болып табылады. Оқу үдерісіне білім берудің компьютерлік ресурстарын қолдану оқу үдерісіне техникалық құралдарды ендірудің көпжылдық үдерісінің жалғасы және дамытуы болып табылады.

Білім беруді ақпараттындыру заманауи қоғамды ақпараттындыру үдерісінің негізгі және әлеуметтік маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Білім беруді ақпараттындыру деп заманауи ақпараттық дүниежүзілік қауымдастықтың жағдайында азаматтарды дайындау және компьютерлік техника және ақпараттық технологияларды кең түрде пайдалану негізінде білім беру және кәсіби дайындау сапасын арттыру үдерісін айтамыз.

Оқу үдерісінде компьютерді қолдану үш формада: жаттықтырушы ретінде, оқытушының орнына белгілі қызметтерді орындайтын көмекші ретінде, белгілі ортаны және оның ішіндегі мамандардың әрекетін моделдейтін құрылғы ретінде іске асырылады. Ең үлкен алғышарттар ойлау қабілетін дамыту үшін, шешім қабылдауға қабілеттерді қалыптастыру үшін жағдай жасайтын имитациялық модельдеу мақсаттары үшін оқыту барысында білім берудің компьютерлік ресурстарын пайдалану кезінде ашылады. Компьютерлік құралдармен жұмысты оқытудың дараландыруды қамтамасыз ететін диалог режимінде жүргізу тиімдірек. Әсіресе компьютерлік оқыту бағдарламаларын геометрия сабақтарында пайдалану тиімдірек.

Білім беруді ақпараттандыру үдерісі барысында қағида түрінде айырмашылығы бар екі тәсіл байқалады. Олардың ішіндегі біріншісі- дәстүрлі түрде ақпаратты беру және оқушыларды оқыту құралдары ретінде пайдаланылатын оқыту жүйелерінің білім беру саласында қолданылуға бағдарланған. Екіншісі- талдау, ақпаратқа қолжетімділікті алу, өз

білімін түсіндіру және ұйымдастыру және осы білімді басқа адамдарға ұсыну үшін таным құралы ретінде компьютерлік ресурстарды пайдалануға бағдарланған.

Тәжірибелік бөлім. Оқушылардың «зерттеу жасауға» бағытталған күштері мақсатты және оқытылатын тақырыптың негізгі мәселелерін шешуге шоғырландыру үшін мұғалім алдын ала оқудың білім берудің компьютерлік ресурстарымен жұмыс жасау барысын нақты анықтауы тиіс.

Оқу үдерісінде компьютерлік ресурстарды пайдалануды талдау компьютердік оқыту құралдарының көпшілігі тапсырмаларды генерациялау үдерістерін автоматтандыру үшін немесе оқу қызметін бақылау үшін арналғанын көрсетеді, оның үстіне олар эпизодты түрде және көбіне жүйесіз қолданылады.

И.В.Роберт өз монографиясында [7] «... дәстүрлі әдістеменің «тесігін жамау» мақсатында бағдарламалық оқыту құралдарын фрагменттік пайдалану білім алушылардың да, білім берушілердің де табысты болуына кедергі келтіреді», - деп көрсетеді.

Компьютерлік ресурстарды қолданыстағы дидактикалық жүйеге жай ғана қосып қоя салуға болмайды және ол білім беру саласында революция жасайды деп сенуге болмайтыны қиындық тудырады. Білім берудің компьютерлік ресурстарының табиғаты белгілі түрде адамның психикалық құрылымдарын қалыптастыруға және дамытуға, сонымен бірге ойлануына ықпал етеді. Мұндай сипаттамалар шығармашылық қызмет және проблемаларды шешумен байланысты танымдық үдерістерге сәйкес келеді. Құбылыстардың болмысын түсіну және проблемаларды шешу тактикасы айқын болып көрінетін фактілерді жаңаша қабылдау, бірінші қарағанда, бір-бірімен байланыспайтын заттарды біріктіру әдісін табу, жаңа және ескі ақпарат арасындағы өзгеге ұқсамайтын байланыстарын орнату қабілеті ретінде сипатталады.

Білім берудің компьютерлік ресурстарын қашықтықтан оқытуда қолдану кейбір тақырыптар файлдарды құрайтын көптеген топтарға топтастырылған. Мысалы, берілген тақырыптар түрлі топтарға бөлінуі мүмкін. Білім алушылар өтілген тақырыптан жаңа тақырыпқа сызықтық жолмен болмаса сызықтық емес жолмен, және де осы екі тәсілдің байланыстыра отырып сабаққа дайындала алады. Мамандандырылған компьютерлік ресурстар студенттердің жұмысын басқарып, әрқайсысының жүріс-тұрысының жеке сызығын тіркей алады.

Осындай ұқсас жүйеге бірнеше компьютер немесе басқа компьютерлік ресурстары енгізілуі мүмкін. Бір интерфейске түйіскен машиналар интерактивті көрсетілім және оқытылатын тақырыптардың әрқайсысын түсіндірілуі түрінде қосымша мәтінді қамтамасыз етеді.

Бірінші кезеңде компьютерлік ресурстарды машинаның жұмысы жөнінде жалпы мағлұмат беретін, бағдарламалау тілдері туралы, сонымен қатар оператор жұмысының негізгі міндеттері қамтылатын оқыту үдерісіндегі пән ретінде саналады.

Тәкенге тән тағы да бір ерекшелік жазушының тың теңеулерді шебер пайдалануынан көреміз. «Бейне кәрі шалға ұзатылған намысты қыздай сыңсып», «сайысқа түсетін балуандай», «құмар ойнаған қудай сазарып», «Шал қақпаннан қарғып өтетін әккі қасқырдай», «сыбызғышы құсын шақырған бүркітшідей», «сүттей ұйып, сілтідей тұнып», «жібектей есілген леп, құйындай ұйытқыған ысқырық», «Түкті шалдың жыбырлаған беті тілі күрмелген шежіреге ұқсаса», «Кербездей сылқылдаған сылқым домбыра», «Дауыл соққанда сендей соқтығысып, ұлардай шулайтын шерлі қамыстан шыққан текті сыбызғы», «күркердей шоқталған үрейлі жандар», «көп қасқырдың үстінен қараған кәрі бүркіттей», «әуеде шырылдаған бозторғайды арбаған айдаһардың лебіндей ыстық та үйірімді ысқырық», «сұңғақ, сұлу домбыра тұсаулы жібектей әсер етті», «Домбыра да алғашқы аптығы басылған тарпаң тұлпардай әсем ырғаққа ауыса берді» т.б. Тәкен шығармашылығының ұлттық ерекшелігін қазақ халқының бай ауыз әдебиеті үлгілеріне зор мән берушілік белгілерінен анық байқаймыз.

Тәжірибелік бөлім. Халық тілінің теңіздей тереңінен асыл сөз теруге жалықпаған суреткер ғана әдебиетте үлкен жетістікке қол жеткізіп, шеберлік шыңына шыға алады. 60-80-жылдардағы қазақ әдебиетін сөз еткенде туындылары сөз оралымдары, тіл байлығымен ерекшеленетін қаламгер Т. Әлімқұлов шығармашылығын жеке дара бөліп қарастыру қажеттілігі туындайды. Себебі жазушы шығармалары өз қаламдастарынан жанрлық, композициялық, лексикалық, жалпы тілдік-стильдік жақтарынан ерекшеленіп тұрады.

Тәкен шығармаға әдемі әуез беретін тіркестерді жиі пайдаланып отырған. «Орманның сусылы, бұлақтың сылдыры, көлдің күрсінугі», «тозған дауыс, шытынаған сыбызғы», «өкінішті уіл, сыңсыған саз», «сыбдырлаған қалың тал, күрсінген құрдым көл,

көкте жүзген зуыл» т.б.«Қоңыр күйлер, жұмбақ сарындар, ақжелең әуендер, қисынды құбылыстар, кербез келісімдер, лала лебіздер» деп сөздерді қосарлап қолдануда да жазушы шеберлік танытады. «Біреулер тамсанады, біреулер күрсінеді, енді біреулер демін ішіне тартып сұрланады», «Күні бойы сейіл, сүйсініс, күйініш, үміт, наз, нала домбыра тілінің түйсікшіл шежіресіне айналады» деп, сезімнің сан алуан бояуын қайталай келе оларды тірілтеді. «Мәңгілікпен сырласқан, ұғысқан, баян табысқан жардай», «Үгілеген, аһылаған, қамыққан, торыққан әуен» деген тіркестердегі есімшелі сөздерді топтап қолдану да Тәкен қолтаңбасына тән құбылыс.

Тәкеннің «Кертолғау» атты әңгімесінің көркемдік әлемі өзінше бір дүние. Әңгімеде Тәкен домбыра үнінен шыққан дыбыстарды, әуендерді, ызыңдарды бейнелі түрде көркем суреттеп өтеді. «Бипыңдаған биязы жібек дыбыстар қоңыр күздің сары желіндей ызыңдап белестің сағымындай нәзік толқып, титық құртады», «Булыққан, үйірілген, боздаған дыбыстар бас қосып, бейне бір хормен ән шырқағандай, аңқылдап, аңырап кетті» деп жалғыз-жалғыз сөздерді тіркестіре келе дыбыстың қасиетті үнін оқырманына сезіндіре жеткізеді. Тәкеннің домбыра жайлы жазған өзге де туындыларын оқи отырып, құлағымызға домбыра даусының күмбірлеген үні естілгендей әсер аламыз. «Жиендік» әңгімесінде: «Кенжештің еті қатпаған балауса саусағы бұралаң дыбыс, сыңсыған ызыңдарға ерекше дәмді әуен бітіріп, күйдің бояуын қоюлатып, жаңа қалыпқа түсіре бастады», «Көкейкесті» әңгімесінде: «Дүбірлеген дыбыстар қара дауылдың екпініне ұқсап, үрей ұшырады. Бірте-бірте жібектен түйілген түйіндей көркем шалыс басталып, домбыра ыңқылдауды шығарды. Бағанағы ақжелең дыбыстар сарғайып, қоңырланып, балаусалық ширыққандай, саумал ашынғандай, ащы үйірімдер дүбірлеп кетті», Ал «Сарыжайлау» әңгімесінде «дәмді саз, құйқылжыған дыбыстар», «жүйріктей жүйткіп, жорғадай тайпаланатын ырғақтар», «дөңгеленген дыбыстар», «шәлкем-шалыс дыбыстар» деп домбыраның қос ішегінен шығып жатқан неше түрлі дыбыстарды қара сөз құдіретімен суреттеп береді.

Ұлттың рухани әлемі мен жан сұлулығын, ерлігі мен өрлігін, даралығы мен дарындылығын, дархандығы мен даналығын т.б. сан алуан қасиеттерін күй әуені шежіре етіп шертіп береді. Қазақ халқының рухани қазынасы сыбызғы, қобыз, домбыра жазушы қаламына ілініп, көркемдік қуаты жоғары дүниелер туындаған. Адам рухы ең алдымен тілі арқылы қалыптасса, содан кейін музыка, ырғақ, әуен, күй мен ән арқылы шыңдала түсетіні белгілі. Күй құдіреті ғажайып музыка үнімен жүрек қылын тербейтін қасиетке ие. Сол қасиетті оқырманына шынайы жеткізіп, күй тілін сезіндіре алған қаламгердің бірі – Тәкен Әлімқұлов болатын. Жазушының стилін шығармаларында кездесетін бейнелі ойларынан іздеуіміз керек. Тәкеннің творчестволық даралығы, стилі ойларын бейнелі түрде жеткізуінен байқалады. Тәкен тудырған сөйлемдер түгелдей көркем образға құрылып жатады.

Көркем әдебиетте бейнелі сөз, көркем өрнек деген ұғымдар бар. Көркем әдебиет ең алдымен жазушының тіл байлығы арқылы бағаланады. Көркем шығарманың эстетикалық нысанын, идеясы мен тақырыбын ашуда, жазушының шығарма арқылы көрсеткісі келген өмірлік шындығын бейнелеуде, кейіпкер бейнесін сомдауда, жалпы шығарманың мұрат бағдарын айқындауда ең басты құрал тіл болып табылады. Әр жазушының өзіне тән жазу стилін, жазушының ешкімге ұқсамайтын өзіндік қолтаңбасын танытатын басты белгі де шығарма тілде жататындығын айтып өттік. Қаламгер Т. Әлімқұлов шығармаларындағы көркемдегіш тәсілдер, сөйлем құрылысындағы ерекшеліктер жазушының алға қойған мақсатына жұмыла қызмет етеді. Көркем шығарманың көркемдігін арттыруға сөздердің мағыналары ғана қызмет етіп қоймай, сөйлемнің синтаксистік құрылымы да белгілі бір дәрежеде өз әсерін тигізеді екен. Тәкен туындыларында кездесетін бірыңғай мүшелі сөйлемдердің шығарма көркемдігін арттыруға әсері үлкен. «Көкшетау мен Айыртаудың сылқылдаған бұлағы, күрсінген көлі, шулаған орманы, сыбызғы шалған желі Ақанды ерте әлдиледі» Енді бір шығармаларында

«Желден басқа ермегі болмай құлазып жатқан жесір жайлау», «Талайдың басын жұтқан мыстан құм», «Мейірімсіз көлденеңдеген Ақкемер» деп, жазушы табиғи ортаны жандандыра суреттей келе, шығарма әсерлілігін, сөздегі образдылықты күшейтеді.

Тәкен Әлімқұлов шығармаларындағы сөйлемдердегі етістіктер де басты назар аударуды қажет етеді. Себебі сөйлемдердегі ерекше қолданыстағы етістік сөздер көркемдік рең беріп тұр. Олар қайталанып келіп, оқиғаға екпін дарытып, авторлық ойға көркемдік салмақ қосады. Сөйлемдердегі етістіктерге -дай, -дей жұрнағының тіркесе келуінің жиі кездесуі «Қараой» әңгімедегі ақын тағдырының, оның көңіл-күйінің өмір шындығымен үндесе келген байланысын қамтамасыз етіп тұрғандай. Сондай-ақ, әңгіменің соңында суреттелген Махамбет өлімінен кейінгі қаралы жағдайды беруде жазушы (келмей кетті, өткізіп жатты, арыздасты, қала берді, етпеттеп еңіреді, айнала берді, боздады, аңырады, дөңгеленіп бара жатты, ай тұтылды) сияқты етістіктердің бірінен кейін бірінің қолдануы ақын трагедиясының, жалпы адам мен заман трагедиясының бар шындығын ширықтыра жеткізудегі дәл табылған көркемдік бейнелеу құралдары болып табылады [1, 110 б.]. Яғни, мәтіннің драматизмге толы ереше динамикасын беруге сөйлемдердің құрылысы мен қимыл-қозғалысты білдіретін сөздердің (етістік) еселей қолданысы қызмет етіп тұрғанын байқау қиын емес. Шығармадағы әр түрлі формадағы етістіктердің көтерер көркемдік жүгі үлкен. Қаламгердің «Махаббат күйігі» әңгімесінде: «Енді, әйел зілдей жүкті қолымен алма кезек көтеруге мәжбүр болды. Ұдайы қираландап, майысып, талмаурап шарасыздықтың сапарына шыдап бара жатты». Етістіктің көтерер көркемдік жүгін Әуезов шығармаларынан да байқаймыз. Ұлы жазушының «Абай жолы» роман-эпопеясындағы ақын бойындағы ауыр қасіретті жазушы психологиялық тұрғыда былай бейнеленеді: «Абай үшін қазір дүние жыртылып, бұзылып, құлап, тозып бара жатқандай. Бұл білген жақын дүние дәл солай» Мұндағы көсемше формалы етістіктердің бірінен кейін бірінің тізбектеле қолданылу арқылы ақын трагедиясы тереңдей түседі.

Адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынасты, табиғаттың адамға бағынбайтын заңдылықтарын суреттеген Тәкен әңгімесі «Текті қасқыр» деп аталады. Қасқыр туралы М.Әуезовтің «Көксерек» повесі классикалық туындылардың қатарында екені белгілі. Көксеректің табиғат қалыптастырған жыртықшылық характерін адамның өзгерте алмайтынын көрсеткісі келген Әуезов туындысы арқылы жазушы сол заманның өмірлік шындығын алға тартады. Әуезов Көксерек характері арқылы табиғаттың өзіне ғана аян қатал мінезін көрсетуді мақсат етсе, Тәкен де өз әңгімесіндегі аңшы баласын іліп әкеткен қасқырдың кегі арқылы тылсым табиғаттың өз тәртібі бар екендігін дәлелдейді. Бөлек сілемдерін суреттеумен басталатын әңгіме жалғыз қалған қасқырдың адамнан өш алу әрекетін баяндайды. Тіршіліктің қызығы аңшылық деп ұғатын Бұғыбай әңгімеде көкжал қасқырды таспен төмпештеп өлтіргенде сол қақпанның күндердің күнінде өзіне қырсық боп жабысатынын білген жоқ. Көкпарға тартылған көкжал қасқыр үшін, көзі ойылған күшіктері мен аңшының еншісінде кетіп, адамның асырауына үйреніп келе жатқан бөлтірігі үшін алынған кек әңгімеде әсерлі суреттелген. Қасқырдың қасиеттерін сөз еткен Тәкен «түкті жүрек, асау қан» текті бөлтіріктердің төркінін ұмытпайтынын баяндайды. Әңгімеде жазушы жалғыз қалған ақ қасқырдың сағынышқа толы ішкі қиналысын дәл бейнелеп бере алған. «Қасқыр жаңа туған айға қарап ұлыды. Ай баяу жылжыды. Бөрі мен қарының ежелгі жауы: «Қасқырым, сенің дәуренің өткен!» дегендей бірте-бірте толықсып, сәулесін шаша бастады. Қасқыр жылжымалы айды паналап, жортты. Жүрекке шапқан ыстық қан суынып, денесі шімірікті...» [2, 136 б.].

Қасқырдың күшіктері жатқан үңгір туралы аңыздық желіні әңгіме сюжетіне енгізе отырып, жазушы шығарманың әсерлілігін күшейтеді. «Осы апан туралы ел аузындағы аңызды бала кезінде естігенді. Апанның түбінде байлаулы айдаһар бар-мыс. Үңгірдің уілі айдаһардың демінен пайда болады-мыс. Бағы заманда қазақтардан қашқан басқыншы қытайлар қазына тығып кеткен деген лақапқа иналушылардың үңгірге шырақ алып түсе алмағанын да бұғыбай еміс-еміс біледі» [2, 132 б.].

Жазушының «Қараой» әңгімеде жазушы Махамбет өмірінің соңғы сәтінің шындығын психологиялық тұрғыда шебер жинақтаған. Әңгіме барысында Махамбет өткен өмірінің басты кезеңдерін көз алдына елестетіп, өмір жолына ойша шолу жасайды. Жалғыздықтан көңілі жабырқаған ақын Қараойға қарап сыр шертеді, өмірінде жасаған істерінің оң – терісін саралап шығып, оған өзінше баға береді. Әңгімеде Махамбетті қалың елмен «астарластырушы» Ықыласқа күдікпен қараған ақынның ішкі күйінің терең толғаныстарын дамыта отырып суреттеуде жазушы шеберлік танытқан. Авторлық баяндаулардағы образды оралымдар мен соны көркемдік бейнелеу құралдарының жиі кездесуін жазушы шығармашылығының табысы деп түсінуімізге болады. Олар шығармадағы кейіпкердің жан әлеміндегі құбылыстарын өмір шындығымен ұштастыра беруде өте тиімді көркемдік тәсіл ретінде қызмет атқарып тұр. Соның бірі шығарма бойында кездесетін теңеулердің ерекше қолданысы. Әңгіме басында жазушы Махамбеттің көңіл-күйін өз үйлесімін тапқан теңеулер арқылы табиғи ортамен бірлікте берген. Әңгіме желісінде ақынның тығырыққа тірелген тағдырын, жалғыздығын, көңіліндегі күдікті ойларын жеткізуде автор теңеулерді шеберлікпен қолданып отырған. Сол арқылы әлеуметтік орта шындығы да көрініс тауып отырады.

Балалық шағындағы Қараой қойнауын көз алдына елестете, оның бүгінгі «жатырқау түзге» айналған бейнесін ақынның көңіл-күйімен қатар өрбіте берудегі теңеулер жазушының айтайын деген ойын дәл жеткізіп тұр. «...Баяғы балдай балалық, сағынышты шақ қалған ойпаң – көзіне оттай ыстық та, жаудай жат та. Ынтыға есейген, торыға тоқыраған, дерттен қайта ашынған ақын Қараойды бірде қайта құтайған құтқа баласа, бірде елі ауып кеткен сары жұрттың төрінде төңкеріліп жатқан қара шаңыраққа ұқсатады. Көзі көміліп қалған бұлақ, бастаулар тілі байланған шежіредей ыммен сыр шертсе, сансыз жылдың дауылына, жауынына шыдаған тамырлы өсімдіктер көзі тірі куәдей сыбдырлайды...» [3,85 б.]. Мәтін бойындағы тосын, тың теңеулер өзіндік ерекшелігімен мен мұндалап қол бұлғап тұрғандай. Тәкеннен мұндай тосын қолданыстарды көптеп кездестіруімізге болады. «Дөңбекшіген ақынның көңіліне тыңнан мұңды өлең оралып, тұла бойы қорғасындай балқып бара жатты. Тал түсте тұтылған күндей қаралы, қараңғыда аққан жұлдыздай азалы, көкейден кетпес бейнелер елестеп, екпінді ұйқасымын таба бастады...» Мұнда да ақынның ішкі көңілін берудегі теңеудің қызметі айқын аңғарылып тұр. Ықыласты Жантық бейнесімен қатар қоя көз алдына елестеткен Махамбет ақынның бойындағы күдікті ойын жазушы әңгімеде: «...Енді Ықылас кешіккен сайын сыбайлас аңшыдай сүйсіндірмей, сауықшыл жардай күдік туғыза бастады...» деген образды ой оралымдарымен күшейте түседі. Бұл теңеулі сөздер қазақ ұғымына ғана етене жақын, ұлттық бояуы қанық. Жаумен жалғыз алысқан Махамбетті автор «құрыққа ілінген құландай» [3,85 б.]. деп бейнелі суреттесе, баласы Нұрсұлтанның өжеттілігін «оқ жыландай атылды» деп сипаттайды.

Нәтижелер мен талқылау. Ерте заманнан бері адам өзінің ой-пікірін суретті сөз арқылы беруге ұмтылған. Осының нәтижесінде эпитеттер туындап отырды. Эпитеттер әдеби шығармалардағы кейіпкер портретін жасауда, образын сомдауда, табиғи ортаны суреттеуде қолданыс табумен қатар уақыт өте келе әлеуметтік мән-мағынаға да ие болды. Эпитеттер шығармада жай қолданылмай, суреттеліп отырған жайдың мәнін аша түсу үшін пайдаланылады. Олардың кейіпкер бейнесін сомдаудағы ролі зор. Жазушы «Қараой» әңгімесінде Ықылас бейнесін «жансыз жолаушы», «күдірейген жауырын», «тұманды көз» сияқты эпитеттерді қолдана келе ашқан. Мұндағы эпитеттердің астарында жағымсыз образ, жағымсыз мағына жатқанын байқауымызға болады. «Махамбеттің теңдессіз үлкен жүрегі тынымсыз дүрсіл қағумен болды» деген сөйлемдегі «теңдессіз үлкен жүрек» тіркесі арқылы жазушы Махамбеттің халқының қамын, жері мен елінің азаттығын ойлап соққан үлкен жүрегін бейнелеп жеткізген. Сондай-ақ әңгімеге шырай беріп көркемдігін арттырып тұрған эпитеттерді орынды қолдану арқылы жазушы өз шеберлігін байқатады: «сылдыраған бұлақтар, сыңғырлаған шолпылар, төрт аяғын тең баса тайпалаған жорғалар,

жел жетпес жүйріктер, желпінген самал, ескен жел, ұйытқыған құйын, салалы саусақтар, құйқылжыған дыбыстар, шалқыған жаз, салтанатты жайлау, сауыры жалпиған шексіз дала, сары садақты сарбаздар, қара мылтықты мергендер, қылышты қылилар, сойылды сотқарлар, дөңгеленген дыбыстар, салалы саусақтар, құйқылжыған дыбыстар, шалқыған жаз, салтанатты жайлау, кербез домбыра» т.б. Тәкен тудырған осындай сұлу сөз иірімдері автор идеясына бағынып, шығарма көркемдігін арттырады. Жазушы пайдаланған барша көркемдік тәсілдердің жиынтығы шығармадағы идеяны ашуға қызмет етеді.

Қорытынды. Тіл – халықтың асыл да қымбат бағалы байлығы. Қаламгер адам өмірінің шындығын тіл арқылы оқырманның көз алдына алып келіп, жүрегін сәулелендіретін басты құрал, қуаты мол сырлы бояу. 1960-80 жылдар қазақ әдебиеті көркем тілімен құнды. Бабалар тастап кеткен өрнекті сөз – сарқылмас қазына. Біздің жазба әдебиетіміз өзінің туу, есею шағында ауыз әдебиетінің інжу-маржанынан, кәусар бұлағынан нәр алған. Аталмыш кезең қаламгерлері ұлттық ерекшелікті сақтай отырып, әдеби тілімізді дамытты, бейнелі, образды сөйлемдерінің астарына терең ой дарыта білді.

Шығарманың эстетикалық мәні, оқырманға әсері оның көркемдік деңгейіне, көркемдік құнарлығына байланысты. Кейіпкер бейнесін жинақтауға ықпал ететін көркемдік әдістер, бейнелеуші-көркемдеуші құралдар жүйесі, кейіпкер характерін жасаудағы бейнелеу құралдарының қолданылу принциптері, шығарманың жалпы көркемдік болмыс-бітімі 60-80-жылдардағы қазақ прозасында үлкен жетістіктерімен көзге түсті.

Әдебиеттер тізімі:

1 Әбдезұлы Қ.Т. Әлімқұлов шығармашылығы және 60-80-жылдардағы қазақ прозасы (дәстүр және жалғастық): Монография. Алматы: Қазақ университеті, 2005. 576 б.

2 Әлімқұлов Т. Кертөлғау: Әңгімелер, поэмалар және повестер. Алматы: Өнер, 1988. 365 б.

3 Әлімқұлов Т. Сырлы наз: Таңдамалы әңгімелер, повестер. Алматы: Жазушы, 1977. 360 б.

4 Әбдезұлы Қ. Тарихи тұлға және қазақ әдебиеті: Оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті, 2004. 163 б.

5 Әлімқұлов Т. Шежірелі сахара: Повестер және әңгімелер. Алматы: Жазушы, 1976. 192 б.

Аннотация: В статье рассматриваются художественно-эстетические поиски и особенности языкового стиля Т.Алимкулова. Проблема художественного образа, принципы изображения действительности и особенности создания характера – основная проблема литературоведческой науки. Историческое изменение бытия изменяет и самого человека, его мировоззрение, идеи. Художественное осмысление жизни приводит к осмыслению внутреннего мира личности. Таким образом, возникают уникальные характеры, оригинальные образы, литературные типы. Основной целью статьи является научная систематизация структурных элементов и принципов создания литературного образа в прозе Т.Алимкулова. В статье рассматривается своеобразие художественного мастерства писателя, которые отличались особым почерком в создании национального образа и глубоким изображением национального казахского характера.

В данной статье рассматривается создания специфики образа и уникальность природы персонажа, отдельные аспекты проблем художественного воссоздания типа, характера, образа, проанализировать художественно-образительную и образно-стилистическую систему, систему средств и приемов, определяющих художественный уровень литературного национального произведения и способы реализации в нем авторской идеи.

Научная новизна исследования заключается в том, что впервые в структурно-системном плане рассматриваются специфика персонажей и проблемы художественного решения их произведениях Т.Алимкулова.

Ключевые слова: произведение, сравнение, эпитет, образ, сингорманизм, пословицы-

поговорки, художественность

Abstract: The article deals with artistic and aesthetic searches and peculiarities of the language style of T. Alimkulov. The problem of the artistic image, the principles of depicting reality and the features of character creation are the main problem of literary science. The historical change in being alters both the person himself, his worldview, his ideas. The artistic comprehension of life leads to a comprehension of the inner world of the individual. Thus, unique characters, original images, literary types arise. The main goal of the article is the scientific systematization of structural elements and principles of creating a literary image in the prose of Alimkulov. The article considers the originality of the artistic skill of writers, who differed in their special handwriting in the creation of the national image and with a deep depiction of the national Kazakh character. This article deals with the creation of a specific character and the uniqueness of the nature of the character, certain aspects of the problems of artistic recreation of the type, character, image, analyze the artistic and figurative and figurative-stylistic system, the system of means and techniques that determine the artistic level of the literary national work and the ways in which the author's ideas. The scientific novelty of the research is that for the first time in the structural and systemic plan the specific character of the characters and the problems of their artistic solution in the works of T. Alimkulov are considered.

Key words: work, comparison, epithet, image, syngromania, proverbs-proverbs, artistry

ӘОЖ 81`373 (043,3)

¹Утегенова Г.Ж., ¹Базарбекова Н.Ш., ²Карымшакова А.Т.

¹филолог.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

¹филолог.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

²филолог.и.к., доцент, Бишкек МУ (Қырғызстан)

ҰЛТТЫҚ ЛЕКСИКАНЫҢ ҚҰРАМЫНДАҒЫ ДИАЛЕКТІЛІК ЛЕКСИКА

Түйін: Диалект – белгілі аймақта өмір сүретін қауымның тілі, оның диалект екендігі келесі топтың тіліне қарсы қою арқылы ажыратылады, сондықтан ұлттық тілдерде диалект саны бірнешеу болады, әйтпеген күнде оның диалектілік сипаты болмайды, ұлттық әдеби тіл диалектілердің негізінде пайда болады, сол себепті диалект тарихы халық тарихымен тамырлас, онымен құрдас. Тіл этноспен бірге жаралып, бірге өмір сүреді десек, оның бастапқы белгісі өсу, даму, қарым-қатынас көріністері осы күнгі диалект ретінде айқындалған сөздерінде сақталған. Диалект халықтың материалдық (үй құрылысы, түрі, құрал-жабдық, киім, үй жабдықтары) және рухани мәдениетіне (салт-дәстүр, халықтық музыкалық шығармашылық) қатысты қалыптасқан кешенді тілдік және тілден тыс көрсеткіштер деген пікірін дамытады. Диалектіні кешенді-синкретті түрде зерттеудің жемісті болатындығын, ареалдық, ареалдық-типологиялық ізденістерде ежелгі славяндардың тілін, дінін, тұрмысын жаңғыртуға этнолингвистиканың болашағы зор.

Кілт сөздер: лексикология, диалектология, диалект, этнос, жалпыхалықтық заңдылықтар.

Кіріспе. Диалектілік сөз жергілікті тілдің лексикалық бірлігі (элементі) ретінде ерекше күрделі сөйлеу аясында өмір сүреді, қызмет етеді. Диалектілік сөз (тіл) – жүйелердің жүйесі, сан қыры күрделі бірлік. «Сложность структуры диалектического языка обусловлена не только территориальным, но и социально-классовым, возрастным, но и жанрово-стилистическим», – дейді [1,11], диалектілік сөздің күрделі табиғаты жайында О.И.Блинова. Диалектілік сөздің (лексиканың) күрделілігі диалектінің, диалект иесінің өмір сүру ортасымен түсіндіріледі. Басқа халықтар және басқа түркі халықтары сияқты қазақ этносының ұлттық тілі қалыптасқаннан кейінгі кезеңінің өзінде атамекен, атажұртынан әлемнің төрт бұрышына түгел дерлік қоныс аударып, бөтен тілдік ортаға түсуіне және өз ортасына өзге тіл өкілдерін көптеп қабылдауына тура келді. Мұндай жағдайда тілдердің өзара әсер етуі, қостілділік, көптілділік процестері жүреді, диалектінің оқшаулануы да кездеседі, бұған алыс, жақын шет елдердегі қазақ диаспорасы тілін

жатқызуға болады. Оқшауланған сөйлеу өзінің негізгі диалектілік, ауызекі тобының көлемінен алыс болмаса да, оған басқа туыстық, туыстық емес тілдер әсер етеді. Қарақалпақ жеріндегі қазақтар қарақалпақ, өзбек, түрікмен халықтарымен араласқан, сондықтан олардың тілінде аталған тілдердің ықпалы байқалады. Осылайша, Өзбекстан, Түрікменстан, Қытай, Моңғолия, Ресей қазақтарының тілі үлкен әсер етеді, дегенмен оқшауланған сөздер жалпыхалықтық лексиканың негізін сақтайды, сондықтан диалектілік лексика шығу тегіне байланысты: дәстүрлі диалект құбылыстары және дәстүрлі емес диалект ерекшеліктері болып бөлінеді[2,16].

Жергілікті ерекшеліктердің тамыры терең. С.Аманжолов оны ертеде ру, тайпа тілдерінің соқпағынан іздейді. «Рулар мен тайпалардың тарихынан тіл тарихы мен халық тарихының даму сатыларын білуге болады. Өйткені біртұтас тілдің қазіргі диалектілерінің түп тамыры, бастамасы халық тарихында жатыр» [3,22]. Диалектілік лексикада сол ежелгі ру, тайпа тілінің қалдығы саналатын жандық (ұсақ мал), үріптес (туыстас), сой (тұқым [2,16] сөзлерімен қатар асы (биік, қыр, үстірт), баламан ер (балаларға арналған ер), деңгел (сыбаға, мүше) т.б. сөздер дәстүрлі диалектілік құбылыстарға жатады.

Диалектілік лексиканың да іштей өзгеріс, дамуға, толығып-баю жолы бар, ол жалпыхалықтық тілге тән заңдылықтардан бөлек емес. Жергілікті ерекшеліктердің құрамындағы туыс тілдерден, туыстық қатысы жоқ өзге тілдерден енген, сөзжасам тәсілдері арқылы жасалған: дәліз, шиша [2,16] және бақса, сенек, дайы, дүкерт; көрсетпе, жатыс күн, барлау тәрізді сөздер дәстүрсіз диалектизмдер тобын құрайды.

Теориялық талдау. Диалектикалық лексика - бұл тақырыптың-құбылыстың атауын білдіретін сөздер тобы ғана емес, сонымен қатар сөздің мағынасындағы әртүрлі вариациялардың дамуымен сипатталатын диалектикалық лексика, сондықтан мағынаның құбылысына байланысты лексикалық ерекшеліктер мен семантикалық ерекшеліктер жүйеленеді. Қысқаша шолу бүгінгі таңда диалектілік лексикологияның проблемаларын анықтады, біріншіден, диалект лексикасының тарихи әлеуметтік құрамын, диалектілердің шығу тегін, тарихын (дәстүрлі, дәстүрлі емес ерекшеліктер), екіншіден, диалект сөзі, оны тану критерийлерін көрсету (диалект, диалектизм), үшіншіден, диалектілік лексиканы сөздік, номиналды семантикалық даму контекстінде жүйелеу (лексикалық, семантикалық ерекшеліктер) және диалект сөзін кездесу жиілігі бойынша топтастыру (қатысты → сәйкес., диалект лексикасы саласындағы ғылыми ойлауды жүйелеуге мүмкіндік береді.Ең бастысы, диалектілік лексиканы этнолингвистикалық тұрғыда зерттеудің маңыздылығын пайымдатады және «этнодиалектизмдерді» танудың ұстанымын белгілейді.

Этнодиалектизмдер де диалектілік сөз, алдымен, ол диалектілік сөзді сипаттайтын қасиетке ие, яғни: этнодиалектизмдердің белгілі аймақта қолданылу, таралу изогласы болады; белгілі ұғым, аймаққа тән ұғымдар мен түсініктер, объектілерді бейнелеуге болатын дәреженің номинациялық белгісі; жергілікті сипаттағы ұлттық түсті фразеологиялық бірліктердің үлкен қоры бар; жергілікті табиғи, географиялық ерекшеліктерді көрсететін семантик; бағалау мағынасындағы ерекше ұлттық бірегейлік мазмұнды лексемалармен ерекшеленеді; тарихи кезеңнің іздерін сақтайды; белгілі бір әдет-ғұрыптардың, материалдық мәдениеттің көріністерін жеткізетін ақпарат бола отырып, халықтың өмірінде орталық орын алады; әдеби тілде баламасы бар немесе жоқ. Осылайша, этнодиалектизмнің белгісі этнолингвистикалық мағынаны түсінуге, көруге, этномәдени құжаттық ақпаратты көбейтуге және мүмкін болса, мағынаны жаңғыртуға бейімділік деп санауға болады.

Жалпы, жергілікті ерекшеліктердің қазіргі жағдайы орыс диалектологиясында «полудиалект» (жартылай диалект сипаты) ретінде белгіленеді. Ол тек диалектте сөйлейтін аймақ жоқ, ал жалпыхалықтық тілдің әсерінен пайда болған тілдік құрылым тілдік органы білдіреді, ана тілінің әлеуметтік құрамына, әдеби тілді меңгеру деңгейіне байланысты. Ол үшін сөйлеуде әдеби тілдің нормасына қатысты сөздерді іздеудің қажеті жоқ, мысалы, қазақ тілі жергілікті ерекшеліктері, жалпы белгілері аз біртұтас тіл ретінде

қарастырылады. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл дәрежесінде қызмет етуі жағдайында әдеби тілдің қолданылуы күшейіп, жергілікті элементтердің ығыстырылуы басталады-табиғи құбылыс, бірақ мұндай кезеңде әдеби тіл жалпы халықтық сөздерді байыту көздерінің бірі болып табылатын диалектілік лексикадан алынады, диалектілік лексикаға сүйенеді. Бұл диалект лексикасы, жалпыхалықтық тілмен қатар, бір аймақта бар, ауызекі сөйлеу формасы болып табылатындығын көрсетеді.

Осылайша, этнолингвистика-бұл ұлтты танудың мақсатын көздейтін ғылым, осы мақсатта этногенез бен этностың тарихы, этнос тарихындағы алуан түрлі қатынастар арқылы өтетін тілдік процестер, этностың қалыптасуы мен дамуындағы тілдің функциялары мен рөлі, этностың дәстүрлі мәдениетінің ойлау қызметінің тілдегі көрінісі, семантика, этностың дүниетанымдық ерекшелігі, оның басқалардан айырмашылығы, өзіндік ерекшелігі ұлттық тіл арқылы ашылады. Жалпы, бұл этностың күрделі ұғымын толық түсінуге және тұтас бейнені ұсынуға мүмкіндік береді. Осыған байланысты тайпалардың тарихы, кейбір мағыналық белгілерден басталған этнолингвистика бағыттары-сан тарауы. Кеңестік кеңістікте оның: этимологиялық, диалектологиялық және этносты «тіл айнасында» зерттеу (Кайдар мектебі) бағытында жүргізіліп келе жатқаны туралы М.М.Копыленко пікірі белгілі. Қазіргі антропоцентристік парадигма шеңберінде тілге адамның ойлау әрекетіне қатысы тұрғысынан қарау қажеттілігі мәселесі пісіп-жетілді деп есептейді когнитивтік лингвистика мамандары [4,4], өйткені тіл – ойды тілдік құрылымдарға жинақтап жеткізуші құрал, бұл жолда қолданылатын білім тіл туралы ғана емес, әлеуметтік контекстегі жалпы элем туралы, тілдік қатынас принциптері, фондық білім т.б. туралы ғылым. Міне, сондықтан этнолингвистика этнос бітімін зерделеуде когнитивті, коммуникативті, универсалды, құрылымдық (структуралық), тарихи т.б. этнолингвистика болып сараланып қалыптасып келеді, дегенмен кез келген этнолингвистикалық зерттеу біржақты болмайды, белгілі халыққа тән ерекшеліктер жан-жақты әр қырынан, бір-бірімен байланыстыра қарастырылғанда ғана этностың дүниетанымы, ділі, мәдениеті – тұтас болмысы танылады.

Сондықтан диалектілік лексика қазақ этносы болмысын танытудың бір көзі ретінде алынып, қазақ этносы әлемінің тілдік бейнесін жасауда тіл иесі табиғатын тіл деректерінің ішкі мазмұны арқылы ашу тұжырымдамасы ұсынылып отыр, өйткені тіл – ғасырлар бойы қалыптасқан этномәдени ақпаратты, этникалық ерекшелікті сақтаушы, жеткізуші құрал.

Терминдер қолданысындағы ала-құлалықты ретке келтіру үшін жұмыста жалпы диалектология, қазақ тілі диалектілерінің санына қатысты диалект терминін, говор ұғымына қарата сөйленіс терминін, сонымен қатар зерттеу мақсатына орай этномәдени деректі диалектілік сөз этнодиалектизм терминімен аталды.

Қазіргі қазақ тіліндегі сөздер қолданылу аясына қарай үлкен екі топқа бөлінеді. Оның біріншісі – жалпы халыққа тусінікті, қазақ халқы түгел қолданатын сөздер де, екіншісі – таралу аясы шектеулі, белгілі территорияда ғана қолданылатын диалект не әлеуметтік: ортаға қызмет ететін кәсіби сөздер, терминдер, арго, жаргондар.

Бірінші топқа енетін жалпы халық қолданатын сөздер бүкіл әдеби тілдің негізін құрайды, және тілімізде сөз жасауға негіз болады. Онсыз халық бір-бірімен қатынас жасауы мүмкін емес. Қандай ойды жеткізсек те, біз сол жалпы халықтық лексиканы пайдаланамыз.

Ал, таралу аясы шектеулі сөздер тек белгілі бір территорияда ғана қызмет етеді.

Бұл екі топқа жататын сөздердің арасын бөліп тастауға да болмайды. Қазір бағбан, пияз, шабдалы, алмұрт, алхоры сияқты сөздер әдеби тілде қолданылып жүр. Ал, олар бау-бақша өсіруші онтүстік қазақтарының тілінен енген кәсіби сөздер.

Ал, жалпы халық тіліндегі кейбір сөздер диалектизм қатарында жұмсалуды да мүмкін. Мысалы, төртіп сөзі Батыс Қазақстанда нұсқау (инструкция) мағынасында қолданылады.

Қолданылу аясы тар лексиканың түрлері мыналар: диалект сөздер, арго, жаргондар.

Орыс диалектологиясында мағыналық-тақырыптық зерттеу Ф.П.Филиннің 1936 жылғы мақаласынан басталады деп есептелінеді, бұл – кезінде Одақ көлеміндегі тілдерді айтпағанда, шетелдік тіл ғылымында да кең тараған әдіс, осының нәтижесінде жергілікті ерекшеліктер бір шама толық жиналып, сөздіктер, атластар жасалды, алайда жергілікті ерекшеліктерді бұлай тізіп жинау үстінде асбтрактылы ұғым атаулары, нақты заттық ұғым атаулары тобының сыртында қалады және диалектологтар аймақтағы белгілі тақырыптық топтарын ғана сөзетіп, сөздердің парадигмалық синтаксистік байланыс мәселелеріне назар аударылмайтынын ескертеді. Осыған байланысты бұдан кейінгі екінші бағыт жергілікті ерекшеліктерді лексика-семантикалық тұрғыда жүйелі түрде сипаттау болса, орыс диалектологтарының үшінші тобы тілдің лексика-семантикалық деңгейінің негізгі бірлігі лексика-семантикалық парадигмаларды айқындау мәселесімен, төртінші тобы диалектілік синоним, антонимт.б. семантикалық құбылыстарды зерттеу мәселесімен айналысып жүр, орыс диалектологиясындағы зерттеудің келесі бағыты – диалектілік лексиканы тұтас жүйе түрінде зерттеу.

Диалектикалық семантиканың кейбір мәселелерін қарастыратын М. Атабаеваның жұмысында диалект лексикасы заттарды, сын, ым-ишараларды және т. б. білдіретін сөздердің сипатына қарай топтастырылады, зат есімдердің қырық тоғыз тақырыптық тобы, сын есімдердің алты атауы, тоғыз етістік [5, 28] жіктеледі, ал Ш. Сарыбаев пен О.Накысбекова өңірлік лексика туралы қазақ диалектологиясы бойынша, ұғымдық-атаулық мағынасы бойынша (зат есімдер, сын есімдер, сандар, әрекеттер, уақыттар, орындар, көңіл-күйлер, есімдіктер, макротоптар, ішкі жіктелген микротоптар) жазылған материал қорытылады[2, 102]. Бұларды жалпы түркілік лексикалық қабаттың мағыналық-тақырыптық топтарына қарағанда толыққаны айқын, себебі қазақ этносында көшпелі тіршіліктен отырықшылыққа ауысты, осыған сәйкес тіршілік әуенінде өзгерді, кәсіптің түрлері, оларды меңгеру мәдениеті қалыптасты, тұрмыс-салттыңда ұлттық белгілері айқын сараланды, егертіл – халықтың тұрмыс-тіршілігінің айнасы десек, тұрмыс-тіршіліктің қазаны қайнаған жері – ауыл, белгілі аймақ. Диалектілік лексиканың төлқабаты – осы өзіндік дамудың жолына түскен қазақ этносы тыныс-тіршілігінің бейнесі. Сыдырғай, тақта, төгу – кілем, алашатоқуға, сужүргізу, гүлөсіру, сынамүйізт.б. ою-өрнекке, женшекей, қымыран, қазанжаппа, қарма – тамаққа, бесақа, сықсима – құрал-жабдық, тілашар, чілдекүзет – әдет ғұрып; желкеарық, біртақта, отау/отақт.б. – егінге, күтіп-баптау, суаруғабайланысты атаулар диалектілік лексиканың төл қабатын құрауға қатысты. Диалектілік лексиканың негізгі, көлемді бөлігін қамтитын төл қабат сөз жасам тәсілдері арқылы пайда болған аталымдардан тұрады (аяқ, бат, аша, мұзхана, баспа, жатыскүн, дыбыстыадамт.б.).

Әдебиеттер тізімі:

1. Блинова О.И. Введение в современную региональную лексикологию. Томск: ТГУ, 2015. 257 с.
2. Сарыбаев Ш., Накысбеков О. Қазақ тілінің аймақтық лексикасы. Алматы: Ғылым, 2009. 192 б.
3. Аманжолов С.А. Қазақ тілі диалектологиясы мен тарихының мәселелері. Алматы: Сөздік-словарь, 2014. 536 б.
4. Копыленко М.М. Основы этнолингвистики. Алматы: Ақылкітабы, 2007. 178 с.
5. Атабаева М. Диалектілік сөз мағынасы. Алматы: РБК, 2006. 116 б.

Аннотация: Диалект-это язык общины, живущей в известном регионе, то, что он является диалектом, различается путем противопоставления языка следующей группы, поэтому в национальных языках количество диалектов несколько, в противном случае он не будет иметь диалектного характера, национальный литературный язык возникает на основе диалектов, поэтому история диалекта укоренена в истории народа, ровесника с ним. Если говорить о том, что язык

создан и живет вместе с этносом, то его первоначальный признак-проявления роста, развития, общения-сохраняется в словах, определенных как диалект в наши дни. Диалект развивает мнение населения о сложившихся комплексных языковых и внеязыковых показателях материальной (домостроение, тип, оборудование, одежда, бытовая техника) и духовной культуры (традиции, народное музыкальное творчество). Плодотворным является комплексно-синкретическое изучение диалекта, в ареальных, ареально-типологических изысканиях этнолингвистики в возрождении языка, религии, быта древних славян.

Ключевые слова: лексикология, диалектология, диалект, этнос, общенародные закономерности.

Abstract: A dialect is the language of a community living in a well-known region, the fact that it is a dialect is distinguished by contrasting the language of the next group, therefore, there are several dialects in national languages, otherwise it will not have a dialect character, the national literary language arises on the basis of dialects, therefore the history of the dialect is rooted in the history of a people of the same age with it. If we talk about the fact that a language was created and lives together with an ethnic group, then its initial sign-manifestations of growth, development, communication- is preserved in words defined as a dialect today. The dialect develops the opinion of the population about the existing complex linguistic and non-linguistic indicators of material (housing construction, type, equipment, clothing, household appliances) and spiritual culture (traditions, folk music). The complex syncretic study of the dialect, in the areal, areal-typological researches of ethno-linguistics in the revival of the language, religion, and life of the ancient Slavs is fruitful.

Keywords: lexicology, dialectology, dialect, ethnos, national patterns.

ӘОЖ: 811.512.122.2

¹Бахтибаева Ф.А., ¹Баймурзаева Қ.Б., ²Абдыханов В.К.

¹оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан

¹аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан

²филолог.ғ.к., доцент, ОҚМПУ. Шымкент, Қазақстан

ИЛИАС ЖАНСҮГІРОВТЫҢ ПОЭМАЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация: Мақалада Илияс Жансүгіров өлеңдерінің көркемдік-стильдік сипаты қарастырылған. Жансүгіров өлеңдері Қазақстан тарихындағы елеулі белестерді, ел басындағы қуанышты да қиын күндерді, әр кезеңде өмір сүрген тұлғалардың өмірін дәріптеуге арналған. Шығармаларының басты мақсаты - ескі өмірді, бүгінгі ұрпақты таныту, сол кезде замандастарының ашуы мен өшпенділігі отқа оранды. Жалпы Қазақстандағы, тіпті манстамайлардағы халықтың көне тарихын ақын осылайша ой елегінен өткізіп, синтездей отырып. Қанай билеген сол зұлмат заманда еңбекшілер халық жасаған рухани қазынаға үңілді. Илияс Жансүгіровтің әдебиеттің басқа жанрындағы шығармалары бар. Соның бір қыры – фольклорға сіңірген еңбегі. Бала кезінен өнерге жақын болған Илияс әдеби мұраға, сиқырлы сөзге ерекше мән берген. Әкенің ықпалы балалық шағында болса, оның есейе келе жинақтаған ескі әдеби мұрасы шығармашылық өсу жолында үлкен көмек болмақ. Шығармаларда қазақ ауылының өмірі, ондағы таптық күрес, жаңа дәуір адамының санасындағы әлеуметтік-психологиялық өзгерістер, елдік, ержүректік бейнеленген.

Кілт сөздер: поэма, сюжет, әдеби шығарма, жағымды кейіпкер, сипаттама, салыстыру, метафора, фольклор, әдеби мұра, таптық күрес.

Кіріспе. Жансүгіровтің ұзын сарынды эпикалық поэмалары қазақ тарихындағы елеулі кезеңдерді, ел басындағы қуаныш пен ауыр күндерді, әр заманда өмір сүрген

адамдар өмірін жырлауға арналған. Өнер тақырыбындағы алғашқы «Күй» атты поэмасын 1929 жылы жазды. Сырттай қарағанда, бұл поэмада халық жадында сақталған «Боз інген» аңызы толғанатын сияқты. Ал, үңіле зер салсақ, поэма арнасы сол аңыздан кеңірек. Поэма ертедегі халық дарынының құдыреттілігін, адамның жан дүниесін тебірендетін сиқырлы эстетикалық күшін танытуды мақсат еткен. Ақын алдына қойған ол мақсатын орындап шыққан. «Күй» — лиро-эпикалық шығарма. Поэманың сюжеті бар. Сол сюжетпен киюласып, тамырласып жатқан лирикалық шегініс те мол. Баяндау, суреттеу қатар жарысып, поэманың жалпы бітімі сындарлы болып шыққан.

Әдетте, тартылған әдемі күйдің сазын сөзбен жеткізу мүмкін емес дейміз. Бұл рас. Қобыздағы күйдің әсерін, оның мазмұнын айтып беру екінің бірінің қолынан келе бермейді. Бұған ақын болу керек. Ақын болғанда қарабайыр ақын емес, дүлдүл ақын болу керек. Ал, І. Жансүгіров күйдің суретін әсерлі өрнекпен беруде ерекше талантын айқын танытты. Күйдің «кейде талмаураған, толықсыған» шағын, «кейде өжет, кейде долы, кейде паң, кейде дарқан» қалпын дәл бейнелейді. Бүкіл табиғаттың тамылжыған жанды келбетін, адамдардың көңіл күйінің алуан сырын бейнелеген ғажайып күйдің әсерлі толқынын ақын аудармай, қаз-қалпында бере алған. Ақын жырының өзі де әсем бір сазға айналып, оқырманның құлағынан кіріп, бойын алып кетеді. Күйді, сол күйдің құдіретін жеткізіп айта білген тіл өнерінің асыл қасиетін танып, тамашалай түсесің. Халықтың сондай алтын қазынасы болған ғажайып күйлерді орындаушы, қолынан өнер тамған қобызшыны да ақынның шабыттана, әсерлі суреттегенін көріп, қайран қаласың.

Теориялық талдау. Қобызшыны Молқыбай шалдың «Боз інгенді» боздатқан өрен өнерін жеріне жеткізе толғай отырып, ақын сол күйді тыңдаған шақтағы адамның алатын сиқырлы әсерін әдемі де шебер суреттейді.

Тұтастай алғанда, «Күй» — ақынның тарихи тақырыпқа поэма жазудағы алғашқы творчестволық сәтті ізденістерінің жемісі. Жоғарыда айтылған кейбір қайшылық-олқылығына қарамастан, «Күй» — қазақ поэмасының тарихындағы өнер тақырыбына арналған алғашқы сәтті туындының бірі. Илиястың 1934 жылы жазылған «Күйші» поэмасы қазақтың эпикалық поэзиясындағы елеулі құбылыс болды. «Күй» ақынның поэма жанрындағы өнер тақырыбын қозғауының басы, әдемі бастамасы болса, «Күйші» соның сатылы, заңды жалғасы еді. «Күйшіде» ақын өнер тақырыбын өрістете түсті. Көркемдік шешімі тұрғысынан қарағанда, ақын ілгеріледі. Сюжеттік, композициялық, образдық, тілдік шеберлік бағытында ақын алғашқы поэмасынан гөрі «Күйшіде» өсу, биіктеу үстінде болғанын толық аңғартты.

Илияс Жансүгіровтің осы «Күйші» поэмасы кең тынысты, асқақ әуенді, қатыгездік пен зұлымдықты өнер арқылы жеңе білген қазақ әдебиетіндегі қайталанбас ірі де көркем туынды. Мұнда негізгі сюжетпен қоса, Қарашаш пен Күйші арасындағы терең психологизм, адам сезімдерінің шарпысулары ақынның шалқар шабытына, шексіз фантазиясына, табиғи ағысына барынша ерік берілгені айқын аңғарылады.

Қарашаш – «Күйші» поэмасындағы басты кейіпкердің бірі. Автордың түпкі ой қазығы бойынша, ол – ұнамсыз тұлға. Солай бола тұрса да, оның кейбір адамдық қасиеттерін де ақын жарқыратып алға жайып салған. Ол алған беттен таймайтын, орта жолда бөгеліп қалмайтын, алдына қойған мақсатын орындамай тынбайтын, қайратты, кесек мінезді тұтас характер. Ол мәмілеге келуді, шегінуді білмейтін өр тұлға ретінде есте қалады. Қарашаш ақылсыз әумесер де емес. Ашумен қатар ақылы да бар.

Тәжірибелік бөлім. Күйші жігіт басында оянған махаббат сезімін де ақын келістіре толғайды. Жалпы жастық, махаббат деген үлкен рухани күш. Ол адамды шабыттандырады, қанат бітіріп, көкке ұшырады. Бойға бұрқыраған жігер-күш беріп, тау қопартады. Адам санасын нұрландырып, мол жарыққа кенеледі. Қарашашқа ынтыққан поэмадағы күйші жігіт халі осындай. Бұрынғы өзі тартып жүрген тоқсан түрлі күйді қоя тұрып, шабыт қанатына мінген өнерпаз өз жүрегінің жаңа күйін – махаббат күйін төгеді.

Поэмадағы күйші жігіт – есте қаларлықтай кесек тұлға. Ақын оның асқан

өнерпаздығын, өміріндегі бұралаңы бар күрделі сәттерді құлпырта сөз бояуларымен айқын суреттеп берген. Домбырадағы тоқсан құбылған құдіретті күйдің адам сезімдерімен ұштасқан кейде реалистік, кейде романтикалық кейпін -өрісін ақын өрен шабытпен өлең өрнегіне шебер түсірген. Күйші жігіттің барлық қадір-қасиеті – халықтың бойындағы асыл мінез, қадір-қасиеттердің жарқын көріністері. Бұл шығарманың бүкіл рухынан көрініп тұр.

Нәтижелер мен талқылау. Поэмада адамдар тұлғасы нақтылы сипатталған. Бірі ұнамды, бірі ұнамсыз дегендей. Поэманы оқығанда есте қалып қоятын кейіпкердің бірі — хан Кенесары Қасымов. Кенесары – тарихи шындыққа сәйкес, өзінің зұлымдығымен, жауыздығымен айқын көрінеді. Бұл жөнінде акаемик Қ. Жұмалиев: «Ақын сөз арасына, кейбір ғана қысқаша сурет, баяндау, репликалар арқылы, Кененің жексұрындық мінез-құлық әрекеттері де шеберлікпен көрсетеді. ...Жауыздық, қара жүректілік, менмендік, қара халықты менсінбей, оларға тәкаппарлықпен қараушылық бәрін бір-екі шумақпен-ақ ақын түйіп берген емес пе?»[1] — деп поэмадағы Кенесары бейнесі жөнінде дәл топшылау жасады.

«Күйші» поэмасының қозғайтын негізгі мәселесі қазақ халық күйлерінің – күй өнерінің ғажайып сыр-сипатын, қоғам, адам өміріндегі ерекше рөлін көрсету десе де болғандай. Міне, осы бір халықтың рухани байлығын тіл өнерімен әсерлі толғаған ақын поэмасында сол құдіретті өнерді жасаушы авторын да үнемі есте ұстап отырады. Ақын ғасырлар бойы жасалған рухани байлық – күй өнерін жасаушы халық, халықтың дана дарыны деп дұрыс түсінеді де, сол халықтың нақты өкілі ретінде үйсін руынан шыққан күйші жігітті алады. Күйші жігіт те поэманың орталық кейіпкері. Ұнамды кейіпкер.

Ілияс Жансүгіровтің «Күйші» поэмасының көркемдік сапасы аса жоғары. Сонымен қатар, идеялық мазмұны да терең. «Күйші» кезінде де, кейін де идеялық қадір-қасиетімен жарқырап көзге түседі. Қазақ поэмаларының тарихындағы аса көрнекті туынды ретінде бүкіл жұршылыққа кеңінен танылған, оның халықтық шығарма – асыл рухани байлық екені хақ. Сондықтан да, «Күйші» поэмасы Ілияс талантының шарықтаған шағының тамаша туындысы.

Ақынның өнер тақырыбына жазылған тағы бір туындысы – атақты «Құлагер» поэмасы. Бұл поэманы ақын қазақ халқының ардагер ұлы Ақан серіге арнаған. Ақан сері – ХІХ ғасырдағы қазақ елінің рухани мәдениетінің тарихынан елеулі орын алатын белгілі өнер қайраткері. Ол – дарынды композитор, ақын әнші. Өзі өмір сүрген заманының әр қилы мәселелерін айқын өнер тілімен көрсете білген, оның әдеби, музыкалық мұрасы мол. Ақан серінің әдеби музыкалық, әншілік еңбектері жайлы көптеген ғылыми-зерттеу еңбектері бар. Сол еңбектердің барлығында Ақан серінің асқан өнерпаздығы, халықтың рухани азығы болған тамаша поэтикалық, музыкалық шығармалар бергені айрықша атап көрсетілген. Поэмаға арқау болған оқиға – тараудың басындағы тұсында сері болсын, пері болсын, өмірімен ұнаған Ақан және тұлпар ат Құлагер.

«Күйші» поэмасындағыдай, бұл поэмада да Ақан өмір сүрген заманға, қоғамға деген ақынның авторлық тенденциясы айқын. Поэманың толғану атты кіріспесінде-ақ Ілияс Жансүгіров Ақан сері өмір сүрген феодалдық заманға өз көзқарасын толық білдіріп өтеді:

“Бақ туын тұрғанда ұстап бүгін қазақ,
Көңілі судай тасып, оттай маздап.
Ескі күні елім көрген енді ойласам,
Көрінер кейде қорлық, кейде мазақ”.

Негізгі мақсаты – ескі өмір мен бүгінгі ұрпақты таныстыра отырып, сол шірік заманға өз замандастарының ыза, кегін өршіте түсу. Осылай толғана отырған ақын халқының ескі тарихын, тұтастай қаралап, мансұқтамайды да. Қанайшылар билеген сол қара түнек заманда еңбекші халық жасаған рухани асыл қазынаға да үңіледі.

Сырттай қарағанда, поэманың негізгі сюжеті Ақан серінің бір әніне ғана құралған

сияқты. Ал, мұқият қарағанда, поэманың идеялық шеңбері одан да кеңірек. Сол бір уақиғаның керегесін кеңіте отырып, ақын бас кейіпкер Ақанның трагедиясын ашады. Ақан трагедиясы Ақан сияқты мыңдардың трагедиясы екенін жинақтап танытады. Ақан өмірін жырлай отырып, сол бүкіл феодалдық заманның зұлымдығын, ірік-шірігін әшкерелей түскен. Поэманың идеялық түйіні, міне, осында.

Ілияс Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасы – сюжетті поэма. Поэма сюжетін құрайтын оқиғалар асты бейнелеген тарауларда ат жарысын, Құлагердің мерт болуын, сонымен байланысты Ақанның қайғы-шерге көмілуін суреттеген тарауларда баяндалған. Өзге поэмаларға қарағанда, бұл поэманың сюжеттік-композициялық бітімінде өзгешелікте бар екені рас. Мәселен, оқиғаны басынан бастамай, аяғынан алып қарасақ та жеткілікті. «Туған жер» атты басқы тарауда ақын Көкшетауда жападан-жалғыз қайыңды көлеңкелеп отырған кара шалды, оның үстінде ілулі тұрған аттың қу басын әңгімелейді. Міне, осы әңгіме-жұмбақтың сырын айтпақ боп ақын шегініс жасайды. Бүкіл оқиғаны сол шегініс арқылы береді де, «Аттың азалы әні» деген соңғы тарауда баяғы алдыңғы тараудағы кара шал мен аттың қу басына қайта оралады. Поэма сюжетін құрудағы бұл қаусырмалы композицияны ақын шебер де ұтқыр пайдаланады.

Поэманың бас қаһарманы – Ақан сері Қорамсаұлы. Осы бас кейіпкер өмірін бейнелеген поэма жанрының шеңберінен аспай, осы жанрдың адам образын мүсіндеудегі көркемдік мүмкіншілігін белгілі дәрежеде ұтымды пайдаланғанын көреміз. Ол ең алдымен оқырман қауымды Ақан серімен біраз таныстырып өтеді. Бұл ретте ақын Ақан серіге кең көлемде мінездеме беріп кетеді. Сол мінездеме арқылы Ақан серінің ұнамды тұлғасы анықтала бастайды.

Поэмадағы Ақан сері образын сөз еткенде Құлагерді айту аса қажет. Ақынның Құлагерді суреттеуі және оның қадір-қасиеттерін баяндауы бас кейіпкер бейнесін тұлғаландырып тұр. Ақан серінің Құлагері туралы және сол Құлагердің өкінішті қазасы жайлы шығарған әнінің хикаясы жөнінде ақынның поэма жазуы – қазақ поэмасының тақырыптық-мазмұндық арнасындағы ұлттық ерекшелікті де аңғартады. Атқа байланысты оқиға жайлы арнайы поэма жазуы ақынның өз халқының ежелден келе жатқан ұлттық психологиясымен тығыз байланысын танытады.

Ілияс Жансүгіров ауыз әдебиетіндегі, жазба әдебиеттегі дәстүрді тек қана жалғастырып қойған жоқ, өзінше өрістетті. Мәселен, Ілияс суреттеген Құлагердің Қобыландының Тайбурылынан, Алпамыстың Бйшұбарынан, Қамбардың кара қасқасынан, Төлегеннің Көкжорғасынан өзгешелігі бар. Ауыз әдебиетіндегі аттар әсірелеу арқылы берілсе, Ілияс Құлагерді әсірелемейді де, кейіптеп суреттемейді.

Құлагер – Ақан серінің сұлулығы, идеалы. Оның түсінігінде ондай тұлпар енді келмесі анық. Сол тұлпармен жүрек түкпіріне ұялаған әсемдік, көркемдік бәрі жоғалған. Оның бұрынғыдай ән айтуы да, ел арасында жайрандап жүруі де екі талай. Құлагерге жұмсалған айбалта, Ақанның өзіне тиген, ол енді тірі өлік.

Сол заманның зұлым-күшінің нақтылы өкілі ретінде поэмада көрінетін кейіпкер – Батыраш. Ол – Ақан серіге қарама-қарсы бейне. Ақан серімен майданданға ашық шықпай, жар астынан бұқпантайлап келіп, өз арам ниетін іске асырады. Ашық әрекетке баспайтыны – ол Ақан серінің жақтайтын дүйім елден қаймығады, жасқанады.

Ал, поэманың тіл байлығы төтенше. Өзге поэмалардағыдай, бұнда да ақын еркін төгілген, образды бейнеге бай құнарлы тілімен оқырманды эстетикалық ләззатқа бөлеп, бірден баурап алады.

«Құлагер» поэмасындағы ақынның көркемдік шеберлігі, тілінің аса шұрайлығы жайлы М. Қаратаев «Қазақ поэзиясының Құлагері» деген ғылыми зерттеуінде: «Мұндағы ұмытылмас сұлу картиналар, айқын, әдемі образдар, шындықтан туған романтикалық леп, бұлақша сылдыраған нәзік лирикалық сезім, серпінде, кең эпикалық құлаш, балы сорғалаған құнарлы бай тіл, ұйқасы сыңғыраған кәдімгі он бір буынды кара өлеңнің мінсіз-мүлтіксіз үлгілері «Құлагер» поэмасын шын мәнінде поэзияның «сұлу сарайы»,

Жансүгіров творчасының биік шыңы деуге толық дәлел бола алады» — деп түйген болатын. Тілінің байлығы, тазалығы, мөлдірлігі мен бейнелілігі жағынан «Құлагер» — қазақ поэзиясындағы ең үздік поэмалардың бірі.

Қысқасы «Құлагер» дастаны ақын туралы, оның тағдыры десек те, оның негізгі өзегі – Ақан трагедиясы арқылы әлеуметтік орта және замана лебі, қуанышы мен қайғысы кең көлемде жырланған ірі лиро-эпикалық поэма.

